ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF AGRICULTURE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ АГРАРНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
KAZAKH NATIONAL AGRARIAN UNIVERSITY

«ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІНІҢ ИНДУСТРИАЛДЫ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ»
ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ

МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ
«ВКЛАД МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ В ИНДУСТРИАЛЬНО-ИННОВАЦИОННОЕ РАЗВИТИЕ АГРОПРОМЫШЛЕННОГО КОМПЛЕКСА»

PROCEEDINGS

OF THEINTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL CONFERENCE OF YOUNG SCIENTISTS
«CONTRIBUTION OF YOUNG SCIENTISTS TO THE INDUSTRIAL-INNOVATIVE DEVELOPMENT OF AGRICULTURE»

I ТОМ

Алматы, 21-22сәуір 2016 жыл

ӘОЖ 001:631(063)
КБЖ 72:4
Ж 33

Жалпы редакциясын басқарған – Есполов Т.И.

Редациялық ұжым: Қалиасқаров М.Қ., Кіркімбаева Ж.С., Сыдықов Ш.К., Байболов А.Е., Мусоев А.М., Фазылова Б.А., Сыздықов Б.М., Қорганова Н.Т.

Под общей редакцией – Есполова Т.И.

Редакционная коллегия: Калиаскаров М.К., Киркимбаева Ж.С., Сыдыков Ш.К., Байболов А.Е., Мусоев А.М., Фазылова Б.А., Сыздыков Б.М.

Ж 33 «Жас ғалымдардың агроөнеркәсіп кешенінің индустриалды-инновациялық дамуына қосқан үлесі» атты жас ғалымдардың халықар. ғыл.-практ.конф. мат. Жинағы (21-22 сәуір 2016 жыл)=Вклад молодых ученых в индустриально-инновационное развитие агропромышленного комплекса (21-22 апреля 2015 года): Сб. мат. междунар. науч.-практ. конф. молодых ученых=Contribution of young scientists to the industrial-innovative development of agriculture (21-22april, 2016 year): col. of mat. Proceedings of theintern. scien.-pract. conf. of young scientists. - Алматы: ҚазҰАУ, 2016. – 366 б. - Қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-241-601-5

Бұл жинақта Қазақстан және жақын шетел жас ғалымдарының ізденістерінің нәтижелері келесі бағыттар бойынша келтірілген: агробиология және экология; ветеринария; өнімдерді өндіру және өңдеу технологиясы; орман, жер, су ресурстары және жеміс-көкөніс шаруашылығы; агроинженерия, энергия үнемдеу және кәсіптік оқыту; аграрлық экономика және құқық.

Бұл жинақ ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын магистранттар мен жас ғалымдарға арналған.

В сборнике приведены результаты исследований молодых ученых Казахстана и стран ближнего зарубежья по следующим направлениям: агробиология и экология; ветеринария; технология производства и переработки продукции; лесные, земельные, водные ресурсы и плодоовощеводство; агроинженерия, энергосбережение и профессиональное обучение; аграрная экономика и право.

Данный сборник предназначен для магистрантов и молодых ученых, занимающихся научно-исследовательской деятельностью.

ISBN 978-601-241-601-5

© ҚазҰАУ, 2016.
© «Айтұмар» баспасы, 2016.

АГРОБИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ СЕКЦИЯСЫ

УДК 631.46

[1]Ансабекова А., [2]ДжаланкузовТ.Д., [1]ОшакбаеваЖ.О.

[1]Казахский Национальный Аграрный Университет
[2]КазНИИ Институт почвоведения и агрохимии им. У.У.Успанова

ВОДНО-ФИЗИЧЕСКИЕ СВОЙСТВА ЧЕРНОЗЕМОВ ОБЫКНОВЕННЫХ И ЮЖНЫХ КАК ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ ОСНОВА ПЛОДОРОДИЯ

Аннотация

В статье рассмотрены изменения водно-физических свойств черноземов обыкновенных и южных Северного Казахстана при длительном освоении. Изменение водно-физических свойств дает оценить технологию возделывания сельскохозяйственных культур и плодородие почв.

Ключевые слова: Черноземы обыкновенные и южные, водно-физические свойства, целина, пашня, плотность, влагоемкость.

Введение

Черноземы обыкновенные и южные Костанайской области используются 60-80 лет и за это длительное время в них произошли довольно значительные изменения как морфологических, так и физических свойств.

Исследования В.В.Редкова [1], длительное освоение черноземов обыкновенных привело к существенным изменениям их морфологических и физико-химических свойств. В процессе их обработки изменяется мощность верхних горизонтов, структура и сложение. В результате обработки почв происходит перемешивания горизонтов А и верхней части B_1 и постепенно исчезает языковатость. В процессе длительного освоения происходит изменения структуры обрабатываемых горизонтов. В зависимости от характера и интенсивности хозяйственной деятельности могут изменяться агрофизические свойства черноземов

Обработка, прежде всего, отражается на физических свойствах почвы, которые в значительной степени определяют уровень ее плодородия. Плотность и пористость почвы, а также водно-воздушный, тепловой, питательный режимы, многие физико-механические свойства, противоэрозионная устойчивость, и водопроницаемость определяются состоянием ее структурности [2, 3]. По данным В.П.Панфилова [4] структура почвы, являясь динамичным показателям, разрушается и восстанавливается под влиянием различных факторов. Например, под влиянием обработки почвы, давления ходовых систем машин и орудий, под ударами капель дождя происходит механическое разрушение структуры. Поэтому выбор способов обработки и ее минимизация являются важными вопросами в экологически ориентированном земледелии.

Объекты и методы исследования

Детальные исследования черноземов проводились на территории Карабалыкской сельскохозяйственной станции (черноземы обыкновенные) и в районе пос. Талапкер Костанайского района (черноземы южные).

Стационарными и маршрутно-ключевыми исследованиями получены многолетние данные, на целинных и освоенных черноземах изучали морфологическое строение профиля: мощность генетических горизонтов, глубину и формы выделения карбонатов,

характер вскипания, степень языковатости, структуру, плотность, глубину выделения легко растворимых солей, гипса и др.

Из ключевых почвенных разрезов помимо вышеуказанного отбирались почвенные образцы для определения водно-физических свойств почв, специальных физических, химических анализов почвы и другие, которые проводились по общепринятым методам в почвоведении.

Результаты исследований

По данным С.Н. Тайчинова [5] оптимальная плотность пашни дает прибавку урожайности в сравнении с излишне уплотненными почвами: яровая пшеница – 1,5, просо – 2,5, кукуруза на силос – 25-40 ц/га. Проникновения корней в уплотненные горизонты с плотностью 1,40-1,55 г/см^3 затруднено, и их развитие угнетается, а при плотности более 1,55 г/см^3 рост корневой системы растений невозможен.

Влияние плотности на свойства почвы и жизнь растений многогранно. Она оказывает значительное влияние на накопление воды и питательных веществ, на соотношение воды и воздуха в почве. Повышенное уплотнение почвы неблагоприятно сказывается на водном режиме, газообмене и биологической активности.

Таблица 1. Водно-физические свойства черноземов южных и обыкновенных Костанайской области

Глубина взятия образца, см	Средний % влажности	Среднее значение плотности почв, г/см3	Общая скважность или пористость, %	Полная влагоемкость, %	Запасы влаги по слоям, мм	Максимальная гигроскопическая влага, %	Удельный вес %
Чернозем южный (целина)							
0-10	10,85	0,71	72	99	7,94	8,38	2,55
10-20	14,23	1,08	60	55	15,39	8,36	2,67
20-30	13,70	1,15	57	49	15,76	8,16	2,70
30-40	12,40	1,22	55	45	14,56	8,23	2,73
40-50	10,63	1,30	52	40	13,73	8,08	2,71
					Σ_67,38		
Чернозем южный (пашня)							
0-10	8,77	1,12	58	51	8,12	8,14	2,67
10-20	12,03	1,23	54	43	16,93	8,51	2,67
20-30	11,88	1,25	54	43	18,69	8,67	2,74
30-40	10,30	1,26	54	42	14,97	8,35	2,74
40-50	12,37	1,25	54	43	16,67	8,12	2,73
					Σ_75,38		
Чернозем обыкновенный (целина)							
0-10	9,82	0,90	65	72	8,94	8,56	2,60
10-20	11,05	1,16	55	47	13,91	8,87	2,60
20-30	10,73	1,15	57	49	12,32	8,40	2,68
30-40	9,82	1,20	56	46	11,71	8,46	2,70
40-50	9,42	1,30	52	40	12,32	8,64	2,70
					Σ_59,20		
Чернозем обыкновенный (пашня)							
0-10	8,42	1,10	59	53	9,37	8,65	2,68
10-20	9,87	1,16	57	49	11,46	8,73	2,68

20-30	12,75	1,17	56	47	14,72	8,70	2,67
30-40	14,03	1,21	55	45	16,53	9,07	2,70
40-50	12,67	1,27	53	41	15,53	9,09	2,72
					Σ_67,61		

Выводы

При последовательно уплотнении почв, т.е. при уменьшении ее объем увеличивается доля твердой фазы и доля, занимаемая недоступной влагой. При плотности 1,5 - 1,6 г/см^3 на долю доступной влаги приходится всего 5- 10 % от объема почвы, причем эта вода имеется только при высоком влагосодержании. Чем суше почва, тем больше угнетаются растения от повышенной плотности. С увеличением уплотнения на 0,1 г/см^3 содержание недоступной влаги растением воды возрастает на 10 %.Плотность почвы оказывает влияние на численность микроорганизмов, на биологическую активность почвы. Нормальный газообмен нарушается при плотности более 1,45 г/см^3. Это вызывается сокращением количества макропор вкрупных капилляров, диффузия воздуха и газообмен между почвой и атмосферы подавляются. Содержание кислорода резко снижается. Меняется направление биологического превращения веществ, подавляется разложение органического вещества.

Оценка оптимальной и негативной плотности пахотного горизонта, где обычно располагается основная масса активных корней большинства сельскохозяйственных культур. Растения страдают от излишней плотности, всхожесть растений снижается, запаздывает, резко снижается высота растений, окраска листьев ослабевает, глубина корней уменьшается, форма корневой системы нарушается. Все это приводит к снижению урожаев и общей биологической продуктивности. Неблагоприятно также и очень рыхлое сложение. Наиболее оптимальные условия в пахотном горизонте для большинства растений создаются при плотности 1,0 - 1,2 г/см^3. Этой плотности соответствует породность 55-60 %. При таких показателях плотности почва хорошо водопроницаема и влагоемка. Создание оптимальной плотности пахотного слоя – важнейший прием повышения урожайности.

В старопахотных черноземах ухудшаются водно-физические свойства, происходит разрушение макроструктуры и увеличение количества микроагрегатов, возрастает плотность подпахотных горизонтов почв. Потенциальное плодородие зависит не только от богатства почвы, но и от ее физического состояния.

Литература

1 Редков В.В., Джаланкузов Т.Д. Изменение свойств освоенных черноземов обыкновенных равнинного Казахстана при их освоении.// Тезисы докл. VI Респуб. конф. Почвоведов Казахстана. – Алма-Ата, 1987.-С.148-149.

2 Качинский Н.А. Оценка основных физических свойств почв в агрономических целях и природного плодородия их по механическому составу // Почвоведение. 1958. - №5. – С.1-17.

3 Кузнецов И., Долгов С. Физические свойства почвы, определяющие эффективность минимальных обработок // Земледелие. 1975. – №6. – С.26-28.

4 Панфилов В.П. Агрегатный состав и противоэрозионная устойчивость почв Кулундинской степи // Физика почв Западной Сибири. – Новосибирск: Наука, 1971. – С.35-59.

5 Тайчинов С.Н. Качественная оценка почвы. – Москва, 1966. –87с.

6 Джаланкузов Т.Д., Редков В.В. Некоторые результаты мониторинга черноземов обыкновенных Северного Казахстана//сб. науч.тр. «Научные основы воспроизводства

плодородия, охраны и рационального использования почв Казахстана». – Алматы: Тетис, 2001. – С. 46-50.

7 Джаланкузов Т.Д., Редков В.В., Сулейменов Б.У., Ошакбаева Ж.О. Динамика объемной массы и порозности в черноземах Северного Казахстана.// Известия НАН РК. Серия биолог. и медицин., 2003.- №5 - С.11-18.

8 Джаланкузов Т.Д.,Ошакбаева Ж.О. Почвенно-экологические значения основных свойств черноземов Северного Казахстана// Ж. Поиск, №1(2), 2014, С.164-169.

[1]Ансабекова А., [2]Джаланкузов Т.Д., [1]Ошакбаева Ж.О.

КӘДІМГІ ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК ҚАРА ТОПЫРАҒЫНЫҢ СУ-ФИЗИКАЛЫҚ ҚАСИЕТІ ТОПЫРАҚ ҚҰНАРЛЫЛЫҒЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

Мақалада Солтүстік Қазақстанның кәдімгі және оңтүстік қара топырақтарының игеру нәтижесінде су-физикалық қасиеттерінің өзгеруі келтірілген. Топырақтың сипатталған су-физикалық қасиеттері арқылы оның құнарлығы мен ауылшаруашылығы дақылдарын өңдеу технологиясын бағалауға болады.

Кілт сөздер: Кәдімгі және оңтүстік қара топырақ, су-физикалық қасиеті, тың жер, игерілген жер, тығыздық, сусиымдылығы.

[1]Ansabekova A., [2]Djalankuzov T., [1]Oshakbayeva Zh.

WATER-PHYSICAL PROPERTIES OF CHERNOZEMS UZUAL AND SOUTHERN AS ENVIRONMENTAL BASIS OF FERTILITY

Based on years of research nature changes water-physical properties way North Kazakhstan under the influence of a long process.Shows the dynamics of water-physical properties during the growing season and dependency on the nature and depth of processing, the number and intensity of precipitation and genetic characteristics black earths.

Keywords: Chernozemsuzualand southern, water- physical properties,virgin soil, arable, density, water capacity.

ӘОЖ 630.232.331: 636.23 (574.51)

Ашықбаев Н.С., Мәдіғали М., Апушев А.Қ.

Қазақ Ұлттық Агарлық Университеті

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ТОПЫРАҚ-КЛИМАТТЫҚ ЖАҒДАЙЫНЫҢ, СЕБУ ТӘСІЛДЕРІ МЕН МӨЛШЕРІНІҢ ЖАЗДЫҚ СИЫРЖОҢЫШҚАНЫҢ ӨНІМ ҚҰРЫЛЫМЫНА ӘСЕРІ

Аңдатпа

Мақалада Алматы облысы топырақ-климаттық жағдайының, себу тәсілдері мен мөлшерінің жаздық сиыржоңышқаның өнім құрылымына әсерін зерттеу нәтижелері талданған.

Кілт сөздер: сиыржоңышқа, топырақ, климат, себу, тәсілдер, мөлшер, өнімділік.

Кіріспе

Республика тұрғындарын азық түліктің барлық түрлерімен медициналық негізделген мөлшерде қамтамтамасыз ету үшін жыл сайын республикамызда – 1,4 млн. тонна ет, 7,0 млн. тонна сүт және сүт өнімдерін, 4 млрд. жұмыртқа өндіру керек. Еліміздің ішкі сұраныстарын қамтамасыз етумен шектеліп қоймай, мемлекетіміздің экспорттық әлеуетін жоғарылату міндеті де тұр. Бірақ, қазіргі уақытта маңызды азақ түлік өндірісі оның ішінде төрт түлік өнімдері жеткілікті емес, ет, сүт өнімдерінің 30 – 40% шет мемлекеттерден импортталады. Мәселені шешу үшін бірінші кезекте еліміздің мал шаруашылығын құнарлы, бағалы жайылыммен, жем – шөппен қамтамасыз ету қажет [1, 2]. Көптеген елдер бұл мәселені құрғақ жасыл массасында 18–21%, ал тұқымында 29–31% сіңімді ақуыз бар сиыржоңышқаны (Vicia sativa) кеңінен пайдалану арқылы шешіп отыр. 100 кг сиыржоңышқа сабанында 46 азақтық өлшем бірлігі, ал 1 азықтық өлшем бірлігінде 123 г сіңімді ақуыз бар. 1 гектардан сиыржоңышқа 300–400 ц/га жасыл масса, 60 – 80 ц/га пішен өнімін береді [3, 4, 5].

Өкінішке орай, бұл дақыл республикамызда өте аз пайдаланылады, оның негізгі себептері қажетті мөлшерде тұқым жоқтығы, селекциялық жұмыстардың жүргізілмеуі және аймақтың топырақ-климаттық жағдайына сәйкес агротехниканың пайдаланылмауы болып отыр. Мысалы: 1993 жылдан бері республика аумағында сиыржоңышқаның бірде бір сорты аудандастырылған жоқ, бұрынғы аудандастырылған 6 сорт - Камалинская 611 (1954 ж), Льговская 31-292 (1941 ж), Льговская (1975 ж), Омичка 60 (1984 ж), Омичка 2 (1989 ж), Омичка 3 (1992 ж) Ресей және Украина мемлекеттерінің ҒЗ мекемелерінің селекциялық жетістіктері. Сонымен қатар, Республикада бұл дақылды тұқымдық мақсатта, мал азықтық дақыл ретінде өндіруге арналған зерттеу жұмыстары жоқ.

Зерттеу әдістемелері және материалдары

Мақсаты – Алматы облысытау бөктері аймағында жаздық сиыржоңышқаны тұқымдық мақсатта өсірудің негізгі агротехникалық тәсілдерін зерттеу және зерттеу нәтижесін өндіріске енгізу.

Міндеттері:

- сиыржоңышқаны тұқымдық мақсатқа өсіру технологиясының негізгі элементтерін зерттеу;
- тұқым жинаудың тиімді тәсілін анықтап, зерттеу;
- жаздық сиыржоңышқаның азотфиксациялау қасиетіне бактериялдық тыңайтқыштың әсерін зерттеу;
- Қазақстанның оңтүстік-шығыс тау бөктері жағдайында сиыржоңышқаны тұқымдық мақсатта өсірудің экономикалық тиімділігін анықтау.

Ұсынылып отырған мақалада жаздық сиыржоңышқаның өнім құрылымына топырақ-климаттық жағдайдың, себу тәсілдері мен мөлшерінің әсерін зерттеу нәтижелері берілген.

Зерттеу Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Саймасай ауылы «Агроуниверситет» ӨТШ жағдайында жүргізілді.

Тәжірибе нобайы

1. Қатар аралығы 15 см – 2 млн. өнгіш тұқым (бақылау)
2. Қатар аралығы 30 см – 2 млн. өнгіш тұқым
3. Қатар аралығы 45 см – 2 млн. өнгіш тұқым
4. Қатар аралығы 15 см – 2,5 млн. өнгіш тұқым (бақылау)
5. Қатар аралығы 30 см – 2,5 млн. өнгіш тұқым
6. Қатар аралығы 45 см – 2,5 млн. өнгіш тұқым
7. Қатар аралығы 15 см – 3,0 млн. өнгіш тұқым (бақылау)
8. Қатар аралығы 30 см – 3,0 млн. өнгіш тұқым
9. Қатар аралығы 45 см – 3,0 млн. өнгіш тұқым

Зерттеу нысаны ретінде сиыржоңышқаның Омичка 3 сорты алынды.

Зерттеу нәтижелері және талдау

1. Зерттеу жүргізілген аймақтың топырақ-климаттық жағдайы

Қазақ Ұлттық Аграрлық Университетінің «Агроуниверситет» ОТШ тау етегінің 550-700 м биіктігінде орналасқан. Аталған аймақтың топырақтарының түзілуіне жер асты суларының әсері зор, себебі олардың орналасу тереңдігі 1,2-1,6 м. Бұл жағдайлар осы аймақта шабынды қара-қоңыр топырақтардың пайда болуынаәсер етеді. Іле Алатауы тау етегінің шабынды қара-қоңыр топырақтарының қарашірінді қабатының қалыңдығы 30-40 см, топырақ иллювиальді-карбонатты қабаттың болмауымен ерекшеленеді.

Кейбір жағдайларда жер асты суының өте жақын жатқан төменгі қабатттарында батпақтану белгілері бар. Топырақтың механикалық құрамының ауыр болуы топыраққа қолайсыз физикалық қажеттер туғызады ылғал кезінде жабысқақтық, тығыздық және құрғаған жағдайда қаттылық, осы жағдайлар топырақ өңдеуді қиындатады. Топырақтың граунулометриялық қасиеттер жөніндегі мәліметтер 1-ші кестеде көрсетілген.

Кесте 1. Шабынды қара-қоңыр топырақтың гранулометриялық құрамы

Тереңдігі, см	Фракциялар мөлшері, мм								
	>3	3-1	1-0,25	0,25-0,05	0,05-0,01	0,01-0,005	0,005-0,001	<0,001	<0,01
0-10	-	0,99	4,78	10,35	37,17	14,72	12,34	19,65	46,71
10-20	-	0,50	4,48	9,07	39,00	14,72	12,04	20,19	46,95
40-50	-	0,55	7,90	4,16	38,01	12,24	21,71	15,43	49,38

Топырақтың меншікті салмағы 2,61-2,73 г/м^3 шамасында және қабат тереңдеген сайын ұлғая береді (кесте 2).

Кесте 2. Шабынды қара-қоңыр топырақтардың физикалық және су-физикалық қасиетттері

Тереңдігі, см	Көлемдік салмағы, г/см^3	Меншікті салмағы, г/см^3	Қуысты-лығы, %	Далалық шекті су сиымдылығы, %	Максималды гигроскопиялық ылғалдылығы, %
0-10	1,20	2,61	54	27,1	5,02
20-30	1,24	2,61	53	26,3	4,28
40-50	1,30	2,68	52	26,2	4,43
70-80	1.33	2.70	51	22,0	4,41

Жоғарғы қабаттарының көлемдік массасы 1,2-1,25 г/см^3, метрлік қабаттан соң оның шамасы күрт жоғарылайды. Осыған байланысты жоғарғы қабаттың қуыстылығы 53-54%, қабаттың тығыздығы 80 см кейін жоғарылай бастайды.

Су өткізгіштік көрсеткіштердің мәліметтері топырақ механикалық құрамының ауырлығына қарамастан ылғал сіңіру жылдамдығы қанағаттанарлық екендігі көрсетеді. Су сіңірунің орташа коэффиценті 0,9 мм/мин, бұл көрсеткіш топырақтың макроагрегаттық құнарлығының жоғарлығын байқатады.

Тәжірибе алаңының шалғынды-қоңыр топырағының 0-40 см қабатында қара шірік 4,1%, азот-0,216, фосфор-0,191%, калий 1,9-2,1%. Топырақтағы қозғалмалы фосфор 20-25мг/кг., яғни өте төмен, калиймен жоғары деңгейде (700мг/кг) және азоттық жеңіл сіңірілетін формаларымен орташа деңгейде қамтамасыз етілген.

«Есік» метеостанциясы көрсеткіштері бойынша «Агроуниверситет» ОТШ орналасқан аймақ климаты өте континенталды, яғни, қысы өте суық, ал жазы өте ыстық. Көктемде ауаның 0°С-тен жоғары тұрақты температура наурыз айының II-ші онкүндігінің соңы мен III-ші онкүндігінің басында қалыптасады, ал күзде қарашаның I-ші онкүндігінің соңымен II-ші онкүдіктің басында түседі. Активті температураның қосындысы-3460-3450°С, ал 10°С-жоғары температура 3100-3400°С аралығында. Көктем айларының соңғы үсік сәуірдің III-ші онкүндігінде, ал күз айларында алғашқы үсік қыркүйек айының соңы мен қазан айының басында түседі (кесте 3).

Кесте 3. 2013-2015 жж. қалыптасқан ауа температурасы («Есік» метеостансасы деректері)

Айлар												
I	II	III	IV	V	VI	VII	VIII	IX	X	XI	XII	Жыл-дық
Көпжылдық орташа ауа температурасы (С°)												
5,1	-3,5	2,4	10,3	15,5	20,6	22,8	21,9	17	9,3	2,5	-2,4	9,3
2013 жылғы орташа ауа температурасы (С°)												
-9,8	-3,7	0,3	12,9	16,3	21,3	22,7	22,3	17,8	9,9	3,0	-6,1	8,9
2014 жылғы орташа ауа температурасы (С°)												
-13,9	-8,7	5,9	14	20	24	25,7	28,5	22,9	9,8	3,5	6,4	8,7
2015 жылғы орташа ауа температурасы (С°)												
-5,2	-3,7	7,4	13,2	18,5	24,1	27,1	26,2	17,9	16,4			

Ауаның жылдық ортша температурасы +7,7 С° қаңтарда -10,8 С°, ал маусымда +20,6С°. Жылы күндердің ұзақтығы 149 күн, кей жылдары 101 және 163 күн аралығында ауытқып отырады. 3 кесте мәліметтеріне қарағанда, жаздың екінші жартысы құрғақ әрі ыстық болғандығын байқауға болады.

Суық кезеңдердегі орташа температура - 6,7С°, ал жылы кездерде +14,9С° аралығында ауытқиды. Ауа температурасының абсолюттік минимумы -31С°, ал максимумы +45С°.

Жылдық жауын-шашын мөлшері 500-600 мм аралығында, тұрақтығы қар жамылғысы қараша айының соңы мен желтоқсан айының басында түседі, 85-100 күндей жатады, қар жамылғысының қалыңдығы 25-30 см аралығында.

Жылдық жауын-шашын мөлшерінің жартысына жуығы көктемде наурыз-мамыр айларында түседі (кесте 4). Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы бұл аймақта температураның жоғарлауына байланысты, маусым айынан бастап 46-48%-ға дейін төмендейді, ал жылдық салыстырмалы ылғалдылық 50-60% аралығында болады. Тәжірибе жүргізген аймақтың ауа-райы жағдайын талдай келе, бұл аймақта ауаның салыстырмалы ылғалдылығы төмен және жауын-шашын мөлшері аз болатындығын байқауға болады (кесте 4).

Бұл көрсеткіштер аймақ климатының өте континенталды екендігін көрсетеді. Ауаның салыстырамалы ылғалдылығы түскен жауын-шашын мөлшері мен ауаның температурасына тікелей тәуелді. Климаттың қолайсыз жағдайларына қарамастан зерттеу жүргізілген аймақтың топырақ-климаттық жағдайы көптеген дақылдардан оның ішінде сиыржоңышқадан жоғары өнім алуға мүмкіндік береді.

Кесте 4. 2013-2015 жж. түскен жауын-шашын мөлшері («Есік» метеостансасы деректері).

Айлар												
I	II	III	IV	V	VI	VII	VIII	IX	X	XI	XII	Жылдық
Көпжылдық жауын-шашын мөлшері (мм)												
24,3	42,9	69,9	74,8	102,1	39,1	60,5	28,9	16,5	20,5	31,3	30,7	659
2013 жылғы жауын-шашын мөлшері (мм)												
30,5	14,6	89,6	55,7	20,3	22,5	59	38,5	15,8	50	45,5	60	625,2
2014 жылғы жауын-шашын мөлшері (мм)												
27,7	23,0	33,4	31,4	28,0	9,4	6,4	7,9	14,3	19,6	30,4	40,3	600,1
2015 жылғы жауын-шашын мөлшері (мм)												
42	40	56	54	30	25,4	12,3	7,8	17,0	12,1			

2. Қалыптасқан топырақ-климаттық жағдайда агротехникалық әдістерге байланысты өнім құрылымдарының түзілуі.

Алматы облысы таубөктері жағдайында сиыржоңышқа оңтайлы мерзімде себілгенде егістік өнгіштігі өте жоғары болды (92,3-94,6%), өсімдіктер биіктігі 100,54 – 122,54 см аралығында қалыптасты.

Себу тәсілдері мен мөлшерінің сиыржоңышқа өсімдіктерінің өсіп-жетілуіне, өнімділігіне әсері 5 кестеде көрсетілген.

Кесте 5. Тұқым себу тәсілі мен мөлшерінің сиыржоңышқаның өнім түзуіне әсері

Қатар аралық нұсқалары	Өсімдік биіктігі, см	Жапырақ көлемі, мың м^2/га	Жасыл балауса өнімділігі, т/га	Құрғақ зат өнімділігі, т/га
	Себу мөлшері – 2,0 млн. өнгіш тұқым			
15 см (бақылау)	105,27	32,4	24,3	3,1
30 см	101,23	30,9	23,2	2,8
45 см	100,54	27,5	21,5	2,5
	Себу мөлшері – 2,5 млн. өнгіш тұқым			
15 см (бақылау)	115,32	36,5	27,6	3,2
30 см	108,12	38,7	29,3	3,6
45 см	106,56	39,8	29,8	3,9
	Себу мөлшері – 3,0 млн. өнгіш тұқым			
15 см (бақылау)	122,54	33,4	25,1	2,9
30 см	117,25	35,2	26,7	3,3
45 см	114,53	37,0	27,2	3,7

Сиыржоңышқа өсімдіктерінің өсуі өнім жинау кезеңіне дейін тоқтаған жоқ. 3-кесте деректерінен қатараралық азайған жағдайда және себу мөлшері көбейген сайын өсімдік биіктігі жоғарылайтынын байқауға болады. Ең биік өсімдіктер (122,54 см) қатараралығы 15,0 см, гектарына 3,0 млн өнгіш тұқым сепкен нұсқада қалыптасты. Жалпы, жапырақ көлемі қатараралық кеңейген сайын көбейсе, себу мөлшері 2,5 млн өнгіш тұқым сепкен нұсқадан 2,0 млн-ға дейін азайтқан, 3,0 млн-ға дейін көбейткен жағдайда да азайатындығы анықталды. Бірақ гектарына 2,0 млн өнгіш дән сепкен нұсқада қатараралық 15 см-ге дейін азайған жағдайда, қатардағы өсімдіктер тығыздығы азайып, өсімдіктердің егістік алаңда

біркелкі орналасуына байланысты жапырақ көлемі, жасыл балауса және құрғақ зат өнімділігі жоғарылайтындығы анықталды.

Зерттеу нәтижесінде қатараралық кеңейген сайын жасыл балауса өнімділігінің гектарынан 21,5 тонндан 29,8 тоннаға дейін және құрғақ зат түзілу мөлшері 2,5 тоннадан 3,9 тоннаға дейін жоғарылайтындығын байқауға болады. Жалпы, сиыржоңышқаның ең жоғары жасыл балауса (29,8 т/га) және құрғақ зат өнімділігі (3,9 т/га) қатараралығын 45см, ал себу мөлшері гектарына 2,5 млн өнгіш тұқым сепкен жағдайда түзіледі.

Тұқым себу тәсілдері мен мөлшерінің сиыржоңышқаның тұқым өнімділігінің құрылымына әсерін 6-кесте деректерінен көруге болады.

Кесте 6. Себу тәсілдері мен мөлшерінің жаздық сиыржоңышқаның тұқым өнімділігінің құрылымына әсері

Қатар аралық нұсқалары	1 өсімдіктегі бұршақ саны, дана	1 бұршақтағы дән саны, дана	1000 дәннің массасы, г	Тұқым өнімділігі, т/га
	Себу мөлшері - 2 млн. өнгіш тұқым			
15 см (бақылау)	4,33	4,09	59,05	0,8
30 см	4,42	4,26	59,52	1,1
45 см	4,53	4,35	60,04	0,9
	Себу мөлшері – 2,5 млн. өнгіш тұқым			
15 см (бақылау)	4,18	3,87	58,15	1,2
30 см	4,30	4,02	58,84	1,5
45 см	4,42	4,19	59,25	1,3
	Себу мөлшері – 3,0 млн. өнгіш тұқым			
15 см (бақылау)	4,04	3,46	56,2	0,8
30 см	4,21	3,61	57,3	1,3
45 см	4,25	3,75	57,9	0,9

Зерттеу барысында 1 өсімдіктегі бұршақ саны, 1 бұршақтағы дән саны, 1000 дәннің массасы, тұқым өнімділігі анықталды. 4-кесте деректерінен жасыл балауса және құрғақ зат түзілу деңгейі мен тұқым түзу үдерістері арасында айтарлықтай айырмашылық бар екенін байқауға болады. Себу мөлшері азайған және қатаралық кеңейген сайын 1 өсімдіктегі бұршақ саны 4,53 данаға дейін, 1 бұршақтағы дән саны 4,35 данаға, 1000 дәннің массасы 60,04 граммға дейін жоғарылайды. Сонымен қатар, себу тәсілдері нұсқаларын зерттеу барысында, кез келген себу мөлшерінде сиыржоңышқа өсімдігінің тұқым өнімінің оңтайлы құрылымы қатарарлықты 30 см нұсқасында сепкенде қалыптасатындығы анықталды. Себу мөлшері көбейген сайын 1 өсімдіктегі бұршақ саны 4,33-тен 4,04-ке дейін, 1 бұршақтағы дән саны 60,04 данадан 56,2 данаға дейін, 1000 дәннің массасы 60,04 граммнан 56,2 граммға дейін төмендеді. Ал жоғары тұқым өнімділігін қамтамасыз ету үшін ең оңтайлы қатараралығы 30 см, себу мөлшері 2,5 млн өнгіш тұқым нұсқасы қолданысқа ұсынылады.

Қорытынды

1. Алматы облысы таубөктері аймағы климаты өте континенталды, ауаның салыстырамалы ылғалдылығы түскен жауын-шашын мөлшері мен ауаның температурасына тікелей тәуелді. Климаттың қолайсыз жағдайларына қарамастан зерттеу жүргізілген аймақтың топырақ-климаттық жағдайы көптеген дақылдардан оның ішінде сиыржоңышқадан жоғары өнім алуға мүмкіндік береді.

2. Алматы облысы таубөктері аймағында қалыптасқан топырақ-климаттық жағдайда оңтайлы агротехникалық әдістерді қолдану арқылы сиыржоңышқа дақылының өнім

құрылымдарының түзілу үдерістеріне әсер етуге болады. Сиыржоңышқа дақылының егістік алаңында себу тығыздығы жоғарылаған сайын өсімдіктердің бойлап өсу үдерісі қарқынды жүрді де, ең биік өсімдіктер (122,54 см) қатараралығы 15,0 см, гектарына 3,0 млн өнгіш тұқым сепкен нұсқада қалыптасты.

3. Сиыржоңышқаның ең үлкен жапырақ алаңы (39,8 мың $м^2$/га), жоғары жасыл балауса (29,8 т/га) және құрғақ зат өнімділігі (3,9 т/га) қатараралығын 45 см, ал себу мөлшері гектарына 2,5 млн өнгіш тұқым сепкен жағдайда түзілетіндігі анықталды. Бұл нұсқа сиыржоңышқаны жем-шөптік мақсатта өсіруге ұсынылады.

4. Себу мөлшері азайған және қатаралық кеңейген сайын 1 өсімдіктегі бұршақ саны, 1 бұршақтағы дән саны, 1000 дәннің массасы жоғарылайды. Себу мөлшері көбейген сайын 1 өсімдіктегі бұршақ саны 4,33-тен 4,04-ке дейін, 1 бұршақтағы дән саны 60,04 данадан 56,2 данаға дейін, 1000 дәннің массасы 60,04 граммнан 56,2 граммға дейін төмендейді. Сиыржоңышқаның жоғары тұқым өнімділігін қамтамасыз ететін оңтайлы қатараралық 30 см, себу мөлшері 2,5 млн өнгіш тұқым нұсқасы қолданысқа ұсынылады.

Әдебиеттер

1. Әубәкіров Қ., Атақұлов Т.А., Ахмет А.З., Нұрғалиев Қ.С. Мал азығын өндіру.- Алматы: «Білім», 2011.- 454 б.

2. Әрінов Қ.К., Апушев А.Қ., Арыстанғұлов С.С. ж.б. Өсімдік шаруашылығы.- Алматы: «Дәуір», 2011.- 632 б.

3. Кукреш Л.В. Вика яровая: биология и культигенез. Под ред. д.с.-х. наук Довбана К.И. Минск: "Навука і тэхніка", 1991, 221 с.

4. Репьев С.И., Варич А.В., Александрова Т.Г. Зерновые бобовые культуры // Научно-технический бюллетень ВИР, вып.220. СПб., 1992, с.l 1.

5. Станкевич А.К., Репьев С.И. Культурная флора. Вика. T.IV: зернобобовые культуры. Часть 2. Под рук. В.А.Драгавцева. СПб., ГНЦ-ВИР, 1999, 491 с.

6. Тюрин Ю.С., Шавкунова В.А. Влияние агрометеорологических условий на созревание и урожайность семян вики посевной // Метеорология и гидрология, 1986, № 3.

7. Широкий унифицированный классификатор СЭВ и международный классификатор СЭВ вида Vicia Sativa L. Л., 1983

8. Hanelt P., Mettin D. Biosystematics of the genus Vicia L. (Leguminosae) // Annu.Rev.Ecol. Syst, 1989, V.20, P.199-223.

9.Blum A., Lehrer H., Genetic and environ mental variability in some agronomical and botanical characters of common veteh (Vicia sativa) // Euphytica, 1973. V.22, №7

УДК: 631.82/.843:633.15

Батырбек Мақсат

Казахский Национальный Аграрный Университет, г. Алматы,

ВЛИЯНИЕ МИНЕРАЛЬНЫХ И ОРГАНИЧЕСКИХ УДОБРЕНИЙ НА УРОЖАЙНОСТЬ И КАЧЕСТВО ЗЕРНА КУКУРУЗЫ В УСЛОВИЯХ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Аннотация

На орошаемых светло-каштановых почвах установлена высокая отзывчивость гибридов кукурузы, возделываемых на зерно, на внесение органических и минеральных удобрений. Показано, что окупаемость составила 11,1-23,9 кг зерна кукурузы на килограмм действующего вещества внесенных удобрений, что в 1,8-3,8 превышает норматив.

Ключевые слова: кукуруза, орошаемая светло-каштановая почва, минеральные удобрения, навоз, урожайность, зерно, качество, элементы питания.

Введение

Кукуруза – культура больших потенциальных возможностей. При соблюдении научно-обоснованной технологии выращивания она формирует высокие урожаи зерна. Кукуруза является приоритетной и перспективной для Алматинской области зерновой культурой. Начиная с 2010 года в области наметилась устойчивая тенденция роста посевных площадей кукурузы. Если в 2010 г. под её посевами было занято 58,8 тыс. гектаров, то в 2013 году они увеличились до 67,7, а в 2015г. - до 72,0 тыс. га. Урожайность зерна кукурузы за этот период возросла с 52,4 ц/га в 2010 до 61,4 ц/га в 2015 году. Однако, получаемые урожаи уступают потенциальным возможностям этой наиболее урожайной зерновой культуры. Обладая высоким потенциалом продуктивности, кукуруза, в особенности созданные в республике в последние годы высокоурожайные гибриды, предъявляет повышенные требования к наличию в почве доступных питательных веществ. Питательные вещества кукуруза поглощает в период от всходов вплоть до восковой спелости зерна. Однако, наибольшая потребность в них проявляется в начальный период роста и развития растений. При недостатке питательных веществ в этот период, особенно фосфора, корневая система развивается слабо, рост замедляется. Растения приобретают желто-зеленуюокраску, легко поражаются болезнями, В последующем на таких растениях плохо завязываются початки и формируется низкие урожаи зерна.

Методика и объекты

Исследования покукурузе проводились в 2015 г. в длительном стационарном опыте отдела минерального питания и агроэкологии ТОО «КазНИИЗиР». Почва участка орошаемая светло-каштановая с содержанием гумуса 2,20%. Схема внесения удобрений приведена в таблице. Азотные удобрения вносили с учетом состояния развития растений при формировании 5-6 листьев, фосфорные, калийные удобрения и навоз осень под зяблевую вспашку. Объёктом исследований был гибрид кукурузы Арман 689. Наблюдения, учеты и агрохимические анализы проводили по соответствующим ГОСТам и общепринятым методикам.

Результаты исследований

Исследованиями Казахского НИИ земледелия и растениеводства разработаны для юго-востока республики научные рекомендации по применению удобрений под кукурузу, возделываемую на зерно. Рекомендации подготовлены с учетом особенностей предшествующей культуры, типа почвы, на которой возделывается кукуруза, обеспеченности её элементами питания, планируемого уровня урожайности [1-4]. В связи с районированием в регионе новых сортов, обладающих высокой урожайностью и повышенной потребностью к обеспеченности почвы элементами питания в 2015 г. проводили изучение влияния минеральных и органических удобрений на урожайность и качество зерна кукурузы. Исследования проводили на фоне полного минерального и совместного применения минеральных и органических удобрений.

Исследованиями установлено, что внесение полного минерального удобрения привело к увеличению содержания щелочногидролизуемого азота в слое 0-20 см на 19,0 мг/кг почвы, при совместном внесении минеральных и органических удобрений (60 т/га) - на 32 мг/кг, при 141 мг/кг в почве контрольного варианта. Содержание подвижного фосфора при внесении полного минерального удобрения увеличилось на 22,6 при совместном использовании органических и минеральных удобрений содержание подвижного фосфора в почве возросло на 48,9 мг/кг почвы Содержание обменного калия при применении минеральных удобрений повысилось на 64 мг/кг почвы, при совместном внесении органических и минеральных удобрений – на 84 мг/кг, при 464 мг/кг на контроле.

Улучшение питательного режима орошаемых светло-каштановых почв привело к усилению роста растений и стимулировало формирование растениями кукурузы биомассы. Масса 50 растений кукурузы в контрольном варианте в период формирования 5-6 листьев составила 41,8 г. При применении полного минерального удобрения сухая биомасса увеличилась в 2,3 раза, органоминеральных – в 2,4 раза. Повысилось содержание элементов питания в растениях кукурузы на удобренных фонах. На минеральном фоне содержание азота, фосфора и калия увеличилось соответственно в 2,8; фосфора – в 3,3 и калия –в 2,4 раза, при совместном применении минеральных и органических удобрений - в 2,9; 3,5 и 2,6 раз.

Улучшение питательного режима почвы, увеличение накопления биомассы и потребления элементов питания растениями обеспечило получение высоких урожаев зерна кукурузы.

Таблица 1 – Влияние минеральных и органических удобрений на урожайность и качество зерна кукурузы. Гибрид Арман, 2015 г.

Вариант	Урожайность, ц/га	Прибавка, ц/га	Сырой протеин, %	Сбор протеина, ц/га
Без удобрений	55,0	-	7,5	4,1
N100P60K100	74,8 19,8	19,8	9,4	7,0
N100P60K100+ 60 т/га навоз	84,7	29,7	10,6	9,0
$НСР_{095}$, (ц/га)	5,8	-	-	-

На фоне полного минерального удобрения урожайность зерна кукурузы составила 74,9 ц/га, при совместном применении минеральных и органических удобрений получен наивысший в опыте урожай – 84,7 ц/га. Применение удобрений способствовало улучшению качества зерна. Содержание сырого протеина в зерне на минеральном фоне увеличилось на 1,9%, при совместном применении минеральных и органических удобрений – на 2,5%. При этом существенно повысился сбор протеина с гектара (таблица 1).

В современных условиях, когда ресурсы применения удобрений ограничены и фермеры не всегда имеют возможность использовать рекомендуемые нормы удобрений в полном объёме, возникает необходимость в поиске более эффективных приемов и способов внесения удобрений. К настоящему времени разработаны и нашли распространение в производстве способы внесения минеральных удобрений локально [5, 6, 7]. Однако постоянно создаются новые высокопродуктивные сорта сельскохозяйственных культур, меняется плодородие почв, совершенствуются технологии возделывания сельскохозяйственных культур, что вызывает необходимость в уточнении и совершенствовании этих приемов. При локальном внесении удобрения ориентированы относительно корневой системы, размещаются равномерно, вблизи корневой системы и легко доступны молодым растениям по сравнению с элементами из основного внесения удобрений и почвы. К тому же новые высокоурожайные гибриды кукурузы, предъявляют повышенные требования к условиям минерального питания именно в самом начале своего развития и отличаются высокой отзывчивостью на внесение удобрений. При возделывании новых сортов важно оптимизировать условия минерального питания, своевременно применять удобрения, что позволяет полнее реализовать потенциал продуктивности.

Отделом минерального питания и агроэкологии проведена оценка локального способа внесения фосфорных удобрений в рядки при посеве на новом гибриде кукурузы с высоким потенциалом урожайности Арман 689. Установлено, что на почвах с низким

уровнем обеспеченности подвижным фосфором, внесение небольших доз фосфорсодержащих удобрений в рядки при посеве эффективно.

Урожайность зерна у гибрида Арман 689 в варианте без применения удобрений, составила 60,1 ц/га. При внесении Р20 в форме аммофоса в рядки при посеве и проведении подкормки азотными удобрениями (N_{60}) в период 5-6 листьев, урожайность зерна увеличилась до 69,6 ц/га, при этом прирост урожая в килограммах зерна на каждый килограмм внесенных азотно-фосфорных удобрений составил 11,9 кг/кг, при нормативной окупаемости 6,3 кг/кг [8].

Эффективным оказалось локальное внесение основного фосфорного удобрения локально в виде сплошного экрана Р30 и Р60 перед посевом. Проведенные исследования и проверка в условиях производства подтвердили эффективность этого приема. На орошаемых каштановых почвах, низко обеспеченных подвижными формами азота и фосфора, урожайность кукурузы при соблюдении региональной научно-обоснованной технологии возделывания в варианте без применения удобрений составила 47,2 ц зерна с гектара.

При локальном способе внесения фосфорных удобрений (P_{30}) перед посевом в сочетании с подкормкой азотными удобрениями (N_{60}) в период формирования 5-6 листьев, урожайность зерна составила 62,0 ц/га, при этом на каждый килограмм действующего вещества внесенных азотно-фосфорных удобрений получено 11,1 кг кукурузного зерна, при нормативной окупаемости 6,3 кг/кг. С увеличением нормы фосфорных удобрений при внесении перед посевом локально до Р60 урожайность зерна существенно возросла и составила 80,7 ц/га. Окупаемость удобрений повысилась до 23,9 кг/кг, при этом достигнута экономия 30% фосфорных туков. При традиционном разбросном способе внесения рекомендуемых норм удобрений ($N_{100}P_{60}$) на получение 80ц/га зерна при низком уровне обеспеченности почвы подвижными формами фосфора и азота окупаемость удобрений была ниже на 2,3 кг/кг.

Заключение

Установлена высокая отзывчивость новых высокоурожайных гибридов кукурузы при традиционном способе внесения минеральных и органических удобрений. Окупаемость каждого килограмма действующего вещества полного минерального удобрения составила 7,7 кг зерна, при нормативной окупаемости 6,3 кг/кг. На каждую тонну внесенных органических удобрений получено 16,3 кг зерна кукурузы. Показана высокая эффективность локального основного и рядкового внесения фосфорных удобрений при посеве, при которых достигается высокий уровень окупаемости (11,1-23,9кг/кг) и экономия туков.

Литература

1 Пономарева А.Т. Справочник по применению удобрений.-Алма-Ата.-1981.- 312 с.

2 Басибеков Б.С. Научные основы и рекомендации по применению удобрений в Казахстане - Алма-Ата.- 1982.-161 с.

3 Кененбаев С.Б., Рамазанова С.Б., Умбетов А.К., Сулейменов Е.Т., Баймаганова Г.Ш. Рекомендации по примененияюудобрений под основные сельскохозяйственные культуры на юго-востоке Казахстана. Алматы.:2005.-17 с.

4 Кененбаев С.Б., Рамазанова С.Б., Умбетов А.К., Сулейменов Е.Т., Гусев В.Н., Баймаганова Г.Ш.Эффективные приемы применения удобрений под основные сельскохозяйственные культуры в ресурсосберегающих технологиях на юго-востока Казахстана. Караганда.- 2015.-22 с.

5 Янишевский Ф.В., Кузменков А.В. Эффективность припосевного внесения удобрений под зерновые культуры на кислой дерново-подзолистой почве //Агрохимия. - 1998. - №2. - С.40.

6 Трапезников В.К. Физиологические основы локального применения удобрений.- М., 1983. - 175 с.

7 Сендряков И.Ф. Локальное внесение минеральных удобрений в различных почвенно-климатических зонах СССР при интенсивных технологиях возделывания сельскохозяйственных культур (рекомендации). - М., 1988.- 64 с.

8 Рамазанова С.Б., Сулейменов Е.Т., Баймаганова Г.Ш. Эффективность локального внесения удобрений при возделывании интенсивных гибридов кукурузы на зерно (рекомендации). – Алмалыбак. 2011. – 16 с.

Батырбек Мақсат

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА МИНЕРАЛДЫҚ ЖӘНЕ ОРГАНИКАЛЫҚ ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫҢ ЖҮГЕРІ ДӘНІНІҢ ӨНІМДІЛІГІНЕ ЖӘНЕ САПАСЫНА ӘСЕРІ

Суармалы жерлердегі ашық-қара қоңыр топырақтарда өсірілген дәндік жүгері гибридтерінің органикалық және минералдық тыңайтқыштарға жоғары бейімділігі байқалған. Енгізілген 1 кг әсер етуші зат негізінде 11,1-23,9 кг жүгері дәні түзілетіні және бұл көрсеткіш белгіленген деңгейден 1,8-3,8 есе жоғары екені көрсетілген яғни бұл тыңайтқыштардың қайтымдылығының жоғары екенін көрсетеді.

Кілт сөздер: жүгері, суармалы ашық-қара қоңыр топырақ, минералдық тыңайтқыштар, көң, өнімділік, дән, сапа, қоректік элементтер.

Batyrbek Maksat

EFFECT OF MINERAL AND ORGANIC FERTILIZERS ON YIELD AND QUALITY OF GRAIN OF CORN IN THE ALMATY REGION

On irrigated light-brown soils set the high responsiveness of corn hybrids cultivated grain, to make organic and mineral fertilizers. It is shown that the return on investment was 11.1 -23.9 kg of maize per kg of active ingredient of fertilizers, which is 1.8 higher than -3.8 standard.

Keywords: corn, irrigated light-brown soils, fertilizers, manure, yield, grain, quality, batteries.

ӘОЖ 632.752. 3:634 (574.51)

[1]Бекназарова З.Б., [2]Копжасаров Б.К.

[1]Қазақ ұлттық аграрлық университеті, zibash_bek@mail.ru
[2]Қазақ өсімдік қорғау және карантин ҒЗИ, ҚР АШМ, bakyt-kk@mail.ru

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ БАҚТАРЫНДА КАЛИФОРНИЯЛЫҚ ҚАЛҚАНШАЛЫ СЫМЫРДЫҢ *(QUADRASPIDIOTUS PERNICIOSUS COMST.)* ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа

Мақалада калифорниялық қалқаншалы сымырдың биологиясы, даму ерекшеліктері мензияндылығы келтірілген. Зиянкестің ағаштарда қоныстану дәрежесі қарастырылып, олардың өркендер мен сабақтың өсуіне әсері анықталған.

Кілт сөздер: калифорниялық қалқаншалы сымыр, биология, экология, зақымдану дәрежесі, дернәсіл, карантин, бақылау, тиімділік.

Кіріспе

Калифорниялық қалқаншалы сымырқалқаншалылар тұқымдасына (*Diaspididae*) жатады. Көптеген жеміс ағаштарының (алма, алмұрт, қара өрік, шабдалы) діңін, бұтағын, жапырағын және жемісін зақымдайды.

Қазақстанда аса қауіпті карантиндік нысан болып табылады. Сол себепті аталмыш зиянкестің таралуын жіті бақылап, оны қауіпсіз дәрежеде түп-тамырымен жою маңызды. Өкінішке орай, жыл сайын оларға қарсы күресуде жүргізілетін іс-шараларға қарамастан зиянкестен келетін залалды толық жою мүмкін болмай отыр[1,2].

Зиянкестің алғашқы ошақтары Қазақстанда 1967 жылы Атырау қаласы (бұрынғы Гурьев) және Кентау қалаларының жеке бақ шаруашылығында тіркелген. Осыдан кейін, әдебиет көздерінің деректері бойынша калифорниялық қалқаншалы сымыр 1977 жылы Алматы қаласы маңындағы саяжайларда өсірілген алма ағаштарынан табылған. Кейінгі жылдары жеміс-жидек ағаштарында жүргізілген түпкілікті зерттеу жұмыстарының нәтижесі көрсеткендей, зиянкес кең көлемде қарқынды таралып, еліміздің бақ шаруашылығына қауіп төндіруде [3,4]. Сонымен қатар, жеміс ағаштарын зиянкестен қорғауда жүргізіліетін күресу шараларының тиісті дәрежеде нәтиже бермеуі, калифорниялық қалқаншалы сымырдың жаппай таралуына мүмкіндік туғызуда.

Калифорниялық қалқаншалы сымырдың биологиясы мен экологиясы көптеген елдерде зерттелген [5,6]. Зиянкестің даму кезеңдері қалқанша астында өтетіндігі әдебиет көздерінен белгілі. Зиянкес бір және екі жастағы дернәсіл күйінде қалқанша астында, ағаштың діңі мен бұтақтары қабығының арасында қыстап шығады.

Зерттеу әдістері

Энтомологиялық және өсімдік қорғаудағы жалпы қолданыстағы әдістемелер бойынша жүргізілді [7,8]. Біздің жағдайымызда зиянкестің биологиялық ерекшеліктерін анықтау мақсатында 2015 жылы зерттеу жұмыстары Алматы облысы Қарасай ауданы «Олжас» шаруа қожалығында 1986 жылы отырғызылған алманың Апорт сортында жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері

Көрсеткендей Қазақстанның оңтүстік шығысы жағдайында зиянкес дернәсілдерінің пайда болу кезеңі мен олардың алғашқы қоректене бастауы наурыздың аяғы мен сәуірдің басында байқалды. Бұл кезең алма ағаштарының бүршік ата бастаған кезеңімен сәйкес келді. Алманың гүлдей бастаған кезеңінде сәуірдің екінші-үшінші онкүндігінде алғашқы

аналықтар мен аталықтар пайда болды. Сәуір айының аяғы мен мамырдың басында олардың жыныстық жетілгендігі анықталып, мамырдың аяғы мен маусымның бас кезінде бірінші ұрпақтың дернәсілдері шыға бастады. Бұл жаздық ұрпақтың даму кезеңі шілденің бірінші-екінші онкүндігінде жүріп, ал олардың дернәсілдерінің пайда болуы тамыздың бірінші онкүндігіне тура келді. Далалық зерттеу барысында жинақталған мәліметтер өсімдік қорғау және карантин ғылыми зерттеу институты, жеміс-көкөніс дақылдарын қорғау бөлімінің зертханасында «Биомед»-50 МБС бинокулярымен түсірілген (сурет 1).

а –жемістегі қалқанша



б –сабақтағы қалқанша

Сурет 1 – Калифорниялық қалқаншалы сымырдың қалқаншасы, «Олжас» ш/қ, 2015ж.

Сонымен қатар, зерттеу барысында алма жемістерінің калифорниялық қалқаншалы сымырмен зақымдану дәрежесі анықталып, жалпы тексерілген 1980 жемістің 66 данасында қызғылт дақтар пайда болған (кесте 1).

Кесте 1- Алма жемістерінің калифорниялық қалқаншалы сымырмен зақымдану дәрежесі (Алматы облысы, Қарасай ауданы «Олжас» ш/қ, Апорт сорты, 2015ж.)

Ағаш нөмірі	Қаралған жемістер, дана	Калифорниялық қалқаншалы сымырмен зақымданғаны, дана	Залалдану дәрежесі, балл	Зақымданған жемістер, %
1	205	13	II	6,3
2	188	10	I	5,3
3	215	0	0	0
4	180	8	I	4,4
5	160	0	0	0,0
6	207	9	I	4,3
7	200	10	I	5,0
8	225	11	I	4,8
9	190	5	I	2,6
10	210	0	0	0,0
Барлығы	1980	66	-	3,3

Ескерту: 0 балл – сау жемістер; I балл – 5 –ке дейінгі қызғылт дақтар; II балл - 15–ке дейінгі қызғылт дақтар; III балл - 15–тен жоғары қызғылт дақтар.

Кестеден көріп отырғандай, жемістердің зақымдану дәрежесі - 3,3% шамасында болып, жемістің тауарлық сапасы мен құнына айтарлықтай әсер ететіндігі белгілі болды. Сол сияқты келесі зерттеулерде калифорниялық қалқаншалы сымыр зақымдаған ағаштардың өркендерінің өсу дәрежесі бақыланды (кесте 2).

Кесте 2 - Калифорниялық қалқаншалы сымырдың жеміс ағаштарында таралу дәрежесінің өркендердің өсуіне әсері («Олжас» ш/қ, 2015ж.)

Ағаш нөмірі	Ағаштардың залалдану қарқындылығы, балл	Өлшенген өркен, дана	Өркендердің орташа ұзындығы, см	Бақылаумен салыс-тырғандағы өркеннің өсуінің төмендеуі, %
1	IIбалл	16	13,5	15,7
2	0 балл	16	15,8	1,3
3	Iбалл	16	15,0	6,3
4	I балл	16	14,5	9,4
5	0 балл (бақылау)	16	16,0	100,0

Ескерту: 0 балл – сау ағаш; I балл – 5-ке дейінгі кездескен зиянкес; II балл – 20-ға дейінгі кездескен зиянкес; III балл –шамалы шоғырланған; 1V балл – жаппай шоғырланған.

Кестеде жеміс ағаштарында қоныстанған зиянкестің, олардың өркендері мен сабақтарының өсуіне айтарлықтай дәрежеде кері әсер ететіндігі келтірілген. Айталық, зиянкеспен II балл шамасында зақымданған жеміс ағашы өркендерінің өсу дәрежесі сау ағаштармен салыстырғанда 15%-ға қысқарғандығы көрінеді.

Қорытынды

Жоғарыда келтірілген мәліметтер калифорниялық қалқаншалы сымырдың биологиялық ерекшеліктерін, дамуын терең зерттеп, зиянкеске қарсы күресудің ғылыми негізделген тиімді және қоршаған ортаға қауіпсіз әдістерін жетілдіру қажеттігін көрсетеді. Осы бағытта келешекте табиғи энтомофагтар популяциясын зерттеп, қауіпсіз инсектицидтер мен биопрепараттарды сынау өзекті мәселе болып табылады.

Әдебиеттер

1 Матесова Г.Я. Калифорнийская щитовка опасный карантинный вредитель садов в Казахстане. Алма-Ата // Кайнар, 1984 - 20 с.

2 Бичина Т.И. Особенности развития калифорнийской щитовки и система мероприятий по борьбе с ней. Одесса // Пути повышения урожайн. плод, культур.- 1973.- С. 162-165.

3 Вредные организмы сельскохозяйственных культур, имеющие карантинное значение для территории Республики Казахстан (Справочник) - Алматы, 2008. – С.52.

4 Обзор распространения карантинных объектов в 2013 году и прогноз их появления в 2014 году. Астана, 2014.

5Константинова М.Г., Козаржевская Э.Ф. Щитовки вредители плодовых и декоративных культур М.,// Агропромиздат,1990.

6 Попова А.И. Калифорнийсая щитовка. М., // «Сельхозиздат», 1962. - С. 28-29.

7 Доспехов Б.А. Методика полевого опыта. М., // Колос, 1965 – 336 с..

8 Добровольский Б.В., Фенология насекомых. М., // Высшая школа, 1969, С.31-40.

Бекназарова З.Б., Копжасаров Б.К.

К ВОПРОСУ ИЗУЧЕНИЯ ОСОБЕННОСТЕЙ РАЗВИТИЯ КАЛИФОРНИЙСКОЙ ЩИТОВКИ *(QUADRASPIDIOTUS PERNICIOSUSCOMST.)* ВСАДАХ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ

В статье приводятся данные о результатах исследований биологии, особенности развития и вредоносности калифорнийской щитовки. Рассмотрена поврежденность плодов яблони и влияние степени заселенности деревьев калифорнийской щитовкой на рост и развития побегов.

Ключевые слова: калифорнийская щитовка, биология, степень заселенности, бродяжки, карантин, контроль, эффективность.

Beknazarova Z.B., Kopzhassarov B.K.

ON THE PROBLEM OF STUDYING THE FEATURES OF DEVELOPMENT OF SAN JOSE SCALE (QUADRASPIDIOTUS PERNICIOSUS COMST.) IN ORCHARDS IN ALMATY REGION

Article shows the results of studies of biology, particularly the development and severity San Jose scale. Considered the damage of apple fruits and influence the degree of occupation of the trees by San Jose scaleon the growth of shoots.

Key words: San Jose scale, biology, degree of occupation, tramp, quarantine, control, efficiency.

ӘОЖ 633.11:631.527.(574.25)

[1]Жайнарбай Қ., [2]Сарбаев А.Т., [1]Баядилова Г.О.

[1]Қазақ ұлттық аграрлық университеті
[2]Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК- ШЫҒЫС ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ КҮЗДІК БИДАЙДЫҢ САРЫ ТАТ АУРУЛАРЫНА ТӨЗІМДІ СОРТ ҮЛГІЛЕРІН БАҒАЛАУ.

Аңдатпа

Мақалада Қазақстанның Оңтүстік-Шығыс жағдайындағы күздік бидайдың сары тат ауруларына төзімді сорт үлгілерін бағалауына зерттеуі бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижелері келтірілген. Зерттеу селекцияның әртүрлі кезеңдерінде сорт түрлерінің потенциалды және қалыпты төзімділіктерін анықтауға, сонымен қатар селекциялық процесті жеделдетіп, жаңа сорттарды шығаруға кететін уақытты азайту.

Кілт сөздер: бидай, сары тат, сортүлгілер, өнімділік, сорт, сапа, саңырауқұлақ эпифитотиясы, эпибласт.

Кіріспе

Дәнді астық дақылдары ішінде бидай өте құнды тағамдық өсімдіктердің бірі ретінде дүниежүзінде 230 млн.га егіс алқабын алып жатыр, оның ішінде күздік бидай егістері 35%-ын құрайды, ал оның астық өнімі орта есеппен 25,4 ц/га [1].

Агроөнеркәсіп кешені Қазақстан экономикасының жетекші салаларының біріне жатады. Біздің мемлекетіміз қазіргі кезде астық экспорты бойынша дүние жүзінде алтыншы орынды иеленді. Экспорттың әлеуеті жылына 8-10 млн. тонна аралығында деп бағаланады. Қазақстандық астық әлемінің 40- тан астам еліне экспортталады [2].

Өнімі мол, сапасы жоғары күздік бидай сорттарын өндіріске енгізу, астық шаруашылығының негізгі маселелерінің бірі. Бидайдан мол өнім алу себілетін тұқымның сапасына, сорттарды өсіру агротехникасына, жергілікті жердің экологиялық жағдайына, сорттардың ауруға төзімділігіне тығыз байланысты[3].

Сары тат бидай өсірілетін егістік аймақтарында өте кеңінен таралған. Бидай сорттарының сары татпен зақымдануы егін түсімінің кемуіне және бидайдың дән сапасының кемуіне әкеледі[4].

Бидай сары татымен күресудің ең тиімді жолы төзімді сорттарды өндіріске енгізу болып табылады. Табиғатта сары тат популяциясының өзгергіштігі төзімді сорттар шығаруға жоспарланған селекциялық жұмыстарда қиындықтар тудырады. Патоген популяциясында алғашқы кезде төзімді болған сорттарды өндіріске ұзақ уақыт пайдаланып, үлкен егістік аймақтарында егу, кейіннен паразитті осы сорттарға бейімделген жаңа патотиптерінің пайда болуына мүмкіндік береді[5]

Сары тат қоздырғышының таралуы және жаппай дамуы ауа райы жағыдайына, сорттардың төзімсіздігіне, сонымен қатар патогеннің өзгергіштік қасиетіне байланысты. Күздік бидай дақылында аурудың дамуна вегетация кезіндегі шық түсу, ылғалды ауа райы өте қолайлы жағдай жасайды. Тат ауру қоздырғыштарның мутациялануға бейімділігі сорттардың төзімділігіне әсер тигізеді, жаңа және вируленттілігі жоғары патотиптердің пайда болуы төзімділік геннің тиімділігін төмендетеді. Осыған байланысты сары татты зерттеу, күздік бидай сортүлгілерінің патоген популияциясына, беріктілігі мен төзімділігін сынау, сұрыптау жұмыстарын жүргізу қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады [6].

Зерттеу материалдары мен әдістемелері

Мақалада Оңтүстік Қазақстанның орманды-далалы аймақтарында 2014-2015 жылдары сары, маусымдық динамикасын бақылау сары тат ауруының 2014-2015 жылдарындағы даму динамикасын статистикалық талдау нәтижелерінен сары тат пен басқа тат ауруларының арасында орташа байланыстылық болды.

Қазақстанның оңтүстігінде күздік бидайды өсірудің қалыптасқан нарықтық экономикаға тиімділігін арттыру мақсатында агротехнологиялық зерттеулердің ғылыми бағыты айқындалды. Осы бағытты жетілдіру үшін топырақты өңдемей, тікелей егіп өсірудің үлгісі жасақталды.

Мақалада күздік қатты бидай селекциясының нәтижелері көрсетілген. Алғаш рет күздік қатты бидайдың Казахстанский янтарь сорты шығарылып, өндіріске пайдалануға берілді. Ол сорт 2010 жылдың селекциялық жетістіктерінің мемлекеттік реестріне енгізіліп, Алматы облысында қолдануға берілді. Күздік қатты бидайдың өнімділігі жоғары, сапалы, қысқа төзімді, агроклиматтық жағдайларға толық бейім, болашақта өндіріске, пайдалануға жіберілетін 3 сорты шығарылып, мемлекеттік сортсынаққа жіберілді [8].

Күздік бидайдың жақсы алғы егісі мен сүдігерді өңдеу тәсілін анықтау жұмыстары бойынша Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағындағы жартылай қуаң тәлімі жерде зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді. Тәжірибе жоғарыда аталған аймақта орналасқан Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының егіншілік бөлімі танабында өткізілді. Зерттеуге күздік бидайдың үш алғы егісі: таза сүрі жер, сұлы+асбұршақ және күздік бидай, сонымен қатар топырақты өңдеудің үш тәсілі: 20-22см аудара жырту (бақылау), 10-12 см сыдыра өңдеу және өңделмеген жер нұсқалары алынған [9].

Соңғы үшжылдық зерттеулер нәтижелері бойынша, күздік бидай танабының арамшөптермен ластануына алғы егіс те, топырақты өңдеу тәсілдері де әсерін тигізгендігі байқалды. Зерттеу жылдары көктемгі жауын-шашын жеткілікті мөлшерде түскендіктен, барлық алғы егіс бойынша арамшөптердің өсіп-өнуіне қолайлы жағдай туды.

Бидай астығы өндірісін арттырудың бір жолы – күздік бидайдың үлесін арттыру болып табылады. Ешкімге құпия емес, дұрыс, оңтайлы және ылғал-ресурс үнемдегіш технологияны қолданғанда күздік бидай жаздыққа қарағанда анағұрлым жоғары астық өнімін береді [10].

Қазіргі таңда дүниежүзінде орын алып отырған басты мәселенің бірі – азық-түлік тапшылығының алдын-алу іс-шарасы болып табылады. Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметтеріне жүгінсек, қазір 40 мемлекетте азық-түлік тапшылығы байқалады. XXI ғасырдың күшті әрі экономикасы тұрақты мемлекеті ретінде, өндіретін азық-түлігі ішкі сұранысты қанағаттандыратын және өнімін экспортқа шығара алатын 20 мемлекет жатады. Бұл көзқарастан алғанда, Қазақстан астық дақылын өндіруші және сырт мемлекетке шығарушылардың қатарында әлемдік ірі ондыққа енеді. Аталмыш астық дақылдарының басым бөлігін жаздық дәнділер құраса, отанымыздың оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймақтарында күздік бидайды өсіру кеңінен қолданыста.

Күздік бидай дақылы тамыр жүйесінің әлсіздігі, топырақтың фитосанитарлық жағдайы мен сапалы дайындалуына қатысты жоғары деңгейдегі сезімталдығына байланысты алғы егіске деген талабы қатаң болып табылады. Сондықтан аталмыш мәдени дақылдың жақсы алғы егістеріне өзінен кейін танаптың тазалығын, аурулар мен зиянкестердің таралу мүмкіндігін төмендетумен және топырақта жеңіл сіңірілетін қоректік заттармен қамтамасыз етуші ерте жиналатын ауыл шаруашылық дақылдары жатады. Мұндай жақсы алғы егіс ретінде көп және біржылдық шөптер, дәнді бұршақтылар, сүрлемдік бағыттағы жүгері, жасыл, ықтырмалы және таза сүрі танап, қарақұмық т.б. жатады [11,12]. Тамыр шірігі ауруына шалдықпайтын болғандықтан және өзге астық дақылдарына қарағанда сапалы қоректік заттарды мейлінше көп қалдыратындықтан дәнді дақылдардың ішінде күздік бидайға жақсы алғы егіс ретінде сұлының басымдылығы айқын байқалады. Күздік бидайдан соң аталмыш егіс дақылын қайта себу дұрыс емес, оны тек араға екі жыл қалдырып, сосын орналастырған орынды, ал арпадан кейін күздік бидайды себу ғылыми тұрғыдан ұсынылмайды.

Кейбір мәліметтерге жүгінсек, Украинаның топырақ-климат жағдайында күздік бидай егісіне аталмыш дақылды қайта себу, яғни екінші дақыл ретінде өсіру мүмкіндігін құптайды. Украинаның «Бескид» шаруашылығындағы күздік бидай егісінің 70 пайызы өте жақсы алғы егістерден соң, атап айтқанда күздік рапс, асбұршақ және қытай бұршақ дақылдарынан кейін орналастырылса, қалған 30 пайызы екінші дақыл ретінде себіледі [13].

Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының егіншілік бөлімі соңғы он жыл көлемінде өсімдік шаруашылығын әртараптандыру іс-шарасына баса көңіл бөліп, ылғалмен жартылай қамтамасыз етілген тәлімі аймақ жағдайында бірнеше егіс дақылдарын салыстырмалы зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Институтта өсірілетін күздік бидай сорттары: Юбилейная 60, Алмалы, Ақтерек, Баянды, Мариям, Стекловидная 24, Опакс57, Арап, Дархан, Жетісу [14].

Оңтүстік-шығыс Қазақстан облысы, Қарасай ауданы, Алмалыбақ кентінде орналасқан КАЗНИИЗИР-да өсірілетін күздік бидай сорттарынан тат ауруларына төзімсіз сорттар: Жетісу, Богарная56, Стекловидная24, Эритроспемум 350 және т.б. Ал төзімді сорттар: Алмалы, Арап және Наз, Южная 12 және Безостая 1 сорттарының ауруға төзімділігі инфекциялық қорға байланысты болып келді [15].

Оңтүстік және Оңтүстік-шығыс Қазақстан облыстарында күздік бидай егістерінде сары тат ауруы көп таралған.

Осы айтылған ауруға коммерциялық сорттар аз төзімді келеді. Олар: Ақмола 2, Ақмола 3, Целинная 26, Казахстанская раннеспелая, Омская 9, Иртышанка 10, Омская 19, Омская 29 және т.б. Осы аталған осрттар қоңыр тат ауруына да тез шалдыққыш келеді [16,17]. Алматы облысының таулы зоналарында күздік бидайды сары таттың споралары күз айларынан бастап залалдайды. Оларды егінді жинау кезінде ауа арқылы таралады. Осыған байланысты бұл аймақта аурудың эпифитотиясы қатты білінеді.

Сурет 1. Сары тат.

Өндірістік тәжірибе жұмыстары 2014 жылы Алматы облысы, Қарасай ауданы, Алмалыбақ кентінде орналасқан АҚ «КазАгроИнновация» қарасты ЖШС «Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты», ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы А.Т. Сарбаевтың жетекшілігіндегі өсімдік қорғауға қарасты жасанды індет аясында жүргізілді. Ауруларға мониторинг жұмыстары күздік бидай егістігін маршруттық тексеру арқылы, егістіктегі күздік бидай өнімінің ауруларын көзбен бақылау арқылы жүргізілді. Бидайдың тат ауруларына қарсы қолданылатын химиялық күрес шараларының тиімділігін анықтау мақсатында өндірістік сынақ «ҚазЕжӨШҒЗИ» күздік бидай егістіктерінде жүргізілді.

– тат аурулары уредоспораларын бидайға жасанды жұқтыру әдістемелері жүргізілді;

– бидай сорт-үлгілерінің тат ауруларына төзімділігін бағалау, яғни сабақ татына зақымдану типі E.C. Stakman, M.N. Levine, сары татқа – G. Gassner, W. Straib, қоңыр татына – E.B. Mains, H.S. Jackson бойынша баллдық өлшеммен, ал аурудың даму дәрежесі R.F. Peterson, A.B. Campbell, A.E. Hannah бойынша пайызбен есептелді;

– өсімдік вегетациясы мерзімінің ұзақтығы «Бүкілресейлік өсімдіктер институтында» жасалған әдістемелік нұсқау арқылы зерттелді;

– күздік бидайдың ең негізгі морфологиялық белгілері және түсім көрсеткіштері селекция және тұқым шаруашылығы мамандарына арналған әдістемелік оқу құралы бойынша анықталды;

– күздік бидай сорттарынан сабақ таты патотиптері A.P. Roelfs пен J.W. Martens, ал қоңыр таты патотиптері D.L. Long және J.A. Kolmer Халықаралық номенклатуралық жүйе бойынша жіктелінді;

Зерттеу және талқылау нәтижелері

Сынақ суарылатын жер телімінде жүргізілді. 2014 жылы олар қалыпты дәрежеде дамыды: сары тат күздік бидайдың негізгі жапырағының пайда бола бастаған кезінде байқалды. Егістікті өңдеу жұмыстары дақылдың негізгі жапырағы пайда бола бастаған кезде жүргізілді. Өңдеу жүргізілгеннен кейін 10,20,30 күн сайын егістіктегі аурулардың даму қарқындылығын бақылау мақсатында тексеру жұмыстары жүргізіліп отырды.



Сурет 1. Алматы облысы жағдайында фунгицидпен өңделген және өңделмеген күздік бидай егістігіндегі сары таттың даму динамикасы (2014 жыл).

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу жұмыстары нәтижелерін қорытындылай келе, жасанды инфекциялық аясынада 2014-2015 жылдар аралығында 278 сортүлгісі, соның ішінде күздік қатты бидайдың конкурстық сортсынау көшетжайының (КСС) – 29 сортүлгілері сыналды.

Инфекциялық жағдайда олардың резистенттілігі байқалды және зерттелетін түрлердің 6,5%-н құрайтын күздік бидайдың жаңа сортынан таңдап алынды. Бұл иммунды генотиптердің сирек кездесетіндігін көрсетеді.

Еліміздегі қатты бидай селекциясының сары тат ауруына иммунологиялығы жоғары және сапалы өнімділікпен қамтамасыз ететін жаңа сорт шығару.

Әдебиеттер

1. Оразалиев Р. А. Қазақстан бидайы. – Алматы: Қайнар, 1984. – 198 б

2. Қ. К. Әрінов, Қ. М. Мұсыно, А.Қ. Апушов, Н. А. Серекпае, Н. А. Шестакоа, С. С. Арыстанғұлов Өсімдік шаруашылығы – Алматы, 2011. – 337- 371б

3. Турапин В.П. Ржавчинные болезни зерновых культур и меры борьбы с ними. – Алма-Ата,1991. – 48с.

4. Казнес Л.Д Болезни сельскохозяственных растений Казахстана Алма-Ата 2000г 65с.

5. Георгиевская Н.А. Биологические особенности развития желтой ржавчины пшеницы.//итоги работ. IV Всес. Совещ по иммунитету с. –х. раст. – Кишинев, 1996. – Часть 2. – С.3.-8.

6. Андреев Л.Н., Плотникова Ю.М. Ржавчина пшеницы. Цитология и физиология. М.: Наука, 1989. - С.- 10

Резюме

В статье приведены данные чувствительность озимой пшеницы к желтый ржавчине зависит от наступление всходов, фаз развития и сортовых особенностей культуры.

Summary

The article presents data sensitivity of winter wheat rust on the occurrence of shoots, phase of development and varietal characteristics of culture.

УДК 633.16:632.26:631.51(574.421.51)

Жасакпаев Е.С., Сарбаев А.Т., Ыдырыс А.А.,Дубекова С.Б.

Казахский Национальный Аграрный Университет, г. Алматы,
Казахский научно-исследовательский институт земледелия и растениеводства,
Карасайский район, п. Алмалыбак
e-mail: ereke_agro83@mail.ru

КОМПЛЕКСНАЯ ЗАЩИТА ПОСЕВОВ ЯЧМЕНЯ ОТ ПЯТНИСТОСТЕЙ ЛИСТЬЕВ В РЕСУРСОСБЕРЕГАЮЩИХ ТЕХНОЛОГИЯХ ЮГО-ВОСТОКА КАЗАХСТАНА

Аннотация

В статье приводятся результаты изучения влияния различных агроприемов на развития и распространения грибных болезней по сортам ярового ячменя Сымбат и Сауле.

Ключевые слова: яровой ячмень, болезни, обработка почвы.

Введение

Ячмень является основной зернофуражной культурой и используется как основное сырье в пивоваренной промышленности. Культурный ячмень занимает огромные площади в мировом земледелии. Ячмень по сравнению с другими зерновыми культурами образует довольно слабую корневую систему, и поэтому создание рыхлого корнеобитаемого слоя способствует повышению его продуктивности. Однако урожайность его снижается, а качество зерна ухудшается вследствие повреждения вредителями и болезнями.

В Казахстане наибольшее распространение имеют пыльная, каменная, черная головня, стеблевая, южная, карликовая ржавчины, ринхоспориоз, листовые пятнистости, корневые гнили, сетчатая, темно-бурая пятнистости и ринхоспориоз. Вредоносность заболеваний заключается в уменьшении ассимиляционной поверхности листьев, а при сильном поражений – полной их некротизации и усыханию, что приводит к снижению массы зерна, уменьшению количества колосков и зерен, ухудшению качества зерна, в том числе пивоваренных свойств [1,2].

Адаптация блока защиты растений к ресурсосберегающим технологиям предусматривало снижение пестицидной нагрузки на агроценоз на основе установления зависимости степени развития, болезней от того или иного приема агротехники; изучения экологических особенностей развития вредных организмов на фоне разрабатываемой технологии возделывания культуры.

Материалы и методы

Материалом для изучения послужили сорта кормового ячменя «Сымбат» и «Сауле». На стационарном 4-х-польном севообороте отдела земледелия «КазНИИЗиР» велись наблюдения за динамикой развития болезней, ячменя в зависимости от обработки почвы, обеспеченности растений минеральным питанием и применения различных схем защиты растений.

Фитосанитарные учеты и наблюдения по фазам возделываемой культуры проводились по методике опытного дела в защите растений [3]; изучение влияния агротехнических приемов на численность возбудителей болезней полевых культур [4].

Погодные условия в годы изучения были различными как по количеству осадков, так и по температуре воздуха. Начало весны (март 2015 г.) по температурным условиям на 3,8°С оказалось выше нормы при выпавшем количестве осадков - 93 мм, что в 2 раза больше нормы. Аналогичная ситуация сложилась и в апреле. Количество выпавших осадков (112,7 мм) превышало норму в 2 раза при среднемесячной температуре – 10,4°С.

В начале лета (июнь) средняя температура воздуха оказалась около нормы при превышении количества выпавших осадков на 38,7 мм выше обычного. Что способствовало обильному росту некоторых видов болезней, вредителей и сорняков.

Июль месяц по температурным показателям оказался на 3-4°С теплее обычного при дефиците осадков и характеризовался как засушливый. Особенно жаркое (0,8-5,4°С выше нормы) и засушливое (без осадков) условие создавалось в середине июля. Все это неблагоприятно сказывалось на нормальное развитие полевых культур и некоторых видов вредных организмов. Аналогичная ситуация сложилась и в августе.

Результаты и обсуждение

Система обработки почвы включала плоскорезную обработку на глубину 20-22 см; минимальную на глубину 10-12 см. и No-Till (без обработки) по различным фонам; применения средств защита растений и контроль (без применения СЗР).

Фактор А.

Основная обработка почвы:

1. Постоянная разноглубинная обработка плоскорезом ПГ-250 на глубину 20-22, 10-12 см.

Фактор В.

Фон питания:

1. Солома. Заделка измельченной соломы; 2. Пожнивной сидерат (вспашка 20-22 см., плоскорез – 20-22 см., плоскорез – 10-12 см., No-Till).

Совершенствование интегрированной системы защиты посевов к ресурсосберегающим технологиям проводились в отдельности по компонентам:

- агротехнические мероприятияосновывались на повышении профилактической роли факторов (предшественник, органические удобрения, сроки сева, сорта, обработки почвы и т.д.);

- при необходимостиприменение пестицидовпроводилось по соответствующим схемам предпосевное протравливание семенного материала в наиболее уязвимой фазе защищаемой культуры и вредных организмов. Для снижения ихподбирались наиболее эффективные, малоопасные препараты, использование которых обосновывалось показателями (критериями) необходимости обработок (экономические пороги вредоносности, степень развития и распространения болезней).

Перед посевом проведена фитоэкспертиза семян ярового ячменя сортов «Сымбат» и «Сауле» (4 пробы по 100 семян). На анализируемых по ГОСТ 12044-93 - средних образцах семян выявлены наличия спор твердой головни (Tilletia caries (D.C.)) – 0,5%, гельминтоспориозной корневой гнили (Bipolaris sorokiniana Sacc. (= Helmintosporium sativum P.K. et B.) – 1,2%, фузариоза (Fusarium Link.) – 0,02%, септориоза (Septoria tritici Rob. Et Desm.) – 0,1%, уредоспоры желтой ржавчины (Puccinia striiformis West.) – 0,12%. В ходе фитоэкспертизы выявляется наличие семенной инфекции по видам болезней устанавливается общий процент заражения. По их результатам подобран соответствующий к имеющимся спектрам болезней протравливатель семян. При этом

учитывалось, что, в случае, если фитоэкспертиза показывает зараженность семян возбудителями твердой, пыльной головни, корневых гнилей и плесневения, лучше использовать 2-3-компонентные протравители семян (Дивиденд Экстрим, Скарлет, Ламадор, Виал ТТ, Винцит, Клад, Селест-Топ др.).

Для обеспечения защиты проростков ярового ячменя, на основе результатов фитоэкспертизы проведено предпосевное протравливание семян фунгицидно-инсектицидным препаратом.

Как указаны в таблице 1, в вариантах посеянные 20 апреля наблюдалось усиленное распространение болезни в пределах 88-94% в сорте «Сымбат» и 81-96% соответственно в сорте «Сауле».

Таблица 1 - Влияние протравливания семян препаратом Селест-Топ 312,5 к.с. (1,8 л/т) на степень поражаемости ячменя корневой гнилью (Bipolaris sorokiniana Shoem) и его урожайность на фоне 10-12 см плоскорезной обработки почвы, 2015 г.

Вариант	Распространенность болезни, %			Развитие болезни, %			Урожайность, т/га		
	Посев 25.03.2015г	Посев 06.04.2015г	Посев 20.04.2015г	Посев 25.03.2015г	Посев 06.04.2015г	Посев 20.04.2015г	Посев 25.03.2015г	Посев 06.04.2015г	Посев 20.04.2015г
Сорт Сымбат									
Контроль	5,5	4,3	9,3	79	83	94	2,20	2,35	1,8
Селест-Топ 312,5 к.с. (1,8 л/т)	1,4	2,7	5,3	69	71	88	2,35	2,53	1,93
Сорт Сауле									
Контроль	3,3	2,8	7,2	70	84	96	2,45	2,30	1,9
Селест-Топ 312,5 к.с. (1,8 л/т)	1,1	1,7	2,4	58	76	81	2,62	2,60	2,20

Уменьшение распространения болезни наблюдались в вариантах посеянные в ранние сроки - 25 марта. Это можно объяснить созданием благоприятных условий для развития культуры, что способствовало уменьшению поражаемостью болезнями. Во всех вариантах где применяли протравитель Селест-Топ 312,5 к.с., по сравнению с контролем наблюдалось снижение распространение корневой гнили. Применение протравителя позволили повысить полевую всхожесть семян ячменя и сохранность культурных растений к концу вегетации в среднем на 11%.

Выводы

Таким образом, комплексная защита посевов ярового ячменя предусматривала защиту от корневых гнилей и одновременно от других болезней. Для сдерживания их развития в 1,5-2,0 раза, из разных сроков сева с предпосевным протравливанием семян, на фоне плоскорезной обработки почвы (10-12 см.), наиболее оптимальными сроками сева ярового ячменя в условиях юго-востока Казахстана оказалась третья декада марта.

Литература

1. Койшыбаев М. Болезни зерновых культур // Алматы: «Бастау», 2002. - 368с.
2. Садохина Т.П., Власенко Н.Г., Коротких Н.А. Фитосанитарная оптимизация посевов ячменя в условиях лесостепи Западной Сибири // Новосибирск, 2011. - 110с.

3. Пересыпкин В.П., Коваленко С.Н., Шелестов В.С., Асагур М.К. Практикум по методике опытного дела в защите растений / Учебник для ВУЗов, защита растений // М.: «Агропромиздат», 1989. – 175с.

4. Вронских М.Д., Вронских Г.Д., Павловым И.Ф., Шуровенковым Ю.Б., Петрухой О.И., Пожар З.И., Грисенко Г.В., Дудко Е.Л., Самерсовым В.Ф. Методические рекомендации по изучению влияния агротехнических приемов на численность вредителей и возбудителей болезней полевых культур//М., 1982. – 50с.

Жасакпаев Е.С., Сарбаев А.Т., Ыдырыс А.А.,Дубекова С.Б.

ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ РЕСУРС ҮНЕМДЕУШІ ТЕХНОЛОГИЯ ЖАҒДАЙЫНДА АРПА ЕГІСТЕРІН ЖАПЫРАҚ ДАҚ АУРУЛАРЫНАН КЕШЕНДІ ҚОРҒАУ

Макалада жаздық арпаның Сымбат және Сауле сорттары бойынша, әртүрлі агротехникалық іс-шаралардың саңырауқұлақ ауруларының таралуы және дамуына әсер ететін зерттеу нәтижелері келтірілген.

Кілт сөздер: жаздық арпа, аурулар, топырақты өңдеу.

Zhasakpaev E., Sarbaev A., Ydyrys A., Dubekova S.

INTEGRATED PROTECTION OF CROPS BARLEY LEAF SPOT RESOURCE-SAVING TECHNOLOGIES IN THE SOUTHEAST OF KAZAKHSTAN

The article presents the results of studying the effect of different agricultural practices on the development and spread of fungal diseases on spring barley varieties Symbat and Saul.

Key words: spring barley, disease and soil cultivation.

ӘОЖ 575.24.1:633.11.16

[1]Кеишилов Ж.С., [2]Кохметова А.М., [3]Канафин Б.К., [4]Чудинов В.

[1]Қазақ Ұлттық аграрлық университеті
[2]Өсімдіктер биологиясы және биотехнологиясы институты
[3]ЖШС «Солтүстік –Қазақстан» СОС
[4]ЖШС «Қарабалық ауылшаруашылық тәжірибе станциясы»

ҚАЗАҚСТАННЫҢ СОЛТҮСТІК АЙМАҚТАРЫНДА БИДАЙДЫҢ ПИРЕНОФОРОЗ (*PYRENOPHORA TRITICI-REPENTIS*) АУРУЫНА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ

Аңдатпа

Жапырақтың пиренофороз ауруы (*Pyrenophora tritici-repentis)* бидайдың кең таралған ауруы. Олжер шарының бидай өсіретін барлық аймақтарында кездеседі. Әлемнің әр аймақтарында эпифитотия жылдары өнім мөлшері 65%-ға дейін азаяды. 2015 жылғы Солтүстік Қазақстан аймақтарында жаздық бидай сорттарына пиренофороз ауруының залалдануы мен таралуына мониторинг жүргізілді. Аурумен залалдануы жағынан алда тұрған Ақмола обылысы, Астрахан ауылдық округінде 2,60%-дық жоғары көрсеткішпен залалданған Ақмола 2 сорты болды. Ал таралуы жағынан пиренофороз ауруы Солтүстік Қазақстан обылысы, Шағалалы ауылдық округінде Астана сортында 74%-ға дейін таралған.

Кілт сөздер: бидай, сорт, үлгі, патоген, пиренофороз, төзімді.

Кіріспе

Жұмсақ бидай (*Triticum aestivum*) дүние жүзінің көптеген елдері және Қазақстан үшін әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан маңызды дақыл. Қазақстанның егістік аумақтарының 67,8% бидайға арналған (14 млн. га, 2009 ж). Қазақстанда бидай селекциясы 100 жылға жуық жүргізіліп, шамамен 110 сорт шығарылып іске асырылған [1]. Бидайдан жоғары өнім алуды шектейтін факторлардың бірі - өсімдіктердің әртүрлі аурулармен залалдануы. FAO мәліметтеріне сәйкес жыл сайын аурулар себебінен әлемдік бидай өнімінің 10 пайызына дейін жоғалады [2].

Бидайдың жапырақ сары дағы (*Pyrenophora tritici-repentis)* іс жүзінде жер шарының бидай өсіретін барлық аймақтарында кездеседі: Солтүстік Америка, Евразия және Австралияда. Географиялық таралуында саңырауқұлақ ауруы кеңінен көрсетілген. Қазіргі таңда бұл өте қауіпті тез тарағыш прогресивті патогенді бидай өсірудің негізгі бағыттары: АҚШ, Австралия (Rees et al., 1987) және Канадада [3]. ТМД елді аумағында патоген Молдавияда, Украинада, Беларусияда , Орталық Азияда және Қазақстанда (Хасанов, 1988; Поспехов, 1989) кездеседі [4, 5].

Б.А.Хасановтың айтуы бойынша бидайдың телеморфа саңырауқұлақтары Қазақстанның жағдайында сирек кездеседі және инфекцияның негізгі көзі ретінде бола алмайды. Кейде саңырауқұлақтар бидай тұқымынан бөлініп шығады. Бидай жапырақтарында қоздырғыш тынышталған мицелий түрінде қыстап шығады. Әдетте өнімді жинап болғаннан кейін патоген жабайы өсімдіктер қалдықтарында сапрофитті түрде сақталады. Жапырақтың беті ылғал болып температура 5^0С жағдайында өсімдікті залалдау кезеңі 2 сағатқа жалғасады, сонымен қатар 20-25^0С-тық температурада қолайлы жағдайда ауру тасымалдаушы саңырауқұлақ (Drechslera tritici-repentis) өсіп көбейе бастайды. Аурудың таралуына жауын-шашынның жиі жауууы аурудың күшейіп тез таралуына әсер етеді [6].

Жапырақ сары дағы (*Pyrenophora tritici-repentis)* бидайдың кең таралған ауруы болып табылады. Әлемнің әр аймақтарында аурудың байқалатын мезгілі эпифитотия жылдары төзімді сорттардың өнімнің аз мөлшерде беруі 65%-ға дейін жетеді (Hirrell et al., 1990; Rees, Platz, 1989) [7, 8]. Бидайдың жапырақ сары дағының қоздырғышы (сары-қоңыр дақ, пиренофороз, tan spot, yellow spot), гомоталды аскомицет-фитопатогенді саңырауқұлақ болып табылады Pyrenophora tritici-repentis (Died) Drechs. [синонимы P trichostoma (Fr.)], жетілмеген кезең Drechslera tritici-repentis (синонимы Helminthosporium tritici-repentis Died) [9].

Аурудың алғашқы белгілері көктемде сезімтал сорттарда пиренофороз ұсақ түрде пайда бола бастайды, дақтар линза тәрізді формамен ұлғайады. Жапырақ сары дағының ұзындығы 12 мм дейін жетеді. Залал келтіретін дақтар өседі және оның таралуы жапырақтың басынан негізіне дейін сарғайтып залалдайды [10].

Сары дақ (*Pyrenophora tritici-repentis)* ауруының қоздырғышы төменгі сатыдағы саңырауқұлақ *Drechslera (Helminthosporium) tritici-repentis* деп есептеледі, ал қалталы тәрізді кезеңі (*Pyrenophora tritici-repentis)* деп аталады. Бастапқы инфекция аскоспорамен таралады. Өсімдіктердің вегетация кезінде көп реттік залалдануын, ары қарай таралу рөлін конидиялар атқарады.

Баварияның оңтүстігінде (ФРГ) алғаш рет 1980-1981 жылдары күздік бидайдың Drechslera tritici-repentis саңырауқұлақ ауруы анықталды [11].

Зерттеудің мақсаты: Қазақстанның солтүстік аймақтарында бидайдың пиренофороз (*Pyrenophora tritici-repentis)* ауруына мониторинг жүргізу.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Қазақстаның солтүстік аймақтарында пиренофороз ауруының таралу деңгейін анықтау мақсатында Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Қостанай обылыстарының шаруа қожалығының бидай егіс алқаптарында пиренофороз ауруына мониторинг жүргізілді.

Гербарий үлгілерін бидайдын сүттену кезеңінде жинадық. Джеймістің түрлендірілген шкаласы бойынша кем дегенде 50-100 бидай өсімдік жинап әрқайсысының ауруына талдау жасалынады [12].

Өсімдіктерді жинау әдістері, егіс алқабының шетінен кіріп ортасына қарай 200 метр жүріп диагонал бойымен 50 өсімдік жиналынды. Таралуы (P) мен, ал залалдануы (R) мен белгіленеді. Аурудың таралуы және өсімдіктің залалдануы мына формуламен анықталады:

*1. P – аурудың таралу формуласы:

$$P=n*100/N$$

мұнда, N – ауру өсімдіктердің жалпы саны

n- ауру өсімдіктер саны

*2. R – аурудың таралуы мына формуламен анықталады:

$$R=\sum ab/N$$

мұнда, ∑ab - барлық балдың жалпы саны.

Нәтижелер мен талқылаулар

Маршрутты зерттеу (*Pyrenophora tritici-repentis)* патогені материалын жинау барысында жүргізілді. Залалданған бидайдың жапырақ үлгілері, еліміздің солтүстігінде бидай өсіретін Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарында жиналды. *Pyrenophora tritici*-repentis үлгілері Қазақстанның 52 географиялық нүктесінен жиналды. Осы жұмыстың нәтижесінде 242 патоген үлгілері жиналып алынды.

Кестеде Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарының егіс алқаптарындағы пиренофороз ауруының таралуы мен залалдану көрсеткіштері белгіленген. Ақмола облысы Шортанды ауданында Шортанды 95 сорты пиренофороз ауруымен ең аз мөлшерде залалданған. Аурумен залалдану көрсеткіші 0,26% құрады, ал таралу индекісі 26% болып табылды.

Ақмола облысы Астрахан ауданында Астана 2 және Ақмола 2 сорттарына мониторинг жүргізілді. Аурудың таралуы Астана 2 сортында 48%, ал Акмола 2 сортында 70% болды. Залалдану көрсеткіштері Астана 2 сортында 1,64%, ал Акмола 2 сортында 2,60% болды.

Кесте 1. 2015 жылғы Солтүстік Қазақстан облыстарының жаздық бидай сорттарының пиренофороз ауруының залалдануы мен таралуына жүргізілген мониторинг

Шаруа қожалық	Сорттар	Алдыңғы өсірілген дақыл	Пиренофороздың залалдану индексі, %	
			P	R
Облыс: Ақмола Аудан: Шортанды				
а/о Новакубанка	Шортанды-95	Жаздық бидай	26	0,26
Облыс: АқмолаАудан: Астрахан				
а/о Астрахан ш/қ ЖШС Достык-06	Астана 2	Жаздық бидай	48	1,64
а/о Астрахан ш/қ ЖШС Достык-06	Акмола 2	Жаздық бидай	70	2,60
Облыс: Солтүстік Қазақстан Аудан: Аққайын				
а/о Шағалалы	Астана	Жаздық бидай	74	0,60
а/о Шағалалы	Астана 2	Жаздық бидай	62	1,88
а/о Шағалалы	Казахстанская-75	Жаздық бидай	24	0,56
Облыс: Қостанай Аудан: Карабалық				
а/о Научный	Карабалыкская-7	Жаздық бидай	30	0,50
Ескертулер – P – таралуы, R–залалдануы; а/о – Ауыл округі; ш/қ – Шаруа қожалық				

Солтүстік Қазақстан облысының Аққайың ауданы Шағалалы ауылдық округінің егіс алқаптарында пиренофороз ауруы кең таралған. Астана сортында аурудың таралуы 74%-ды, ал Астана 2 сортында 62%-ды және Казахстанская-75 сортында 24%-ды құрады. Ал залалдануы бұл сорттарда 0,60%, 1,88% және 0,56%-дық нәтиже көрсетті.

Қостанай облысының Қарабалық ауданы Научный ауылдық округінде қарабалық 7 сортына мониторинг жүргізілді. Ауарайының құрғақ болуына байланысты, осы аймақтағы жаздық бидайдың пиренофороз ауруының таралуы 0,5%-дық төменгі көрсеткіш байқалды, аурудың таралуы 25-30%-ды құрады.

Қорытынды

Қорта айтқанда 2015 жылғы Солтүстік Қазақстан обылыстарында жаздық бидай сорттарының пиренофороз ауруымен залалдануы жағынан алда тұрған Ақмола обылысы, ал ауру Солтүстік Қазақстан обылысында кең таралған. Өсіріліп отырған бидай сорттарының барлығы пиренофороз ауруына төзімсіздік көрсетеді. Сондықтан қазіргі таңда пиренофороз ауруына төзімді сорттарды шығару және өндіріске ендіру өзекті мәселе болып табылады.

Әдебиеттер

1. Уразалиев Р.А., Есимбекова М.А. Международное сотрудничество в области генетических ресурсов растений (ГРР): перспективы и результаты // Материалы международной научно-теоретической конференции «Стратегия земледелия и растениеводства на рубеже XXI века». – Алматы: Бастау, 1999. – С. 173-174.

2. Уразалиев Р.А., Жангазиев А.С. Экологическая селекция сортов озимой пшеницы для предгорной и поливной зон юга и юго-востока Казахстана и Центральной Азии (данные КСИ и ГСИ за период 1990-2007 гг.) // Агромеридиан. –2008. – №2. – С. 33-41.

3. Rees R.G. Susceptibility ofAustralianwheatsto*P. tritici-repentis* // Australian Journal of Agricultural Research. – 1987. – Vol. 39. – P. 141-151.

4. Хасанов Б.А. Желтая пятнистость листьев злаков, вызываемая *Perenophora tritici-repentis* (DIED). Drecns. Микология и фитопатология, том 22, вып. 1, 1988, С. 78-82.

5. Поспехов Г.В. Особенности роста и плодоношения гриба *Pyrenophora tritici-repentis* (Died.) *Drechs.* В культуре // Микология и фитопатолия. - 1989. - Т. 23. Вып. 2. -С. 117-121.

6. Dubin H.J., Rajaram S. 1996. Breeding disease resistant wheats for tropical highlands and lowlands. Ann. Rev. of Phytopathol. 34.503-526.

7. Hirrell M.C., Spradley J.K., Wilson E.W. First report of tan spot caused by Drechslera tritici-repentis on winter wheat in Arkansas // Plant Disease, 1990, 74, 3, p. 252.

8. Rees R.G., Platz G. J. Effectiveness of incomplete resistance to Pyrenophora tritici-repentis in wheat // Aust. J. Agric. Res., 1989, p. 43-48.

9. Хохряков М. Л. Морфолог - биологическое обоснование систематики грибов рода Helminthosporium (sensulato) на злаках // Диссертация докт. биол. наук. Л., 1953. – С. 398.

10. Wiese M. V. Compendium of wheat Diseases. 1977. American Phytopathological Society. 105 p.

11. Hunger R.M, Brown D. A, 1987. Colony color, growth, sporulation, fungicide sensitivity, and pathogenicity of Pyrenophora tritici-repentis. PlantDisease 71, 907-910.

12. Методические указания по проведению регистрационных испытаний фунгицидов, протравителей семян и биопрепаратов в растениеводстве / под ред. Р.Касымханова. – Алматы-Акмола, 1997. – 64 с.

[1]Кеишилов Ж.С., [2]Кохметова А.М., [3]Канафин Б.К., [4]Чудинов В.

МОНИТОРИНГ УСТОЙЧИВОСТИ К ПИРЕНОФОРОЗУ (*PYRENOPHORA TRITICI-REPENTIS*) ЯРОВОЙ ПШЕНИЦЫ В УСЛОВИЯХ СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА

Желтая пятнистость (*Pyrenophora tritici-repentis)* широко распространенной болезнь пшеницы. Встречается во всех регионах возделования пшеницы земного шара. В годы эпифитотии уражайность пшеницы снижается до 65%. В 2015 году проведен мониторинг заражения и распространения пиренофорозом посевов яровой пшеницы в регионах Северного Казахстана. В Акмолинской области в селском округе Астраханское наибольшее заражение 2,60% отмечено на посевах сорта Акмола 2. В Северо Казахстанской облости в селском округе Шагалалы наиболее восприимчивым к пиренофорозу оказался сорт Астана. Распространение болезни достигло 74%.

Ключевые слова: пшеница, сорт, образец, патоген, пиренофороз, устойчивость.

[1]Keishilov J.S., [2]Kokhmetov A.M., [3]Kanafin B.K., [4]Chudinov B.

MONITORING RESISTANCE PIRENOFOROZU (*PYRENOPHORA TRITICI-REPENTIS*) OF SPRING WHEAT IN THE CONDITIONS OF NORTHERN KAZAKHSTAN

Tan spot (*Pyrenophora tritici-repentis*) is a widespread disease of wheat. It occurs in all regions of the wheat growing areas. During epiphytotic period productivity of wheat reduced up to 65%. Monitoring of contracting and spreading by tan spot on spring wheat in the northern regions of Kazakhstan in 2015 was carried. Infection of tan spot in the Akmola oblast, including the Astrakhan region was 2.60% on cultivar Akmola 2. In the North Kazakhstan oblast in Shagalaly region cultivar Astana was susceptible to tan spot. The spread of *P. repentis* was around 74%.

Keywords: wheat, cultivar, design, pathogen, pyrenophora, resistance.

ӘОЖ 631.445.24

Кубенкулов Қ.К., Наушабаев А.Х., Хоханбаева Н.А., Базарбаев С.О.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

АШЫҚ-СҰР ТОПЫРАҚТАР АЙМАҒЫНЫҢ ЖАРТЫЛАЙ ГИДРАМОРФТЫ СОДАЛЫ-СОРТАҢДАНҒАН КЕБІРДІҢ МЕЛИОРАТИВТІК ЖАҒДАЙЫ

Аңдатпа

«Амиран Агро» ЖШС шаруа қожалығының ашықсұр топырақтар аймағының жартылай гидраморфты содалы-сортаңданған кебірдің құрылысы, химиялық құрамы және физика-химиялық қасиеттері зерттелінді.

Кілт сөздер: сортаңданған, кескін, кебірленген, сілтілі, тұздылық химизмі.

Кіріспе

Қазақстанда кебірлермен олардың кешендері кең таралған. Олардың жалпы ауданы 58,9 млн.га. Олар көбінесе Солтүстік, Орталық және Батыс Қазақстан өңірлерінде таралған. Олар республикамыздың Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс өңірлеріндегі аумағы 7,095 млн.га [1], оның ішінде айқын көрінетін кебірленген "В" қабаттыларының аумағы

3693 мың га немесе 52% құрайды. Соңғылар әлбетте содалы сортаңданған, сондықтан жоғары сілтілі болып келеді. Бұндай топырақтар Алматы облысында тауалды жазықтықтарындағы егістіктерде, шабындықтарда және жайылымдарда жиі кездеседі. Олардың жалпы аумағы 25,4 мың га. Олар Іле ойысының орта шенінде көптеп кездеседі. Мысалы, Талғар ауданының Нұра ауылдық округінің "Амиран Агро" ЖШС егістіктерінің 80% жуығын алып жатыр.

Ежелде шаруашылық территориясында негізінен гидроморфты топырақтар қалыптасқан. Бірақ оны батысымен шығысынан қоршай ағатын Леп және Есік өзендері арналарының біртіндеп тереңдеуі олардағы сулардың азайуы, осы қосөзен аралығындағы ыза суларының жату деңгейін қазіргі кезеңде 4-7 м дейін төмендеткен, соның салдарынан бастапқы гидраморфты топырақтар жартылай гидраморфты топырақтарға айналған. Айтылған жағдайлардың жүруі барысында, шөлейттік климаттық ортада, сульфатты сортаңданған гидраморфты топырақ кескіні бойында, баяу болсада, сортаңсыздану үрдісінің жүруі қалыптасқан, ал ол соданың түзілуіне әкеліп, соның салдарынан кебірлену үрдісі қарқынды жүре бастаған. Қазіргі кезеңде ыза суларының тереңдігі 6 м төмен жатқан жерлердегі жартылай гидраморфты топырақтар біртіндеп афтоморфтыларға ауысуда. Осылардың нәтижесінде шаруашылықта әртүрлі деңгейлерде және әртүрлі тереңдіктерде содалы сортаңданған және кебірленген шалғынданыңқыраған солтүстіктік ашық және кәдімгі сұр топырақтар қалыптасқан.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау

Далалық тәжірибе шаруашылықта кең таралған содалы сортаңданған және кебірленген топырақта жүргізілді. Олар өздеріне тән құрам және қасиеттерімен ерекшеленеді. Оларды сипаттау үшін тың (1 кескін) және жыртылыстағы (2 кескін) топырақтарында шұңқырлар қазылып олардың кескіндерінің құрылысы зерттелінді (30.07.2015ж). Тың учаскесінің өсімдік жамылғысы - ақ жусан. Онымен топырақ бетінің күн сәулесінен көлеңкеленуі 80%. Төменде 1 кескіннің морфо-генетикалық сипатын келтіреміз.

$A\frac{0-18}{18}$ Сұр, құрғақ, тығыздалған, жоғарғы 0-3см бөлігі қабыршақтанған, басқа бөлігі кесекті, орташа құмбалшықты, тамырлармен күшті кескінделген, келесі қабатқа ауысу түсі мен құрылымы бойынша біртіндеп тегіс емес;

$B_1\frac{18-33}{15}$ Сұрғылттау ашық күрең, сәл ылғалды, тығыз, кеуексіз, ірі кесекті, олардың арасы тамырлармен кескінделген, орташа құмбалшықты, келесі қабатқа ауысу түсі бойынша айқын;

$B_2\frac{33-48}{15}$ Жоғарғыға қарағанда күңгірттеу, күңгірт күрең, сәл ылғалды, тығыз, кесекті-жаңғақты, ауыр құмбалшықты, ұсақ кеуекті, ұсақ және орташа тамырлармен кескінделген, бунақденелілердің жолдары байқалады, көзге көрінетін суда ерігіш тұздар байқалмайды, бірақ дәмі тұзды, келесі қабатқа ауысу түсі бойынша айқын;

$C_1\frac{48-64}{16}$ Ашық-сұрлау күреңді, сәл ылғалды, тығыздалған, кесекті, ұсақ кеуекті, көзге көрінетін тұздар байқалмайды, бірақ дәмі аздап тұзды, тамырлармен сәл кескінделген, орташа құмбалшықты, келесі қабатқа ауысу мүсінсіз қатты карбонатты жарандылардың кездесуі бойынша біртіндеп;

$C_{2Ca}\frac{64-105}{41}$ Түсі жоғарғы C_1 қабатына ұқсас бірақ одан ашықтау ақшыл сұр, ылғалды, тығыз, орташа құмбалшықты, қатты мүсінсіз карбонатты жарандылар өте көп, кескінді ары қарай күреңнен тереңдету мүмкін емес.

Кескін сипатынан топырақтың гумус қабатының жұқа (0-18 см), оған керісінше кебірленген қабаттың (18-33, 33-48 см) қалың (30 см) екендігін, ал топырақты астынан

ақшыл сұр өте көп, бір-біріне әлі біріге қоймаған, мүсінсіз қатты карбонатты жарандылармен көмкеріп жатқандығын оңай байқауға болады.

Топықтың генетикалық қабаттарының құрамы мен қасиеттері де бір-бірінен едәуір алшақ (1 кесте).

Кесте 1 – Ашықсұр топырақтар аймағының жартылай орташа содалы-сортаңданған гидраморфты көпнатрийлі орташа кебірдің химиялық құрамы мен физика-химиялық қасиеттері.

Генетикалық қабат индексі және оның жату тереңдігі, см	Үлгі тереңдігі, см	Гумус, %	Жалпы %			Жыл-жымалы, мг/кг		CO_2 кар-бонат-тары, %	Су сүз. pH	Сіңірілген катиондар құрамы, $\frac{мг-экв}{\%}$				Жиынтығы,мг-экв 100 г топырақта
			Азот	Фосфор	Калий	P_2O_5	K_2O			Ca^{2+}	Mg^{2+}	Na^{+}	K^{+}	
A 0-18	0-18	1,69	0,126	0,144	1,84	5	910	11,3	8,20	7,50	3,50	1,79	1,08	13,87
										54,07	25,23	12,91	7,78	
B_1 18-33	20-30	1,25	0,098	0,124	1,75	6	930	12,7	8,77	3,25	3,25	5,86	1,28	13,64
										23,83	23,82	42,96	9,38	
B_2 33-48	35-45	0,81	0,070	0,100	1,56	-	-	16,6	8,87	2.50	6,0	6,13	0,88	15,51
										16,12	38,6	39,52	5,67	
C_1 48-64	52-62	-	-	-	-	-	-	19,0	9,04	1,0	6,5	2,32	0,58	10,4
										9,62	62,5	22,31	5,57	
C_{2Ca} 64-105	80-90	-	-	-	-	-	-	16,8	9,25	-	-	-	-	-

Кесте мәліметтері бойынша топырақ құрамындағы гумус мөлшері төмен, жалпы азот пен фосфор мөлшерлері оған сәйкес (кесте 1). Олардың мөлшері төменгі кебірленген иллювиальды B_1 және кебірленгенасты B_2 қабаттарында күрт азайған. Бірақ калий мөлшері фосфорға қарағанда 15 есе жоғары. Топырақ өте карбонатты. Топырақ түзілу үрдісі сілтілі ортада жүреді. Топырақ ортасының сілтілігі А қабатында орташа, кебірленген иллювиальды B_1 және оның астындағы B_2 қабаттарында жоғары, ал аналық жыныс C_1 және C_{2Ca} қабаттарында өте күшті.

Топырақта сіңірілген катиондардың жиынтығы төмен (13-15 мг-экв), алоның құрамына келетін болсақ әр қабат өздеріне тән құрамымен ерекшеленеді. Егер жоғары А қабатында Ca^{2+} катионы басым болса, кебірленген иллювиальды B_1 қабатымен оның астындағы B_2 қабаттарында Na^{+} мен Mg^{2+} катиондары басым, сәйкесінше, олардың мөлшері кебірленген иллювиальды B_1 қабатында 42,9 және 23,8 % құраса, кебірленгенасты B_2 қабатында 39,5 және 38,6 % құрады. Аналық жыныс C_1 қабатында сіңірілген катиондар құрамында Mg^{2+} катиондары өзінің ең жоғары мәніне жетіп Na^{+} катионынан 3 есеге дейін артып түскен, сәйкесінше, олардың мөлшері 62,5 және 22,3 % құраған. Жоғарыда көрсетілген мәліметтерден учаске топырағының B_1 қабатының өте жоғарғы деңгейде Na^{+}-мен кебірленгендігін, ал оның астындағы қабаттарының (B_2 және C_1) натриймен қоса магниймен де кебірленгендігін көруге болады.

Топырақтың су сүзіндісін талдау мәліметтерінен кескініндегі тұздар натрий карбонаттары және сульфатымен берілгендігі және олармен А және B_1 қабаттарының орташа сортаңданғандығын көруге болады (кесте 2). Кескін бойы 100 г топырақтағы бикарбонат ионының концентрациясы 1 мг-экв-тен жоғары, әсіресе ол кебірленген B_1

қабатында ең жоғарғы деңгейде (1,88 мг-экв). Топырақтағы қалыпты карбонаттар концентрациясы оның өсімдікке улы деңгейінен 15-20 есе артық, (0,50-0,60 мг-экв) болса, хлор ионынікі төмен (<0,35 мг-экв). Соңғының кескіннің жоғарғы қабатында аз болып оның ортаңғы қабатында ең жоғары көрсеткішке ие болуы топырақтың су құбылымында сәл де болса шайылу үрдісінің орын алғандығын көрсетеді. Топырақтағы тұздардың сульфаттармен берілгендігін оның су сүзіндісіндегі жоғарғы концентрациясы (2-7 мг-экв) көрсетіп тұр.

Кесте 2 - Ашықсұр топырақтар аймағының содалы-сульфатты орташа сортаңданған жартылай гидраморфты көп натрийлі орташа кебірінің су сүзіндісінің иондық құрамы мен тұздар жиынтығы, $\frac{мг/экв}{\%}$

Үлгі тереңдігі, см	Сілтілілік		Cl^-	SO_4^{2-}	Ca^{2+}	Mg^{2+}	Na^+	K^+	Тұздар жиынтығы, %	Тұздылық типі (химизм)		Тұздану дәрежесі
	Жалпы HCO_3^-	CO_3^{2-} тен								Аниондар бойынша	Катиондар бойынша	
0-18	1,16	0,07	0,008	2,91	0,50	0,49	2,83	0,33	0,308	содалы-сульфатты	натрийлі	орташа
	0,071	0,002	0,003	0,140	0,010	0,006	0,065	0,013				
20-30	1,88	0,53	0,28	4,11	0,50	0,49	5,00	0,28	0,464	содалы-сульфатты	натрийлі	орташа
	0,115	0,016	0,010	0,197	0,010	0,006	0,115	0,011				
35-45	1,39	0,60	0,37	6,76	0,50	0,49	7,17	0,36	0,617	содалы-сульфатты	натрийлі	күшті
	0,085	0,018	0,013	0,324	0,010	0,006	0,165	0,014				
52-62	1,36	0,40	0,28	5,50	0,50	0,49	5,87	0,28	0,519	содалы-сульфатты	натрийлі	күшті
	0,083	0,012	0,010	0,26	0,010	0,006	0,135	0,011				
80-90	1,00	0,17	0,25	1,09	0,20	0,74	1,30	0,10	0,169	содалы-сульфатты	натрийлі	сәл
	0,061	0,005	0,009	0,052	0,004	0,009	0,030	0,004				

Катиондар құрамында натрийдің концентрациясының кальций мен магийдің әрқайсысының 5-14 есе артық болуы топырақ ертіндісінің құрамында натрийдің мейлінше басым болуына әкелген. Сөйтіп топырақ ертіндісіндегі тұздар негізінен натрий сульфатымен, біраз мөлшерде гидрокарбонатымен және аздаған оның карбонаты – содамен берілгендігі айқындалды.

Далалық тәжірибе учаскесінде жыртылыстағы топырақтың құрылысын анықтау үшін кескін қазылып оның генетикалық қабаттарының морфологиялық белгілері сипатталынды.

$A_{жыр}\frac{0-29}{29}$ Күреңдеу ашық-сұр, құрғақ, борпылдақ, боскесекті-ұсақдәнді, ауыр құмбалшықты, келесі қабатқа өту түсі және құрылысы бойынша күрт;

$B_1\frac{29-46}{17}$ Күңгірт-күрең ылғалды, тығыздалған, жаңғақты-кесекті, ауыр құмбалшықты, ірі тамырлы, суда еритін тұздар байқалмайды, бірақ дәмі тұзды, келесі қабатқа өту түсіне қарай біртіндеп;

$B_{2Ca}\frac{46-59}{13}$ Күрең, ылғалды, сәл тығыздалған, ауыр құмбалшықты, диаметрі 1-2см ге дейінгі карбонатты қатты сирек кездесетін жаңа жарандылар, суда еритін тұздар байқалмайды, бірақ дәмі тұзды, келесі қабатқа ауысу түсі бойынша біртіндеп;

$BC\frac{59-75}{16}$ Ашық-күрең, ылғалды, пластелин тәрізді қоймалжың, ауыр құмбалшықты, аздаған ірі тамырлар кездеседі, келесі қабатқа ауысуы карбонатты жаңа жарандылардың болуына байланысты біртіндеп;

$C_{Ca}\frac{75-105}{30}$ Сарғыштау ақшыл күрең, ылғылды, орташа құмбалшықты 105 см тереңдіктен бастап мүсінсіз қатты карбонатты жарандылардың көп болуын кескінді күрекпен ары қарай тереңдету мүмкін емес.

Кескін сипатынан топырақтың беткі гумустік қабатымен бірге оның астындағы кебірленген қабаттың біраз бөлігі қоса жыртылған. Дегенмен жыртылыс қабатының астында әлі айтарлықтай қалың (17 см) күңгірт күрең иллювиальды кебірленген қабат айқын байқалады. Бұл қабат өсімдік тамырлары жайғасатын тереңдікте бола тұра өзінің тығыздығымен, кеуексіз жаңғақты-кесекті түйіртпектілігімен, дымқылданса ісініп су өткізбейтіндігімен, құрғаса көлемі кішірейіп қақырап айырылып саңылаулар түзетіндігімен ерекшеленеді. Сондықтан бұндай топырақты мелиорациялауда, басқа теріс қасиеттерімен қоса, жоғарыда аталған құрылым-қасиеттерін "қалыпты" деңгейлерге жеткізуі қарастырылуы қажет.

Кескіннің B_{Ca} қабатының ерекшелігіне кішігірім сирек қатты карбонатты жарандылардың қалыптасқанын жатқызуға болады. Олардың түзілуін кальцийлі-гидрокарбонатты тұщщы ыза суларының көтеріліп жылынған ерітіндідегі кальций бикарбонатының оның карбонатын түзіп топырақтың қатты фазасына айналуымен түсіндіріледі.

Кескіннің қоймалжың ВС қабаты арқылы ашыққүрең түсті мүсінсіз, төменгі жағы ылғалды, әлі бір-бірімен біріге қоймаған, қатты кабонатты жарандылары көп, өсімдік тамырлары ене алмайтын C_{Ca} қабатына ауысқан.

Сөйтіп, шаруашылық территориясының барлық аймақтарында кеңінен таралған кебірленген топырақтар жұқа А, айқынды кебірленген тығыз B_1, B_{2Ca} және кескін тереңдігін тосқаушы C_{Ca} қабаттарынан тұратындығы айқындалды.

Тәжірибе учаскесі топырағы химиялық құрамы жағынан тың топырағында айтарлықтай алшақтамайды. Жалпы топырақтар аз гумусті, қоректік заттар жеткіліксіз, (калийден басқасы), жоғары карбонатты. Топырақ ортасы жоғарыдан төмен қарай біртіндеп орташа, күшті және өте күшті сілтілігіне дейін өскен. Бұндай топырақ орталарда мәдени ауылшаруашылық дақылдарының өсіп-өнуі күрт төмендейді, ал соңғы жағдайда мүлдем өсе алмайды.

2 кескін жыртылыстағы тәжірибе учаскесі топырағында 31.07.2015 ж. қазылған.

Кесте 3 – Ашық-сұр топырақтар аймағының жартылай гидроморфты содалы-тұзданған кебірдің химиялық құрамы мен физика-химиялық қасиеттері.

Генетикалық қабат индексі және оның жату тереңдігі,см	Үлгі тереңдігі, см	Гумус, %	Жалпы, %			Жылжы-малы, мг/кг		CO_2 карбонаттары, %	pH су сүз.	Сіңірілген катиондар құрамы, $\frac{мг-экв}{\%}$				Жиынтығы, мг-экв 100 г топырақта
			Азот	Фосфор	Калий	P_2O_5	K_2O			Ca^{2+}	Mg^{2+}	Na^+	K^+	
$A_{жыр}$ 0-29	0-29	2,03	0,168	0,144	1,81	13	620	10,1	8,07	8,5 50.81	5,5 32.87	2,08 12.43	0,65 3.88	16,73
B_1 29-46	33-43	1,08	0,098	0,128	1,75	6	560	12,1	8,80	4,0 25.33	6,5 41.16	4,53 28.69	0,76 4.8	15,79
B_{2Ca} 46-59	47-57	0,20	0,042	0,080	1,75	5	290	16,3	9,20	1.5 19.66	3,5 45.87	1,55 20.31	1,08 14.15	7,63
ВС 59-75	60-70	-	-	-	-	-	-	17,0	9,11	1,5 17.65	4,0 47.05	2,60 30.59	0,40 4.70	8,5
C_{Ca} 75-105	95-105	-	-	-	-	-	-	11,8	8,02	-	-	-	-	-

Кесте мәліметтері бойынша топырақ құрамындағы $А_{жыр}$ қабатында гумус мөлшері орташа болса (2,03%), оның кебірленген иллювиальды $В_1$ қабатында оның мөлшері екі есеге төмендеген, ал $В_2$ қабаттарында гумус жоқтың қасы. Топырақтың жыртылыс қабаттарында жалпы азот пен фосфор мөлшерлері орташа, ал төменгі қабаттарына қарай күрт кеміген. Калий мөлшері фосфорға қарағанда 15 есе жоғары. Топырақ жоғары карбонатты, оның ортасы $А_{жыр}$ қабатында орташа сілтілі болса, кебірленген иллювиальды $В_1$ қабатында жоғары, ал кебірленген қабаттың астындағы $В_{2Ca}$ және ВС қабаттарында өте жоғары сілтілі орта қалыптасқан. Аналық жыныс ($С_{Ca}$) ортасында оның мәні қайтадан азайып, орташа сілтіліккедейін түскен. Осылардан учаске топырағы жартылай гидраморфты кебір өзі қалыптасқан аймақтың ашық сұр топырақтарына сай гумустенген, осыған сәйкесті негізгі қоректік элементтер мөлшері орташа, бірақ кескін бойы төмендеген сайын олар күрт азайған. Қоректік элементтер ішінен калийдің жалпы және жылжымалы түрлері жоғарғы деңгейде. Дегенмен, топырақтың жоғарғы карбонаттылығы, әсіресе топырақ ортасының жоғары сілтілі болуы, өсімдіктің өсуін тежейтін бірінші орындағы мәселеге әкелген. Өте жоғары сілтілік (pH>9,0) ортада мәдени дақылдар мүлдем өмір сүре алмайтынын ескерген жөн.

Сіңірілген негіздердің жиынтығы жыртылыс $А_{жыр}$ және кебірленген қабаттарында орташа көрсеткішке ие (16 мг-экв 100 г топырақта). Бұл көрсеткіш төменгі қабаттарда екі есеге азайған (8 мг-экв 100 г топырақта). Ал енді олардың құрамына келетін болсақ, $А_{жыр}$ қабатында Ca^{2+} катионының еншісі барлық сіңірілген катиондар жиынтығының жартысына тең. Мұнда сіңірілген Mg^{+}-дың еншілік деңгейі (32,9%) топыраққа кебірлік қасиетін беретін шектемеден (30%) жоғары. Сіңірілген натрийдің еншісі 12,4%, бұл қабат топырағының орташа кебірленгендігін көрсетеді.

Келесі кебірленген иллювиальды $В_1$ және $В_{2Ca}$ қабаттарында сіңірілген катиондар құрамында Na^{+}-дың әсіресе Mg^{2+}-дың еншісі басым, олардың салыстырмалы мөлшері сәйкесінше, $В_1$ қабатында 28,6 және 41,1 %, ал кебірасты $В_{2Ca}$ қабатында 20,3 және 45,9 % тең, яғни бұл қабаттарда кебірлену үрдісі натриймен қосарласа магнийдің қатысуымен де жүрген. ВС қабатында сіңірілген катиондар мөлшерінің арақатынасы $В_{2Ca}$ қабатындағыдай. Сөйтіп жоғарыдағы көрсетілген мәліметтерден далалық тәжірибе учаскесі топырағының мәдени өсімдік өсіруге мүлдем жарамайды деуге әбден болады.

Кесте 4 - Ашықсұр топырақтар аймағындағы содалы-сульфатты орташа сортаңданған жартылай гидраморфты кебірдің су сүзіндісінің иондық құрамы мен тұздар жиынтығы, $\frac{мг/экв}{\%}$

Үлгі терең дігі, см	Сілтілік		Cl^{-}	SO_4^{2-}	Ca^{2+}	Mg^{2+}	Na^{+}	K^{+}	Тұз дар жиын-тығы, %	Тұздылық типі (химизм)		Тұздану дәрежесі
	Жал-пы HCO_3^{-}	CO_3^{2-} тен								аниондар бойынша	Катиондар бойынша	
0-29	0,61	жоқ	0,37	7,15	1,00	2,47	4,35	0,31	0,555	сульфатты	натрийлі	орташа
	0,037		0,013	0,343	0,020	0,030	0,100	0,012				
33-43	2,08	0,53	0,34	4,25	1,00	0,49	5,00	0,18	0,491	содалы-сульфатты	натрийлі	орташа
	0,127	0,016	0,012	0,204	0,020	0,006	0,115	0,007				
60-70	2,64	0,27	0,34	3,35	0,50	2,47	3,26	0,10	0,453	содалы-сульфатты	натрийлі	орташа
	0,161	0,08	0,012	0,161	0,010	0,030	0,075	0,004				
95-105	0,56	жоқ	0,11	9,85	1,25	6,25	2,61	0,41	0,688	сульфатты	магнийлі	күшті
	0,034		0,005	0,473	0,025	0,076	0,060	0,016				

Тәжірибе учаскесіндегі содалы-сульфатты орташа сортаңданған жартылай гидраморфты кебірдің $А_{жыр}$ қабатының топырақ су сүзіндісінің иондық құрамында бикарбонат ионының концентрациясы оның өсімдікке улылық деңгейінен (0,8 мг-экв)

төмен, ал қалыпты карбонаттар мүлдем жоқ, керісінше сульфат ионы өте жоғары. Ерітіндіде катиондардың Na^+ басым, (100 г топырақта 4,35 мг-экв), яғни қабат топырағының тұз құрамы негізінен натрий сульфатымен берілген. Кескіннің жыртылыс қабатының астындағы кебірленген иллювиальды B_1 қабатының су сүзіндісінде бикарбонат ионының концентрациясы өте жоғары (2,08 мг-экв). Бұл оның өсімдіктерге улылық деңгейінен 2,6 есе жоғары, ал қалыпты карбонат ионының концентрациясы 15 еседей артық. Қабатта сульфат-ионының концентрациясы жоғарғы қабатқа қарағанда едәуір (1,7 есе немесе 2,90 мг-экв-ке) кеміген. Дегенмен, оның концентрациясы әлі улылық деңгейде. Осында ерекше айта кететін жағдай, топырақтағы хлор-ионының концентрациясы кескіннің барлық қабаттарында, оның өсімдікке тигізетін улылық деңгейінен (0,014%) төмен. Қабаттың су сүзіндісінің катиондық құрам мөлшерлерінің мәндері жыртылыс қабаты деңгейінде, мұнда тек магнийдің күрт кемігендігімен (2,47 мг-экв-тен 0,49 мг-экв-ке дейін) ерекшеленеді. Сөйтіп, кебірленген қабаттағы тұздар құрамы негізінен натрий бикарбонатымен карбонаты және натрий сульфатымен берілгендігі және олармен қатар, аздаған мөлшерде гипстің бар екендігі айқындалды. Мұндай құрамды тұздар мөлшерінің 0,49% болуы топырақ ортасының жоғары сілтілігін қалыптастырған.

Кескіннің ВС қабатында бикарбонат-ионы өзінің ең жоғарғы концентрациясына дейін (2,64 мг-экв) көтерілген. Сульфат-ионының біршама азайып қабат топырағының ертіндісінде натрий мен кальций мөлшері аздап кеміп, керісінше магний күрт көбейген. Бұл жағдай қабаттағы сіңірілген магнийдің артуымен қатарласа жүрген. Сөйтіп қабаттағы тұздар құрамымен олардың жиынтығы топырақтың бұл қабатында орташа тұзданғандығын олардың негізінен суда жақсы еритін натрий бикарбонаты мен карбонатынан және магний сульфатынан тұратындығын көрсетеді. Бұндай тұз құрамы топырақ ортасының өте жоғарғы сілтілігін қалыптастырған, ал ол ерітіндідегі кальцийдің бикарбонатын шөгіндіге түсіріп топырақ қабатында оның карбонатының жинақталуына әкелген. Оған карбонаттар CO_2-нің ең жоғарғы мәні (19%) дәлел.

Тәжірибе учаске топырағының аналық қабаты да тұзданған. Бірақ оның тұз құрамында бикарбонат ионы күрт азайып (0,56 мг-экв дейін), қалыпты карбонат ионының болмаған. Оларға керісінше сульфат-ионы күрт өсіп (9,8 мг-экв дейін) кескін бойы ең жоғарғы деңгейіне жеткен. Катиондар құрамы кальцийдің ең жоғарғы мәніне жетуі, натрийдің азайуы, бірақ магнийдің күрт көбейіп олардың жиынтығынан еке есеге жуық артық болғандығымен ерекшеленеді. Топырақ су сүзіндісінің бұндай иондық құрамы ондағы тұздар негізінен магний сульфатынан тұратындығын көрсетеді. Ерітіндіде натрий сульфаты екінші орында. Бұлар қабаттың тұздану химизмінің сульфаты екенін көрсетеді. Осындай құрамды тұздар жиынтығының едәуірлігіне (0,688%) қарамастан қабат топырағы орташа деңгейде тұзданған.

Қорытынды

1. Тауалды жазықтығының ашық-сұр топырақтар аймағында жартылай гидраморфты содалы сортаңданған кебірлердің ауыл шаруашылығында қарқынды игеріле бастауы олардың кеңістікте таралу ерекшеліктерін, терең зерттеуді қажет етеді.

2. Содалы сортаңданған жартылай гидраморфты кебірлер кезінде гидраморфты сульфатты сортаңдардың ыза суларының біртіндеп 6-7 м-ге дейін төмендеуінен түзілген.

3. Жартылай гидраморфты топырақтар А, В, B_{2Ca}, С, C_{2Ca} қабаттарынан тұрады және тұзсыздану үрдісінің әр қарқындылықта жүруі, олардың әр деңгейлі содалы сортаңданған, сортаңданыңқыраған және терең сортаңданыңқыраған түрлерін қалыптастырған.

Әдебиеттер

1. Боровский В.М. Геохимия засоленных почв Казахстана. -М.: Наука, 1978. – 172 с.

Кубенқулов К.К., Наушабаев А.Х., Хоханбаева Н.А., Базарбаев С.О.

МЕЛИОРАТИВНЫЕ УСЛОВИЯ СОДОВО-ЗАСОЛЕННЫХ ПОЛУГИДРОМОРФНЫХ СОЛОНЦОВ ЗОНЫ СВЕТЛЫХ СЕРОЗЕМОВ

В статье рассматриваются строение, химический состав и физико-химические свойства содово-засоленных полугидроморфных солонцов зоны светлых сероземов ТОО «АмиранАгро»

Ключевые слова: солончаковость, разрез, солонцеватость, щелочность, химизм засоления.

Kubenkulov K.K., Naushabayev A.K., Hokhanbayeva N. A., Bazarbayev S. O.

RECLAMATION CONDITIONS OF THE SODA-SALINESEMI-HYDROMORPHIC SOLONETZ OF THE ZONE OF LIGHT SIEROZEMS

In article the structure, a chemical composition and physical and chemical properties of the soda solonetzic soils of a zone of light gray soils of Amiranagro LLP salted the polugidromorfnykh are considered

Keywords: solonchakous, pit, solonetzic, alkalinity, chemistry of salinization.

ӘОЖ: 631.18:631.8

Құрбанбаев А., Жамантіков Х., Балғабаев Ә., Уәлиева А.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

КҮРІШ ӨНІМДІЛІГІНЕ ФОСФОРИТТЕРДЕН ӨНДІРІЛГЕН ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Андатпа

Мақалада фосфориттерден өндірілген әртүрлі тыңайтқыштарды қолданудан күріштің Маржан сортының өнімділігіне әсерлері бойынша деректер келтірілген. Қолданылған тыңайтқыштар күріш өнімділігін бақылаумен салыстырғанда 5-17ц/га немесе 13,2-44,7% жоғарылатып, сапалы өнімді қалыптастырады.

Кілт сөздер: Күріш, қарашірінді, жылжымалы қоректік заттар, тыңайтқыштар, өнім.

Кіріспе

Күріш дүние жүзіндегі ең ежелгі және негізгі азықтық дақылдар қатарына жатады. Күріш жармасы жоғары дәмдік қасиеттерге ие және жеңіл қорытылады, сондықтан диеталық тағам ретінде кеңінен пайдаланылады. Күріш крахмалының шаруашылық құндылығы өте зор, соның нәтижесінде оны тоқыма және парфюмерия өндірістері көп қолданады [1, 2].

Қазақстанда күріш дәнін өсірудің ірі ауылшаруашылық базасы Қызылорда облысында жасалған, мұнда күріштің 80% астам егістігі орналасқан. Соңғы 20 жыл ішінде облыста күріш егістігінің көлемі 90 мың гектарға ұлғайып, күріш дақылының орташа өнімділігі 50 ц/га дейін өсті [1, 3].

Күріш дақылының өнімділігін жоғарылатуда минералдық тыңайтқыштар, оның ішінде азот пен фосфор тыңайтқыштарының алатын орны ерекше. Азот элементі өсімдік

организмінің өсіп-өнуіне белсене араласады. Минералдық формада әсіресе аммоний түріндегі азот өнімділіктің жоғарылауына септігін тигізеді [4].

Фосфор элементі күріш дақылына жан-жақты әсер етеді. Бұл элемент топырақта жетіспесе өсімдікте ақуыздың синтезделуі нашарлайды, жапырағы жарылып, тамыры нашар өседі және түптену кешігеді.

Фосформен оңтайлы қоректендіру негізінде күріш дақылының өсіп-өнуін, өнімділігін және өнім сапасын айтарлықтай жоғарылатуға болады [5, 6].

Зерттеудің негізгі мақсаты- әртүрлі фосфориттерден өндірілген тыңайтқыштардың күріш дақылының өсіп-өнуімен өнімділігіне әсерлерін зерттеу болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысы Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ҒЗИ тәжірибе танабында 2014-2015 жылдары жүргізілді. Аймақтың климаты өте континентальды қысы өте суық, ал жазы құрғақ және өте ыстық болып келеді. Аймаққа түсетін жылдық жауын-шашын мөлшері 109мм аспайды.

Тәжірибе танабының топырағы шалғынды –батпақты, гранулометриялық құрамы – ауыр құмбалшықты. Шалғынды-батпақты топырақтың жыртылатын қабатында қарашірінді мөлшері-1,09%, жалпы азот мөлшері 0,012%, фосфор-0,24%, нитрат азоты 37,7мг/кг, аммоний азоты 23,5 мг/кг жылжымалы фосфор -20,1мг/кг құрайды. Тәжірибе танабының топырағы нитрат және аммоний азотымен көтеріңкі, ал жылжымалы фосформен орташа дәрежеде қамтамасыз етілген.

Тәжірибеде Шилісай фосфорит кен орнынан өндірілген NP-11:11, NP-10:10 маркалы «Азофос» тыңайтқыштары қолданылды. «Азофос» фосфорит ұнына аммоний нитраты мен аммоний сульфаты ерітінділерін араластыру арқылы өндірілген азот-фосфор тыңайтқыштары және түйіршіктелген түрде шығарылады.

Жоғарыда аталған тыңайтқыштардың күріш дақылына тиімділігін анықтау мақсатында тәжірибе төмендегідей сызба бойынша салынды: 1. $N_{120}K_{90}$/Na,KCI; 2.$N_{120}P_{120}K_{90}$/ NP-11:11; 3.$N_{90}P_{90}K_{90}$/NP-11:11; 4.$N_{120}P_{120}K_{90}$/NP-10:10; 5.$N_{90}P_{90}K_{90}$/NP-10:10; 6.$N_{120}P_{120}K_{90}$/ Рамф; 7.$N_{90}P_{90}K_{90}$/Рамф; 8.$N_{120}P_{120}K_{90}$/ Рм; 9.$N_{90}P_{90}K_{90}$ / Рм

Далалық тәжірибе жалпы қабылданған әдістеме бойынша салынды және жүргізілді [7].

Зерттеу нәтижелері және оны талдау

Ауылшаруашылық дақылдарының жақсы өсіп-өнуі үшін көптеген факторлар әсерін тигізеді. Оның ішінде тыңайтқыштардың тиімділігі біршама жоғары болып саналады. Өсімдікті өсіп-өну кезеңдерінде қажетті мөлшерде қоректік элементтермен қамтамасыз еткен жағдайда, олар жоғары өнімділікті қалыптастыра алады. Тәжірибеде қолданған тыңайтқыштар күріш дақылының өсіп-өнуін жақсартып, әртүрлі мөлшердегі өнімділіктерді қамтамасыз ететіндігі анықталды. Күріш дақылына азот пен калий тыңайтқыштарын $N_{120}K_{90}$ нормаларында қолданғанда екі жылдық өнім 38ц/га құрады. Фосфориттерден жаңадан өндіріліп шығарылған «Азофос» тыңайтқыштарын қолданған варианттарда өнімділік 45-55ц/га жоғарылап, 7,0-17,0ц/га немесе 18,7-44,7% қосымша өнім алынды. Аммофос тыңайтқышынан 46-54,0 ц/га өнім және 8-16,0ц/га қосымша өнім алынса, ал ең төменгі 45-52,0 ц/га өнім фосфорит ұнын қолданған варианттан жиналды (кесте1).

Кесте 1 – Күріштің Маржан сортының өнімділігіне фосфориттерден өндірілген тыңайтқыштардың әсері, ц/га (2жылдық орташа)

№	Тәжірибе варианттары	Өнім ц/га		
		Өнім ц/га	Қосымша өнім	
			ц/га	%
1	$N_{120}K_{90}$/Na, KCI	38,0	-	-
2	$N_{120}P_{120}K_{90}$/NP-11:11	53,0	15.0	39.5
3	$N_{90}P_{90}K_{90}$/NP-11:11	45,0	7.0	18,7

4	$N_{120}P_{120}K_{90}$/NP-10:10	55,0	17.0	44,7
5	$N_{90}P_{90}K_{90}$/NP-10:10	48,0	10.0	26,3
6	$N_{120}P_{120}K_{90}$/ Рамф	54,0	16.0	42.1
7	$N_{90}P_{90}K_{90}$ / Рамф	46,0	8.0	21.1
8	$N_{120}P_{120}K_{90}$/ Рм	50,0	12.0	31.6
9	$N_{90}P_{90}K_{90}$ / Рм	43,0	5.0	13.2
	EEA_{05},ц/га P,%	2,77 2,19		

Тәжірибедегі күріш дақылының өнімділігі қолданылған азот және фосфор тыңайтқыштарының нормалары мен қолданылған тыңайтқыштардың түрлеріне тікелей тәуелді болды. Азот пен фосфор тыңайтқыштарының нормасын 30кг/га арттырған барлық варианттарда күріш өнімділігі 7-8ц/га жоғарылады. Фосфориттен өндірілген тыңайтқыштардың ішінде «Азофос» тыңайтқышының NP-10:10 маркасының тиімділігі жоғары болды және бұл тыңайтқыштардан күріштің ең жоғарғы 48,0 және 55,0 ц/га өнімділіктері қамтамасыз етілді. Аммофос және «Азофос» NP-11:11 тыңайтқыштары тиімділіктері жағынан бір-бірімен шамалас болды. Фосфорит ұнының тиімділігінің төмен болатындығы анықталды.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері бойынша фосфориттен өндірілген тыңайтқыштардың күріш дақылының өнімділігіне әсерлерінің түрліше болатындығы анықталды. Тыңайтқыш-тардың ішінен «Азофос» NP-10:10 және аммофос тыңайтқыштарының тиімділіктері біршама жоғары болып, күріштің ең жоғарғы 54-55ц/га өнімділіктерін қамтамасыз етті. Өнімділіктің ең төменгі нәтижелері фосфорит ұнын қолданған варианттардан алынды.

Әдебиеттер

1. Усманов С., Идрисов Д.А., Сапаров А. Использование неисчерпаемой энергии почвенных микро-и макроорганизмов новое направление в обеспечении продуктами питания населения нашей планеты в XXI веке.Кн2.Алматы,2011.-с.95.
2. Вавилов П.П. Растениеводство. Агропромиздат.1986.
3. Джамантиков Х., Елешев Р., Умирзаков С.И., Джамантикова М.Х. Повышение эффективности фосфорных удобрений устойчиво улучшает экологию рисовой почвы в Приаралье.// Материалы Международной научно-практической конференции «Перспективные технологии возделывания масличных, зернобобовых культур и регулирование плодородия почвы», Казахский националный аграрный университет, 13-15 июня 2013г.,г. Алматы.-Алматы: «Айтумар».-2013-с.300-333.
4. Авакян Э.Р., Кумейко Т.Б., Похно С.Л., Ольховская К.К. Влияние различных доз азотных удобрений на продуктивность риса. Вестник РАСХН. 2014.-№3с.34,35.
5. Елешев Р.Е., Иванов А.Л. « Фосфорной режим почв Казахстана», Алма-Ата, Наука,1990.
6. Джамантиков Х.Д., Джамантиков М.Х., Рамазанова С.Б. Применение новых форм фосфоросодержащих удобрений на культур риса// Тезис докладов международного симпозимума «Химическая наука- как основа развития химической промышленности Казахстана в XXI веке» посвешенный 100-летию со дня рождения академика А.Бектурова. Алматы, 2001,с.256-257.
7. Доспехов Б.А. Методика полевого опыта.-М.,1985.с.351

Курбанбаев А., Джамантиков Х., Балгабаев А., Уалиева А.

Казахский национальный аграрный университет

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ УДОБРЕНИЙ ПРОИЗВОДИМЫХ ИЗ ФОСФОРИТОВ НА УРОЖАЙНОСТЬ РИСА

В статье приведены данные по изучению влияния различных удобрений производимых из фосфоритов на урожайность риса Маржан. Применяемые удобрения увеличивают урожайность по сравнению с контролем на 5-17ц/га или 13,2-44,7%, формирует качественный урожай зерна риса.

Ключевые слова: рис, гумус, подвижные элементы питания, удобрения, урожай

Kurbanbayev A., Dzhamantikov H., Balgabayev A., Ualiyeva A.

Kazakh national agrarian university

EFFECIENCY OF THE USE FERTILIZERS MADE FROM PHOSHORITES ON PRODUCTIVITY OF RICE

Data on studying of influence of various fertilizers made from phosphorites on productivity of rice of Marjan are provided in article. The applied fertilizers increase productivity in comparison with control on 5-17centner/hectare or 13,2-44,7%, the qualitative grain yield of rice corn.

Keywords: rice, humus, mobile nitration elements, fertilizers, yield.

ӘОЖ 634.11:57

Мейрханова А.С., Искендирова Р.А.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС АЙМАҒЫНДАҒЫ АЛМА ЖЕМІС ЖЕМІРІНІҢ (CYDIA POMONELLA L.), БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағындағы алма бақтарының негізгі зиянкесі алма жеміс жемірі (Cydia pomonella L.) болып табылады. Алма жеміс жемірі көбелектерінің кейбір биологиялық ерекшеліктеріне баға беру арқылы фитосанитарлық мониторинг әдістемесін қолдана отырып зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Кілт сөздер: иянкес, фитосанитарлық мониторинг, биопрепарат, инсектицид, феромонды тұзақ, аулағыш белбеулер.

Кіріспе

Біздің Республикада, басқа мемлекеттердегі сияқты фитосанитарлы мониторингта жинаған мәліметтерді өсімдік қорғауда кеңінен пайдаланады. Өсімдік қорғауды тиімді ұйымдастырғанда, ең алдымен зиянкестердің таралуын, сан мөлшерін, зияндылығын есептеу, болжау және сол ақпараттармен дер кезінде қамтамасыз етілуі кешенді қорғау шараларына тиімді әсер етеді [1].

Фитосанитарлық мониторинг арқылы бақтарды негізгі зиянкестерден қорғау басты мақсат болып табылады. Фитосанитарлық мониторинг мәліметтері негізінде

ауылшаруашылық дақылдары егісіндегі зиянды организмдер популяциясының тығыздығы бойынша өсімдікті қорғау жүйесінің тиімді әдісін дұрыс таңдай білу қажет.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жұмыстары Қазақстан Республикасының Алматы облысының «Аққазы» шаруа қожалығының алма бағында жүргізілді.

Зерттеудің негізгі нысаны ретінде алма жеміс жемірі (Cydia pomonella L.) алынды. Алма ағаштарын зиянкестерден қорғауға Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы «Аққазы» шаруа қожалығының 2001 жылы отырғызылған Айдаред сортында жүргізілді. Алма бағының ауданы – 2,0 га, отырғызу үлгісі-6.0 х 2.0 м.

Жеміс бағының зиянды организмдермен зақымдалуы мен таралуын анықтау үшін Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағындағы 6 шаруа қожалығында маршруттық бағытпен тексеру жұмыстары жүргізілді. Аймақта алғашқы рет алма жеміс жемірінің табиғи өсімталдығын бақылау үшін «аталық ваккум» технологиясы қолданылды. Бұл алма ағашын алма жеміс жемірінен қорғаудың экологиялық қауіпсіз жаңа тәсілі болып саналады.

Көбелектердің ұшу динамикасын анықтау, бірінші көбелектің ұшуы мен көбелектердің ұшу мерзімі толық тоқтағанға дейін жүргізілді. Әр ұрпақтың ұшу динамикасын бақылауға феромондық тұзақтар қолданылды.

Алма жеміс жемірі көбелектерінің ұшып шығу мерзімін анықтау үшін Щвейцарияның «Biotehsistems» фирмасы өндірген тұзақтардың жыныстық жасанды феромондары қолданылды. Бір гектар жерге орналасқан тәжірибе мөлтегіндегі модельді ағаштарға сәуірдің ортасында 15 феромонды тұзақ ілінді. Феромондық тұзақ алма ағашы гүлдеген кезде бақылауға алынып, 1 метр биіктікте орнатылды. Тұзақтарды байқау күнделікті, ал санын есептеу – әр 7 күн сайын жүргізілді. Қайталануы төрт мәрте. Феромондардың тартымдылығы тұзақтардағы көбелектерді аулағыштығы бойынша, ал өзіндік ерекшеліктері тұзаққа түскен алма жемірі көбелектерін жинау мен оларды есептеу жолымен бағаланды.

Ерте көктемде аптасына бір рет зиянды организмдерге есеп жүргізіп, жүйелі бақылау үрдісі нәтижесінде, қорғау шараларында бақтардағы зиянды организмдер санының мониторингі жүргізілді.

Осы мақсатпен барлығы 6 негізгі есептеу жұмыстары, оларды біріктіру арқылы 3 топқа бөлуге болады:

1) Күздік (жапырақтар түскеннен кейін, зиянкестің қыстауға кеткен санын білу үшін).

2) Көктемде екі тексеру жұмысы (біріншісі - ерте көктемде бүршік атпастан бұрын, қыстап шыққан зиянкестер үшін; екіншісі - гүлдеу кезінде) жүргізіледі.

3) Жазғы тексеру жұмыстарын зиянкестердің даму сатысында: жеміс гүлдегеннен соң жапырақ ширатқыштардың санын есептеу және олардың жапырақты зақымдау дәрежесі; жаз ортасында түскен шірік алмаларды бақылау кезінде; алманы жинау алдында – жемісті тексеру [2].

Алма жеміс жемірінің зиянды ылығы үш рет есепке алынады: біріншісі - гүлдегенге дейін; екіншісі - гүлдегеннен соң, грек жаңғақ көлемі кезінде және үшіншісі - өнім пісер және жинау алдында [3].

Барлық алма ағаштарда алма жеміс жемірі көбелектерінің жұлдызқұрттары, жұмыртқалары есепке алынды. Жазғы тексерулер гүлдеуден кейін жүргізілді. 10 модельді ағаштардан, олардың түбіндегі түскен жемістері жиналды. Артынан әрбір 5 күн сайын түскен жемістерді жинап (барлығы 200 жеміс), әр зиянкеспен зақымдалған пайызы шығарылды [4].

Ал күзде, алма жеміс жемірі жұлдызқұрттарын есептеуде тексеру жұмыстарды қабықтардың жарықтарында, тесіктерінде, негізгі бұтақтарда, діңгекте жүргізіп, сонымен

бір ағашқа келетін саны шығарылды. Ал маршруттық есептеу кезінде бұтақтарға көзбен шолып зиянкестермен зақымдалған жемістердің пайызы анықталды.

Зерттеу нәтижелері мен талқылаулар

Алма ағаштары гүлдегеннен кейін, яғни мамыр айының басында зерттеу жылында көбелектердің алғаш ұшуы 7 мамыр күні тіркелді. Мамыр айының екінші он күндігінде бақылау нұсқасында алма жеміс жемірінің жаппай ұшу мерзімі кезінде (орташа есеппен бір аптада бір феромонды тұзаққа түскен аталық саны - 15-20) феромонды тұзақтың көмегімен анықталды. Алма жеміс жемірінің жаппай ұшу мерзімі шілде айының басына сәйкес келді. Мұнда орта есеппен бір аптада феромонды тұзаққа 25-30 аталық көбелек түсті.

Көп ұзамай, ұрықтанған аналықтары жас жемістер мен жапырақтарға жұмыртқа сала бастады. Алғашқы жұмыртқа салу мерзімі - мамыр айының екінші-үшінші он күндігіне сәйкес келді. Жұмыртқаның көлемі шамамен 1 мм, жалпақ, дөңгелектеу келген түрі ақ балауыз тамшыға ұқсас. Инкубациялық кезеңге өтпестен бұрын жұмыртқа ішінен сақина сияқты оралған, басы мен қалқаншасы қара түсті жұлдызқұртты көруге болады. Жұлдызқұрттардың күнтізбелік шығу мерзімі 1 кестеде көрсетілген.

Кесте 1. Алма жеміс жемірі зиянкесінің жеке фазаларының шығуының күнтізбелік мерзімдері (Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Моловодный ауылы , «Аққазы» шаруа қожалығы 2015 ж.)

Генерация	Жеке фазаларының шығу мерзімі			
	қуыршақ	көбелек	жұмыртқа	жұлдызқұрт
I-ұрпақ	14.04	7.05	21.05	3.06
II-ұрпақ	09.06	23.06	3.07	7.07

Бірінші кестеден көріп отырғанымыздай сәуір айының екінші он күндігінде қуыршақтану кезеңі басталған соң, 21 күннен кейін жаңа ұпақтың көбелектері ұшып шықты. Содан 13 күн өткен соң зиянкестің бірінші ұрпағының жұмыртқаларын анықтадық. Маусым айының басында алманың түйнектену фазасында алма жеміс жемірінің бірінші ұрпағының жұлдызұрттарымен зақымдалу байқалды. Ал зиянкестің екінші ұрпағының жұлдызқұрттарының жаппай шығу мерзімі шілде айының екінші он күндігінде тіркелді.

Зерттеу кезінде алма жеміс жемірінің екінші ұрпағымен бақылау нұсқадағы жемістер ең көп зақымдалды. Оның пайыздық көрсеткіші - 11,6 % құрады. (кесте 2) Ең әлсіз зақымдалу тәжірбиелік мөлтекте - 3,8 % болды. Бұл көрсеткіштен тәжірбиелік мөлтекте қойылған феромондық тұзақтардың әсері өте жақсы екенін көруге болады.

Кесте 2. Жемістің алма жеміс жемірінің әртүрлі ұрпағының жұлдызқұрттарымен зақымдалуы

Нұсқа	Жұлдызқұрт ұрпағы	Қаралған жеміс саны, дана	Жемістің зақымдалуы, %
Тәжірбиелік нұсқа	I II	1000 1000	1,6 3,8
Бақылау нұсқасы	I II	1000 1000	3,9 11,6

Қуыршақтануға кеткен жұлдызқұрттарды есептеу үшін тәжірибелік және бақылау мөлтектеріндегі ағаштардың діңіне арнайы аулағыш белбеулерді орналастырдық. Тәжірибелік мөлтектегі бір ағаш діңіндегі аулағышта ұсталған аталықтардың саны - 13,9 жұлдызқұртты құраса, ал бақылау нұсқасындағы жұлдызқұрт саны - 28,6 құрады. Осылайша, бақтың фитосанитарлық жағдайын зерттегенде алма жеміс жемірінің экономикалық маңызы басымдылық көрсетті. Егер алма жеміс жеміріне қарсы осы аталған әдістердің барлығын дұрыс пайдалана білсе зиянкеспен зақымдалу үш есеге азаяды.

Қорытынды

1. Жазық далалы шұғыл-континенталды климатында және жазғы кезеңде ылғалдылығы төмен аймақта қатты зақымдалуды алма жеміс жемірі зиянкесі әкеледі.

2. Қыстап шыққан зиянкестің жұлдызқұрттарының қуыршақтануы сәуір айынан басталды. Алма жеміс жемірінің 1-ші ұрпағының көбелектері мамыр айында байқалды. 1-ші ұрпақтың жұлдызқұрттарының пайда болуы маусым айының 1-ші онкүндігінде жүрді.

3. Алма жеміс жемірінің 2-ші ұрпағының дамуы шілде-тамыз айына келді. Зиянкестердің алманы зақымдауын төмендетуде феромонды тұзақ әдісі, яғни, дезориентация қолдануының кейбір әсерін тигізді.

4. Зерттеудің нәтижесінде феромон аулағыштарында ауланған көбелек аталықтарының автодиссеминациясы соңғы есептеуде тәжірибеде 5,3%, бастапқы есепте 48,6%-ға дейін көбелектер санының көбеюі анықталды.

Әдебиеттер

1. Методические указания по учету и выявлению вредных и особо опасных вредных организмов сельскохозяйственных угодий. Под ред. Сулейменовой З.Ш. Астана, 2009, с.120 - 136.

2. Каширская Н.Я., Цуканова Е.М. и др. Современный подход к построению системы защиты насаждений яблони от вредных организмов //Плодоводство и ягодоводство России. Сборник научных работ. Т.XXIV. Часть 2. Москва, 2010.С352-360

3. Сторчевая Е.М., Ярошенко В.А. Способ комплексной защиты плодовых садов от вредных организмов. Патент 2258362. –Россия. – Биология 2007, №7.

4. Поляков И.Я., Персов М.П., Смирнов В.А. Прогноз развития вредителей и болезней сельскохозяйственных культур (с практикумом).– Ленинград, 1984.– 317 с

Мейрханова А.С., Искендирова Р.А

БИОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ВРЕДИТЕЛЯ ЯБЛОННОЙ ПЛОДОЖОРКИ (CYDIAPOMONELLAL.), В УСЛОВИЯХ ЮГО-ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА

Главный объект исследований – яблонная плодожорка. При проведении исследований использованы общепринятые в энтомологии и защите растений методики.

Для наблюдения за сезонной динамикой лета бабочек и установления оптимальных сроков обработок использовали феромонный дизраптор, феромонные ловушки, ловчие пояса и анализ пораженных плодов яблони.

Ключевые слова: вредитель, фитосанитарный мониторинг, биопрепарат, инсектицид, феромонная ловушка, ловчие пояса

Meirhanova A.S., Iskendirova R.A

BIOLOGICAL FEATURES OF THE PEST CYDIA POMONELLA L IN THE SOUTHEASTERN OF KAZAKHSTAN

The main object of research - Cydia pomonella L. When used conventional studies in entomology and plant protection techniques.

To monitor the seasonal dynamics of flying butterflies and the establishment of optimal timing of treatments used pheromone disruptor, pheromone traps, trapping zone and analysis of infected apple fruit.

Keywords: wrecker, phytosanitary monitoring, biological product, insecticide, feromonny trap, lovchy belts

ӘОЖ 631.452;635.21

Мұсаханова Ұ.Н., Апушев А.Қ.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

КАРТОПТЫҢ ЫСТЫҚҚА ТӨЗІМДІ ЛИНИЯЛАРЫН БАҒАЛАУ

Аңдаптпа

Мақалада жасушалық селекция әдісімен алынған картоптың ыстыққа төзімді линияларын жылыжай жағдайында бағалау нәтижелері талданған. Ыстыққа төзімділігі бойынша 2-07-02 және 1/8 линиялары ерекшеленді. Жылыжай жағдайында сынауықтық өсімдіктердің 79%-ы бейімделіп, құрғақшылыққа төзімділігі бойынша 2-07-02 және 1/8 линиялары, ал өсу қарқыны бойынша 1/8, 8/1, 3/2 линиялары ерекшеленді. 1/8 линиясының өнім түзу әлеуеті жоғары екендігі дәлелденді.

Кілт сөздер: картоп, ыстыққа төзімділік, линия, регенерант өсімдік.

Кіріспе

Қазақстан Республикасында өсірілетін дақылдардың ішінде картоп негізгі азық-түлік өнімі ретінде бағалы ауылшаруашылық дақылы. Егіс көлемі 170 мың га. Топырақ-климаттық жағдайлардың өзгеруімен байланысты бұл дақылдың өнімділігі жыл сайын төмендеуде. Өнімділіктің төмендеуіне әсер ететін экологиялық шектеуші факторлардың бірі жоғары температураның әсері мен құрғақшылық және бұл факторлар Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймақтарының топырақ-климаттық жағдайы картоп дақылының өсіп-дамуы үшін шектеуші фактор болып отыр. Көбінесе жаз айларында күндізгі ауа температурасы 35-40°С–тан асқанда картоп өсімдігі үшін өте қолайсыз жағдай туындайды. Осы кезеңде картоп өсімдігі температуралық күйзеліс жағдайында болады, бірақта өсімдіктердің сыртқы түрінен күйзелістің ешқандай белгілері байқалмайды. Осыған қарамастан дәл осы кезеңде жоғары атмосфералық температураға төзімсіз өсімдіктер өзінің тұрақтылығын жоғалтып, вирустық инфекцияларға төзімділігі, физиологиялық үдерістердің қарқыны төмендейді. Жаз айларының ішінде шілде айы картоп өсімдігі үшін өте қиын кезең, өйткені осы уақытта жаппай түйнек түзілу кезеңі басталады. Осығын байланысты жоғары атмосфералық температура әр түпте түзілетін түйнектердің сандық қатынасына кері әсер ету арқылы көрініс береді. Сондықтан, өсімдіктердің жоғары температуралық ауытқуларға төзімділігі жоғары болса, соған сәйкес әр түпте түзілген түйнектер саны да көп болады.

Зерттеу әдістемелері және материалдары

Зерттеу объектілері

Картоп өсімідігінің 3/2, 1/8, 8/1, 2-07-02, 25-07-01,24-07-02 сомаклондық линиялары мен Ақсор, Тоқтар Нәрлі, Нартау, Жуалы соттары.

Зерттеу мақсаты

Жасушалық селекция әдісі арқылы алынған жоғары температураға және ыстыққа төзімді картоп линияларын сынақтан өткізу.

Зерттеу міндеттері

Белгіленген мақсатқа сәйкес зерттеулердің міндеттері келесідей:

- жасушалық селекция негізінде алынған картоптың жоғары температураға және құрғақшылыққа төзімді жасушалық регенерант-өсімдіктерін жылыжай және танаптық жағдайына бейімделушілік ерекшеліктерін зерттеу;

- жоғары температураға және құрғақшылыққа төзімді қасиеттерімен ерекшеленетін картоптың бастапқы материалының танаптық жағдайда өсіп даму ерекшеліктерін зерттеу;

- картоп линияларын танаптық жағдайда жоғары атмосфералық температура мен құрғақшылыққа сынап, өнімділігін анықтау;

Зерттеу нәтижелері және талдау

Картоптың іріктеліп алынған линияларының жоғары температуралық күйзеліске шыдамдылығын бағалау үшін температураны өзгерте отырып, ақуызы құрамының өзгеруін анықтау әдісі (денатурация) қолданылды.

Картоптың сомаклондық линияларының 6 генотипі бағаланды: 3/2, 1/8, 8/1, 2-07-02, 25-07-01 және 24-07-02.

Ыстыққа төзімділік Мацкой әдісі бойынша бағаланады.

Бақылау нұсқасы ретінде ыстыққа төзімді Ақсор сорты алынды.

Кесте 1. Картоптың сомаклондық линияларының ыстыққа төзімділік деңгейін бағалау.

Сорттар, линиялар	40^0C		50^0C		60^0C		70^0C	
	балл	%	балл	%	балл	%	балл	%
Аксор	1	1-5	5	≥50	5	≥50	5	≥50
2-07-02	0	0	1	1-5	2	5-15	4	40-50
24-07-02	1	1-5	5	≥50	5	≥50	5	≥50
1/8	0	0	1	1-5	4	5-15	4	40-50
25-07-01	2	5-15	4	40-50	5	≥50	5	≥50
8/1	1	1-5	2	5-15	4	40-50	5	≥50
3/2	4	40-50	5	≥50	5	≥50	5	≥50

6 генотиптің тәжірибелі линияларының ыстыққа төзімділігі бойынша салыстыру көрсеткендей, 2-07-02 және 1/8 линиялары ыстыққа жоғары төзімділігімен ерекшеленді.

Осы линиялар өсімдіктерін температураны 50^0C бастап 70^0C дейін жоғарылатқан кезде басқа нұсқаларға қарағанда олардың зақымдану деңгейі әлде қайда төмен, 70^0C жағдайында жапырақтардың 40-50% зақымданған.

Картоптың супер-супер элита түйнектерін алу үшін 3/2, 1/8, 8/1, 2-07-02, 25-07-01,24-07-02 сомаклондық линиялары мен Ақсор, Тоқтар Нәрлі, Нартау, Жуалы картоптарының бастапқы материалдары 28.05.2014 ж. Алматы облысының «Орман көшеттігі» АҚ жылыжайына егілді.

Кесте 2. Жылыжайға көшіріп отырғызылған сынауықтық өсімдіктердің бейімделіп өсу әлеуеті

Картоп сорттары мен линиялары	Сынауықтық өсімдіктер саны, дана		
	Отырғызылғаны	Тірі қалғаны	Өліп қалғаны
	2	3	4
Аксор	200	190 (95%)	10
Тохтар	179	161 (90%)	18
Нәрлі	242	205 (85%)	37
Нартау	125	48 (38%)	77
Жуалы	51	17 (33%)	34
2-07-02	172	140 (81%)	32
24-07-02	141	71 (50%)	70
25-07-01	57	45 (79%)	12
1/8	332	318 (96%)	14
8/1	91	78 (86%)	13
3/2	129	84 (65%)	45
Барлығы	1719 (100%)	1357 (79%)	362 (21%)

Жылыжайда сауықтырылған материал өсіру кезінде картоптың сынауықтық өсімдіктерінің өсуі, дамуы мен қалыптасуына оң ықпал ететін іс-шаралар кешені іске асырылды. Өсімдіктердің дамуы кезеңінде бітелер арқылы таралатын вирустармен жаппай зақымдалуының алдын алу үшін жылыжайлар мен көшеттерді өңдеу жұмыстарынан тұратын агротехникалық және агросанитарлық іс-шаралар өткізілді.

Сауықтырылған көшет материалдарын алу барысындағы жауапты кезең – сынауықтық өсімдіктерді (*in vitro*) табиғи жағдайға (*in vivo*) көшіру болып саналады. Регенерант өсімдіктер мен сомаклондар үшін табиғи климаттық жағдайлар (температуралардың кенеттен ауысуы, жарық және су режимі) белгілі бір деңгейде олардың ұласып өсуіне ықпал ететін күйзелістік факторлар болып табылады.

Жылыжайға 1719 сынауықтық өсімдік отырғызылды, сорттар мен линиялар бойынша олардың саны 57 мен 332 аралығында болды. Жылыжай жағдайына олардың 1357 данасы немесе 79%-ы бейімделді. Әрі қарай ұласып өсіп кеткендердің ішінде ең жоғары көрсеткішке Ақсор (95%) және Тоқтар (90%) сорттары, 1/8 (96%), 8/1 (86%), 2-07-02 (81%) линиялары ие болды. Нәрлі сортының, 25-07-01 линиясының бейімделу әлуеттері тиісінше 85 және 79% болды. Жуалы, Нартау сорттарының (33, 38%) және 24-07-02 линиясының бейімделу әлуеттері әлдеқайда төмен болды (50%).

Зерттеулердің қорытынды кезеңі өнімін жинау және алынған деректерді статистикалық өңдеу болды. Картоп линиялары мен сорттары өнімділігінің нәтижелері 3 - кестеде берілген.

Сорттар мен линиялардың өнімділігі төмендегі көрсеткіштер бойынша анықталды:

- 1 түптегі түйнектер саны;
- түйнектердің орташа салмағы;
- 1 түптен алынатын түйнектердің жалпы салмағы.

Кесте 3. Егістік танаптағы картоптың сынауқтық өсімдіктерінің өнімділігі

Сорттар мен линиялар	1- Өсімдіктегі түйнектер саны	Түйнектердің орташа салмағы, г	1-өсімдіктегі түйнектер самағы, г
Аксор	10,9	44,3	516,6
Нарли	13,4	49,9	602,0

Тохтар	10,8	54,2	587,5
Нартау	10,6	68,5	726,0
Жуалы	6,0	39,0	94,0
25-07-01 линия	8,9	32,4	309,6
8/1 линия	11,3	47,4	557,3
1/8 линия	14,0	46,8	698,0
2-07-02 линия	13,3	30,9	422,4
3/2 линия	9,9	46,6	513,5
24-07-02 линия	10,4	38,6	426,6

Қол жеткізілген нәтижелерге жасалған талдау 1/8 линиясының жоғары өнімділікке ие екендігін көрсетті. Аталған линияның бір түбі 14,0 түйнек салған, 1 түптен алынған түйнектердің орташа салмағы 47,4 г. және түйнектердің жалпы салмағы 557,3 г. Жуалы сорты мен 25-07-01 линиясының өнімділігі басқа нұсқалармен салыстырғанда біршама төмен болды. Бұл әрбір сорт пен линияның өзіне тән өнімділік деңгейіне ие болатындығын дәлелдейді.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері бойынша ыстыққа төзімділігі бойынша 2-07-02 және 1/8 линиялары ерекшеленді. Жылыжай жағдайында сынауықтық өсімдіктердің 79%-ы бейімделіп, құрғақшылыққа төзімділігі бойынша 2-07-02 және 1/8 линиялары, ал өсу қарқыны бойынша 1/8, 8/1, 3/2 линиялары ерекшеленді. 1/8 линиясының өнім түзу әлеуеті жоғары екендігі дәлелденді.

Литература

1 Красавин В.Ф. Селекция картофеля на юге-востоке Казахстана. - Алматы: 2009. - 224 с.

2 АпушевА.К. , Сулейменова С.Е., Егизбаева Т.К., Даминова Р.К., Сарсенбаев Т.К. Клеточная селекция картофеля на засухоустойчивость. Известия НАН РК, 2014, №1, С. 32-34.

3 АпушевА.К., Сулейменова С.Е., Егизбаева Т.К., Даминова Р.К., Сарсенбаев Т.К. Получение жаростойких линий картофеля методом клеточной селекции. Ізденістер, нәтижелер №4 Алматы, 2013. – С. 97-101.

4. Egizbayeva T.K., Kairova M.Gh., Daminova R.K., Suleymenova S.E., Sarsenbayev T.K., Apushev A.K. Screening of genetic and phenotypic markers of potato varieties. PLANT BIOLOGY AND BIOTECHNOLOGY INTERNATIONAL CONFERENCE. Best Western Plus Atakent Park Hotel May 28-30, 2014, Almaty, Kazakhstan P. 228.

Мусаханова У.Н, Апушев А.К.

ОЦЕНКА ЖАРОСТОЙКИХ ЛИНИИ КАРТОФЕЛЯ

В результате испытания в лабораторных и тепличных условиях в качестве жаростойкого, высокоурожайного исходного материала картофеля выделена линия 1/8.

Ключевые слова: картофель, жаростойки, линия, растение-регенерант.

Musakhanova U.N, Apushev A.K.

EVALUATION HEAT – RESISTANT OF POTATO LINES

The result of testing potato – material highlighted line in the laboratory and greenhouse conditions as the heat – resistant 1/8.

Keywords: potatoes, heat – resistant, line, regenerant plant.

УДК 631.445.4:631.8

Нуржанова С., Муканова С., Имансейпулова М., Малимбаева А.Д.

Казахский национальный аграрный университет

СОДЕРЖАНИЕ И ДИНАМИКА МИНЕРАЛЬНОГО АЗОТА В ТЕМНО-КАШТАНОВОЙ ПОЧВЕ ПОД ПОЗДНЕЙ КАПУСТОЙ ПРИ СИСТЕМАТИЧЕСКОМ И ДЛИТЕЛЬНОМ ПРИМЕНЕНИИ УДОБРЕНИЙ В ОВОЩНОМ СЕВООБОРОТЕ

Аннотация

При систематическом применении минеральных удобрений в темно-каштановой почве показатели потенциального и эффективного плодородия почвы улучшаются. Содержание в почве подвижных форм питательных элементов зависит от доз ежегодного внесения оптимальных норм минеральных удобрений и уровня их потребления на создание урожая кочанов поздней капусты, возделываемой в интенсивном овощном севообороте

Ключевые слова: интенсивный овощной севооборот, поздняя капуста, темно-каштановая почва, минеральные удобрения, минеральный азот, аммиачный и нитратный азот.

Введение

В процессе длительного применения минеральных и органических удобрений, как в севооборотах, так и в монокультурах в почве происходят определенные изменения. Меняется качественный и количественный состав питательных веществ, структура почвы, физико-химические, биологические свойства, реакция почвенного среды. Изучение изменений, происходящих в почве, особенно в условиях длительного и систематического применения различных видов удобрений, имеет большое агрономическое значение для правильного и рационального применения удобрений. Установлена сезонная динамика минерального азота, в частности нитратного, связанная с потреблением их растениями. В орошаемых почвах юго-востока Казахстана нитраты являются основным источником азотного питания растений. Аммонийный азот для растений менее доступен, так как ион NH_4 легко поглощается почвой с частичным переходом в необменное состояние, тогда как ион NO_3 не поглощается почвой и находится преимущественно в почвенном растворе и поэтому легкодоступен растениям. Содержание аммонийного азота изменяется в зависимости от энергии аммонификации, поглощения его микроорганизмами, почвенно-поглощающим комплексом, растениями.

Материалы и методы исследований

Исследования проводились на стационаре КазНИИ картофелеводства и овощеводства в условиях 4-польного интенсивного овощного севооборота, заложенного в 1992 году. Изучалась культура - капуста. В статье предоставлены 3-х годичные средние данные

Опыт развернут в пространстве и во времени. Севооборот проходит 6 ротацию. Чередование культур в 4-польном интенсивном овощном севообороте, заложенного в 1992 году на темно-каштановой почве: 1. Капуста белокочанная (поздняя), 2. Огурец, 3. Томат, 4. Корнеплоды (морковь, свекла столовая). Площадь опытной делянки составила 67,2 м^2 (4,2 м х 16 м), повторность 4-х кратная.

Схема внесения удобрений под капусту: 1. Контроль (без удобрений), 2. N60P30K30 (одинарная доза), 3. N120P60K60 (двойная доза), 4. N180P90K90 (тройная доза).

Виды удобрений, вносимые в интенсивном овощном севообороте: мочевина (46% д.в.), двойной суперфосфат (40% д.в.), хлористый калий (58-60 % д.в.).

Результаты исследований

Результаты наших исследований показали, что длительное и систематическое применение минеральных удобрений в интенсивном овощном севообороте улучшает пищевой режим, в частности увеличивается минерального азота (NO_3^- + NH_4^+) в темно-каштановой почве.

Усиленное питание растений азотом и зольными элементами (фосфором, калием и другими) путем применения удобрений представляет один из наиболее мощных факторов повышения урожайности.

Для нормальной жизнедеятельности растений необходимо множество питательных элементов. Каждый из питательных элементов обладает специфичностью действия на растение и не может быть заменен другим. Наличие в почве достаточного количества каждого из этих элементов повышает урожай, но сочетание их дает наибольший эффект, превосходя сумму прибавок урожая в случае применения каждого элемента в отдельности.

Размеры накопления нитратов и аммонийного азота в почве зависят от биологической активности почвы, температуры и влажности. Лишь ранней весной появляется возможность накопления большого количества аммонийного азота [1-3].

Положительное влияние на содержание минерального азота в почве оказывают азотные удобрения. Так, в начале вегетации изучаемых культур в каштановых почвах при внесении азотных удобрений происходит увеличение содержание минерального азота. В наших исследованиях динамику минерального азота в зависимости от применения минеральных удобрений и вида культуры свекловичного севооборота определяли в три срока - в начале, середине и конце вегетации.

За 3 года определения в почве минерального азота, его среднее содержание в почве на удобренных вариантах при систематическом внесении азотного удобрения, в зависимости от варианта опыта (60-120-180 кг/га), было выше, чем на контрольном варианте без удобрений. Так, содержание нитратного азота в первый срок определения (в фазу 8-9 настоящих листьев капусты), на контрольном варианте в слое 0-20 см составило 22,8 мг/кг в слое 20-40 см 17,8 мг/кг. При внесении в почву 60-120-180 кг/га азота среднее содержание его за три года исследования увеличилось в слое 0-20 см до 36-54,9 мг/кг. В слое 20-40 см до 24,3-36,4 мг/кг (таблица 1).

Таблица 1 – Среднее содержания минерального азота в темно-каштановой почве под поздней капустой в зависимости от условий минерального питания, мг/кг

Вариант опыта	Слой почвы, см	Фазы развития капусты					
		8-9 настоящих листьев		начало образование кочана		техническая спелость кочана (уборка)	
		$N\text{-}NH_4$	$N\text{-}NO_3$	$N\text{-}NH_4$	$N\text{-}NO_3$	$N\text{-}NH_4$	$N\text{-}NO_3$
Контроль (б/у)	0-20	8,0	22,8	3,8	10,4	4,0	7,0
	20-40	4,8	17,8	2,6	9,5	3,1	5,2
$N_1P_1K_1$	0-20	14,6	36,0	5,7	20,6	6,0	18,0
	20-40	11,2	24,3	3,7	15,6	4,0	13,0
$N_2P_2K_2$	0-20	15,8	48,8	6,9	21,6	5,2	17,5
	20-40	10,2	32,9	5,8	19,0	4,2	15,4
$N_3P_3K_3$	0-20	16,8	54,9	8,1	30,0	6,0	20,5
	20-40	13,4	36,4	5,4	20,8	5,3	16,5

Содержание аммонийного азота в почве за 3 года исследования, также изменялось от доз и норм внесенных азотных удобрений, но не значительно, так как его содержание зависело в большей степени от минерализации органического вещества в темно-каштановой почве ранней весной. Так, среднее содержание его в почве в первый срок определения в слое 0-20 см было на контроле 8,0 мг/кг, в слое 20-40 см 4,8 мг/кг. От внесения азота в дозе 60-120-180 кг/га его среднее содержание за 3 года исследования увеличилось в слое 0-20 см до 14,6-15,8-16,8 мг/кг, в слое 20-40 см 11,2-10,213,4 мг/кг почвы соответственно.

При определении минерального азота в последующие фазы развития поздней капусты (начало формирования кочана и технической спелости капусты) среднее содержание его уменьшалось, что связано с интенсивным потреблением его растениями капусты для создания и накопления биологической биомассы культуры. К фазе начала формирования кочанов (август) содержание нитратов в почве несколько снижалось по сравнению с весенним периодом, что можно объясняется интенсивным усвоением нитратов растениями капусты на накопление биомассы (по сравнению с фазой 4-5 и 8-9 листьев в период кочанообразования биомасса капусты больше в 70-100 раз!) Тем не менее, содержание нитратов в почве остаются довольно высокими и различия по вариантам опыта остаются существенными. Так, за 3 года исследования среднее содержание нитратов в фазу начало формирования кочана капусты на контроле в слое 0-20 см было 10,4 мг, в слое 20-40 см 9,5 мг/кг почвы. На удобренных вариантах в слое 0-20 см 20,6-21,6-30,0 и 15,6-19,0-20,8 мг/кг соответственно по слоям почвы. Среднее содержание аммонийного азота в слое 0-20 см на контроле 3,8 мг, в слое 20-40 см 2,6 мг/кг, на удобренных вариантах 5,7-6,9-8,1 и 3,7-5,8-5,4 мг/кг соответственно по слоям почвы.

К технической спелости поздней капусты (уборка) содержание нитратов в предгорной темно-каштановой почве по всем вариантам опыта заметно снизилось, что можно объяснить значительным поглощением их растениями поздней капусты на формирование вегетативных и репродуктивных органов и затуханием процесса нитрификации.

Обсуждение результатов

Таким образом, за 3 года исследования среднее содержание минерального азота в темно-каштановой почве под посевами поздней капусты интенсивного овощного севооборота было высоким при систематическом применении удобрений, в частности азотных. При этом количество нитратов в почве зависит от норм азотных удобрений, сочетания азота с другими элементами питания (фосфором и калием), предшественника, фазы возделываемой культуры.

В темно-каштановой почве, согласно характеристике, должно содержаться в пахотном и подпахотном горизонтах в среднем 24-25 мг/кг нитратов, а для овощных культур (в частности поздней капусте), которые очень требовательны к пищевому режиму почвы эти количества могут быть недостаточными. На контрольном варианте без внесения никаких видов удобрений почвы опытных делянок содержали в среднем за 3 года 22,8 мг/кг NO_3^-, что заметно меньше, чем должно быть для растений поздней капусты. Соответствующий подтипу темно-каштановых почв уровень нитратного азота в почве обеспечивается путем использования азотсодержащих минеральных удобрений.

Выводы

Возделывание сельскохозяйственных культур без применения минеральных удобрений, даже в условиях севооборотов приводит к закономерному снижению элементов питания в почве.

При систематическом применении минеральных удобрений в темно-каштановой почве показатели эффективного плодородия (минеральный азот, подвижный фосфор)

увеличиваются, и они преимущественно зависят от доз ежегодного внесения удобрений и уровня их потребления на создание урожаев культур, возделываемых как специализированных севооборотах, так и монокультурой.

Литература

1 Басибеков Б.С. Влияние длительного применения минеральных удобрений на азотный и фосфорный режим почвы и продуктивность сахарной свеклы в свекловичном севообороте. Тезисы регионального совещания по итогам работы участников Географической сети опытов с удобрениями республики Средней Азии и Казахстана. - Ташкент, 1975. -С. 60-72.

2 Пономарева А.Т. Пути повышения эффективности удобрений. – Алма-Ата, 1975.- С.49-52.

3 Малимбаева А.Д. Агрохимическая и экологическая оценки состояния почв и растений при длительном применении минеральных удобрений в севооборотах. Дисс. на соис. учен. степени к.с.-х. наук. 06.01.04 – Агрохимия. Алматы, 2006. - С. 39-42.

Нуржанова С., Малимбаева А.Д., Муканова С., Имансейпулова М.

КӨКІНІС АУЫСПАЛЫ ЕГІСІНДЕ ӨСІРІЛГЕН КЕШ ПІСЕТІН ҚЫРЫҚҚАБАТ ДАҚЫЛЫНА ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ ЖӘНЕ ҰЗАҚ УАҚЫТ МИНЕРАЛДЫ ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫ ҚАРА-ҚОҢЫР ТОПЫРАҚҚА ҚОЛДАНҒАНДАҒЫ МИНЕРАЛДЫ АЗОТТЫҢ МӨЛШЕРІ ЖӘНЕ ДИНАМИКАСЫ

Қара-қоңыр топырақта минеральды тыңайтқыштарды жүйелі түрде қолданғанда, топырақтың потенцальды және тиімді құнарлылық көрсеткіштері жақсарады. Топырақтың құрамындағы жылжымалы түрдегі қоректік элементтердің мөлшері жыл сайынғы топыраққа енгізілетін минералды тыңайтқыштардың қолайлы мөлшеріне байланысты болады және олардың қарқынды көкөніс ауыспалы егісінде өсірілетін кеш пісетін қырққабат дақылының өнімінің түзілуіне қажетті денгейінде болады

Кілт сөздер: қарқынды көкініс ауыспалы егіс, кеш қырыққабат, қара-қоңыр топырақ, минералды тыңайтқыштар, минералды азот, аммиакты және нитратты азот.

Nurzhanova S., Malimbaeva A.D., Mukanova S., Imanseypulova M.

CONTENT AND DYNAMICS OF MINERAL NITROGEN IN THE DARK BROWN SIOL UNDER LATE CABBAGE IN A SYSTEMATIC AND LONG-TERM USE OF FERTILIZER IN THE VEGETABLE CROP ROTATION

The systematic application myneralyh fertilizers in the dark brown soil indicators potentsialtnogo and effective soil fertility improves. Content in the soil of the mobile forms of nutrients depends on the dose of the annual application optimum standards of mineral fertilizers and their level of consumption to create a crop of heads of cabbage of late, lifteding intensive vegetable crop rotation

Keywords: intensive vegetable crop rotation, late cabbage, dark chestnut soils, mineral fertilizer, mineral nitrogen, ammonia and nitrate nitrogen.

ӘОЖ:633.18:632.91:571.27

[1]Омарова Г.Х., [2]Рсалиев А.С.

[1]Қазақ ұттық аграрлық университеті
[2]Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты

ПИРИКУЛЯРИОЗ АУРУЫНА ТӨЗІМДІ КҮРІШ СОРТТАРЫН АНЫҚТАУ ҮШН МОЛЕКУЛАЛЫҚ - ГЕНЕТИКАЛЫҚ СКРИНИНГ ЖҮРГІЗУ

Аңдатпа

Бұл мақалада алғаш рет Қазақстанда фитопатологиялық және молекулалық-генетикалық әдістерді қолдана отырып күріш пирикуляриозына қарсы тұратын төзімділік гендерінің тиімділігі анықталған, сонымен қатар осы ауруға төзімділікті бақылайтын *Pi*-гендерге өте жақын орналасқан ДНҚ-маркерлер іріктелініп алынған. Молекулалық скрининг жүргізу негізінде *Pi*-гендерге иелік ететін күріш сорт-үлгілері анықталған.

Кілт сөздер: күріш, пирикуляриоз, төзімді гендер, *Pi*-гендер, ПТР, ДНҚ-маркерлер.

Кіріспе

Әлемдегі барлық адамзаттың жартысынан көбі күріш дәнін тамақ ретінде пайдаланады. Күріш аса бағалы дәнді дақыл ретінде әлемнің 112-ге жуық елдерінде 145 млн. гектар жерге егіліп, одан жыл сайын 445 млн. тоннадай жалпы өнім алынады [1].

Күріштің төменгі сапалы болуына және оның өнімінің төмендеуінің негізгі факторларына күріш аурулары әсер етеді. Ауыспалы егістікті және агробиологиялық шараларды дұрыс жолға қоймау көптеген фитопатогенді микроорганизмдердің көбеюіне қолайлы жағдай жасайды. Тыңайтқыштар мен пестицидтерді қолдану өсімдік патогеннің популяциясының өзгеруіне айтарлықтай әсер етеді.

Күріш өсімдігін зақымдайтын саңырауқұлақ ауруларының көптеген түрлері кездеседі. Оларға: пирикуляриоз, альтернариоз, гельминтоспориоз, фузариоз және тамыр шірігі тағы басқада ауру түрлері жатады. Осы аурулардың ішінде өте зияндысы және кең таралғаны пирикуляриоз ауруы болып табылады, ауру қоздырғышы *Pyricularia oryzae* Cavara саңырауқұлағы. Патоген өсімдіктің жапырақтарын, буынаралық сабақты және масақ қабығын зақымдайды, яғни көктеп шыққаннан бастап өсу вегетациясының соңына дейін зақымдай береді. Аурудың қатты дамуына жауын шашын, шілде-тамыз айларында тұрған шықтар және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы әсерін тигізеді [2,3].

Күріш пирикуляриозына қарсы күресте ең тиімді және үнемді жол – ауруға төзімді гені бар сорттарды пайдалану. Төзімділік гендерін зерттеу қазіргі заманғы молекулалық-генетикалық әдістерді қолдану арқылы жүргізіледі. Осы аталған мәселелерге байланысты қазіргі уақытта Қазақстан жағдайында күріш пирикуляриозын зерттеу, аурумен күресу жолдарын нақтылау және селекцияны ең тиімді алғашқы материалдармен қамтамасыз ету өте өзекті болып саналады. Бұл бір жағынан еліміздің биологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етсе, екінші жағынан азық-түлік қауіпсіздігін арттыруға бағытталған.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу материалдары болып коллекциялық күріш сорттары мен пирикуляриоз ауруының тиімді төзімділік гендерімен жақын тіркескен ДНҚ-маркерлер пайдаланылды. Бұл жұмысты орындауда молекулалық биологияның арнаулы әдістері: өсімдіктен ДНҚ бөлу, ДНҚ-маркерлерді табу, полимеразды тізбекті реакция қою және ПТР өнімдерін детекциялау қолданылды. DellaportaS.L., WoodJ., HicksJ.B. әдістеріне сүйене отырып, күріштің 7-10 күндік өскін жапырағынан ДНҚ экстракциясы алынды [4].

Мәліметтер базасы мен әдебиет көздерінен алынған материалдарды талдау нәтижелерінде күріш гендері бойынша ДНҚ - маркерлер таңдап алынды. Бұл ПТР-маркерлер күріштің коллекциялық сорттары мен үлгілерінің пирикуляриозға төзімді Pi-гендеріне жақын орналасқан доминантты және рецессивті аллелдерін бақылау үшін қолданылады.

ПТР қою үшін геномды күріш ДНҚ-сы, 10х ПТР буфер (құрамында $MgCl_2$ жоқ), 10 mM dNTP-Mix, 50 mM $MgCl_2$, праймерлер (10 pmol), Taq DNA polymerase (5U/µl) және бидистилденген су қолданылды. Ферменттер және праймерлер сипаттамасы көрсетілген аннотацияға сәйкес реакция құрамы мен температура - уақыттық режимдері іріктеп алынды. Сондықтан әр праймер үшін амплификация жүргізу шарттары өздеріне тән болады. Төзімді Pi-гендері бар қайнар көздер, яғни сорт - оң бақылау, деиондалған су теріс бақылау болып алынды. ПТР жүргізу үшін «Termocycler- Pro» (Eppendorf, Германия) термоциклері пайдаланылды. Алынған ПТР өнім 1,5% агарозды гелде жүргізілді және 1 сағат көлемінде қуаттылығы 80 V болатын «G-100» (Pharmacia фирмасы) электрофорез камерасында фрагменттер амплификациясының бөлінуі орындалды. Quantity One бағдарламасымен қамтамасыз етілген «BioRad» гель-құжаттық жүйесінде электрофорез нәтижелеріне талдау жүргізілді. Амплификацияланған фрагменттер ұзындығы «1kb DNA Ladder» (Invitrogen Corporation) ДНҚ-маркерімен салыстыру арқылы анықталды.

Зерттеу нәтижелері және нәтижені талдау

Зерттеуге БҚПҒЗИ генофондында сақталған 30 коллекциялық күріш сорттары пайдаланылды. Әдебиет көздері мен мәліметтер базасынан алынған материалдарды талдау нәтижелерінде күріш гендері бойынша ДНҚ - маркерлері таңдап алынды.

Пирикуляриозға төзімді Pi-ta доминанты гені секвенирленген, ол 12 - хромосомада орналасқан.Нуклеотидтік жүйелілігінде доминанты және рецессивті аллелдері бар. Pi-ta генін генетикалық мәліметтер базасы GenBankte – AF207842 және AY196754 нөмірлері бойынша табуға болады. ПТР-өнімнің мөлшері ген аллельдері төзімді сорттарда - 290 ж.н, ал төзімсіз сорттарда – 563 ж.н. құрайды.

Пирикуляриозға төзімді Pi-z гені 6 хромосомада оқшауланған. Z60510Piz праймерін қолданған кезде өнім амплификациясының мөлшері 390 ж.н. болады, ол осы геннің доминанты аллелдері бар екенін көрсетеді. Таңдап алынған ПТР-маркердің сипаттамасы 1 – кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – *Pi-ta* және z60510Piz праймерлердің нуклеотидтік жүйелері

Гендер	Праймерлер	Праймерлер жүйесі	T_m, ^oC
Pi-ta	F1	GCCGTGGCTTCTATCTTTACCTG	65
	R1	ATCCAAGTGTTAGGGCCAACATTC	
	F2	TTGACACTCTCAAAGG ACTGGGAT	
	R2	TCAAGTCAGGTTGAAGATGCATAGA	
Pi-z	Z60510Piz-F1	GGAGTTGGTTGCGACGGTGCCGTTAT	60
	Z60510Piz-F2	GGAGTTGGTGCGACGGTGCCGTTAC	
	Z60510Piz-R1	GCGCGGACCGGCCAGCTAGTTGAC	

Энтомопатогенді микроорганизмдер үшін бастапқы изоляттан алынған қасиеттерін тұрақты сақтап қалу аса өзекті болып табылады. Өйткені микроорганизмдерді жиі-жиі жаңа қоректік ортаға сепкен сайын олардың инсектицидті әсер көрсететін кристаллдары жойылып, зиянкестерге қарсы тиімділігі төмендеуі мүмкін. Осыған байланысты энтомопатогенді микроорганизмдердің отандық штаммдарын сақтау әдістерін зерттеп, әдістердің биологиялық белсеніділігіне әсерін анықтай отыра тиімдісін ұсынудың маңыздылығы жоғары.

Кілт сөдер: биопрепарат, инсектицид, кристалл, энтомопатогенді бактерия

Кіріспе

Қазіргі таңда биотехнологиялық процесстің негізін құрайтындар микроорганизм-дерді дұрыс таңдалған әдіспен сақталуы, өндірістің сапасын айқындайды. Энтомо-патогенді микроорганизмдердің бастапқы изоляттан алынған қасиеттерін сақтап қалу үшін және де биологиялық белсенділігін бірқалыпты ұстап тұруда тиімді сақтау әдістерін ұсыну қажет

Биологиялық белсенді заттар продуценттерінің коллекциялық дақылдарын сақтау әдістерін тиімді таңдау қазіргі таңда маңызды мәселелердің бірі. Осыған байланысты энтомопатогенді микроорганизмдерінің отандық штамдарын сақтау әдістерін зерттеп, әдістердің биологиялық белсеніділігне әсерін анықтай отыра тиімдісін ұсынудың маңыздылығы жоғары.

Біздің елде – Қазақ өсімдік қорғау және карантин ҒЗИ-ның биотехнология зертханасында, энтомопатогенді бактериялар және саңырауқұлақтар негізінде биоло-гиялық препараттар шығарылуда. Қазақстан республикасы территорясында қолданысқа рұқсат етілген 14 биологиялық препараттың ішіне *Bacillus thuringiensis* штамы негізінде жасалған – «Ақ көбелек» препараты кірді. Алынған мәліметтер бойынша препараттың биологиялық тиімділігі инсектицидтерден кем түспейді 90-100% құрайды.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу нысандары – Қазақстанның түрлі табиғи аймақтарынан жиналған өлі жәндіктерден және топырақ үлгілерінен бөлініп алынған *B. thuringiensis* энтомопатогенді бактериясының коллекциялық штаммдары: БТ-1, БТ-2, БТ-3.

B. thuringiensis штаммдарының уыттылығын және инсектицидті әсерін бақылау үшін сынақ-нысан ретінде жапырақ ширатқыш көбелегінің 2-3 жастағы жұлдызқұрттары (*Archips crataegana)* қолданылады.

Коллекциялық культураларды (себінділерді) сақтау әдістері.

Субкультивирлеу әдісі. Культураларды лабораторияда және өндіріс орындарында сақтауға мүмкіндік береді. Микроорганизмдер культураларын жабық ыдыста бөлме температурасында сақтайды. Метаболизм жылдамдығы төмендеу үшін оларды 5-8°С тоңазытқышта сақтайды. Сақтық шараларын жасай отырып, бактерияларды 3-5 ай сақтауға болады.

Минералды май астында сақтау. Микроорганизмдер культурасын сақтау үшін бейтарап минерал майды қолданады. Әсіресе вазелин немесе тығыздығы 0,8-0,9 парафин майын пайдаланады. Алдымен майды 1атм. қысыммен 45 минут бойына немесе 150-170º автоклавта 1,5 сағат бойына залалсыздандырады. Микроорганизмдер культурасын маймен жабу үшін қарапайым қондырғы бөлгіш воронкаларды пайдаланады.

Резеңкелі тығын астында сақтау. Дақылдар кеуіп кетпеу үшін резеңкелі тығынды қолдану біршіма қолайлы болып табылады. Қиғаш агары бар пробиркаларды резеңкелі тығынмен жауып, 5-8°С тоңазытқышта сақтайды.

Штаммдардың биологиялық белсенділігін анықтау. *B. thuringiensis* штаммдарының бунақденелілерге уыттылығын, яғни биологиялық белсенділігін тексеру үшін әр түрлі әдіспен сақталған бактерия дақылдары қолданылды. Ол үшін әр түрлі әдіспен сақталған бактерия дақылдарынан сұйылтулар жасалды. Сұйылтулардың титрін анықтау үшін Том Горяев камерасында споралар саналды. Бунақденелерді залалдауға қажетті спора титрі $1x10^7$. Дайын болған суспензияларға жапырақтарды малып, 2-3 жастағы жұлдызқұрттарға беріп, ауа кіретін тесіктері бар стақандарға салынды. Әр стақанға 10 жұлдызқұрттан салынды. Әрқайсысы үш қайталаудан жасалды. Жұлдызқұрттарды күнделікті бақыланып, 5-7 күн 25ºС температурада ұсталды. Содан кейін өлгендері пайыздық көрсеткішпен тіркеледі.

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Энтомопатогенді микроорганизмдердің түрлі әдістермен сақтаудан кейінгі тіршілікке қабілеттілігін зерттеу. Минерал май, мақталы және резеңкелі тығын астында сақталған микроорганизм дақылдарының тіршілікке қабілеттілігін тексеру үшін Кох әдісі қолданылды.

Тәжірибе қойылған соң күн сайын жұлдызқұрттар бақылауға алынып, күнделікті қарағаш немесе алма жапырақтары салынып отырды. 1, 2-ші тәуліктен бастап өлгендері тіркеліп отырды. Тәжірибе ұзақтығы 5 күнге созылды. Өлген жұлдызқұрттардың денесінің түсі қарайып, ұстағанда езіліп тұрды. Содан кейін олар бөлме температурасында 2-3 тәулік кептірілді. Құрғап, кепкен жұлдызқұрттар жастықшаларға (матрасик) салынды.

Жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, барлық нұсқаларда жұлдызқұрттардың өлуі бақылауға қарағанда айтарлықтай жоғары болды. Сонымен қатар бактерия штаммдарын сақтау әдістерінің биологиялық белсенділігіне әсер етуінде де біршама айырмашылықтар байқалды. Осылайша, мақталы тығын астында сақталған штаммдарға қарағанда минерал май және резеңкелі тығын астында сақталған штаммдардың жапырақ ширатқыш жұлдызқұрттарға қарсы уыттылығы жоғары дәрежені көрсетті. Мысалы, БТ-3 штаммында залалдағаннан кейін үшінші тәулікте май және резеңкелі тығын астында сақталған штаммдардың белсенділігі 92,5 және 85% болса, сәйкесінше мақталы тығын астында сақталған штаммдардың көрсеткіші 35%-дан аспады. Бұл көрсеткіш айырмашылығы бесінші тәулікке дейін сақталды. Қалған екі штаммда айырмашылықтар бақылаудың соңына дейін сақталды.

Сондай-ақ тәжірибе көрсеткендей, үш әдіспен сақтауда да БТ-3 штаммының уыттылығы БТ-1, БТ-2 штаммдарымен салыстырғанда біршама жоғары болды. Бұл БТ-3 штаммының спецификалық қасиетіне байланысты. Минерал май астында сақталған БТ-3 штаммында үшінші тәуліктің өзінде жұлдызқұрттардың өлуі 92,5% болса, БТ-1, БТ-2 штамдарында өлу көрсеткіші 32,5-55% аспады. Осы үрдіс бақылау соңына, яғни 5-ші тәулікке дейін сақталды (Кесте 1).

Кесте 1. Әр түрлі әдістермен сақталған *B. thuringiensis* штаммдарының жапырақ ширатқыш көбелектің жұлдызқұрттарына (*A. crataegana*) қарсы биологиялық белсендігі

Штамм	Сақтау әдістері	Өлуі, % (тәулік)				
		1	2	3	4	5
БТ-1	Минерал май	17,5±2,5	27,5±2,5	55,0±2,9	60,0±4,1	67,5±2,5
	Резеңкелі тығын	22,5±2,5	30,0±4,1	55,0±2,9	67,5±4,8	72,5±2,5
	Мақталы тығын	2,5±2,5	15,0±2,9	35,0±2,9	47,5±2,5	57,5±4,8
БТ-2	Минерал май	5,0±2,9	12,5±2,5	32,5±2,5	50,0±4,1	65,0±2,9
	Резеңкелі тығын	5,0±2,9	17,5±2,5	32,5±2,5	47,5±2,5	67,5±4,8
	Мақталы тығын	2,5±2,5	15,0±2,9	27,5±2,5	37,5±2,5	45,0±2,9
БТ-3	Минерал май	17,5±2,5	60,0±4,1	92,5±4,8	100	100
	Резеңкелі тығын	17,5±2,5	45,0±2,9	85,0±2,9	97,5±2,5	97,5±2,5
	Мақталы тығын	7,5±2,5	35,0±2,9	35,0±2,9	75,0±2,9	92,5±2,5
Бақылау		0,0±0,0	12,5±4,8	12,5±4,8	22,5±4,8	22,5±4,8
ЕЕҚ		7,09	9,51	9,41	9,69	9,59

Қорытынды

Қазіргі таңда микроорганизмдер көмегімен көптеген биотехнологиялық процестер негізінде алынатын биологиялық белсенді заттар өндірісі жүзеге асуда.

Микроорганизмдерді тіршілікке қабілетті күйде, оның биологиялық белсенділігін сақтау жұмыстары коллекциялық дақылдар сақтауымен іске асырылады. Ол жұмыстар микробиологиялық зертханалар мен биотехнологиялық өндірісте жүргізіледі, олар өнеркәсіптік, зерттеушілік мақсатта қолданылады. Микроорганизмдерді сақтаудың басты мақсаты тіршілік қабілетін жоғары деңгейде ұсату мен мутациялық өзгергіштікті болдырмау үшін ұзақ мерзімді сақтауды қамтамасыз ету.

Жүргізілген жұмыстың мақсатына сәйкес энтомопатогенді микроорганизмдерді түрлі әдістермен сақтау әдістерін, сақтаудан кейінгі тіршілікке қабілеттілігін тексеру және сақтау әдістерінің штамдардың зиянкестерге қарсы биологиялық белсенділігіне әсерін зерттеу болған. Зерттеулердің нәтижесінде келесідей қорытындыларға келдік:

1. Энтомопатогенді микроорганизмдерді сақтаудың әртүрлі тәсілдері қолданылды: қоректік орталарға үздіксіз егу, минералды майдың астында, резеңке тығынның астында, лиофилденген күйде сақтау. Зерттеу нәтижелері көрсеткіші бактериялар үшін резеңке тығында және вазелинді майда сақтау әдістері тиімді болып табылды.

2. Бактерия штамдарының споралары тіршілікке қабілеттілігі 9 ай және 12 ай минерал май астында және резеңкелі тығын астында сақталаған дақылдардың көрсеткіші орташа есеппен 95% құрады. Мақталы тығын астында тіршілікке қабілеттілігі 85%-ды

көрсетті, ол дегеніміз ортаның құрғап кетуімен байланыстырылды. Яғни энтомопатогенді бактериялардың коллекциялық дақылдарын сақтауда минерал май және резеңкелі тығын астында сақтауды ұсынуға болады.

3. Әртүрлі әдістермен сақталған коллекциялық дақылдардың биологиялық белсенділігін анықтауда зерттеу нәтижелері көрсеткендей *Bacillus thuringiensis* штамдарының уыттылығында өзіндік ерекшеліктері болды, штамдардың түрлеріне және сақтау әдістерімен байланысты. Минерал май және резеңкелі тығын астында сақталған штамдардың пайыздық көрсеткіші 65-100% аралығында болды, бұл штамдардың вируленттілігіне байланысты. Мақталы тығын астында сақталған штамдардың биологиялық белсенділігі әсер ету мерзімінің ұзаруы байқалуы және төмен дәрежені көрсетуі оларды қайта-қайта егілуімен байланысты, патогендігінің төмендеуі деп түсінуге болады.

Сондықтан, алдағы зерттеулерде оптималды консервация әдістері ретінде минерал май және резеңкелі тығын астында сақтауды қолдануды ұсынамын.

Әдебиеттер

1 Африкян Э.К. Энтомопатогенные бактерии и их значение. Ереван, 1973.-420с.

2 Сағитов А.О., Ашықбаев Н.Ж., Слямова Н.Д., Төлеубаев Қ.М., Дүйсембеков Б.Ә., Өсімдіктерді биологиялық қорғау. Алматы,«Қайнар», 2012.

3 Герна Г. Хранение микроорганизмов. В Н.: Методы общей бактериологии. / Под ред. Ф. Герхарда. Т. 1. – М.: Мир. – 1983. –С. 12-536.

4 Троицкая Е.Н. Сравнение методов хранения культур штаммов *Bacillus thuringiensis* var.*galleriae* // Прикл.биохимия и микробиология. -1979. –Т.15, вып.3. –С. 402-402

5 Feitelson J.S., Payne J., Kim L. Biotecnology. -1992. –V.10. –P.271-275.

Нүсіпжан А.Қ., Туреханова Ж.И., Слямова Н.Д., Успанов А.М., Мұқатаева Қ.А., Қазез Н.

ХРАНЕНИЕ ЭНТОМОПАТОГЕННЫХ БАКТЕРИИ BACILLUS THURINGIENSIS РАЗЛИЧНЫМИ МЕТОДАМИ И БИОЛОГИЧЕСКАЯ АКТИВНОСТЬ В ОТНОШЕНИИ ЧЕШУЕКРЫЛЫХ ВРЕДИТЕЛЕЙ

Рассматривая методы хранения штаммов энтомопатогенных бактерий в исследовательской работе, изучено влияние способов хранения на инсктицидную активность энтомопатогенных бактерий.

Для энтомопатогенных бактерии особо актуальным является сохранение изначального состояние изолята. Потому что у микроорганизмов при частом пересевании на новые питательные среды исчезают инсектицидные кристаллы, и они не могут оказать влияние на вредителей. В связи с этим изучая хранения отечественных энтомопатогенных штаммов микроорганизмов различными методами, определяя значимость влияния методов на биологическую активность, предостовить особо важный из них.

Ключевые слова: биопрепарат, инсектицид, кристалл, энтомопатогенная бактерия

Nusipzhan A.Q., Turekhanova J.I., Slyamova N.D, Mukhatayeva K.A, Uspanov A.M., Kazez N.

STORAGE OF ENTOMOPATHOGENIS BAKTERIUM BACILLUS THURINGIENSIS DIFFERENT METHODS AND BIOLOGICAL ACTIVITY AGAINST LEPIDOPTERA PESTS

Considering the methods of storing entomopathogenic bacteria strains in research, we studied the effect of storage methods on insktitsidnuyu Activity entomopathogenic bacteria.

For entomopathogenic bacteria are particularly relevant it is the preservation of the original state of the isolate. Because frequent peresevanii microorganisms culture media for new insecticidal crystals disappear, and they can not influence the pests. Therefore studying the local storage of entomopathogenic microorganism strains by various methods, methods of determining the significance of the influence on the biological activity, predostovit ososbo important of them.

Keywords: biological product, insecticide, crystal, entomopathogenic bacteria

ӘОЖ: 633.63:631.587

[1]Елназарқызы Р., [1]Сембаева А., [2]Досжанова А.

[1]Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты
[2]Қазақ Ұлттық аграрлық университеті

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫН ТАМШЫЛАТЫП СУАРУ

Аңдатпа

Қант қызылшасын суарудың тиімді тәсілі мулчирленген пленканы пайдалана отырып тамшылатып суару болып табылды. Бұл тәсіл өсімдіктердің біркелкі шығуын, өсімдіктің дамуын және өсуін жылдамдатып, вегетативті массасының көбірек жинақталуын және жоғары өнімділікті қалыптастырды. Тамшылатып суаруда қант қызылшасының өнімділігі қарықпен суарылған нұсқаға қарағанда 196 ц/га артқандығы көрсетілген, қарықпен суарылған нұсқадағы өнімділік көрсеткіші 464 ц/га құрады. Тыңайтқышсыз мульчирленген пленка астында тамшылатып суарылған нұсқалардағы өнімділік 660 ц/га болды, ал тыңайтқыш енгізілген мульчирленген пленка астында тамшылатып суарылған қант қызылшасының өнімділігі 883,0ц/га құрады.

Кілт сөздер: Суару әдістері, тамшылаып суару, қант қызылшасы, минералды тыңайтқыштар, өнімділік, арамшөптермен ластану.

Кіріспе

Қант қызылшасы бағалы техникалық дақыл. Республикада қантты негізінен қант қызылшасынан алады, өйткені оның тамыржемісі көмірсуларға бай, құрамында 13-20% сахароза болады, сондықтан ол қант өнеркәсібінде шикізат болып саналады.

Суармалы жерлер көлемінің азаюы және өнімділіктің төмендеуі топырақтың тұзданyына немесе топырақ құрамының өзгеруіне байланысты. Жалпы жердің тұздануы көп жағдайларға байланысты, ішінде басты жағдай экологиялық қателердің туындауы. Жер асты сулардың көтеріліп жайылуы және олардың топырақтың сумен әрекеттесуінен пайда болады. Кәріздердің жақсы жұмыс істемеуінен топырақтың бүлінуі суармалы егіншілікте кедергі тигізеді.

Соңғы жылдары топырақтың беткі және астыңғы қабаты арқылы тамшылатып суару және арнайы трубаларды топырақ астына енгізу жұмыстары жүргізілді. Мұндай тәсілді қолданғанда топырақты механикалық өңдегенде топырақ бетінің булануы төмен болады.

Зерттеу нәтижелерінде мульчирленген пленка жамылғысы пайдаланылған егістікте тамшылатып суаруда ылғал мөлшері және арамшөптермен ластануы жағынан тиімділігін көрсетілген [1,2]. Сондай-ақ осы жұмысқа жамылғы пленканы қолданып, арам шөптермен күресу жолдары анықталған (СУАР, ҚХР) және осы пленканы жайып жан-жағын қымтап, пленканы тесіп тұқымды тесік сеуіп кетерін жаңа сепкіштер ойлап шығарылды. Айтылған технологиялық жүйені қолданып 1 млн. гектарға себілуде, ол тек Қытай елінде емес, Пәкістан, Мозамбик, Нигерия және т.б. мемлекеттерін қамтиды және онымен көкөніс, қант қызылшасы, мақта, жүгері және майбұршақ дақылдары егілуде.

Зерттеу әдістері мен нысаны

Зерттеу жұмыстары «Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» өту контекстінде суармалы егіншілікті тұрақты дамыту» ғылыми-техникалық бағдарламасы аясында жүргізілді. Егістік тәжірибелер Жамбыл облысы Меркі ауданында орналасқан «Нұржан» шаруа қожалығында жүргізілді.Тұқымды егу жұмысы бір мезетте үш операцияны атқаратын, мульчирленген пленканы жайып жан-жағын топырақпен қымтап, бірден тамшылатып суаратын ленталарын тартып, пленканы тесіп тұқымды сол жерге себетін сепкіш арқылы жүзеге асырылды (сурет 1). Зерттеу нысаны ретінде қант қызылшасының Авантаж гибриді алынды (сурет 2). Өсімдіктің дамуына және өсуіне фенологиялық бақылаулар Мемлекеттік сортсынау комиссиясының әдістемесі бойынша жүргізілді. Егістіктің арамшөптермен ластануы арамшөптер, ауру зиянкестер мониторингіне жалпылай қабылданған әдіс бойынша жүргізілді. Егістіктегі өсімдіктердің өніп шығуын есептеу 0,3 м^2 әр болтек бойынша есепке алынды (Балашев, 1968). Зерттеу нәтижелерін математикалық өңдеу Б.А. Доспехов әдісі бойынша компьютерде есептелінді.

Сурет 1 - Қант қызылшасы тұқымын мульчирленген пленкамен себу көрінісі

Сурет 2 - Қант қызылшасының Авантаж гибриді, 27.08.2015 ж.

Зерттеу нәтижелері

Төменде көрсетілген 1 кестедегі мәліметтер бойынша, қант қызылшасының өніп шығуының басталуы мульчирленген пленка астында тамшылатып суарылатын нұсқада 26 мамырда белгіленген, яғни, пленкасыз өсірілген нұсқадан 1-2 күнге ертерек өніп шыққан. Мульчирленген пленканы пайдаланғанда өсімдіктердің біркелкі өніп шыққандығының да маңызы зор. Пленкасыз өсірілген нұсқалардағы өсімдіктердің толық өніп шығуы 4 күнге кешігіп, сонымен бірге біркелкілігі мульчирленген пленкамен өсірілген өсімдіктерге қарағанда төмен болды (кесте 1).

Кесте 1 - Әртүрлі суару тәсілдеріндегі қант қызылшасының даму фенологиясы

Суару тәсілі	Даму фазазы						
	Өніп шығуы	2 қос жапырақ пайда болуы	3 қос жапырақ пайда болуы	4-5 қос жапырақ пайда болуы	Жапырақ тың түйісуі	Жапырақтың қатара аралықта түйісуі	Жапырақтың ажырауы
Қарықпен суару	27-30. 04	04-07. 05	10-12. 06	13-17. 06	19-22. 07	22-25. 08	27-30. 09
Тамшылатып суару	27-30. 04	05-08. 05	10-12. 06	14-16. 06	18-20. 07	22-24. 08	26-30. 09
Мульчирленген пленка астында тамшылатып суару	26-27. 04	02-03. 05	06-09. 05	11-13. 06	16-18. 06	19-21. 07	25-28. 09

Мульчирленген пленка астында тамшылатып суарылған нұсқалардағы өсімдіктердің дамуы және өсуі басқа нұсқаларға қарағанда алда жүруі қант қызылшасының техникалық пісуіне дейін сақталынды.

Даму фазасының бастапқы кезеңінде зерттеліп отырған дақылдың аурулармен және зиянкестермен зақымдануы байқалмады. Арамшөптердің көрсеткіші бойынша, негізінен біржылдық және көпжылдық шөптесін арамшөптер кездесті: алабота, тісті ошаған, тауық тары және тағы басқалары (кесте2).

Кесте-2 Тамшылатып суару тәсілдерімен өсірілген қант қызылшасы егістігінің арамшөптермен ластануы

Тамшылатып суару әдістері	Арамшөп саны, дана/м^2				Арамшөптердің түрлері
	3 жапырақ ты фаза	Өнім жинауға			
		механикалық	химиялық	жамылғы пленка	
Топырақтың жоғарғы қабатын тамшылатып суару	150	50	33	-	Ерте пісетін жаздық (алабота, тісті ошаған) кеш пісетін жаздықтар (қара алқа, тауық тары, мысық құйрық), атпа тамырлы (егістік қалуен,қызғылт қалуен, дала шырмауығы)
Топырақ жоғарғы қабатын жамылғы пленкамен суару	20	-	-	15	Тауық тары, мысық құйрық
Топырақтың төменгі қабатын тамшылатып суару	125	46	36	-	Алабота, егістік қалуен, тауық тары, дала шырмауығы
Топырақтың төменгі қабатын жамылғы пленкамен суару	22	-	-	19	Мысық құйрық, тауық тары

Егістіктік ластануын бақылау көрсеткіші бойынша, барлық зерттеліп отырған дақылдың жамылғы пленкемен жабылған нұсқасында егістіктік ластану дәрежесі күрт төмендеген.

Құбырлардағы тамшылатқыштар саны, ара қашықтықтағы себілетін жердің топырақ құрамына және суарылатын дақыл түріне байланысты. Тамшылатып суарудың басқа суару тәсілдеріне қарағандағы артықшылықтары: су 1,5-2,5 есе үнемделеді; топырақ эрозиясы мүлдем болмайды; топырақтағы ауа және су аралық, су пайдалануына қарай тамшылатып суарудың негізі болып өсімдіктің тамыр жүйесіне үздіксіз (1-10 л/сағ дейін үлесімен) ылғал келуінде. Суарумен қатар ертінділерді де беру ыңғайлы [3]. Яғни суармалы сумен бірге ертінді мен тыңайтқышқарды, гербицидтерді беруге болатындығы.

Тауалды, ашық каштанды топырақта қант қызылшасын әр түрлі суару тәсілдерімен өсірудің бірінші жылдық зерттеу нәтижелері бойынша тамшылатып суаруды пайдалану өсімдіктің өнімділігінің жоғарылауына айтарлықтай әсер ететіндігін айқын көрсетті. 3-ші кестеде көрсетілгендей тамшылатып суаруда қант қызылшасының тамыржемісінің өнімділігі қарықпен суарылған нұсқаға қарағанда 196 ц/га артқандығы көрсетілген, қарықпен суарылған нұсқадағы өнімділік көрсеткіші 464 ц/га құрады.

Кесте 3 –Қант қызылшасының тауалды ашық қоңыр топырақтағы әр түрлі суару тәсілдері мен тыңайтқыштарға байланысты өнімділігі, ц/га

Суару тәсілдері	Тыңайтқыш	
	тыңайтқышсыз	$N_{30+30+30}$ P_{60}
Қарықпен суару	464	672
Тамшылатып суару	442	665
Мульчирленген пленка астында тамшылатып суару	660	883
$НСР_{0,95}$ =86 ц/га		

Тыңайтқыш енгізілген мульчирленген пленка астында тамшылатып суарылған қант қызылшасының өнімділігі 883,0ц/га құрады. Бұл дегеніміз, тыңайтқышсыз мульчирленген пленка астында тамшылатып суарудан 223,0 ц/га немесе 33,7 % жоғары өнім берді.

Қорытынды

Қызылшасы егістігіндегі арамшөптермен күресу тамшылатып суаруда мулчирленген пленканы қолданған әдіс ең қолайлысы болып табылды. Егістіктің арамшөптермен ластануы 5-8 есеге төмендеді. Тамшылатып суару жағдайында қолданылған минералды тыңайтқыштардың тиімділігі жоғары болды.Тамшылатып суаруда қант қызылшасының өнімділігі қарықпен суарылған нұсқаға қарағанда 196 ц/га артқандығы көрсетілген, қарықпен суарылған нұсқадағы өнімділік көрсеткіші 464 ц/га құрады. Тыңайтқышсыз мульчирленген пленка астында тамшылатып суарылған нұсқалардағы өнімділік 660 ц/га болды, ал тыңайтқыш енгізілген мульчирленген пленка астында тамшылатып суарылған қант қызылшасының өнімділігі 883,0ц/га құрады.

Әдебиеттер

1. Кененбаев С.Б., Оспанбаев Ж.О., Рамазанова С.Б., Салимбаев Ж.К., Мурзатаева Т.Ш., Жапаев Р.К, Кунылияева Г.Т. Рекомендации по гребне-бороздковой технологии возделывания озимой пшеницы на юге и юго-востоке Казахстана // Научно-производственный центр земледелия и растениеводства, Алмалыбак, 2005. – 20 с.

2. Оспанбаев Ж., Мурзатаева Т.Ш., Кунылияева Г.К., Назаренко А.Н. Гребневая технология возделывания пожнивных культур в условиях орошения // Рекомендации – Алматы, 2012. – 15 с.

3. Атаканов А.Ж. Капельное орошение виноградников на юге Киргизии // Садоводство и виноградарство СССР, -1990.- № 7.-С.10-12.

Елназарқызы Р., Сембаева А., Досжанова А.

КАПЕЛЬНОЕ ОРОШЕНИЕ САХАРНОЙ СВЕКЛЫ В УСЛОВИЯХ ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ

Наиболее эффективным способом орошения сахарной свеклы оказалась капельное орошение с использованием мульчирующей пленки, способствующее дружному появлению всходов, ускорению роста и развития растений, накоплению большой вегетативной массы и в конечном счете формированию высокой урожайности. При этом прибавка урожая корней сахарной свеклы составляет 196 ц/га при урожае на варианте с бороздковым поливом равным 464 ц/га. Интенсивный рост и развитие растений сахарной свеклы в течение вегетации на варианте капельного орошения под мульчирующей пленкой с внесением с поливной водой в три приема азотных удобрений из расчета 90 кг/га на фоне 60 кг/га фосфора, в конечном счете, привел к формированию максимального урожая корней сахарной свеклы равным 883 ц/га.

Ключевые слова: Способы орошения, капельное орошение, сахарная свекла, минеральные удобрений, урожайность, засоренность посевов.

Elnazarkyzy R.,Sembayeva A.,DoszhanovaA.

DRIP IRRIGATION SUGAR BEET UNDER ZHAMBYL REGION

AbstractThe most effective way of sugar beet irrigation was drip irrigation with mulching film, promoting a friendly emergence of seedlings, acceleration of plant growth and development, the accumulation of a large vegetative mass, and ultimately the formation of a high yield. With drip irrigation, yield increase of sugar beet roots reach 196 kg / ha with a yield in the variant with furrow irrigation equal to 464 kg / ha. Intensive growth and development of the sugar beet plants during the growing season on the embodiment, the drip irrigation under mulch with making the irrigation water in three steps of nitrogenous fertilizers based on 90 kg / ha on a background of 60 kg / ha phosphorus ultimately led the formation of roots maximum yield sugar beet equal to 883 kg / ha.

Keywords:Irrigation methods, drip irrigation, sugar beet, mineral fertilizers, crop yields, crop debris.

УДК 632.771/.937.32

Найманова Б.Ж.

Казахский научно-исследовательский институт защиты и карантина растений имени Ж. Жиембаева, г. Алматы

РАЗВЕДЕНИЕ ХИЩНОЙ ГАЛЛИЦЫ АФИДИМИЗЫ *(APHIDOLETES APHIDIMYZA* RONDAM*)* В ЛАБОРАТОРНЫХ УСЛОВИЯХ

Аннотация

В данной статье представлено разведение хищной галлицы афидимизы местной популяции в лабораторных условиях.

Ключевые слова: хищная галлица афидимиза, бахчевая тля, биологическая защита растений, конские бобы.

Введение

На данном этапе развития человечества борьба против вредителей растений как в открытом так и в защищенном грунте биологическим методом набирает все большие перспективы. Не раз доказано, что получение экологически чистой продукции связано с отсутствием применения пестицидов и плавным переходом на биологическую защиту.

В теплицах при выращивании овощных культур одной из главных проблем является появление вредителей из-за недостаточного соблюдения технологии выращивания определенной культуры. Бахчевая тля *(Aphisgossypiifrangulae*Glov.*)*– является опасным вредителем огурцов открытого и защищенного грунта. В борьбе с ней постоянно применяют различные пестициды, что нежелательно, так как овощи употребляются в пищу в свежем виде. Поэтому разработка биологического метода борьбы с вредителями овощных культур, особенно в защищенном грунте, весьма актуальна [1].

Хищная галлица афидимиза *(Aphidoletesaphidimyza*Rond.*)* – является специализированным энтомофагом (полифагом) и способна питаться более чем 65 видами тлей на большинстве сельскохозяйственных и декоративных культур. Она относится к семейству галлиц (*Cecidomyiidae*), отряда двукрылых (*Diptera*). Галлицы активны в сумеречное время и ночное время, днем собираются в затененных влажных местах, обычно под нижними листьями растений. Хищниками являются личиночная стадия галлицы [2, 3]. Отмечаются три последовательных этапа в питании личинки, нашедшей тлю: 1) личинка парализует жертву; 2) под действием введенной в тело жертвы слюны внутренности ее разжижаются; 3) личинка высасывает содержимое тли. Тлям редко удается избежать гибели при контакте с личинкой галлицы. Токсин, содержащийся в ее слюне, парализует жертву в течение минуты. Состав слюны личинки галлицы изучен недостаточно, а компоненты, оказывающие парализующее действие на тлю не найдены. Секрет слюнных желез растворяет содержимое жертвы в течение 10 минут. Длительность всего процесса питания на одной тле зависит от возраста личинки, размера жертвы, температуры и относительной влажности воздуха.

За период развития личиночной стадии галлица, в зависимости от вида жертвы, уничтожает от 10 до 70 тлей, однако за время жизни она уничтожает примерно в два раза больше особей. Связано это с тем, что прежде чем приступить к питанию, личинка парализует вокруг себя избыточное количество тлей. Делает это она, укалывая тлю в ногу, после чего вредитель мгновенно обездвиживается. Часто тля не успевает при этом даже извлечь хоботок из растения и повисает на нём, что придаёт колониям, в которых «поработала» галлица, характерный «растрёпанный» вид.

Способность личинок галлицы внезапно и точно парализовывать тлей сказывается на миграционных особенностях вредителя. Бондаренко Н.В. и Козловой Е.Г. было установлено, что скорость миграции тли с растения, на которое проник афидофаг, напрямую зависит от агрессивности хищника или паразита. Например, личинки златоглазок, гемеробиид и кокцинеллид, “нарушая спокойствие” тлей в колонии, стимулируют миграцию бахчевой тли с листа огурца. Темпы миграции при этом в 3 – 4 раза превышают темпы миграции из колоний, на которые напала галлица. Такая поведенческая особенность галлицы позволяет ей локализовывать очаги тли, при этом колонии тлей за счёт миграции не образуются [4].

В данной статье приведутся результаты сроков развития одной популяции афидофага – хищной галлицы афидимизы *(Aphidoletes aphidimyza* Rond.*)* местной популяции в лабораторных условиях.

Материалы и методы

Для изучения особенностей развития галлицы нами осуществлялось ее размножение в лабораторных условиях. Очень важным является непрерывный конвейер бобов с колониями тли. Для этого в неделю 2 раза на 1 сутки замачивают бобы в 0,05% растворе перманганата калия, или же в воде. После чего при температуре 22 – 24°С бобы проращивают в кюветах (лотках) с верху накрытых влажной тканью. Через 4 – 5 суток, когда корни бобов достигнут 3 – 4 см, проводят высадку бобов в 0,5- и 1 – литровые емкости (банки) наполненные водой. Емкости закрыты полиэтиленовой крышкой с 25 – 27 отверстиями диаметром 3 – 4 мм, куда отпускают по одному растению бобов. Отверстие в центре оставляют свободным для удобства полива растений. Банки с бобами ставят на стеллажи или полки с дополнительным освещением, и через 5 – 6 дней, когда бобы достигнут высоты 4 – 5 см, и будут плотно заселены тлей их переносят в помещение, предназначенное для разведения галлиц. Для разведения галлиц используют специально оборудованный бокс, в котором поддерживают температуру в пределах 25°С днем и 17 – 18°С ночью, относительную влажность воздуха 70 – 75% и фотопериод 16 – 17 часов. Взрослых особей галлицы содержали в стеклянном садке. В этот садок помещали банку с конскими бобами обильно заселенными бобовой, виковой тлями для откладки яиц. Каждый день необходимо менять банки с тлей. После чего банку бобов с отложенными на них яйцами галлицы переносили в отдельный садок до выхода личинок. Выход личинок при оптимальных условиях составляет 2 – 4 дня, после чего происходит выкармливание личинок и сбор коконов галлицы. Для выкармливания личинок удобны тазики или же пластмассовые контейнера (ведра), в ведро насыпают прогретый в термостате песок слоем 2 – 3 см, сверху песка ставится пластмассовая сетка на которую срезаются бобы с личинками из банок, сюда же дополнительно стряхивают тлей, собранных с бобов, или же кладут части растений с другими видами тлей из расчета не менее 2 – 3 особей на одну личинку галлицы. В последующие 3 – 4 дня количество пищи увеличивают, причем кормят личинок ежедневно. По окончанию питания личинки начинают окукливаться в песке садка, этот процесс длится 2 дня. Затем из ведра удаляют все растения, а песок вместе с коконами высыпают в кювету и для большей его сыпучести подсушивают 1 – 2 дня при комнатной температуре. Подсушенный песок пропускают последовательно через три сита с диаметром отверстий 3; 1,5; 1 мм. На первом сите скапливаются остатки растений, на втором - нормально развитые коконы галлицы, а на сите с отверстиями 1 мм - небольшое количество взрослых личинок и куколок, освободившихся от поврежденных коконов. После чего коконы можно использовать для последующего поколения, также для выпуска в теплицы. Или же можно поставить в холодильник на хранение при температуре от 3 до 8°С, на 25 – 30 дней и больше.

Результаты исследований

По итогам лабораторного разведения получены следующие результаты:

Сроки развития от яйца до куколки длится от 18 до 20 дней. Средняя плодовитость самок галлицы составила 35 – 40 яиц за одну генерацию, развитие яйца проходит в течение 2 – 3 дней, развитие личинок трех возрастов длится 6 – 7 дней, развитие куколок длится 8 – 10 дней. Продолжительность жизни взрослых особей галлицы афидимизы составила 9 – 12 дней.

Выводы

В ходе лабораторного разведения при оптимальных условиях были установлены некоторые закономерности в процессе развития местной популяции хищной галлицы афидимизы *(Aphidoletesaphidimyza*Rond.*)*, за какой промежуток времени происходит развитие одной из стадии.

Литература

1. Биологические методы защиты сельскохозяйственных культур в Казахстане. Сборник научных трудов. – Алма-Ата, изд. Восточного отделения ВАСХНИЛ, 1983, с.57.

2. А. Чалков «Биологическая борьба с вредителями овощных культур защищенного грунта», М., Россельхозиздат – 1986 г., с. 46.

3. Массовое разведение и применение энтомофагов в защищенном грунте. Методические указания. М., 1991 г., с.34-36.

4. А.К. Ахатов, С.С. Ижевский (ред.). Вредители тепличных и оранжерейных растений (морфология, образ жизни, вредоносность, борьба). Москва: Товарищество научных изданий КМК. 2004 г., с. 254-256.

Найманова Б.Ж.

ГАЛЛИЦА АФИДИМИЗАНЫ *(APHIDOLETES APHIDIMYZA* RONDAM*)* ЛАБОРАТОРИЯ ЖАҒДАЙЫНДА ӨСІРУІ

Бұл мақалада галлица афидимизаның жергілікті популяциясының лаборатория жағдайында өсіруі көрсетіледі.

Кілт сөздер: жыртқыш галлица афидимиза, бақша бітесі, өсімдікті биологиялық қорғау, бұршақтар *(Vicia faba)*.

Naimanova B.J.

THE MASS REARING OF PREDATOR MIDGE *(APHIDOLETES APHIDIMYZA* RONDAM*)* IN LABORATORY CONDITIONS

This paper presents the data about the mass rearing of local population of midge *(Aphidoletes aphidimyza* Rond.*)* in laboratory conditions.

Keywords: predatory midge *(Aphidoletes aphidimyza* Rond.*)*, *Aphis gossypii*, biological control, horse-beans *(Vicia faba).*

ӘОЖ 633.15.34:631.8

Қараева Қ., Елешев Р.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ЖҮГЕРІ МЕН СОЯ ДАҚЫЛДАРЫНЫҢ ӨСУІ МЕН ДАМУЫНА ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫНА ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫҢ ӘСЕРІ

Аңдатпа

Мақалада 2014-2015 жж жүгері мен соя дақылдары аралас егістігінде олардың өсуі мен дамуына және құрылымдық қалыптасуына макро- және микротыңайтқыштардың әсерін бақылау мақсатында жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелері көрсетілген. Зерттеу жұмысы шалғынды-қара қоңыр топырақ жағдайында, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданының солтүстік-батысында орналасқан, Қазақ ұлттық аграрлық университетінің «Агроуниверситет» тәжірибе станциясында жүргізілді.

Кілт сөздер: Жүгері, соя, микротыңайтқыштар, аралас егістік, азот, фосфор, калий.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысы Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданының солтүстік-батысында орналасқан Қазақ ұлттық аграрлық университетінің "Агроуниверситет" оқу-тәжірибелік станциясында жүргізілді. Зерттеу жүргізген аймақтың климаты өте континенталді. Қысы жұмсақ, көктем суық әрі ылғалды. Жазы құрғақ және ыстық болып, жылы және ұзақ күзге біртіндеп ауысады. Топырағы - шалғынды- қара қоңыр, гранулометриялық құрамы - ауыр құмбалшықты. Шалғынды- қара қоңыр топырақтардың құрамындағы гумус мөлшері 4,46-4,49%, ал жалпы азот және фосфордың қамтамасыз ету дәрежесі төмен, сәйкесінше, 0,12 және 0,14-019% аралығында. Калийдің осы топырақтағы қамтамасыз ету дәрежесі жоғары.

Жүгері мен соя дақылдарының өнімділігін арттыру үшін макро және микроэлементтермен үйлестіріп минералды қоректенуін қамтамасыз ету қажет. Микроэлементтер көптеген ферменттер, витаминдер және гормондардың құрамында кездесетіндіктен өсімдіктің зат алмасу және өнімділігіне жақсы әсерін тигізеді [1]. Дақылдарға минералдық элементтердің жетіспеуі түсі және өсуі мен дамуына зиянды әсерін тигізуі мүмкін [2]. Сонымен қатар, ір вегетациялық кезеңдерінде минералдық тыңайтқыштарды жоспарлы түрде беру де дақылдар үшін зор маңызға ие [3].

Жүгері мен соя аралас егістігінің тыңайтқыш енгізу схемасы төмендегідей: 1. Бақылау, 2. $N_{60}P_{60}K_{60}$, 3. $N_{60}P_{60}K_{60}$+$Mo_{1.5}$, 4. $N_{60}P_{60}K_{60}$+$Zn_{2.5}$, 5. $N_{60}P_{60}K_{60}$+ $Mo_{1.5}$+ $Zn_{2.5}$, 6. $N_{120}P_{120}K_{120}$, 7. $N_{120}P_{120}K_{120}$+$Mo_{1.5}$, 8. $N_{120}P_{120}K_{120}$+$Zn_{2.5}$, 9.$N_{120}P_{120}K_{120}$+ $Mo_{1.5}$+ $Zn_{2.5}$.

Зерттеу нәтижелері

Дақылдың биіктіг і- берілген тыңайтқыштардың әсерін бақылайтын ең басты морфологиялық белгісі болып табылады. Тамырдың сіңіру аймағында қажетті қоректік элементтердің жетіспеуі өсімдік бойының бірден өспей қалуына әсерін тигізеді. Біздің жасаған тәжірибемізде бақылау вариантына қарағанда тыңайтылған варианттардағы дақылдардың қарқынды өсуі байқалды. Жүгері дақылының бойына берілген тыңайтқыштар соя дақылына қарағанда ерте вегетациялық кезеңіне жақсы әсерін тигізді.

Бақылау вариантында жүгері дақылының биіктігі 5-6 жапырақ пайда болған кезеңде 37,9 см болса, ал қалған тыңайтылған варианттарда 44 см мен 47 см аралығында өзгерді. Жүгері дақылы мырыш элементіне сезімтал болғандықтан, $Zn_{2.5}$ нормада берілген варианттарда дақылдың биіктігі біршама жоғары болды. Соя дақылының биіктігі үшқұлақты жапырақтарының үшіншісі пайда болған кезеңінде 22,5 см болса, $Mo_{1.5}$

нормада берілген варианттарда бақылау және басқа варианттарға қарағанда биіктігі жоғары. Себебі соянын өсуі мен дамуына молибден микроэлементінің әсері зор (кесте 1).

Кесте 1. Тыңайтқыштардың әсерінен жүгері мен соя дақылдарының әртүрлі кезеңдеріндегі биіктігі, см. (2 жылдық орташа).

Варианттар	Жүгері				Соя			
	5-6 жапырақ	11-12 жапырақ	шашақтану	Сүттену-балауыз	3-ші үшқұлақ жапырақ	Тармақталу	гүлдеу	Бұршақ қалыптастыру
1.Бақылау	37,9	105,5	180,6	210,6	22,5	32,1	61,1	80,7
2.$N_{60}P_{60}K_{60}$	45,0	120,8	186,3	214,3	26,9	40,0	66,3	82,0
3.$N_{60}P_{60}K_{60}$+$Mo_{1.5}$	44,4	122,3	186,1	213,5	28,0	46,5	67,0	83,4
4.$N_{60}P_{60}K_{60}$+$Zn_{2.5}$	45,5	133,3	189,0	216,1	25,3	44,3	64,2	81,4
5.$N_{60}P_{60}K_{60}$+ $Mo_{1.5}$+ $Zn_{2.5}$	46,6	135,3	195,0	219,0	27,6	44,9	69,8	90,0
6.$N_{120}P_{120}K_{120}$	45,1	134,0	190,1	215,4	27,6	44,8	67,1	86,9
7.$N_{120}P_{120}K_{120}$+$Mo_{1.5}$	44,5	130,0	192,4	216,8	29,3	46,7	70,1	89,1
8.$N_{120}P_{120}K_{120}$+$Zn_{2.5}$	46,2	135,6	195,9	220,5	26,9	43,8	65,9	85,7
9.$N_{120}P_{120}K_{120}$+ $Mo_{1.5}$+ $Zn_{2.5}$	46,9	135,0	196,2	219,9	29,3	47,0	68,9	91,3

Бұл заңдылықтар жүгері және соя дақылдарының басқа кезеңдерінде де сақталған.

Жүгері мен соя дақылдарының жапырақтары көлемін анықтаудың, зерттеу үшін маңызы ерекше. Себебі, фотосинтез және транспирация үрдістерінің қарқындылығына әсер ете отырып, дақылдардың жасыл массасының жиналуында маңызды рөл атқарады. Тиімді агротехникалық жұмыстармен қатар, тамыр жүйесі арқылы қоректік элементтермен қамтамасыз ету дақылдардың жапырақтары көлемінің ұлғаюына септігін тигізеді (кесте 2).

Кесте 2. Жүгері мен соя дақылдарының әртүрлі кезеңдері бойынша жапырақ көлемі қалыптасуына тыңайтқыштар әсері, мың.$м^2$/га.(2 жылдық орташа).

Варианттар	Жүгерінің 5-6 жапырақты және соя дақылының үшқұлақ кезеңдері		Жүгерінің 11-12 жапырақ және соянын тармақтану кезеңдері		Жүгерінің шашақтану және соянын гүлдеу		Сүттену-балауыздану және бұршақ қалыптастыру	
	жүгері	соя	жүгері	соя	жүгері	соя	жүгері	соя
1.Бақылау	2,0	2,2	25,6	3,5	26,8	10,2	29,5	17,4
2.$N_{60}P_{60}K_{60}$	2,5	2,3	29,2	4,0	32,5	15,6	33,6	19,5
3.$N_{60}P_{60}K_{60}$+$Mo_{1.5}$	2,3	3,0	28,7	4,6	31,9	16,5	38,1	21,8
4.$N_{60}P_{60}K_{60}$+$Zn_{2.5}$	2,9	2,8	35,4	4,1	35,7	15,9	36,4	20,7
5.$N_{60}P_{60}K_{60}$+ $Mo_{1.5}$+ $Zn_{2.5}$	3,0	3,1	34,9	4,8	35,8	17,8	36,4	22,8
6.$N_{120}P_{120}K_{120}$	2,6	2,8	30,6	4,5	34,6	16,8	37,6	21,7

7.$N_{120}P_{120}K_{120}$+$Mo_{1.5}$	2,9	3,3	32,1	5,0	35,7	18,9	39,9	21,9
8.$N_{120}P_{120}K_{120}$+$Zn_{2.5}$	3,2	2,9	35,6	4,4	36,4	15,9	45,1	19,9
9.$N_{120}P_{120}K_{120}$+ $Mo_{1.5}$+ $Zn_{2.5}$	3,5	3,5	35,6	5,1	36,8	17,9	44,8	22,9

Дақылдардың жер беті бөлігінің ұлғаюы әсерінен сәйкесінше жапырақтары да ұлғая бастайды. Соған байланысты, жүгерінің 5-6 жапырақ және соянын үшқұлақ кезеңдерінен бастап шашақтану және гүлдеу кезеңіне дейін фотосинтез әсерінен жапырақтарының көлемі қарқынды өсуі байқалды.

Зерттеу нәтижелері бойынша, дақылдардың жапырағының беткі бөлігінің ұлғаюына макро және микротыңайтқыштардың әсері соңғы фазаларына өз әсерін тигізе бастады. Жүгері дақылының сүттену фазасы мен соя дақылының бұршақ қалыптастыру фазасындағы жапырақтары көлемінің қосындысы $N_{120}P_{120}K_{120}$ тыңайтқыштарымен бірге микроэлементтерді берген вариантта ең жоғарғы нәтижені беріп отыр, яғни қосындысы 67,7 мың.м^2/га құрады. Бірнеше ғалымдардың ғылыми деректері бойынша ең жоғарғы өнімділікке қол жеткізу үшін жапырақ көлемінің қосындысы 60-80 мың.м^2/га болуы керек. Сонымен қатар, кесте көрсеткіштері бойынша микроэлементтердің де әсерін байқауға болады. Жүгері мен соя дақылдарының барлық фазаларында мырыш элементі жүгері дақылы үшін, молибден элементі соя дақылы үшін оң нәтиже көрсеткен.

Ауылшаруашылығы дақылдарының тыңайтқыш беру тиімділігін анықтайтын ең негізгі бағалау өлшемі - өнімділік дәрежесі болып табылады. Көптеген ауылшаруашылығы ғалымдары жүгері мен соя дақылдарының аралас егістіктеріне әртүрлі тыңайтқыштардың әсерін жан-жақты зерттеген.

Өнімділіктің мөлшері мен дақылдардың жасыл массасы құрылымдық элементтерінің, яғни дақылдардың жер беткі салмағы, жапырағы, сабағы, собығы мен бұршақ дәндерінің қалыптасуына байланысты болды.

Өсімдік үшін мырыш элементінің физиологиялық маңызы өте зор. Дақылдардың қоректенуі барысында мырыш элементінің жетіспеуі белок мөлшерінің азаюына және амид пен амин қышқылдарының түзілуіне әкеліп соғады. Сонымен қатар, дақылдарды мырыш элементімен тыңайту, өсімдік құрамындағы амин және белок азоттарының жоғарылауына, өсуіне және РНҚ синтезіне тиімді әсері мол [4].

Жүгері дақылы бойынша сабақтарының массасы жоғары, яғни оның массасы 42%-52%, ал собықтары массасының пайыздық көрсеткіші 28%-32% аралығында ауытқыды. Соя дақылында жапырақтарының салмағы жоғары, яғни 48%-51%, ал сабақтары салмағының пайыздық көрсеткіші 26%-29% болды. Жүгері мен соя дақылдарының аталған элементтерінің көлемі мен саны дақылдардың аралас егілгендігіне байланысты ерекшелігі болды, жүгері дақылында жапырақтарының, ал соя дақылында дәндерінің салмағы төмен болды. Себебі, жүгерінің өсу кезеңдерінде соянын әсерінен төменгі жапырақтары уақытынан ерте қурап түсе бастайды да, ал жүгерінің соңғы кезеңдерінде биіктігінің бірден жоғарылауына байланысты соя дақылының бұршақ қалыптастыруына кері әсерін тигізеді (кесте 3).

Тыңайту жүйесі собық салмағы, бұршақ қалыптастыруы мен олардың санына және жапырақтары мен сабақтарының салмағына тиімді әсер ету арқылы жүгері мен соя дақылдарының өнімділігін арттыруға ықпал етті. Әсіресе, микроэлементтердің әсері жүгері мен соя дақылдарының собығына және дәнді бұршақтарының массасының жоғарылатты. Бақылау вариантында жүгері собығының салмағы 235 г болса, тыңайтылған варианттарда 300- 475 г аралығында болды. Атап өтетін жағдай, салыстырмалы түрде макротыңайтқыштармен мырыш элементін қосып берген варианттарда жүгері дақылының собығы, жапырағы мен сабағының салмағы молибденмен үйлестіріп берген варианттарда жоғары болды.

Соя дақылының өнімділігіне макротыңайтқыштар мен молибден элементінің әсері мол. Зерттеу нәтижелері бойынша, молибден үйлестіріліп берген варианттарда соянын дәнді бұршағының саны мен оның салмағы басқа варианттармен салыстырғанда жоғары көрсеткішті көрсетті.

Кесте 3. Жүгері мен соя аралас егістігіндегі жүгері дақылының дәні мен жасыл массасының құрылымына тыңайтқыштардың әсері

Варианттар	Дәні				1 өсімдік салмағы, г	Соның ішінде		
	1 собықтағы қатар саны, дана	Собықтың 1 қатарындағы дән саны, дана	1 собықтағы дән саны, дана	1 собықтағы дән салмағы, г		Жапырақ салмағы, г	Сабақ салмағы, г	1 собық салмағы, г
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1.Бақылау	12,5	38	460	125,3	720	180	305	235
2.$N_{60}P_{60}K_{60}$	13,0	41	502	135,1	1060	215	545	300
3.$N_{60}P_{60}K_{60}$+$Mo_{1.5}$	13,5	39	495	141,0	1335	294	706	335
4.$N_{60}P_{60}K_{60}$+$Zn_{2.5}$	14,0	43	565	145,2	1150	190	650	310
5.$N_{60}P_{60}K_{60}$+ $Mo_{1.5}$+ $Zn_{2.5}$	14,5	45	588	145,9	1510	255	820	435
6.$N_{120}P_{120}K_{120}$	13,5	42	481	143,5	1045	185	600	260
7.$N_{120}P_{120}K_{120}$+$Mo_{1.5}$	14,0	41	495	145,2	1035	220	590	225
8.$N_{120}P_{120}K_{120}$+$Zn_{2.5}$	14,5	46	590	146,8	1350	330	690	330
9.$N_{120}P_{120}K_{120}$+ $Mo_{1.5}$+ $Zn_{2.5}$	15,0	47	601	147,0	1660	325	860	475

Бақылау вариантында бұршақ саны 21 дана, ал оның салмағы 13,8 г болса, тыңайтылған варианттарда 24-31 дана және 14,0-15,2 г аралығында жоғары көрсеткіште болды(кесте 4).

Кесте 4. Жүгері мен соя аралас егістігіндегі соя дақылы жасыл массасының құрылымы. (орташа 2 жылдық)

Варианттар	1 өсімдік салмағы,г	соның ішінде			1 өсімдіктегі бұр-шақ саны, дана
		сабақ	жапырақ	бұршақ	
1.Бақылау	49,8	14,8	21,5	13,8	21
2.$N_{60}P_{60}K_{60}$	51,5	15,6	21,6	14,3	25
3.$N_{60}P_{60}K_{60}$+$Mo_{1.5}$	63,9	17,5	31,3	15,1	28
4.$N_{60}P_{60}K_{60}$+$Zn_{2.5}$	60,7	16,0	29,9	14,8	24
5.$N_{60}P_{60}K_{60}$+ $Mo_{1.5}$+ $Zn_{2.5}$	67,8	18,9	34,4	14,5	30
6.$N_{120}P_{120}K_{120}$	63,0	15,2	33,3	14,5	27
7.$N_{120}P_{120}K_{120}$+$Mo_{1.5}$	64,7	17,8	31,7	15,2	30
8.$N_{120}P_{120}K_{120}$+$Zn_{2.5}$	58,9	15,1	29,8	14,0	28
9.$N_{120}P_{120}K_{120}$+ $Mo_{1.5}$+ $Zn_{2.5}$	68,1	17,8	35,1	15,2	31

Жүгері мен соя аралас сүрлемінің мөлшерін арттыру мақсатында берілген тыңайтқыштар нәтижесінде дақылдардың биіктігі мен жапырақ көлемінің ұлғаюына тікелей байланысты болды. Дақылдардың өнімділігін анықтау үшін жүгері мен соянның сүрлемдік массаларының мөлшеріне тыңайтқыштардың әсері жеке және бірге есептеп көрсетілді [5, 6].

Қорытынды

Мақаладағы келтірілген екі жылдық мәліметтерді қорытындылай келе, шалғынды-қара қоңыр топырақтарда өсірілген жүгері мен соя аралас егістігінде әртүрлі тыңайтқыш қолдану жүйесі дақылдардың өсуі мен дамуына және құрылымы мен өнімділігіне тиімді әсер берді. Жүгері дақылының сүттену фазасы мен соя дақылының бұршақ қалыптастыру фазасындағы жапырақтары көлемінің қосындысы $N_{120}P_{120}K_{120}$ тыңайтқыштарымен бірге микроэлементтерді берген вариантта ең жоғарғы нәтижені беріп отыр, яғни қосындысы 67,7 мың.м^2/га. Дақылдардың құрылымдық көрсеткіштерінің қалыптасуына да бақылау вариантымен салыстырғанда тыңайтылған варианттарының тиімділігі жоғары болды.

Әдебиеттер

1. Булдыкова И. А., Стародедова А. А. Динамика содержания азота, фосфора и калия в растениях кукурузы при некорневой подкормке микроудобрения микроэлементов в повышении урожайности и качества зерна кукурузы / И. А. Булдыкова // Энтузиасты аграр. науки. - Краснодар, 2011. - Вып. №13. – С.163-166.

2. Бабич А.А. Соя – культура XXI века // Вестник с.-х. науки. - 1991. - №7. - С. 27-37.-4

3. Герасименко В. Н. продуктивность сои в условиях орошения в зависимости от способа основной обработки почвы и удобрений на выщелоченном черноземе Западного Предкавказья: Автореферат дис. Канд. с.-х. наук / КГАУ. - Краснодар,1998. - С. 5-6.-8

4. Ковда В.А. Микроэлементы в почвах Советского Союза.-Изд. МГУ, -1973.-с

5. Сирица А.И. Влияние минеральных удобрений на формирование урожая кукурузы. Автореф. дисс. на соис. уч. степени канд. с.-х. наук. Алма-ата, 1965, 23 с.

6. Жайлыбаев К.Н. Смешанные посевы кукурузы и сои. Алматы, «Кайнар», 1981.-74с.

К.О. Караева., Р.Е. Елешев

ВЛИЯНИЕ УДОБРЕНИЙ НА РОСТ И РАЗВИТИЕ КУКУРУЗЫ И СОИ ПРИ СМЕШАННОМ ПОСЕВЕ

В статье приведены результаты двухлетних (2014-2015гг) исследований влияния макро- и микроэлементов питания на развитие, структуры и продуктивности кукурузы и сои при смешанном посеве. Применение удобрений оказало положительное влияние на рост и развитие, структуры и урожайности изучаемых культур. Интенсивное развитие роста и увеличение листовой поверхности отмечается от начального роста до выметывание метелок и цветения.

Ключевые слова: кукуруза, соя, микроудобрения, смешанный посев, азот фосфор, калий.

K.O. Karayeva., R.E. Yeleshev

INFLUENSE OF FERTILIZERS ON DEVELOPMENT AND HEIGHT ON A STRUCTURE OF THE INTERCROPPING OF CORN AND SOY

In article given the results of two year (2014-2015) research's are driven influence macro and microfertilizers of feed on development, structure and productivity of corn and soy at the intercrops. Application of fertilizers had positive influence on a height and development, structure and productivity of the studied cultures. The intensive development of height and increase of sheet surface is marked from initial to caste of panicles and flowering.

Keywords: corn, soybean, microfertilizers,intercropping, nitrogen, phosphorus, potassium.

УДК: 631.82:633.63

Мәметжан Н.Ш.

Казахский национальный аграрный университет

ВЛИЯНИЕ ВОЗРАСТАЮЩИХ НОРМ МИНЕРАЛЬНЫХ УДОБРЕНИЙ НА ПРОДУКТИВНОСТЬ САХАРНОЙ СВЕКЛЫ НА ЮГО-ВОСТОКЕ КАЗАХСТАНА

Аннотация

Установлено улучшение питательного режима орошаемых светло-каштановых почв при внесении возрастающих норм минеральных удобрений, увеличение накопления биомассы и потребления элементов питания растениями сахарной свеклы. Рассчитаны уравнения регрессии и установлена тесная коррелятивная связь между этими показателями и урожайностью сахарной свеклы и сбором сахара.

Ключевые слова: сахарная свекла, минеральные удобрения, элементы питания, урожайность, сахаристость, уравнения регрессии, корреляция.

Введение

Сахарная свекла – высокопродуктивная и приоритетная для юго-востока культура, Это единственная культура в республике, из которой вырабатывается сахар.

Одним из решающих условий повышения продуктивности сахарной свеклы является внедрение в условиях производства научно-обоснованной системы применения удобрений. Сахарная свекла высокоинтенсивная культура. Обладая высоким потенциалом продуктивности сахарная свекла предъявляет повышенные требования к почвам и удобрению, что в значительной степени определяется высокой потребностью её в элементах питания.

Поэтому одним из определяющих факторов в повышении продуктивности сахарной свеклы являются минеральные удобрения, формирующие питательную среду растений и устраняющие дефицит элементов питания в почве. Эффективность минеральных удобрений во многом определяется особенностями сорта или гибрида, почвенно-климатическими условиями, а также зависит от норм и соотношений элементов питания в составе системы удобрений. В статье приведены результаты изучения отзывчивости сахарной свеклы на возрастающие нормы азотных, фосфорных и калийных удобрений при систематическом применении их севообороте.

Новизна исследований

В формировании урожая и качества корнеплодов сахарной свеклы одним важных факторов является правильный выбор соотношения основных элементов питания при возделывании свеклы. Избыток удобрений усиливает лишь рост листьев и не дает прибавки урожая при этом ухудшается качество сырья (снижается сахаристость, чистота сока и заводской выход сахара). Поэтому изучение влияние возрастающих норм удобрений в широком диапазоне варьирования, выявление взаимодействия агрохимических свойств почвы с величиной урожая и качеством продукции, установление связи между содержанием и потребление основных элементов питания растениями в ранний период развития и продуктивностью с использованием статистических методов является одним из актуальных направлений

Материалы и методы исследования

Опыты проводились на стационаре отдела минерального питания и агроэкологии в многофакторном опыте. Схема опыта представляет собой не полную факториальную схему 1/8 (4x4x4x4), включающую 32 варианта в двукратной повторности. Учетная

площадь делянки 122,4 м^2. Почва участка светло-каштановая с содержанием гумуса 2,3%. Объект исследования - сахарная свекла, гибрид Авантаж. Агротехника проведения опыта общепринятая для данной зоны. Агрохимические анализы, учеты и наблюдения проводили по соответствующим ГОСТам и общепринятым методикам.

Результаты исследований

Эффективность удобрений, внесенных под сахарную свеклу, связана с особенностью ее питания в отдельные периоды роста и развития растений. В самый ранний период (2-3 пары настоящих листьев) она нуждается в достаточном количестве фосфора в почве, в последующем необходимо улучшение азотного питания. Содержание основных элементов питания под посевами сахарной свеклы в фазу 3х-4х пар настоящих листьев представлены в виде уравнений регрессии (таблица 1)

Таблица 1. Влияние возрастающих норм удобрений на содержание подвижных элементов питания под посевами сахарной свеклы в период 3х-4х пар листьев, мг/ кг. Слой 0-30 см. Гибрид Авантаж, 2015 г.

Вариант	Кодированные нормы удобрений							Уравнения регрессии
	0	30	60	90	120	150	180	
$N\text{-}NO_3$	28.7	33.8	35.9	37.5	38.8	40.0	41.1	$У=28,7+7,2\ (N)^{0,5}$
Прибавка	-	5.1	7.2	8.8	10.1	11.3	12.4	R=0,748
P_2O_5	15,5	24,7	33.5	42.4	51.4	60.4	69.3	У=15.5+17.9 Р+9,2(Н)
Прибавка	-	9.2	18.0	26.9	35.9	44.9	53,8	R=0,931
K_2O	301	336	350	362	371	380	390	$У=301+ 49,6\ (K)^{0,5} + 19,9\ (H)^{0.5}$
Прибавка	-	35	49	61	70	79	89	R=0,760

Содержание азота нитратов при применении возрастающих норм азотных удобрений увеличивается с увеличением доз применяемых удобрений от 33,8 до 41,1 мг/кг. При этом увеличение от применения азотных удобрений составило по отношению к контролю 5,1-12,4 мг/кг почвы. Данные уравнения регрессии показали, что на увеличение содержания подвижного фосфора в почве оказали влияние фосфорные и органические удобрения. Внесение возрастающих доз фосфорных удобрений способствовало повышению подвижного фосфора 24,7 - 69,3 мг/кг или в 1,6 - 4,5 раза выше против варианта без удобрения. Такое накопление подвижного фосфора в почве объясняется не только действием удобрений, а также усиленной минерализацией корневых остатков предшественника – люцерны. Сложившийся высокий уровень азотного и фосфатного режима почвы под посевами сахарной свеклы в ответственный период роста и развития растений оказал положительное влияние на урожайность сахарной свеклы. Закономерность действия возрастающих норм удобрений наблюдалась и содержание обменного калия в почве. На варианте без удобрения содержание подвижного калия составило 301 мг/кг, при увеличении нормы удобрений до 180 кг/га, согласно уравнения регрессии содержание обменного калия увеличилось до 390 мг/кг почвы, что на 80 мг выше, чем на контрольном варианте. Из уравнения регрессии видно, что на повышение калия в почве оказали калийные удобрения и навоз (таблица 1).

Удобрения в значительной мере оказали влияние на химический состав растений свеклы. Как показывают уравнения регрессии возрастающие нормы азотных удобрений оказали влияние содержание азота как в листьях так и в корнях.

Содержание азота в листьях $У=3,2+0,24(N)^{0,5}$ R =0.596

Содержание азота в корнях $У=1,5+0,2(N)^{0,5} -0.04\ (PK)^{0.5}$ R =0.596

Однако содержание азота в корнях свеклы снизилось при взаимодействии его с фосфорно-калийными удобрениями и носило затухающий характер. Содержание фосфора

в листьях колебалось от 0,57-0,74%, что в 1,3-1,6 раз выше, чем на контроле, коэффициент множественной корреляции при этом был на уровне (R=0,801), что указывает на достаточно высокую достоверность полученных результатов.

Содержание фосфора в листьях $y = 0.5 + 0.2 (P)^{0.5}$ $R = 0.801$

Содержание фосфора в корнях $y = 0.4 + 0.03 (PK)^{0.5}$ $R = 0.408$

Содержание калия в листьях $y = 3,4 + 0.2 (KH)^{0.5}$ $R = 0.418$

Содержание калия в корнях $y = 1.29 + 0.2 K$ $R = 0.554$

Показателем эффективности удобрений может служить величина потребления их в период роста и развития. Применение возрастающих норм удобрений улучшая питательный режим почвы, положительно сказалось и на потребление основных элементов питания растениями сахарной свеклы (таблица 2).

Таблица 2. Влияние возрастающих доз удобрений на потребление элементов питания растениями свеклы в фазу 3-х-4х пар листьев, в г на 50 растений

Элементы питания	кодированные дозы удобрений							Уравнение регрессии
	0	30	60	90	120	150	180	
Азот	7,0	8,3	8,8	9,3	9,7	10,0	10,3	$У=6,7+ 1,9 (P)^{0,5}$ R=0.6399
Фосфор	1,0	1.5	1.7	1.8	2.0	2.1	2.2	$У=1.0+ 0.7 (P)^{0,5}$ R=0.8251
Калий	7.4	8.0	8.2	8.4	8.5	8.7	8.8	$У=7.4+ 1.1 (NK)^{0,5}$ R=0.5881

Полученные уравнения регрессии показывают, что на потребление азота и фосфора оказали фосфорные удобрения, а потребление калия возрастало от взаимовлияния азота и калия. Надо отметить, что в накоплении биомассы сахарной свеклы также отмечено, что увеличение прироста биомассы была пропорциональна применяемых доз фосфорных удобрений. Наибольшая сухая биомасса сахарной свеклы получена при дозе фосфора в 180 кг/га, 330,6 г на 50 растений, против 234,7 г на варианте без удобрения.

В результате регрессивного анализа урожайности корней свеклы получены производственные функции эффективности минеральных удобрений, характеризующую количественную зависимость урожая от доз и соотношений минеральных удобрений, уравнение регрессии показывает высокую эффективность фосфорных и азотных удобрений и снижение урожайности корнеплодов свеклы от взаимовлияния азотно-фосфорных удобрений и навоза.

Таблица 3. Влияние возрастающих норм удобрений на урожайность сахарной свеклы, ц/га

Вид Удобрения	Кодированные нормы удобрений							Уравнение регрессии
	0	30	60	90	120	150	180	
Азотные	326	387	412	432	448	463	476	$У= 326+62P+86(N)^{0.5} - 65(NP)^{0.5}- 25(PH)^{0.5}$ R= 0.6824
Прибавка	-	61	86	106	122	137	150	
Фосфорные	326	357	388	419	450	481	512	
Прибавка	-	31	62	93	124	155	186	

Из уравнений регрессии видно, что урожайность свеклы находилась в прямой зависимости от действия фосфорных удобрений. Действие азотных, азотных совместно с фосфорными носило затухающий характер, то есть с увеличением норм удобрений их эффективность снижалась. Влияние азотных удобрений способствовало увеличению урожайности корнеплодов сахарной свеклы по сравнению с контролем на 61-150 ц/га, или на 15,8-31,5%. Высокая прибавка урожайности отмечена от доз фосфорных удобрений от

31-186 ц/га, при этом увеличение по сравнению с контрольным вариантом колебалось от 8,7 до 36,3%.

Снижение урожая сахарной свеклы от взаимовлияния азотно-фосфорных удобрений наблюдалось при высоких дозах азотных удобрений.

Важным показателем качества корнеплодов сахарной свеклы и эффективности удобрений является содержание сахара и сбор сахара с единицы посевной площади. Уравнение регрессии описывающие зависимость содержания сахара в корнеплодах свеклы показало, что содержание сахара в корнеплодах прямо пропорционально нормам применяемых фосфорных удобрений.

Содержание сахара в корнеплодах, % У= 15.2+0.14 Р

Таблица 4 – Влияние возрастающих норм удобрений на сбор сахара, т/га

Удобрение	Кодированные дозы удобрений							Уравнение регрессии
	0	30	60	90	120	150	180	
Азотное	5.3	5.4	5.6	5.7	5.9	6.0	6.2	У= 5.3+3.0N- -15.2K+24.0$(K)^{0.5}$ R= 0.600
Прибавка	-	0.1	0.3	0.4	0.6	0.7	0.9	
Фосфорное	5.3	5.3	6.1	6.1	5.6	5.6	4.8	
Прибавка	-	-	0.8	0.8	0.3	0.3	-	

Положительное влияние на сбор сахара с гектара оказали азотные удобрения. При норме 180 кг/га сбор сахара с одного гектара посевов составил 6.2 т/га. При применении калийных удобрений в норме 60 кг/га выход сахара составил 6.1 т/га. То есть, на почвах со средним уровнем обеспеченности обменным калием, калийные удобрения проявляют высокую эффективность.

Заключение

На орошаемых светло-каштановых почвах в условиях многофакторного опыта установлено, что с увеличением норм вносимых фосфорных удобрений содержание подвижного фосфора в светло-каштановой почве с низкой обеспеченностью подвижным фосфором существенно повышает содержание подвижного фосфора в почве.

Установлена тесная коррелятивная связь между содержанием фосфора в листьях сахарной свеклы (R=0,8014) и потреблением фосфора растениями свеклы (R=0.8251) в фазу 3х-4х листьев. Показано, что на таких почвах урожайность сахарной свеклы зависела от азотных и фосфорных удобрений, и при норме 180 кг/га составила 476 ц/га при применении азотных удобрений и 512 ц/га при применении фосфорных удобрений.

Литература

1. Богомазов Н.П., Шильников И.А., Солдатов С.М. Урожай сахарной свеклы и вынос элементов питания на выщелоченных черноземах ЦЧЗ в зависимости от доз и соотношений минеральных и известковых удобрений. // Агрохимия.1990. № 10. С. 43-49.

2. Вислобокова Л.Н., Иванова О.М., Джабраилов А.А . Оптимальные нормы удобрений под сахарную свеклу в условиях Тамбовской области. // Сахарная свекла. 2013. № 4. С. 7-8.

3. Иванина В.В., Зацерковная Н.С., Шиманская Н.К., Савчук К.А. Влияние норм и соотношения элементов питания на урожайность. // Сахарная свекла. 2013. № 4. С. 13-14.

Мәметжан Н.Ш.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫСЫНДА МИНЕРАЛДЫҚ ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫҢ ҮДЕМЕЛІ МӨЛШЕРІНІҢ ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫНЫҢ ӨНІМДІЛІГІНЕ ӘСЕРІ

Суармалы ашық-қара қоңыр топырақтарда минералдық тыңайтқыштың үдемелі мөлшерін бере отырып қант қызылшасының қоректік элементтерге бай және биомассасы жоғары өнім алу. Регрессия теңдігі есептелінді және осы көрсеткіштердің тығыз корреляциялық байланысымен қатар қант қызылшасының қанттылығының өнімділігі көрсетілді.

Кілт сөздер: қант қызылшасы, минералды тыңайтқыштар, қоректік элементтер, өнімділік, қанттылық, регрессия теңдігі, корреляция.

Mametzhan Nesibeli Shermankyzy

INFLUENCE GROWING NORMS OF FERTILIZERS ON EFFICIENCY OF SUGAR BEET SOUTH-EAST OF KAZAKHSTAN

Established improving the nutritional regime of irrigated light-brown soils in making growing norms of mineral fertilizers, increased biomass accumulation and consumption of nutrients of sugar beet plants. Calculated regression equation and set a strong correlative relationship between these indicators and the yield of sugar beet and sugar harvest.

***Keyw*ords:** sugar beet, fertilizers, batteries, yield, sugar content, regression equation, correlation.

УДК 631.45.67

Досбергенов С.Н., Маликов М.А.

КазНИИ почвоведения и агрохимии им. У.У. Успанова г. Алматы

ТЯЖЕЛЫЕ МЕТАЛЛЫ В ПОЧВАХ МЕСТОРОЖДЕНИЯ КЕНКИЯК

Аннотация

Определен уровень содержания валовых и подвижных форм тяжелых металлов в светло-каштановых и пойменных почвах на территории нефтяного месторождения Кенкияк. Просложено распределение тяжелых металлов в почвенном профиле разрезов. Выявлено превышение уровня ПДК по подвижной и валовой форме свинца в верхних слоях. Отмечено превышение валовых форм цинка, меди и единичные превышения подвижных форм меди и цинка.

Ключевые слова: тяжелые металлы, нефтепродукты, ПДК, нефтешламы.

Введение

Нефтедобыче всегда сопуствует загрязнение тяжелыми металлами, значительная часть которых находится в промышленных сточных водах. При первичной обработке сырой нефти образуются твердые (замазученный грунт, асфальтосмолопарафиновые отложения, нефтешламы) отходы. В нефтешламах часто встречаются тяжелые металлы. Содержания некоторых тяжелых металлов в нефтешламах превышают допутимые

концентрации, поэтому по содержанию тяжелых металлов нефтешламы несут потенциальную опасность для окружающей среды. Более тяжелые мнефти и природные битумы отмечаются от обычных нефтей повышенным содержанием ряда металлов, вследствие чего они могут служить альтернативным сырьем для извлечения редких металлов. В указанных видах углеродногосырья и продуктах их переработки обнаружено более 40 микроэлементов: железо, никель, ванадий, аллюминий, натрий и другие. Это побудило ряд стран (США, Канада, Венесуэла, Швеция) организовать промышленное производство металлов из остатков переработки нефтей.

В уникальных по концентрации металлов нефтях Венесуэлы и Канады содержание ванадия и никеля составляет (т/га): Тиахуана – 288, Бачакере – 375, Лагунильяс – 260, Атабаска – 180, Джоба – 390. Зарубежом каждую пятую тонну ванадия получают из нетрадиционного сырья нефтей и битумов.

В тяжелых нефтях и природных битумах Западного Казахстана наиболее высокая концентрация ванадия приходится на месторождения полуострова Бузачи, причем она уменьшается в ряду; каражанбасская>бузачинская>каламкасская нефти. Содержание ванадия в нефтях Каражанбас достигает 300г/т, а на Каламкасе – не превышает 90 г/т.

При переработке нефти она приносят ущерб в окружающую среду, поскольку при сжигании топках тяжелого топлива вместе с дымовыми газами в атмосферу выделяется огромное количество различных соединений ванадия, обладающих соединений ванадия, обладающих сильным токсичным действием.

Как известно, тяжелые металлы – металлы с большой атомной массой или с удельным весом более 8 г/см^3 [1]. К ним относятся свинец, медь, цинк, никель, кадмий, кобальт, сурьма, висмут, ртуть, олово, ванадий, хром, серебро, золото, платина, железо, марганец, а также полуметалл мышьяк. В виду своей токсичности даже при относительно низкой концентрации, а также способности к биологической аккумуляции, все выше перечисленные тяжелые металлы относится к опасным химическим загрязнителем окружающей среды. Изучение накопления тяжелых металлов на территории месторождения Кенкияк является актуальным.

Объекты и методы исследований

Объект исследования – почвенный покров нефтегазового месторождения Кенкияк Актюбинской области.

Цель работы: оценка современного почвенно-экологического состояния нефтезагрязненных почв месторождения Кенкияк.

Оценка почвенно-экологического состояния почв месторождения проводилась путем сравнительного изучения полнопрофильных ненарушенных целинных зональных почв и техногенно-измененных нефтезагрязненных, засоленных сточными промысловыми водами почв на территории месторождения. Исследования охватывали всю территорию месторождения площадью 3728,9 га. Для этого в 4-х цехах был заложен 21 почвенный разрез на разных типах почв, сделаны описания по генетическим горизонтам, отобраны почвенные образцы для исследований свойств почв.

В процессе исследований применялись полевой, сравнительно-экологический, аналитический, графический и другие методы. Определение форм тяжелых металлов в почве атомно-абсорбционным методом в модификации П.Г. Грабарова.

Результаты и их обсуждения

Источниками тяжелых металлов в почвах нефтепромыслов являются почвообразующие породы, органическая масса, а также сырая нефть и пластовые воды. Количество их определяется механическим и минералогическим составом гумуса, содержанием CO_2 карбонатов, pH среды и окислительно-восстановительными условиями. Среднее валовое содержвние тяжелых металлов в почвах (кларк) равна мг/кг: медь-20, цинк-50, свинец-16, кадмий-0,13, кобальт-10 и молибден-3. С учетом кларка предельно

допустимая концентрация валовых форм металлов в почвах принимается (мг/кг) : медь-5, цинк-30, свинец-20, кадмий-5, подвижных элементов, соответственно медь-3, цинк-23, свинец-6, кадмий-1.

Содержание валовых и подвижных форм тяжелых металлов в почвах Кенкиякского месторождения приведены в таблице 1.

Таблица 1 - Содержание тяжелых металлов в почве, мг/кг

№ разреза	Глубина взятия образцов, см	Валовые и подвижные содержание, мг/кг							
		Zn		Cu		Pb		Cd	
		ПДК	30,0 / 23,0	6,0 / 3,0		20,0 / 6,0		5 / 1	
		класс	1	2		1		1	
		Конц.	Доли ПДК	конц.	Доли ПДК	конц.	Доли ПДК	конц.	Доли ПДК
Цех №1 Р-1	0-3	51,2 / 1,9	1,70 / 0,08	14,8 / 1,0	2,46 / 0,33	15,2 / 2,9	0,76 / 0,48	1,2 / 0,1	0,2 / 0,1
	3-20	46,4 / 1,8	1,54 / 0,08	16,4 / 0,7	2,73 / 0,23	18,0 / 1,6	0,9 / 0,26	0,8 / 0,1	0,16 / 0,1
	20-57	53,6 / 1,0	1,78 / 0,05	15,2 / 1,9	2,53 / 0,63	20,0 / 7,9	1,0 / 1,31	1,6 / 0,4	0,32 / 0,4
	57-100	44,8 / 1,3	1,49 / 0,06	16,8 / 2,5	2,8 / 0,83	15,2 / 5,4	0,76 / 0,9	1,6 / 0,4	0,32 / 0,4
Цех №1 Р-2	0-37	48,8 / 2,5	1,62 / 0,11	12,0 / 1,7	2,0 / 0,56	16,0 / 3,7	0,8 / 0,62	0,8 / 0,1	0,16 / 0,1
	37-75	69,2 / 1,9	2,30 / 0,08	15,6 / 1,0	2,6 / 0,33	19,6 / 2,7	0,98 / 0,45	0,8 / 0,1	0,16 / 0,1
	75-100	46,8 / 6,7	1,56 / 0,29	9,6 / 1,1	1,6 / 0,36	15,2 / 3,3	0,76 / 0,55	1,6 / 0,3	0,16 / 0,1
	100-160	41,2 / 2,9	1,37 / 0,13	10,4 / 1,4	1,73 / 0,46	16,0 / 2,0	0,8 / 0,33	0,8 / 0,2	0,32 / 0,3
Цех №3 Р-3	0-25	72,4 / 2,3	2,41 / 0,1	14,0 / 1,0	2,33 / 0,33	24,0 / 6,5	1,2 / 0,5	2,0 / 0,5	0,16 / 0,2
	25-47	78,8 / 1,7	2,62 / 0,08	15,5 / 1,5	2,6 / 0,5	33,2 / 4,1	1,66 / 0,68	0,8 / 0,2	0,4 / 0,5
	47-72	68,0 / 1,2	2,26 / 0,08	13,6 / 1,8	2,26 / 0,6	30,4 / 6,3	1,52 / 1,05	8,0 / 0,5	0,2
	72-100	68,0 / 1,0	2,28 / 0,04	18,0 / 1,1	3,0 / 0,36	33,2 / 6,7	1,66 / 1,12	2,0 / 0,5	0,16 / 0,5
Цех №3 Р-5	0-5	67,6 / 1,6	2,25 / 0,07	15,6 / 1,5	2,6 / 0,5	34,0 / 5,9	1,7 / 0,98	2,0 / 0,6	0,4 / 0,5
	5-65	68,8 / 0,6	2,29 / 0,03	16,0 / 1,1	2,66 / 0,36	30,4 / 2,9	1,52 / 0,48	1,6 / 0,4	0,4 / 0,6
	65-100	64,4 / 1,7	2,14 / 0,08	15,2 / 2,1	2,53 / 0,7	40,8 / 16,9	2,04 / 2,82	3,2 / 0,6	0,32 / 0,4
Цех №3 Р-8	0-5	64,4 / 1,1	2,14 / 0,08	15,2 / 2,1	2,53 / 0,7	40,8 / 16,9	2,04 / 82,82	3,2 / 0,6	0,64 / 0,6
	5-20	66,4 / 1,6	2,21 / 0,07	12,0 / 3,0	2,0 / 1,0	42,8 / 7,9	2,14 / 1,32	1,6 / 0,5	0,32 / 0,5
	20-60	67,2 / 1,6	2,24 / 0,07	13,6 / 2,4	2,26 / 0,8	40,0 / 7,4	2,00 / 1,23	1,6 / 0,7	0,32 / 0,7

	60-100	66,0 0,8	2,20 0,04	13,6 2,2	2,26 0,73	36,8 7,0	1,84 1,16	2,4 0,7	0,48 0,7
	100-130	69,2 0,7	2,30 0,03	16,0 2,1	2,66 0,7	50,4 5,0	2,52 0,83	2,4 0,3	0,48 0,3
Цех №2 Р-11	0-18	69,6 2,1	2,32 0,09	13,2 2,8	2,2 0,93	23,6 9,2	1,18 1,53	1,6 0,5	0,32 0,5
	18-50	74,0 2,2	2,46 0,1	14,8 3,0	2,46 1,00	31,6 9,5	1,80 1,58	2,4 0,8	0,48 0,8
	50-70	64,4 2,1	2,14 0,09	12,8 3,3	0,43 1,1	26,0 8,1	1,3 1,35	1,6 0,6	0,32 0,6
	70-100	67,6 2,3	2,25 0,10	18,4 3,4	3,06 1,13	28,8 8,3	1,44 1,39	3,6 0,8	0,72 0,8
Цех №4 Р-9	0-8	71,6 3,6	2,38 1,2	10,8 2,5	1,80 0,83	44,8 7,2	2,24 1,2	1,6 0,6	0,32 0,6
	8-38	62,4 2,0	2,08 0,66	11,2 2,5	1,86 0,83	35,2 6,5	1,76 1,08	1,6 0,6	0,32 0,6
	38-68	58,4 0,8	1,94 0,04	10,4 2,3	1,73 0,76	34,0 6,7	1,70 1,12	1,6 0,4	0,32 0,4
	68-110	56,8 1,2	1,89 0,05	11,2 2,6	1,86 0,86	38,0 5,4	1,90 0,9	2,0 0,5	0,4 0,5
Цех №4 Р-10 целина	0-9	5,0 1,1	1,66 0,05	8,8 2,2	1,46 0,73	33,2 1,4	1,66 0,23	2,0 0,2	0,4 0,2
	9-34	60,0 0,4	2,0 0,02	12,8 2,4	2,13 0,8	36,8 3,5	1,84 0,58	0,8 0,2	0,16 0,2
	34-88	38,8 0,9	1,29 0,04	8,8 2,5	1,46 0,83	37,2 6,3	186 1,05	1,2 0,4	0,24 0,4
	88-130	45,2 0,7	1,50 0,03	8,8 2,5	1,46 0,83	34,8 4,8	1,74 0,8	2,0 0,4	0,4 0,4

Примечание: в числителе – валовые содержание, в знаменателе – подвижные содержание

Анализ данных позволяет сделать вывод об увеличении общего загрязнения территории тяжелыми металлами между фоновыми значениями и подвижными формами Zn Cu Pb и Cd.

В распределении микроэлементов в исследуемых почвах наблюдается такая закомерность: содержание микроэлементов в верхнем 0-30см слое распологается в следующем убывающем ряду: Zn > Cu > Pb > Cd - (цех №1); Pb > Cu > Zn > Cd - (цех №2); Pb > Zn > Cu > > Cd - (цех №3); Pb > Cu > Zn > Cd - (цех №4); Cu > Pb >: Zn > Cd- (целина). Отсюда вытекает, что процесс загрязнения содержания свинцом повышается во всех цехах. Наиболее высокое значения свинца набюдалось в цехе №2, где его значение колеблется от 8,1 до 9,5. Между цинком и медью происходит чередование в зависимости от стени загрязнения площади. Чем выше степень загрязнения, тем выше содержание цинка. Это связено с тем, что миграция элементов в этих почвах происходит в щелочной среде, что ограничивает подвижность таких элементов как медь, цинк и кобальт. Но в количественном отношении все перечисленные микроэлемены во всех цехах возрастает, так как с подземным геохимическом мигрирует в Темир.

Соотношение микроэлементов Zn: Cu: Pb : Cd выражается следующим образом: а) в цехе №1-14,5:7:10:1, б) цехе №2 – 4,2:5,6: 18,4 :1, в) цехе №3 – 4,6:2:13:1, г) цехе №4 – 3,3: 4,1:10,8:1, на целине – 5,5 11 7:1.

При сравнении соотношения этих микроэлементов в процессе загрязнения вытекает, что о относительное содержание : Zn, Cu, Pb на территории цеха №1 возрастает. Кобольт особого изменнеия не претерпевает. На территории цеха №2 относительное содержание цинка превышает медь в два раза. В цехе №4 относительное содержание остается минимальным. На целине доминирующую роль играет медь, которая превышает цинка в 2 раза. Перемежаемость окислительно-восстановительных условии и обмене органических веществ в пойме р. Темир создают блогоприятные условия для образования и миграции двууглекислых и органоминеральных комплексных соединений восстановительных форм железа, маганца, и их спутников – никеля, кобальта.

Для понимания миграционных процессов и оценки токсичности тяжелых металлов необходимо не просто определить их содержание в исследуемой среде, но и дифференцировать формы металлов в зависимости от химического состава и физической структуры: окисленые, восстановленные, металлированные, хелатированные. Кроме того, растворимые в воде окисленые компоненты нефти могут обладать токсическим действием. В почвах формы нахождения, трансформации и миграции соединений тяжелых металлов зависят от физико-химических свойств почв, содержания гумусовых веществ, характера произрастающей растительности. В гумусовом и иллювиальном горизонтах изучаемых почв можно отметить повышенное накопление: Zn, Cu, Pb, Cd В промежуточных почвенных горизонтах этих почв содержание указанных металлов снижается.

Для почв формирующихся в различных геохимических условиях на рассматриваемой территории, наблюдается довольно значительная природная дисперсия содержания отдельных химических элементов. Для сравнительной характеристики отдельных элементов использовалось понятие фоновое значение.

Превышение средних валовых концентрации в анализируемых пробах над фоновыми значенями отмечается по подвижнему цинку в 5 – 8 раза, по подвижной меди 1,1 – 1,3 раза, а у подвижного свинца в 2,8 -3,5 раза, по подвижному кадмию до 5 раза.

Заключение

В заключение надо отметить, что валовое содержание цинка в почвах территории цеха №1 составляет 51,2 -69,2 мг/кг, это выше фоновых значении и превышает ПДК в 2,3-2,8 раза. Валовое содержание свинца доходит до 43,6 мг/кг, а кадмия до 3,2 мг/кг. Они также превышают фоновые значения.

На территории цеха №2 в битуминозных солончаках отмечается увеличение концентрации меди и свинца соответственно до 1,13 и 2,82 ПДК. На территории цеха №2 в битуминированной солонцевато-солончаковатой почве отмечается увеличение концентрации свинца. Валовое содержание цинка, меди и кадмия также выше чем фоновые значения.

На территории цеха №4 отмечается возрастание концентрации свинца до 1,2 ПДК. Валовые содержание цинка, меди и кадмия содержиться в пределах фоновых значении Наиболее загрязнены тяжелыми металами битуминозные солонцевато-солончаковатые почвы первого цеха, который освоен 1966 году

В соответствии с " Инструкцией по осуществлению государственного контроля за охраной и использованием земельных ресурсов" (Алматы, 1996) и имеющимся наработками проведена оценка современного состояния почв по критериям и по степени значимости следующие:

Литература

1. Экологический энциклопедический словарь. М.: Ноосфера. 2002. 930 с.

Досбергенов С.Н., Маликов М.А.

КЕҢҚИЯҚ КЕН ОРЫНДАРЫНЫҢ ТОПЫРАҚТАРЫНДАҒЫ АУЫР МЕТАЛДАР

Кеңқияқ мұнай кен орнының ашық қара-қоңыр және жайылма топырақтарындағы ауыр металдардың жалпы және жылжымалы түрлерінің мөлшері анықталды. Топырақтың жоғарғы қабатында қорғасынның жалпы және жылжымалы түрлерінің ШРК-дан артуы тіркелінді. Сонымен қатар, мыс пен мырыштың жалпы және жылжымалы түрлерінің ШРК-дан бірлі-жарым артуы байқалды.

Кілт сөздер: ауыр металдар, мұнай өнімдері, ПДК, мұнай шламдары.

Dosbergenov S. N., Malikov M.A.

CONTENTS OF HEAVY METALS IN SOIL OF KENKIYAK DEPOSIT

On the territory of oilfield Kenkiyak defined levels of total and mobile forms of heavy metals in the light chestnut and floodplain soils. Excess of the MCL was found on the mobile and the gross form of lead in the upper horizons, the excess of the unit content of mobile forms of copper and zinc, as well as the identity of the gross form of zinc content in the soil.

Keywords: heavy metals, petroleum products, MPC, oil sludge.

ӘОЖ 631.4.631.45.

[1]Қозыбаева Ф.Е., [2]Екейбаева Д.П., [3]Кафарова М.

[1]Ө.О. Оспанов ат. Қазақ топырақтану және агрохимия ғылыми зерттеу институты,
[2]әль-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
[3]Қазақ Ұлттық Аграрлық Университеті

ЖАҢАТАС ФОСФОРИТ КЕН ОРНЫНЫҢ ҮЙІНДІЛЕРІНДЕ ӨСІМДІКТЕРДІҢ ӨЗДІГІНЕН ӨСУ ҮРДІСІ

Аңдатпа

Техногендік бүлінген жерлердің фитоценозы анықталып, сипатталды. Бүлінген жерлерді қалпына келтіруде өсімдіктің рөлі айқындалды және биологиялық рекультивация жүргізу үшін іс шаралар көрсетілді.

Кілт сөздер: үйінді, кен орны, өсімдіктің өздігінен өсуі, фитоценоз.

Кіріспе

Техногенездің дамуына қарай елеулі аудандарда топырақ жабындысының біртұтастығының елеулі түрде бұзылуы, тіптен толығымен жойылып кетуі жүреді, оның өзі жеке аумақтардың экологиялық жағдайына әсер етеді. Әсіресе, топырақ жабындысының кең ауқымда жойылуы пайдалы қазбаларды ашық, карьерлік әдіспен өндірген кезде болады, қазіргі кезде бүкіл өндірудің 70%-ы оның үлесіне тиеді. Пайдалы қазбаларды өндірудің карьерлік әдісінде түзілген өнеркәсіптік үйінділер ерекше техногендік аумақтарды білдіреді. Нәтижесінде өнеркәсіптік шөлейттер пайда болады, олар тасты, құрамында микроэлементтер (соның ішінде ауыр металдар) жоғары болып келеді, ұзақ уақыт бойы өсімдік өспейді.

Қазбаланған карьерлік алаңдар эрозия үрдісінің орталықтары болады және карьерлерге жақын орналасқан жер телімдері де пайдалануға жарамсыз болып қалады. Ортаны, яғни жер бетін және тау массивтерін бұза отырып, ашық тау-кен өндіру жұмыстары ландшафтарды өзгертеді. Өзінің климаттық жағдайы бойынша ландшафтарында өсімдік ресурстары аз шөл және шөлейт аудандардағы ашық тау-кен өндіру жұмыстарының топырақ жабындысын бұзу әрекетін ерекше атап өту керек. Өсімдік жамылғысынан айрылған бүлінген жерлердің кең ауқымдары атмосфераға көміртегі шығарылымдарының негізгі аймағы болып табылады, мұның өзі биосферадағы ғаламдық өзгерістердің артуына әкеледі.

Мақсаты: Жаңатас фосфорит кен орындарының үйінділерінде өсімдіктердің өздігінен өсу үрдісін зерттеу.

Зерттеу нысаны және әдістері

Зерттеу жұмысы Жамбыл облысы Жанатас фосфорит кен орнының техногендік-бүлінген ландшафтарында, өсімдік өздігінен өскен үйінділерде жүргізілді.

Фитоценоздарды зерттеген кезде геоботаникада қолданылатын әдістер қолданылды: 1м^2 немесе 100м^2 аудан бірлігінде өсетін өсімдік түрлерінің мөлшері; фитоценоздардағы түрлердің сандық ара қатынасын анықтау Друде шкаласы бойынша және көз мөлшермен бағалау әдісі (өсімдіктің топырақ бетін жауып жатқан ауданын анықтаумен) бойынша жүргізілді. Флораның түрлік құрамын есептеу өсімдік топтарын сипаттау процесінде өсімдік түрлерін тіркеу әдісімен жүзеге асырылды. Өсімдік жамылғысының сукцессия процесін зерттеу өсімдіктің алмасу барысын тікелей бақылау әдісімен, бұрынғы сипатталған өсімдіктерді қазіргі кезде өсіп тұрған өсімдіктермен салыстыра отырып сипаттау арқылы жүзеге асырылды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау

Табиғи өсімдік жабынының құрамы мен биологиялық ерекшеліктері бойынша өнеркәсіптің әсерінен бүлінген жерлердің қайта қалпына келтірудегі жұмыс бағыты туралы айтуға болады. Топырақ түзілу үрдісі өсімдіктің алуан түрлілігі мен сол жерде өсу жылдамдығына тікелей байланысты болады. В.В.Тарчевский [1] зерттеулері өнеркәсіптің пайдаланған жерлерінде өсімдіктің өздігінен өсу үрдістерін есепке алмау өнеркәсіп үйінділерін, карьерлерін көгалдандырған кезде елеулі қателіктерге әкеліп, уақыт пен қаражаттың босқа шығындалуына әкелуі мүмкін екенін көрсетті. Жоғары өнімді және мәдени биоценоздармен тығыз қоршалған техногендік ландшафтарда өнеркәсіптің қызметі нәтижесінде жойылған биогеоценоздардың қалпына келуі тез қарқынмен жүреді [2, 3, 4].

Қазіргі кезде өнеркәсіптік үйінділерде, карьерлерде адамның қатысуынсыз өсімдік жабынының қалыптасуы жайлы көптеген материалдар жиналған [5, 6, 7, 8].

Биологиялық рекультивация бойынша ең алғашқы жұмыстар карьерлерде өсімдіктердің табиғи жолмен өсе бастау процестерін ескере отырып 1950-1951 жылдары Донбасста басталған болатын.

Табиғи жолмен өсімдіктердің карьерлерде өсе бастауының сипаты мен қарқыны өңделген жердің жасына, жер бедерінің ерекшелігіне, климатқа, қоршаған ортаның әсеріне тікелей байланысты.

В.В.Тарчевскийдің [1] басшылығымен жүргізілген жұмыстарда өнеркәсіп үйінділерінде өсімдіктердің табиғи жолмен өсуі үрдісіне толық талдау берілген. Өндірістік кәсіпорындардың аймағындағы өсімдіктің морфогенез сипаты, фотосинтез, биохимиялық құрамы жағынан елеулі ауытқулары болатыны анықталған. Өсімдіктің табиғи жолмен өсу қарқыны мен сипаты карьердің өңделу уақытына, жер бедерінің ерекшелігіне, климатқа, қоршаған ортаның әсеріне байланысты. Техногендік ландшафтарда өсімдік жабынының пайда болуын В.Н.Сукачев [9] сингенез, ал өсімдік жабынының қалпына келуін денудация деп атады. Техногендік ландшафтардың өсімдігінің табиғи жолмен өсуін зерттеушілердің

[10, 11] көрсетуі бойынша, техногендік ландшафтарда өсімдіктердің дамуы сингенез бойынша, яғни бірнеше кезеңде: пионерлік, қарапайым, күрделі топтану, Шенников бойынша [12] диффуздық бірлестік түрінде жүреді. Техногендік ландшафтарда өсе бастаған алғашқы өсімдіктерді, яғни пионерлік өсімдіктерді кең түрде таралған өсімдіктер анемохоралар яғни арам шөптер құрайды, оларда өсімді, яғни вегетативті көбею дамыған, олардың мал қорегі үшін құндылығы жоқ. Тек тез көбейеді, тез таралады. Өсімдіктің өсімді жолмен таралуы техногендік ландшафтардың жылжымалы тұрақталмаған субстратында тұқыммен көбеюдің жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілмегенін көрсетеді. Н.Т.Бекарьевич [2] зерттеулерінің көрсетуі бойынша екінші және үшінші жылы техногендік ландшафтарда фитоценоздардың шұбарланып өскен кезеңі байқалады, онда дәрілік бақ-бақ сияқты рудералды түрлер басым болады, ценофобтардан аздаған мөлшерде өгейшөп кездеседі. Бұл кезең тұқымы жел арқылы таралатын түрлермен сипатталады, дегенмен де осы кезеңде фитоценоздың қалыптасуында өте үлкен рөл атқаратын фитоортаның қалыптасуы жүреді.

Кейбір ғалымдардың [13, 14] зерттеулерінің көрсетуі бойынша техногендік ландшафтарда пайда болатын өсімдік бірлестігінің өсуі мен құрамы климатқа, су режиміне, субстраттың минералды қоректік элементімен және азотпен қамтамасыз етілуінің жеткіліксіздігіне байланыстылығы техногендік ландшафтарда өсімдік өсуіне, әсіресе алғашқы кезеңде өсімдік жабынының қалыптасуына қиындықтар туғызады.

Сонымен, климаттық аймаққа, бүліну типіне, ашылған жыныстардың түрлеріне тәуелсіз техногендік ландшафтарда өсімдіктердің табиғи жолмен өсуі баяу қарқынмен жүреді және өсімдіктің табиғи жолмен өсуі техногендік ландшафтардың өсімдігінің толығымен қалпына келтірумен қамтамасыз ете алмайды. Көптеген ғалымдардың [15] зерттеулері нәтижесінде жойылған өсімдік жабынының толық қайта қалпына келуі үшін 20 жылдан 50, тіптен одан да көп жылдар керек екені анықталды.

Жанатас кен орны маңындағы техногендік-бүлінген ландшафтар доломитті жыныстардан тұрады. Осындай құнарсыз, тіршілік үшін қолайсыз үйінділерде өсімдіктің өздігінен және жасанды жолмен өсуі мүмкін емес деген ой туады. Бірақ осындай жерлерде де өсімдіктің өздігінен, табиғи жолмен өсуі байқалады. Үйінділерге айналасындағы аймақтардан жел арқылы өсімдіктердің тұқымдары келіп түседі де, тұқымдар қолайлы жағдайға тап болып, өсіп-өне бастайды.

Өсімдік біртұтас жүйе ретінде белгілі түрдің әр түрлілігімен, биомассасымен және бірлестіктің өнімділігімен сипатталады, өсімдіктер бірлестігінің табиғи экожүйелерінің үлкен құбылымдығы кезінде олардың әрқайсысында түрлер жиынтығы болады, олар фитоценоздардың өзгешелігін анықтайды; соңғысы климаттық және эдафикалық жағдайларға тәуелді болады; бірлестіктің құрамы сукцессияның ерте кезеңдерінде кездейсоқ факторлардың үлкен әсерінде болады, бірлестіктің өмірін бақылап отырушы негізгі факторының ішкі қасиеттері болып табылады: өсімдіктер сукцессиясы биогеоценоздың толықтығы, оның жер бедеріндегі орны және антропогендік әсер етудің түрі бойынша әр түрлі болып келеді; олар біріншілік және екіншілік болып бөлінеді; биогеоценоздың нөлдік жағдайдан бастап дамуы, босаған топырақ грунттарының бетінде өсімдік бірлестігінің қалыптасуы біріншілік сукцессия деп аталады; бір немесе бірнеше компонеттердің бұзылуы, биогеоценоздың алғашқы қалпына келіп оралуы немесе оның дамуы қандай болса да жаңа бағытта қозғалысы екіншілік сукцессия деп аталады. Біріншілік сукцессия кезінде өсімдіктердің дамуы сингенез типі бойынша жүреді, яғни аумақтық өсімдіктер басады. Бұл процесс кезінде өсімдіктердің арасында белгілі бір аумақ үшін күрес жүреді және олардың арасында белгілі бір қатынастар қалыптасады. Техногендік сукцессияны сипаттау үшін көптеген мамандар Л. Г: Шеннинковтың ұсынған схемасын қолданады. Ол үшін өсімдіктердің техногендік топырақ грунттарында қалыптасуы үш негізгі кезеңге бөлінеді: 1) өсімдіктердің арасында өзара байланыстар

болмайтын пионерлік топтар; 2) өсімдіктердің арасында белгілі бір қатынастар пайда болатын, бірақ бірлестіктердің таралу кейпі фрагменттік болатын топтасып өсу бірлестігі; 3) өсімдіктер арасындағы қатынастардың кейпі аралас болып келетін және жеке түрлер арасындағы бөліну бірлестіктің арасындағы элементтер бәсекелестігінің деңгейіне сәйкес келетін диффузиялық бірлестік. Біздің зерттеу жұмыстарымыздың көрсетуі бойынша үйінділерде өсімдіктің өздігінен қалыптасу процесінде қалыптасудың екі кезеңін айтуға болады: пионерлік топтасу және топтасып өсу бірлестігі.

Міне, сонымен климаттық аймаққа, бүліну типіне, ашылған жыныстардың түрлеріне тәуелсіз техногендік ландшафтарда өсімдіктердің табиғи жолмен өсуі баяу қарқынмен жүреді және өсімдіктің табиғи жолмен өсуі техногендік ландшафтардың өсімдігінің толығымен қалпына келтірумен қамтамасыз ете алмайды.

Фитоценоздардың жер бетіндегі және жер астындағы бөліктерінің өнімділігін анықтаудың көрсетуі бойынша жас топырақтарда өсетін өсімдіктердің тамыр массасының негізгі бөлігі 0-10 см тереңдікте орналасады. Статистикалық талдау өсімдіктің жер астындағы және жер үстіндегі бөліктерінің өзгешелігін анықтауға көмектесті, өсімдік жамылғысы біркелкі таралмаған. Тамырлар биомассасының вариациялық коэффициенті 36-71 % шамасында, 6-қазба шұңқырда вариациялық коэффициент ең жоғарғы мәнге жетеді (71%). 9-қазба шұңқыр маңынан жиналған пішенінің вариациялық коэффициенті 79,8 %-ды құрайды. 7-қазба шұңқыр маңынан жиналған өсімдік түсімінің вариациялық коэффициенті 95,5 %-ды құрайды. Аймақтық топырақтағы тамырлар биомассасының вариациялық коэффициенті 38,2-66,1 % шамасында. Біздің зерттеу жұмыстарымыздың нәтижесінде зерттеу нысанында өсімдіктердің бірнеше тұқымдастары анықталды. Соның ішінде, бұршақ тұқымдастардан *(*Leguminosae*)* 3 өсімдік анықталды. Олар: шеңгел (Halimodendron halodendron (Pall) Voss), есек мия (Goebelia pachycarpa (schrenk) Bge.), түйе жоңышқа (Melilotus dentatus (w. et. K.) Pers. Күрделігүлділер тұқымдасынан (Compositae) 7 өсімдік анықталды. Олар: зиягүл (Senecio dubius Lebed.), шағыр жусан (Artemisia scoparia wold st. et Kit), мақсыр (Carthamus lanatus L.), аңдыз (Verbascum thapsus L.), сиверская жусаны (Artemisia sieversiana wild), жусан (Artemisia sublessingiana (Kell.) Krasch.), ной зиягүлі (Senecio noeamis Rupr.). Дәнділер тұқымдасынан (Gramineae) 2 өсімдік анықталды. Олар: бетеге (Festuca Sulcata Hack), қылқан (Taeniatherum critinum (Schreb.) Desf (Hordeum crinitum) (Schreb.) Desf). Шаршыгүлділер тұқымдасынан (Cruciferae) 1 өсімдік – сармала (Descurainia Sophia (L) Schur.), ерінгүлділер тұқымдасынан (Labiatae) 1 өсімдік - көкемарал (Ziziphora bungeana Jus.), қылшалар тұқымдасынан (Ephedraceae) 1 өсімдік (қызылша (Ephedra intermedia Echrenfc.)), қалампыргүлділер тұқымдасынан (Caryophyllaceae) 1 өсімдік, кемпір шөп (Acantholimon minshelkense Pavl.), қарақұмықтұқымдастар тұқымдасынан (Polygonaceae) 1 өсімдік, қаратау түйесіңірі (Atraphaxis karataviensis Lip sch. Et. Pavl.), алаботалар тұқымдасынан 1 өсімдік Коровин түйеқаңбағы (Corispenmum Korovinii Zljin.) анықталды.

Қорытынды

1. Қорыта келгенде, Жанатас кен орнының үйінділерінде осы аймаққа тән өсімдік түрлерінің өздігінен өсу үрдісі жүруде. Жанатас кен орнының үйінділерінің құнарлылығын қалпына келтіру үшін, осы үйінділерде аймақтық өсімдіктерді пайдалана отырып, биологиялық рекультивация жүргізілуге тиіс. Биологиялық рекультивация жұмысын жүргізу үшін, сол аймақтың климаттық жағдайына бейім, құрғақшылыққа төзімді өсімдіктердің тұқымы пайдаланылуға тиіс. Мысалы, үйіндіде астрагал өсімдігі өте жақсы өседі, гүлдеп, тұқым береді. Сондықтан осы өсімдікті үйіндіде биологиялық рекультивация жүргізген кезде пайдалануға болады.

2. Кен орнының үйінділері техногендік-бүлінген жерлерде өсімдіктің табиғи өсу дәрежесі бойынша бүлінген экожүйені табиғи жолмен игеруге қатысатын өсімдіктердің

биологиялық өнімділігінің нәтижелерін көрсетеді және ең алдымен топырақ түзілу үрдісін және техногендік-бүлінген жерлерді игерудегі өсімдіктердің рөлін көрсетеді.

3. Зерттеулердің көрсетуі бойынша өсімдіктер үйінділерде жеке топтанып орналасады. Осыған байланысты топырақтүзілу үрдісі әлсіз және баяу жүреді. Өсімдік өздігінен өскен телімдер бойынша үйіндінің топырақ грунттарын зерттеу өсімдік бірлестіктерінің топырақ грунттарымен өзара тығыз байланыс бар екенін көрсетті. Топырақ грунттарында қазылған қазба-шұңқырлардың морфологиялық белгілерінде өзгерістер байқалады. «Жаңатас» кен орнының өсімдік өздігінен өскен үйінділерінде бастапқы топырақ түзілу үрдістері анықталды. Өсімдік бірлі-жарымды өскен телімдерде топырақ түзілу үрдісі мүлдем жүрмейді не болмаса өте әлсіз жүреді. Барлық қазба-шұңқырлардың кескіндері бойынша қысқа қабаттарға бөлінгені байқалады. «Жаңатас» үйінділері осында өсетін өсімдіктердің түрлік алуан түрлілігімен өзгешеленеді. Бұршақ тұқымдас өсімдіктерден (астрагал), күрделігүлділер тұқымдастарынан (жусанның түрлері), шаршыгүлділер тұқымдастарынан (бетеге), қылша тұқымдастарынан (эфедра) және астық тұқымдастардың түрлері кездеседі.

Әдебиеттер

1. Тарчевский В.В. Изучение естественной растительности как необходимый этап биологической рекультивации отвалов при открытой добычи бурых и каменных углей // В сб.: Растения и промышленная среда. 1968. - С.19-27.
2. Бекаревич Н.Т. Основные результаты исследований по биологической рекультивации земель, нарушенных горнодобывающей промышленностью// В сб.: Экологобиологические и социально-экономические основы с/х рекультивации в степной черноземной зоне УССР. Днепропетровск. 1984. - Т.49. - С.12-33.
3. Бондарь Г.А., Додатко Э.Л. Сингенетические сукцессии растительного покрова на породах надугольной толщи Александрийского месторождения. //В сб.: Рекультивация земель. Днепропетровск. 1974. -С. 50-61
4. Куприянов А.Н. Естественное зарастание отвалов Карагандинского угольного бассейна и их фитомелиорация. Автореферат...дисс. к.б.н. - Алма-Ата. 1982. 21 с.
5. Моторина Л.В. Естественное зарастание отвалов открытых разработок //В сб.: Растительность и промышленное загрязнение. Свердловск. 1970. –С. 11-112.
6. Кандрашин Е.Р. Сингенез и продуктивность естественной растительности и полукультурфитоценозов на отвалах угольных разрезов Кузбасса //В сб.: Почвообразование в техногенных ландшафтах. Новосибирск.: Наука. 1979. - С.163-172.
7. Козыбаева Ф.Е., Бейсеева Г.Б., Лапшина М.С. Естественные фитоценозы техногенных лессовых пород //Проблемы рекультивации нарушенных земель. Свердловск. 1988. - С.39-40.
8. Колесников Б.П., Моторина Л.В. Проблемы оптимизации техногенных ландшафтов//Современное состояние и перспективы развития биогеоценологических исследований. – Петрозаводск. 1986. – С. 80-100.
9. Сукачев В.Н. Идея развития фитоценологии //Советская ботаника. - М-Л. АНСССР, - №1—3, 1942. -С.5-14.
10. Гогатишвили А.Д. Особенности методики рекультивации земель в горных условиях //В кн.: Программа и методика изучения техногенных биогеоценозов. М.: Наука. 1978. - С.148-159.
11. Дзыбов Д.С. О самозарастании и ускорении // В сб.: Растительность и промышленная среда. Свердловск. 1979. - С.60-67.
12. Шенников А.П. Введение в геоботанику. Л., ЛГУ, 1964. 442 с.

13. Ижевская Т.И. Особенности развития корневых систем растений на отвалах буроугольных разработок //В сб: Проблемы рекультивации земель в СССР. Новосибирск. 1974. - 183 с.
14. Махонина Г.И. Первичные стадии почвообразования на промышленных отвалах Урала //В сб.: Освоение нарушенных земель. М.:Наука. 1976. - С.44-45.
15. Трофимов С.С. и др. Гумусообразование в техногенных экосистемах. Новосибирск: Наука. 1986. - 168 с.

Козыбаева Ф.Е., Екейбаева Д.П., Кафарова М.

ПРОЦЕСС САМОЗАРОСТАНИЯ РАСТЕНИЙ НА ОТВАЛАХ ФОСФОРИТОВОГО МЕСТОРОЖДЕНИЯ ЖАНАТАС

Определен и описан фитоценоз техногенно-нарушенных земель. Была определена роль растений в восстановлении нарушенных земель и даны мероприятия для проведения биологической рекультивации.
Ключевые слова: отвал, месторождения, самозарастания, фитоценоз.

Kozybayeva F.E., Ekeybayeva D.P., Kafarova M.

PROCESS OF OVERGROWTH OF PLANTS ON DUMPS OF THE FOSFORIT FIELD ZHANATAS

In article definition and the description plants tehnogenezis-broken lands are made. The role of plants in restoration of the broken earths has been defined and actions for carrying out biological recultivation are given.
Keywords: plow, field, overgrowing, phytocoenosis.

ӘОЖ 631.46.467

[1]Қозыбаева Ф.Е.,[2]Тоқтар М., [2]Оразбаев С.Ә.

[1]Ө.О.Оспанов ат. Қазақ топырақтану және агрохимия ғылыми зерттеу институты,
[2]Қазақ Ұлттық Аграрлық Университеті,

«КӨКЖОН» ФОСФОРИТ КЕН ОРНЫНЫҢ ТЕХНОГЕНДІК-БҮЛІНГЕН ЛАНДШАФТАРЫНДА ТОПЫРАҚТҮЗІЛУ ҮРДІСІНДЕГІ ТОПЫРАҚ ОМЫРТҚАСЫЗДАРЫНЫҢ РӨЛІ

Аңдатпа
Зерттеу деректері зерттелетін нысандарда микрозоофауна біртекті және аз екенін көрсетті. Үйінді жыныстарының зерттелген телімдерінде сауытты кенелердің Nothrus, Scheloribates өкілдері аз мөлшерде кездесті. Бұл топырақтың гидротермиялық режимімен байланысты. Үйінділер бойынша коллемболалардың мөлшерін зерттеу барлық зерттелген үйінділердің жыныстарында Anurida, Folsomiada өте аз мөлшерде кездесетінін көрсетті.
Кілт сөздер: топырақ омыртқасыздары, үйінді, микрозоофауна.

Кіріспе
Топырақтың жануарлар әлемі өзінің түрлік құрамы бойынша алуан түрлі болып келеді, ал олардың биомассасы Жердегі бүкіл жануарлардың массасынан біршама асып түседі. Ең көп кездесетіні буынаяқтылар тобы, олардың бұрын ғылымға белгісіз болған

жаңа түрлері ашылуда. Буынаяқтылардың ішінде ең кең таралған бунақденелілер класы, олардың үлесіне барлық түрлердің 70%-ы тиеді. Ересек бунақденелілер және олардың дернәсілдері топырақтардың барлық типтерінің тұрақты мекендеушілері болып табылады. Бірлестіктегі барлық тірі ағзалардың әр алуан топтарымен бірге олар топырақтың құнарлылығына себеп болатын, топырақтағы биологиялық үрдістердің тұрақты тепе-теңдігін қамтамасыз етуге қабілетті [1]. Топырақтың түйіршікті болуының өзі топырақ жануарларының қызметіне тікелей байланысты. Топырақтың құнарлылығын қалыптастыруға жануарлардың қатысу мәселесін зерттеу XIX ғасырдың 70-жылдарының аяғы мен 80-ші жылдарының басында басталды. Ағылшын энтомологы В.Кирби [2] өсімдік қалдықтарын ыдыратудағы жануарлардың (термиттердің) маңызын өз жұмысында алғаш рет көрсетті. Шұбалшаңдардың қызметі және олардың топырақтың құнарлы қабатының түзілуіндегі рөлін зерттеу ерекше орын алады. Осындай жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелерін бір мезгілде В. Гензен (Hansen, 1877) және Ч. Дарвин (1882) жариялады. Атап айтқанда Ч. Дарвин [3] ең алғаш Жердің топырақ жамылғысының қалыптасуының маңызды бір факторы ретінде топырақта мекендейтін омыртқасыздардың қызметін бағалады. Онымен қатарлас топырақ зерттеуші ғалым В.В. Докучаев [4] өзінің «Русский чернозем» деген еңбегінде, топырақты мекендейтін жануарлардың өте көп мөлшерін атап өте отырып, топырақтың құнарлылығын арттыруда, топырақ қабаттарының құрылымын жақсартудағы олардың рөліне ерекше назар аударған. Докучаевтың замандасы П.А. Костычев [5], эксперминттік зерттеулердің нәтижелеріне сүйене отырып, қара топырақтардың қалыптасуында жануарлардың елеулі рөл атқаратынын атап айтты. Топырақты зерттеуге осындай кешенді жол гумус түзелу үрдісінде биологиялық фактордың рөлін нақты бағалауға және топырақтану және зоология ғылымдары арасындағы тығыз байланыстардың дамуына жағдай жасады. Сондай-ақ абиотикалық және биотикалық факторлардың жиынтығы ретінде топыраққа қазіргі заманғы көзқарастың қалыптасуына себепкер болды. Алайда, топырақ түзу үрдісіндегі жануарлардың нақты рөлін бағалау кейінірек болды және ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы дақылдарын қорғау, топырақ құнарлылығын сақтау және өнімділікті арттырудың практикалық міндеттерін шешумен байланысты болды. Топырақ жамылғысы оны мекен етушілермен бірге әмбебап биологиялық сіңіруші, ластаушыларды бейтараптандырушы және әр түрлі органикалық заттарды минерализациялаушы рөлін атқарады [6]. Топырақтың бір шаршы метрінде екі мыңнан астам ірі топырақ омыртқасыздары тіршілік етеді [1]. Топырақта мекен ететін омыртқасыздар кешенінде органикалық қалдықтармен қоректенетін сапрофагтар жалпы зоомассаның 80%-дан астамын құрайды. Өз ішегі арқылы өсімдік және топырақ қалдықтарын өткізе отырып, сапрофагтар олардың механикалық ыдырауын жүзеге асырады және минералды массамен араластырады. Олар топырақтың қара шірінді қабатының түзілуіне ғана қатысып қоймайды. Сондай-ақ, топырақ кескіні бойынша органикалық заттардың жайғасуында да үлкен рөл атқарады. Сапрофагтар өсімдік қалдықтарының ыдырауын жылдамдатады. Олар өсімдік қалдықтарын тікелей өңдеп қана қоймайды, сондай-ақ микроағзалардың белсенділігін арттырады. Топырақ жануарлары болмағанда микробтар өсімдік қалдықтарын екі-алты есе баяу ыдыратады. Топырақтың беткі қабатына және топырақтың төменгі қабаттарына өз экскременттерін тарата отырып, топырақ жануарлары микробтардың тіршілігі және көбеюі үшін қолайлы жағдай жасайды. Сапрофагтардың ішегінде микрофлора өкілдерінің жаппай дамуы үшін қолайлы жағдай жасалады [7]. Органикалық заттың өзгеру үрдісінде жасұнықты ыдыратушылар және азотты бекітуші аммонификатор микроағзалардың әрекетінің маңызы өте зор. Топырақ омыртқасыздары микрофлораның барлық топтарымен сәтті селбесіп тіршілік етеді. Көптеген топырақ жануарлары органикалық қоректік заттармен бірге ішекте қоректің үгілуіне көмектесетін топырақтың минералды бөліктерін де жұтады. Шұбалшаңдардың, типулидтердің және

ірірек топырақ жануарларының ішегінде, сондай-ақ ұсағырақ жануарлар - энхитреидтер, коллемболалар ішегінде топырақтың минералды бөліктерінің органикалық заттармен араласуы жүреді, нәтижесінде өсімдіктің тамырына минералдық қоректік элементтердің түсуіне ең оңтайлы жағдай, өсімдік үшін қолайлы топырақ аэрациясы мен оның су режимін қамтамасыз ететін суға берік құрылымдық бөліктер түзіледі [8]. Өз ферменттерінің және селбесіп тіршілік ететін микроағзалардың ферменттерінің көмегімен топырақ омыртқасыздары жасушаның целлюлозалық компоненттерін ыдыратып, жасұнықпен күрделі қосылыстағы лигнинді босатып шығарады. Мұның топырақтағы органикалық қалдықтардың гумификациялану үрдісінің қарқынды жүруі үшін маңызы зор. Ас қорыту барысында топырақ омыртқасыздарының ішегінде өсімдік қалдықтарының ішінара минерализациялануы, ал кейбір топтарының ішегінде ішінара гумификациялануы жүреді. Жануарлар экскременттері — топырақ гумусын құраушылардың бірі. Жоғарыда аталған және басқа авторлардың зерттеу жұмыстарының көрсетуі бойынша топырақ жануарларының қызметі топырақ жамылғысының және топырақ құнарлылығының қалыптасуының негізгі факторларының бірі болып табылады. Ұсақ буынаяқтылар қайта құнарландырылған үйінділерде, өндірістің шығарылымдармен ластанған ормандарда экологиялық мониторинг міндеттерін шешу үшін жақсы индикаторлар болып табылады [9, 10]. Коллемболалар және аяққұйрықтылар кешенінің құрылымы топырақ-экологиялық және климаттық факторлардың ерекшеліктерін жақсы көрсетеді. Коллемболалардың көптеген түрлері белгілі бір биотоптарға немесе микростацияларға ұштастырылған, сондықтан аяққұйрықтыларды топырақ және өсімдік жамылғыларының қалыптасуын, органикалық қалдықтардың ыдырауын зерттеген кезде индикатор ретінде пайдаланылануға болады. Өнеркәсіптік ластануды биоиндикациялау үшін коллемболалар өткен ғасырдың 90-шы жылдарына дейін аз пайдаланылды, ал алынған деректер негізінен осы ластанулардың коллемболалардың жалпы мөлшеріне әсер етуіне қатысты болды. Алайда, өнеркәсіптік шығарылымдардың әсерінен орманда мекендейтін түрлердің популяцияларының тығыздығы азаяды, яғни топырақта мекендейтін түрлер тобы басқа формалармен алмасады. Эмиссияның әсерінен саны күрт қысқаратын немесе жойылатын белгілі бір биоценозға тән түрлердің де немесе саны күрт өсетін сирек кездесетін түрлердің де индикациялық маңызы болады. Эмиссия факторы тікелей әсер ететін немесе шектейтін кең түрде таралған түрлердің ең үлкен индикаторлық мәні болады [11].

Пайдалы қазбаларды ашық жолмен өндіру нәтижесінде «ай ландшафты» деп аталатын аумақтар түзіледі. Мұнда грунттардың физикалық және химиялық қасиеттері, гидробиологиялық режимі жойылады. Өсімдік жамылғысы, топырақ жабындысы және топырақ жануарлары жер бетіне шығарылған терең жыныстарда қайтадан қалыптасады.

Жұмыстың негізгі мақсаты: техногендік-бүлінген ландшафтарда топырақтүзілу үрдісіндегі микрозоофаунаны ең маңызды биоиндикатор ретінде қарастырып, үйінділер-дегі жас топырақтарда топырақ түзілу үрдісіндегі рөлін, олардың сандық және сапалық құрамын анықтау болды.

Зерттеу нысаны мен әдістері

Зерттеу жұмыстары Көкжон фосфорит кен орнының өнеркәсіптік үйінділерінде жүргізілді. Үйіндінің жас мөлшері - 50 жыл. Бұл үйінділер фосфориттерді өндіру барысында түзіледі. Үйінділерде топырақ мүлдем жоқ. Топырақ түзілу үрдісі бұл үйінділерде өте баяу жүреді. Үйінділер ескі және жас болып бөлінеді. Олар карьердің айналасын қоршап жатыр. Карьер бірнеше қабаттардан тұрады.

Материалдарды анықтап, есептеу үшін «Определитель насекомых Европейской части СССР». Ал кенелерді Буланова – Захваткинаның «Панцирные клещи и орибатиды» кітаптары қолданылды [12]. Соның ішінде сауытты кенелер мен аяққұйрықтылар, себебі оларды ғана эклектор әдісімен бөліп алуға болады. Әр варианттың 0-5 см, 5-10 см қабаттарынан топырақ үлгілері алынып, зерттелді. Топырақ үлгілерін алу барысында

кездескен мезофауналы жинау қолмен өңдеу әдісімен жүргізілді. Ал микрофауналы зерттеуге арналған топырақ үлгілерін зерттеу үшін Берлезе – Туллгрен термоэклекторы әдісі қолданылды. Мезофауналы есепке алу үшін 0,25 шаршы метр аудандағы топырақ үлгісін қолмен бөлшектеу әдісін пайдаландық. Мезофауна өкілдерінің дернәсілдерін 70°С спиртте жиналды, ал ересек насекомдарды қағаз қорапшаларға жинап, әрқайсысына этикетка жазылды.

Нәтижелер және оларды талқылау

Основной целью классификации является установление категорий водотоков и рек, отражающих их природные особенности, для обеспечения наиболее эффективной разработки водохозяйственных мероприятий в интересах рационального использования водных ресурсов.

В основу деления рек и водотоков на категории (большие,средние и малые) положены режимные особенности рассматриваемых объектов. Критериями классификации служат типичные признаки, отражающие эти особенности и выражаемые набором характеристик, непосредственно определяющих условия формирования стока.

В бывшем СССР в основном применялись два количественных критерия для классификации рек и водотоков на большие, средние и малые –длина реки и площадь водосбора. В Государственном стандарте 19179-79 (Гидрология суши, термины и определения, 1978) и в Энциклопедическом словаре географических терминов (1968) в качестве количественного критерия принята площадь водосбора. В многотомном издании материалов по водным ресурсам (Ресурсы поверхностных вод СССР), в качестве количественного критерия принята длина реки независимо от площади водосборов. Кроме того деления рек и водотоков на категории по длине реки приводятся в работах [1, 2].

Впервые в Казахстане более детально классификацией рек по длине было разработано Ф.В. Шкаликовым [3]. Речную сеть республики он разделил на 10 гидрографических бассейнов, распределив количество рек по интервалам длины и их суммарной протяженности. В таблице 1 приводится сводная ведомость длин речной сети Казахстана, при этом к малым рекам отнесены имеющие длину менее 50км.

Материалы и методы

Таблица 1- Сводная ведомость длин речной сети Казахстана

Интервалы длины ре, км	Количество рек	В процентах	Общая длина,км	в процентах
до 10	829	11,0	7440	3,6
11-20	4061	53,8	58196	28,2
21-50	2017	26,6	61064	29,6
51-100	433	5,8	29471	14,6
101-200	138	1,8	18794	9,0
>200	79	1,0	31644	15,3
Всего	7557	100	206610	100

Однако в этой работе указывая границу длин малых рек менее 50 км, не приводятся границы длин средних и больших рек. Попытка установить общую характеристику рек Казахстана по протяженности и интервалам расходов приводятся в работе С.С. Сахариева (таблица 2) [4].

Таблица 2 – Общая характеристика рек Казахстана

Характеристика	Количество рек
Протяженность, км ≥ 1000	4
≥ 100	155
Среднемноголетний расход, $м^3/с$	
$Q_0 \geq 500$	2
$Q_0 = 200\text{-}500$	3
$Q_0 = 100\text{-}200$	1
$Q_0 = 50\text{-}100$	7
$Q_0 = 10\text{-}50$	40
$Q_0 \leq 10$	Все остальные

Результаты исследований

Как видно из таблицы 2, по среднемноголетнему расходу рек республики разделены на 6 градаций. При этом не указываются, какие градации соответствуют малым, средним и большим рекам. Аналогичная ситуация наблюдается при делении рек по протяженности.

Приведенный анализ литературных источников показывает, что категории рек в основном определялись по одному из количественных критериев, которые отмечены выше, что является крайне недостаточным для оценки категории рек.

Для полноценной оценки категории рек, на наш взгляд, необходимо принять как минимум три количественных критерия из ниже перечисленных, гидролого – гидрографических показателей, это среднемноголетний расход, длина реки, площадь водосбора и среднемноголетний слой стока. Указанные показатели не трудно установить в многотомном издании материалов по водным ресурсам (Ресурсы поверхностных вод СССР) и из других справочно – нормативных документов.

При определении категории рек среднемноголетний расход является главной гидрологической характеристикой любой реки, поэтому он должен быть определяющим

количественным критерием при установлении категории рек. Другой важной характеристикой речной сети считается длина реки и не менее важной характеристикой является площадь водосбора реки, так как между средним многолетним расходом и площадью водосбора существует функциональная зависимость, а среднемноголетний слой стока зависит от среднемноголетнего расхода и площади водосбора реки.

Таким образом, указанные гидролого – гидрографические показатели являются основными характеристиками любой реки, поэтому они могут быть положены в основу классификации речной сети Казахстана.

Обсуждение результатов

Попытка установления категории рек по выше приведенным характеристикам табличным способом дается в работе [5], где в качестве четвертого количественного критерия принята средняя глубина в рассматриваемом створе. Но точное определение средней глубины реки не всегда удается. Поэтому выше в качестве четвертого количественного критерия предлагается среднемноголетний слой стока, как устойчивого параметра любой реки.

Проведя дальнейший анализ перечисленных критериев рек и увязав их в эмпирическую зависимость, можно получить обобщенный коэффициент для установления категории рек:

$$K = \frac{Q_0 T}{LF} = \frac{h_0}{L},$$

где K - обобщенный коэффициент, характеризующий категорию рек исследуемого района;

Q_0 - норма годового стока, $м^3/с$;

T - число секунд за год, $T = 31{,}56 \cdot 10^6$;

L - длина реки, $км$;

F - площадь водосбора, $км^2$;

h_0 - среднемноголетний слой стока, $мм$.

По предлагаемому обобщенному коэффициенту исследованиею подвергались в основном все достаточно изученные реки республики. Но более подробно были рассмотрены реки Шу – Талаского водохозяйственного бассейна (ВХБ) [5] и в излагаемой работе реки Балхаш – Алакольского ВХБ. Общее количество рек основной сети в Балхаш – Алакольском ВХБ насчитывается 2641 [3], из них достаточно изученных по всем необходимым количественным критериям приводятся в таблице 3.

Как видно из таблицы 3, предложенный обобщенный коэффициент для определения категории рек колеблется в следующих пределах:

для малых рек $K \succ 2{,}5$

для средних рек $0{,}25 \prec K \prec 2{,}5$

для больших рек $K \prec 0{,}25$

Выводы

Следовательно, все реки исследуемого Балхаш – Алакольского ВХБ разделены на три категории и оценены четырьмя критериями (Q_0, F, L и h_0). Лишь в исключительных случаях категории рек можно устанавливать двумя критериями, например р.Курты $Q_0 = 4{,}12\, м^3/с$ и $L = 109 км$ относится к категории малых рек, хотя величина обобщенного коэффициента $K \prec 0{,}25$.

Таблица 3 – Расчет обобщенных критериев для классификации речной сети Южного Казахстана

№/№	Река – пункт	Гидрографические показатели		Число лет наблюдений	Гидрологические характеристики и их ошибки							Обобщенные критерии	
		F, км^2	L, км		Q_0, м^3/с	h_0, мм	C_V	C_S	r	ε_{Q_0}, в %	ε_{C_V}, в %	$K=\frac{Q_0T}{FL}$	$K=\frac{h_0}{L}$
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
1	Усек – в 1,7 км выше впад. р.Мал.Усек	724	31	28	11,40	495	0,17	0,34	0,19	3,89	13,48	$16^{x}10^{-6}$	$16^{x}10^{-6}$
2	Мал.Усек – в км выше слияния р.Усек	404	40	27	6,16	480	0,18	0,36	0,19	4,19	13,45	$12^{x}10^{-6}$	$12^{x}10^{-6}$
3	Шарын – Ур.Сарытогай	7370	346	38	35,40	151	0,21	0,42	0,28	4,53	12,10	$0,44^{x}10^{-6}$	$0,44^{x}10^{-6}$
4	Чилик – с.Малыбай	4300	240	38	32,20	236	0,11	0,22	0,28	2,38	11,76	$0,98^{x}10^{-6}$	$0,98^{x}10^{-6}$
5	Тургень – с.Таутургень	614	109	28	7,13	365	0,15	0,30	0,19	3,43	13,61	$3,34^{x}10^{-6}$	$3,34^{x}10^{-6}$
6	Иссык – свх.Иссык	256	110	37	4,98	611	0,15	0,30	0,19	2,99	11,86	$5,55^{x}10^{-6}$	$5,55^{x}10^{-6}$
7	Талгар – г.Талгар	444	108	34	10,40	737	0,14	0,28	0,10	2,65	12,25	$6,82^{x}10^{-6}$	$6,82^{x}10^{-6}$
8	Каскелен – с.Каскелен	290	153	38	4,00	435	0,15	0,30	0,19	2,95	11,71	$2,84^{x}10^{-6}$	$2,84^{x}10^{-6}$
9	Чемолган – с.Чемолган	139	72	25	1,30	295	0,19	0,38	0,28	5,05	14,78	$4,09^{x}10^{-6}$	$4,09^{x}10^{-6}$
10	Больш.Алматинка – усть.Терсбутак	280	80	23	5,30	596	0,15	0,30	0,19	3,79	15,05	$7,45^{x}10^{-6}$	$7,45^{x}10^{-6}$
11	Казашка – д/о Просвещенцев	5,91	33	24	0,082	438	0,34	0,68	0,19	8,42	15,38	$13,27^{x}10^{-6}$	$13,27^{x}10^{-6}$
12	Курты – клх.Ленина	9500	109	24	4,12	14	0,26	0,52	0,47	8,83	14,80	$0,13^{x}10^{-6}$	$0,13^{x}10^{-6}$
13	Лепсы – под/хоз Лепсы	8040	418	31	27,80	109	0,40	0,80	0,37	10,58	15,00	$0,26^{x}10^{-6}$	$0,26^{x}10^{-6}$
14	Баскан – с.Новопокровка	883	172	33	10,40	371	0,17	0,34	0,19	7,76	12,55	$2,16^{x}10^{-6}$	$2,16^{x}10^{-6}$
15	Аксу – Абакумовка	1330	305	31	11,80	279	0,20	0,40	0,28	4,78	13,32	$0,91^{x}10^{-6}$	$0,91^{x}10^{-6}$
16	Сарканд – г.Сарканд	645	89	37	6,54	318	0,17	0,34	0,19	3,38	11,82	$3,57^{x}10^{-6}$	$3,57^{x}10^{-6}$
17	Караой – г.Текели	484	71	26	13,10	853	0,17	0,34	0,10	3,71	13,96	$12^{x}10^{-6}$	$12^{x}10^{-6}$
18	Чиже – г.Текели	479	40	28	11,60	762	0,31	0,62	0,09	6,39	13,79	$19,1^{x}10^{-6}$	$19,1^{x}10^{-6}$
19	Коктал – с.Аралтобе	293	57	21	8,46	909	0,22	0,44	0,09	5,26	15,73	$15,95^{x}10^{-6}$	$15,95^{x}10^{-6}$
20	Тентек – клх.Тункуруз	3300	183	33	46,4	443	0,25	0,50	0,19	5,27	12,84	$2,42^{x}10^{-6}$	$2,42^{x}10^{-6}$
21	Егинсу – с.Благодатное	187	58	36	1,60	269	0,52	1,04	0,17	10,21	13,40	$4,63^{x}10^{-6}$	$4,63^{x}10^{-6}$

Литература

1. *Вендров С.Л., Коронкеевич Н.И., Субботин А.И.* Проблемы малых рек. Вопросы географии, сборник 118 «Малые реки» М.: «Мысль», 1981.-270с.
2. *Вендров С.Л.* Жизнь наших рек. Л.:«Гидрометеоиздат»,1986.-210с.
3. *Шкаликов Ф.В.* Речная сеть Казахстана. Труды КазНИГМИ, вып II, 1959.-с.90…95.
4. *Сахариев С.С.* Проблемы рационального использования водных ресурсов Казахстана. Алма-Ата, 1989. - 47с.
5. *Исмаилова Г.К., Нарбаева К.Т., Нарбаев М.Т., Нарбаев Т.И.* О классификации речной сети Казахстана.//Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 15 жылдығына арналған халық аралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары./Алматы, 2007. – с. 261...264.

Нарбаев Т.И., Мырзакеева М.Ж., Исмаилова Г.К.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗЕНДЕР ЖҮЙЕСІН ЖІКТЕУДІ АНЫҚТАУ

Мақалада көпжылдық орташа су өтімі, су жинау ауданы, өзен ұзындығы және көпжылдық ағын қабатын ескере отырып өзендердің санаты анықталған.

Кілт сөздер: өзендер, өзен ұзындығы, су жинау ауданы, су өтімі.

Narbayev T.I., Myrzakeyeva M.Zh., Ismailova G.K.

DETERMINATION OF RIVER NETWORK CLASSIFICATION OF KAZAKHSTAN

The paper proposes a set of rivers categories based on the average long-term flow, catchment area, length of rivers and the average annual runoff layer.

Keywords: river, river length, catchment area, water discharge.

ӘОЖ 635+528.951.4+635.05

Мақсатова І.М.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

БАЯЛДЫ СОРТҮЛГІЛЕРІНІҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ЖАҒДАЙЫНДА НЕГІЗГІ АУРУЛАРҒА ТӨЗІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада Қазақ картоп және көкөніс шаруашылығы ғылыми зерттеу институтының тектік қорынан, зерттеуге алынған баялды дақылының 5 сортүлгісінің Қазақстанның оңтүстік-шығыс жағдайында кездесетін негізгі ауруларға төзімділігі анықталды.

Кілт сөздер: баялды, сортүлгі, инфекциялық, инфекциялық емес, вирусты аурулар.

Кіріспе

Баялды алқа тұқымдасқа (Solanacea) жататын біржылдық шөптесін өсімдік. Баялдының пайдалануға жарамды жемістерінде 8-9% құрғақ зат, 2,3-3% қант (глюкоза фруктоза, сахароза), 200 мг дубилді зат, 1-2 клетчаткалар, гемицеллюлоза, пектиндер, 0,6-1,4 ақуыз, май және қолайлы қатынастағы дәрумендер мен микроэлементтер, биологиялық әсерлі заттардың тиімділігін арттыратын В1, В2, В6, В9, С, РР, А, ашқылтым зат

глюкоалколоид соланин М және құрамындағы пайдалы микроэлементтер – фосфор, калций, магний, марганец, темір, алюминий, күкірт, кремний, хлордың барлығы анықталған [2].

Кез келген көкөніс дақылдарына аурулардың қаншалықты зиян келтіретіні белгілі. Ауруға шалдыққан өсімдік мүшелері қатты зақымдалумен қатар өнімділігіне және оның сапасына кері әсерін тигізетіні анық. Сондықтан кез келген көкөністі өсіру барысында ауруларды анықтап алу қажеттілігі туындайды.

Жалпы алғанда өсімдіктің ауруларын 3 топқа бөлеміз. 1. Инфекциялы емес, яғни физиологиялық қоршаған ортаның жағымсыз әсерінен болатын аурулар (жоғары температура, құрғақшылық, тамыр арқылы қоректену жүйесінің бұзылуы).

2. Инфекциялы аурулар, яғни зиянды организмдер саңырауқұлақ, бактериялардың әсерінен болатын аурулар. Оларға микроспориоз, фитофтороз, бактериялық обыр, ақ ұнтақты сеппе, склеротиноз, жемістің төбе шірігі, бактериялық қара дақ жатады. 3. Вирусты аурулар, оларға: мозаика, стрик, столбур жатады [3].

Баялды дақылында осы аурулардың бірнеше түрі кездеседі, нәтижесінде өнім күрт төмендеп, оның сапасы нашарлайды.

Мәліметтер мен әдістемелер

Диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша зерттеулер Қазақстанның оңтүстік-шығысында, теңіз деңгейінен 1000-1050 м биіктікте Іле Алатауының солтүстік беткейіндегі жазықтықта орналасқан Қазақ картоп және көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының көкөніс-бақша дақылдары тектік қорының тәжірибе стационарында жүргізілді. Біздің ғылыми-зерттеу жұмыстарымыздың далалық (танаптық) бөлігі Қазақстанның оңтүстік-шығысы тау бөктеріндегі күңгірт қарақоңыр топырақта жүргізілді.

Қазақстанның оңтүстік-шығысының климаты күрт өзгермелі, құбылмалы континентальды болып табылады. Ауа температурасының жылдық және тәуліктік үлкен ауытқуларымен, ұзақ ыстық жазымен және суық қысымен ерекшеленеді.

Зерттеуге таңдап алынған баялды сортүлгілері көрсетілген әдістемеге сәйкес [1, 4]. отырғызылды.

Диссертациялық жұмыстың міндеттерінің бірі ретінде, баялды сортүлгілерінің зиянды ауруларына төзімділігін бағалап, Қазақстанның оңтүстік-шығыс жағдайында жиі кездесетін баялды ауруларына оның белгілеріне, таралу жолдарына, дақылдың зақымдалған мүшелерінің сипаттамасының жазылуы болды.

Стандарт ретінде зерттеуге алынған аудандастырылған Черный принц сорты және басқа да, атап айтқанда К-1063, К-136, К-96 және К-243 сортүлгілерінің ауруларға төзімділігін бағаладық.

Баялды сортүлгілерін өсіріп-өндіру вегетация кезеңінде егістікке жүргізілген фитосанитарлық мониторинг нәтижесінде сыналған сортүлгілер, баялды дақылының Қазақстанның оңтүстік-шығыс жағдайында, тәжірибе стационарында кездескен ауруларға салыстырмалы түрде төзімді болуына зерттеулер жүргізілді.

Аурудың шығу тегі мен таралуын білгеннен кейін, аурулар мен күресу шараларын анықтаймыз. Ол шараларға мыналар жатады: 1. Профилактикалық шара – тұқымдарды сұрыптау және фунгицидтермен өңдеу, көшетжайлар мен құрал-саймандарға дезинфекция жасау. 2. Ауаларды жою шаралары, олар биологиялық, химиялық, механикалық жолдармен жүзеге асады.

Зерттеу нәтижелері

Тәжірибедегі баялды сортүлгілерінің егістікке жүргізілген фитосанитарлық мониторинг жұмысының нәтижесі келесі 1-кестеде бейнеленді. Кестедегі мәліметтерге назар аударсақ, өсімдіктің саңырауқұлақтық, бактериялық және вирустық аурулармен залалдану деңгейі төмен болғанын аңғаруға болады.

Кестеде баялды сортүлгілернің саңырауқұлақ, бактериялық және вирустық ауруларына төзімділігін бағалау нәтижелері.

Кесте 1. Баялды сортүлгілерінің саңырауқұлақ, бактериялық және вирустық ауруларына төзімділігін бағалау нәтижелері

Баялды сорт-үлгілері	Өсімдіктердің аурулармен залалдануы,%						
	Макро-спориоз	Фито-фтороз	Бакте-риялық қара дақ	Жеміс төбе шірігі	Мозаи-ка	Стол-бур	Стрик
Черный принц	0,3	1,2	-	-	0,2	0,5	0,2
К-243	0,3	1,3	-	-	0,3	0,5	0,2
К-96	0,2	0,7	-	-	-	0,2	-
К-1063	0,4	1,3	-	-	0,3	0,3	0,2
К-136	0,5	1,0	-	-	0,5	0,2	0,3

Нәтижені талдау

Қауіпті карантинді, химиялық препараттар (фунгицидтер) қолдансада емделмейтін вирустық аурулармен баялды сортүлгілерінің залалдануы төменгі деңгейде болды. Атап айтқанда, тәжірибедегі сортүлгілер барлық үш вирус ауруларымен (мозаика, столбур, стрик) зақымдануы келесі деңгейде болды. Черный принц – 0,9%, К-243 - 0,9%, К-136 – 1,0%, К – 1063 – 0,8%, К-96 – 0,2%. Вирустық ауруларымен салыстырмалы түрде көп залалданған сортүлгілер К-96, Черный принц, К-243 жатады. Тәжірибе алқабында вирус ауруларының ішінде Столбур кеңірек кездесті. Дегенмен, жалпы алғанда вирус аурулары аз болғанын (0,2-1,0%) атап өткен орынды. Саңырауқұлақ ауруларының ішінен негізгі екі түрі макроспориоз және фитофтороз таралғаны анықталды. Баялды сортүлгілерінің ішінде өте көбірек мөлшерде макроспориозбен К-96 – 0,5%, К-1063 – 0,4%, зақымданса, фитофторозбен К-243 – 1,3%, К-1063 – 1,3%, К-96 – 1,0%, Черный принц 1,2% сортүлгілері залалданды. Әрине бұл тек салыстырмалы түрде ғана екенін айтып өту керек. Жалпы алғанда, сыналған барлық сортүлгілер арасындағы айырмашылықтар көп болған жоқ және сынақтағы баялды сортүлгілердің барлығы зиянды саңырауқұлақ ауруларына (макроспориоз, фитофтороз) салыстырмалы түрде алғанда төзімді екені анықталды. Ал сортүлгілерінде бактериялы дақ, физиологиялық ауру жеміс төбе шірігі, саңырауқұлақ, ақ ұнтақ сеппесі ауруларымен зақымдану болған жоқ. Сондықтан, барлық баялды сортүлгілері бұл ауруларға 100% төзімді деп айтуға негіз бар.

Қортынды

Қорыта келгенде, фитосанитарлық мониторинг жұмыстарының нәтижесі негізінде, барлық сыналған баялды сортүлгілері Қазақстанның оңтүстік-шығыс жағдайында кездесетін зиянды саңырауқұлақ, бактериялық және вирустық ауруларына қарсы салыстырмалы түрде төзімді екенін көрсетті.

Литература

1. *Доспехов Б. А.* Методика полевого опыта. – М. : Агропромиздат,1965. – 76 с.

2. *Өтешқалиев А. Ө.* Көкөніс өсіру технологиясы. - Алматы, 2008. - 81 б.

3. *Масленников И. П.*Ореховская М. В. , Корганова Н. Н. , Мельникова А. И. Вредители и болезни овощных культур и меры борьбы с ними. - М.: «Россельхозиздат», 1974. - 160 с.

4. *Молостов Л. С.* Методика полевого опыта. – М. : Колос, 1966. – 116-137с.

Максатова И.М.

УСТОЙЧИВОСТЬ СОРТОВ БАКЛАЖАНА К ОСНОВНЫМ РАСПРОТРАНЕННЫМ БОЛЕЗНЯМ ЮГА ВОСТОКА КАЗАХСТАНА

В статье было исследована 5 сортообразцов баклажана из генофонда Казахского научно-исследовательского института картофельеводства и овощеводства по устойчивости основным болезнями встречающимся юга-востока Казахстана.

Ключевые слова:Баклажан, сорт, инфекционные, неинфекционнные, вирусные заболевание.

Maksatova I.M.

RESISTANT VARIETIES OF EGGPLANT TO THE BASIC COMMON DISEASES SOUTH EAST KAZAKHSTAN

In the article it was examined five eggplant accessions from the gene pool of the Kazakh research institute of potato and vegetable for resistance to disease of the south east of Kazakhstan.

Keywords*:* Eggplant, grade, infectious, notinfectious, viral diseases

ӘОЖ 635.26:631.527.001.76

Құраманәлі Б., Алпысбаева В.О.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті
Қазақ картоп және көкөніс шаруашылығы ҒЗИ

КҮЗДІК САРЫМСАҚТЫҢ КОЛЛЕКЦИЯЛЫҚ СОРТҮЛГІЛЕРІНІҢ СЕЛЕКЦИЯДАҒЫ БЕЙІМДЕЛГІШТІГІН БАҒАЛАУ

Андатпа

Сабақтанатын күздік сарымсақтың бейімделу қабілеттілігі анықталынып және жылдың әр түрлі климаттық жағдайдаларына байланысты өнімділік деңгейі бағаланды.

Кілт сөздер: сарымсақ, бадана, селекция, сортүлгі, бейімделу.

Кіріспе

Сарымсақ дақылы - жуалар тұқымдасына, баданалы өсімдіктер тобына жатады, сонымен қатар өткір иісімен және дәмімен ерекшеленеді. Сарымсақ ұзақ уақыттық эволюциялық үрдісте мәдени өсімдік болып қалыптасты, сондай-ақ өндірісте тұқым арқылы көбею қабылетін жоғалтты және тек ғана вегетативті жолмен – тісшелермен және баданамен немесе ауалық баданашықтармен көбейеді, жәнеде сабағында гүл шоғырын қалыптастырады.

Сорттардың көпшілігі өз таралу аймақтарында шектеулілігімен сипатталады, сондықтан олардың басқа топырақ-климат жағдайларына ауысқан кезінде кенеттен айырмашылығы болатыны, осы сорттардың қалай қалыптасатыны, морфологиялық және биологиялық белгілерінен айтарлықтай өзгерістерді байқауға болады жәнеде өнім сапасына, баданалар санының кемуіне жиі алып келеді. Әсіресе бағалы материал халық сорттары болып табылады, және де жергілікті шарт-жағдайларда өсіруге жақсы бейімдел-

ген. Табиғи әсер етуде және шаруашылық іріктеуде олар өнімдік бойынша үлкен потенциалдық мүмкіндіктерге ие болып жатыр, яғни, аурулар мен зиянкестерге төзімді, сақталғыштығыштық, ерте пісетін, суыққа төзімді. Сарымсақтың мұндай түрлерін әр экологиялық-географиялық аймақтарда отырғызу материалы ретінде пайдалану керек, ескерте кетсек, сарымсақ – жергілікті таралуы аз дақыл.

Көптеген ауылшаруашылық дақылдары бойынша, оның ішінде сарымсақ, селекция-дағы басым бағыты селекциялық бейімделгіштігі болып табылады.

Бейімделу – өсімдік ағзаларының тіршілік еткен ортасына жерсіну процесі, ең жылжымалы және нәзік пішінмен бейімделу болып табылады. Бұл фенотиптік және генотиптік болуы мүмкін. Селекцияда бейімделгіштікке үлкен қызығушылық танытуда экологиялық икемді сорттар шығару үшін, Бірдей жақсы өсіп шығатын және әр түрлі жағдайларда жеміс беретін.

Сорттардың қоршаған ортаға, олардың әртүрлі жағдайларға (бейімделуі) икемденуі. Әрбір биотип сорттық популяцияда кешенді шарт-жағдайларда нақты әсерімен сипатталады, сорттық популяция әсері ортақ мөлшерге тәуелді болады. Шарт-жағдайлар, өсірілетін сорттар, үнемі өзгеріп отырады. Бұл сорттық популяциялық құрам фенотипті үздіксіз өзгергіштікке алып келеді жәнеде бұл олардың тұрақтылығын қамтамасыз етеді [1].

Бейімдеу қабілеттілігінің көлемі сорттарды бағалау кезінде сапаны негізгі белгісі ретінде пайдаланылады. Бұл көлем әр түрлі селекциялық белгілері бойынша анықталады, олардың арасында ең маңызды өнімділік болып табылады.

Өнімдік және тұрақтылық оның әр түрлі гидрометеорологиялық шарт-жағдайдағы жылдар бойынша - өсімдіктер селекциясындағы ең маңызды белгі. Есептейді, бұл полигендік белгі, тұқымқуалауы әсіз және қоршаған орта жағдайларына бағынышты.

Генотиптер бейімделуге үлкен көлемде тұрақтылық береді деген пікірлер бар, бірақ әртүрлі шарт-жағдайларда өнім өте жоғраы емес. Осы уақытта біржақты бейімделген сорттар тек қолайлы шарт-жағдайларда ғана жоғары өнім береді [2]. Кейбір зерттеушілер қазіргі кезеңдегі ең абзалы біржақты бейімделу бойынша селекция жұмыстарын жүргізу деп санайды [3]. Басқа авторлар оңтайлы сорт сондай сорт болып көрінгені деп есептейді, яғни, жоғары бейімделгіштік қасиетке ие болып, оның қолайсыз шарт-жағдайларға жоғары тұрақтылығының арқасында қолайлы орталарда жоғары өнім алуды қамтамасыз етеді [4].

Селекцияда ең маңыздысы әр түрлі климаттық шарт-жағдайларға бейімделуді сақтап қалу арқылы, ары қарай селекция жұмыстарын жүргізеді.

Тәжірибе қазақ картоп және көкөніс ғылыми-зерттеу институтының сұрыптау тұқымдық ауыспалы егістігінде қойылды. Егістік Іле Алатауының солтүстік беткейінің суармалы тау етегінің аймағында орналасқан. Топырағы қара және ашық қоңыр, қарашірік құрамы 3%, жәнеде су-физикалық құрамы қолайлы, климаты күрт құбылмалы, топырақ-климат жағдайы бойынша зерртеу жұмыстары жүргізілген аймақ көкөніс дақылдарын өсіріп-өндіруге қолайлы болып табылады [5].

Ал біздің зерттеулеріміз жүргізілген жылдардағы ауа райы мәліметтері (2014-2015 жылдардағы метеорологиялық көрсеткіштер) төмендегі 1- кестеде келтірілді.

Ауа-райы жағдайының сипаттамасы ҚазККШҒЗИ (теңіз деңгейінен 950 м биіктікте) метеопостынан алынған мәліметтер бойынша жасалды.

Зерттеулер жүргізілген жылдардың ауа-райы жағдайы орташа көп жылдық мәліметтермен салыстырғанда айтарлықтай айырмашылықтар болмады.

Кесте 1 - 2015 жылдың вегетациялық кезеңінің метео мағлұматтары (ҚазККШҒЗИ метеопостысының мағлұматтары)

Көрсеткіштер	Мерзімдер (онкүндіктер, жылдар)	Айлар						Вегетациялық кезең бойына орташа
		Сәуір	Ма-мыр	Маусым	Шілде	Тамыз	Қыркүйек	
Температура, C^0	I	-2.15	11.6	15.03	29.7	26.5	17.6	16.38
	II	6.43	10.88	14.18	31.0	25.7	15.8	17.33
	III	8.18	10.62	16.4	28.0	19.1	9.6	15.32
	Орташаайлық	4.15	11.02	15.2	29.6	23.75	14.3	16.3
	Орташа көпжылдық	9.2	14.5	18.8	21.5	20.9	17.6	17.1
Ылғалдылық, %	I	80.9	67.95	53.9	39.24	37.1	56.6	55.95
	II	66.33	70.17	53.2…	43.8	44.2	59.2	56.15
	III	68.10	66.55	60.9	45.8	65.9	72.2	63.24.-
	Орташаайлық	71.78	68.22	56.0	42.9	49.1`	62.7	58.45
	Орташа көпжылдық	66.03	61.0	55.0	49.2	57.0	57.0	57.9
Жауын-шашын,мм	I	10.0	12.5	32.5	10.0	-	5.0	70.0
	II	35.5	27.5	14.0	-	7.5	13.0	97.5
	III	29.3	2.5	12.5	12.0	12.5	3.0	71.8
	Орташаайлық	74.8.	42.5	59.0	22.0	20.0	26.0	239.3
	Орташа көпжылдық	90,6	81,2	57,7	21,8	17,5	22.1	288,0
Температура, C^0	2014	10.2	17.4	22.0	25.5	22.6	15.2	18.8
	2015	4.5	11.02	15.2	29.6	23.75	14.3	16.3
Ылғалдылық, %	2014	77.2	53.8	56.7	54.5	44.0	59.6	57.6
	2015	71.78	68.22	56.0	42.9	49.1	62.7	58.45
Жауын-шашын, мм	2014	133.5	58.0	17.5	7.0	12.5	0.9	229.4
	2015	74.8	42.5	59.0	22.0	20.0	26.0	239.3

Сонымен, 1- кестеде көрсетілгендей, 2014 жылғы өсіп-өну кезеңіндегі ауаның орташа температурасы көп жылдық (17,1^{0}С) көрсеткіштен 1,7^{0}С-қа жоғары болды. Жауын-шашын мөлшері 229,4 мм, ал орташа көп жылдық көрсеткіш 288 мм болды. Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 57,6% құрады, ал көрсеткіш орташа көпжылдық көрсеткіштен 0,3% -ға төмен.

2015 жылы өсіп-өну кезеңіндегі ауа температурасы көп жылдық көрсеткіштерден төмен болды, тек шілде, тамыз айының көрсеткіштері жоғары болды. Жауын-шашын мөлшері 239,3мм, ал көп жылдық көрсеткіш 288 мм болды. Әсіресе жауын-шашын мөлшері маусым, шілде, тамыз және қыркүйек айларында көп жылдық көрсеткіштен 0,3-3,9 есе көп болды. Өсіп-өну кезеңіндегі ауаның салыстырмалы ылғалдылығы көп жылдық көрсеткіштен жоғары болды.

Вегетациялық кезеңдегі ауа температурасының көрсеткіштері бойынша 2014 жылға қарағанда 2015 жылы төмен болды. Ауаның салыстырмалы ылғалдылығының орташа

көрсеткіші бойынша 2015 жыл жоғары болды. Жауын-шашын мөлшерінің жылдық орташа көрсеткіші бойынша 2015 жылы 239,3 мм көрсетті.

*Тәжірибені жүргізу әдістемесі мен материалдары***.** Күздік сарымсақтың колекциялық үлгілерін бағалау 2014-2015 жылдары жүргізілді. Сібір өсімдік шаруашылығы және селекциясы ғылыми - зерттеу институтынан (Сиб НИИРС), Батыс-Сібір тәжірибе стансасы (Барнаул), Бүкіл Ресейлік көкөніс дақылдарының селекциясы және тұқым шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты (ВНИИССОК, Москва), сондай-ақ Қытай, Корея, АҚШ, Германия және Өзбекстаннан коллекциялық материалдар әкелінді.

Күздік сраымсақтың сортүлгілерін өсіру барысында аймаққа мына агротехникалық шаралар ұсынылды. Тісшелерді отырғызу алдын-ала дайындалған жүйектерге 6-8 см тереңдікке отырғызылды, қатар аралығы 70 см болды, бөлтек 2 қатарлы (қос ізді), есеп жүргізу ауданы 5 м^2. Қазақстан республикасында аудандастырылған Арман сұрпы қолданылды. Пияз дақылдарының селекциясы бойынша әдістемелік нұсқаулыққа сәйкес есептеулер мен бақылаулар жүргізілді және мемлекеттік сынақтың әдістемесі [6]. Доспехов.Б.А. – тың дисперсиялық талдау әдісі бойынша мәліметтерді математикалық өңдеу [7], бейімделгіштік сау өсімдіктер санына (бірлік үлестері) қатынасы арқылы анықталды, Подольских А.Н. бойынша өнген өсімдіктердің жалпы санын өсімдіктердің тауарлық баданасы қалыптастырады. Тәжірибені егістікте орналастыру, биометриялық есептер жүргізу және фенологиялық бақылау, дақылдың бейімделгіштігіне баға беру, қолданылып жүрген методика әдістемесіне сәйкес жүргіздім [8].

Зерттеу нәтижелері

Селекция жұмыстарының міндеті жоғары өнімді сорттар шығару болып табылады, соған байланыты, бұл қасиеттері қоршаған ортаның абиотикалық және биотиялық жағдайларына тұрақты үйлесетін, бейімделгіштік қабілеттілік селекция материалдары үшін маңызды, шығарылған сорттар әртүрлі шарт-жағдайларда өсіріп-өндіруге ыңғайлы болуы керек. Генотиптердің тұрақтылығы мен бейімделгіштіктерін бағалау әртүрлі әдістерімен жүргізіледі. А. Н. Подольский бойынша оларды анықтаудың өте қарапайым және ыңғайлы әдісі қолданылды [8], генотиптардың бейімделгіштігі бірліктердің үлестеріндегімен анықталады және белгіленеді $К_А$. Бірліктер мәні $К_А$, сол генотиптің жоғары бейімделгіштік қабілеттілігі.

Сарымсақтың өсіп-өну кезеңіндегі қолайсыз ауа-райы көрсеткіштерінің теріс ықпалын болдырмау немесе барынша азайту мақсатында дақыл егістігінде тиісті агротехникалық шаралар жүргізілді.

Кесте 2 - күздік сарымсақтың коллекциялық үлілерінің бейімделуіндегі шаруашылық-құнды белгілері (2015ж)

Сорт үлгілер	Өнімділік, кг/м^5		тауарлығы %	Бейімделу қабілеттілігі, $К_А$
	жалпы	тауарлы		
К-1 Новосибирск	4,8	4,5	93	0,94
US-7135	2,95	2,80	94	0,95
US-7189	2,33	2,23	95	0,96
ЧС-20	2,05	1,98	96	0,97
Камыш Новосибирск	1,75	1,64	93	0,93
ЧС-108 ВИР 059169	0,8	0,73	91	0,91
ЧС-12 Башкула	0.5	0,42	84	0,84
ЧС-28 Фатима	2,25	2,0	88	0,88
ЧС-21Чиргин	2,85	2,79	97	0,97
ЧС-14 Германия	1,7	1,56	92	0,92
ЧС-1 Андижан	1,67	1,56	93	0,93

Американский	4,77	4,64	97	0,97
ЧС-133 Корея	1,05	0,93	88	0,88
К-4	2,46	2,21	89,8	0,90
Касмала	1,44	1,21	84	0,84
К-6	1,82	1,64	90	0,90
К-8	1,77	1,58	89	0,89
Герман	1,19	0,96	74	0,74
С-12	2,33	2,16	83	0,93
Арман стандарт	1,89	1,85	97	0,97

Зерттеу жылдарындағы сарымсақтың сортүлгілерінің қалыптастырған тауарлық баданаларының өзарасында айтарлықтай айырмашылық болмады, бірақта екі сортүлгі стандарт Арманмен бірдей көрсеткішті көрсетті. Бейімделу коэфициенті бойынша 13сортүлгі ($К_А$, 0,90-0,97) үздік болып ерекшеленді. Ал қалған сорт үлгілерінің бейімделу қабілеттілігі онша жоғары болмады.

Қорытынды

Сарымсақтың коллекциялық үлгілерін зерттеу нәтижесінде шаруашылық-құнды белгілері бойынша 13 сортүлгі ерекшеленді, бұл сортүлгілер келешекте біздің топырақ-климат жағдайларға бейімделген болашағы зор коллекциялық материал болып табылады.

Әдебиеттер

1. Пивоваров В. Ф. Селекция и семеоводство овощных культур 1 том М., 1999- С 78.
2. Пивоваров В. Ф., Добруцкая Е. Г., Тареев А. И. и др. Оценка адаптивной способности родительских линий и гетерозисных гибридов моркови. Селекция овощных культур. Сб. научн. тр. ВНИИССОК, вып.35.М..1998-С.61-68.
3. Кильчевский А. В., Хотылёва Л. В. Генотип и среда в селекции растений. Минск: Наука и техника, 1989-189 с.
4. Жученко А.А.Адаптивный потенциал культурных растений (эколого-генетические основы) Кишинев: Штиинца, 1998-777с.
5. Делянки и схемы посева в селекции и сортоиспытании, в первичном семеноводстве. Параметры. Отраслевой стандарт. ОСТ 4671-78.М.:Колос, 1979.
6. Методические указания по селекции луковых культур. М., 1997-153с.
7. Доспехов Б.А. Методика полевого опыта М.: Агропромиздат, 1985-345с.
8. Подольских А. Н. Научные основы селекции риса. Дис. уч.ст. д.с.-х.н. Кзылорда, 2004.-274с.

Курманали Б., Алпысбаева В.О.

ОЦЕНКА КОЛЛЕКЦИОННЫХ СОРТООБРАЗЦОВ ОЗИМОГО ЧЕСНОКА НА АДАПТИВНОСТЬ

На сортообразцах озимого стрелкующегося чеснока определены коэффициенты адаптивности и уровни урожайности при оценке их в различные по климатическим условиям годы.

Ключевые слова: чеснок, сорт, сортообразец, луковица, селекция, адаптация.

Kurmanali B., AlpisbaevaV.O.

EVALUATION OF COLLECTION ACCESSIONS OF WINTER GARLIC ON ADAPTIVE

On the accessions of winter garlic arrows identified factors of adaptability and productivity levels when evaluating them in different climatic conditions of the years.

Keywords: garlic, sort, accessions, onion, selection, adaptation.

ӘОЖ635.649:631.8

Омарова А., Амиров Б.М.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ГЕНОТИПІ МЕН МИНЕРАЛДЫ ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫҢ МӨЛШЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТӘТТІ БҰРЫШ ӨНІМІНІҢ ӨЗГЕРУІ

Аңдатпа

Жүргізілген ғылыми зерттеулердің нәтижесінде, зерттелген тәтті бұрыш сортүлгілерінің жалпы және тауарлы өнімділігі қолданылған минералды тыңайтқыштардың мөлшеріне байланысты, тиісінше, 20,4-104,7 және 20,3-107,9 пайыз аралығында өзгеретіндігі дәлелденді. Тәтті бұрыш жемісінің биохимиялық құрамына қолданылған тыңайтқыштар елеулі әсер етпеді. Қазақстанның оңтүстік шығысы қара қоңыр топырағы жағдайында тәтті бұрыштың Yildiz буданының ең жоғары өнімділігі тыңайтқыштардың N150P150K150 дозасын қолданғанда қамтамасыз етілсе, Ergenekon, Қаз-Тай және Очарование сортүлгілерінің ең жоғары өнімділігі тыңайтқыштардың N100P100K100 дозасын қолданғанда алынды.

Кілт сөздер: тәтті бұрыш, бағалау, сортүлгі, тыңайтқыш, өнімділік, корреляция, регрессия

Кіріспе

Бұрыш (*Capsicum* spp.) - өте құнды және барлық елдерде кеңінен тараған танымал көкөніс дақылдарының бірі. Бұрыштың өсірілетін бес *Capsicum* тұқымдыстарының (*C. annuum, C. frutescens, C. chinense, C. baccatum, C. pubescens)* ішінен ащы және тәтті бұрыш жататын C.annuum түрі кеңінен өсіріледі. Есептеулер бойынша 2013 жылы егілетін бұрыштың жер көлемі 3,8 миллион гектарды құрап, оның ішінде3,3 миллион гектар аз дамыған Азия елдердері мен Африкаға тиесілі болды [1].

Қазақстанда, тәтті бұрыш (*Capsicum annuum* L.) ең танымал және сүйікті көкөніс дақылдың бірі болып табылады. Ол жергілікті нарықта сатуға және сыртқа экспорттау үшін өте қолайлы дақыл.

Елімізде тәтті бұрыштың себу көлемі соңғы жылдары едәуір артып 2015 жылы 8,7 мың гектарға жетті. Бұл көлемнің 90 пайызы еліміздің оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында шоғырланған: Алматы облысы – 3,1 мың га, Жамбыл облысы – 1,1 мың га, Оңтүстік Қазақстан облысы – 3,2 мың га, Шығыс Қазақстан облысы – 0,5 мың га [2].

Ауылшаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттырудағы бірден-бір шешуші факторларының қатарына жергілікті топырақ пен ауа райы жағдайына бейімделген сорттардың өсірілуі мен олардың оңтайландырылған минералды қоректік жүйелерін қамтамасыз етуіне жоғары талаптар қойылады. Өкінішке орай, өндірісте бұрыш өсіруде әр түрлі сорттар мен олардың минералды тыңайтқыштарды оңтайлы қолданудағы үйлесім-

ділгі назардан тыс қалып жатады. Бүгінде Қазақстанда қолдануға рұқсат етілген селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізімінде тәтті бұрыштың 24 сорты мен буданы кіргізілген, оның ішінде 11 сорт және 13 будан бар [3]. Бұл мақалада біз бұрыш өсімдігінің, әсіресе оның әр-түрлі генотипінің тыңайтқыштардың мөлшеріне байланысты өсіп-өнуін зерттеу мақсатында Қазақстанның оңтүстік-шығысы жағдайында жүргізілген зерттеулердің нәтижесін беріп отырмыз.

Материалдар мен әдістемелер

Зерттеулер Ауыл шаруашылығы Министрлігіне қарасты Картоп және көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының тұрақты тәжірибе алаңында жүргізілді.

Тәжірибе алаңы теңіз деңгейінен 900-1000 м биіктікте 43°16' солтүстік ендік пен 76°53' шығыс бойлық аумағында орналасқан.

Танаптың топырағы қара-қоңыр, орташа саздауыт, қоректік элементтермен орташа қамтамасыз етілген. Қопсытылатын топырақ құрамындағы қара шіріктің (гумус) мөлшері 2,7-3,0%, жалпы азот - 0,18-0,20%, жалпы фосфор -,19 – 0,20%, жылжымалы фосфор – 30-35 мг/кг, ауыспалы калий - 320-360 мг/кг.

2015 жылдың сәуір, мамыр, маусым және қыркүйек айлары көпжылдық қалыпты жағдаймен салыстырғанда 3-5 градус төмен болды, ал шілде мен тамыз айларында ауа температурасы ыстық болып көпжылдық қалыпты көрсеткіштен 3-8 градус жоғары қалыптасты. Жауын-шашын мөлшері де айтарлықтай ауытқып сәуір мен мамыр айларында нормадан төмен болды, бірақ одан кейінгі айларда көпжылдық қалыпты нормада болды. Жалпы алғанда, сәуір – қыркүйек айлары аралығында көпжылдық көрсеткішпен салыстырғанда 48,7 мм төмен ылғал түсті.

Ауа райының көрсеткіштері зерттеулер жүргізілген 2015 жылы көпжылдық қалыпты жағдайдан аздап ауытқығанмен тәтті бұрыш дақылының өсіп-өнуіне, гүлденуі мен тозаңдануына және жемістерінің қалыпты түзіліп жетілуіне айтарлықтай кері әсерін тигізбеді.

Танаптарда тәтті бұрыштың Каз-Тай, Yildiz, Ergenekon және Очарование сортүлгілері отырғызылды. Тәтті бұрышты өсіріп баптауда осы аймақтағы қолданылып жүрген дәстүрлі агротехникалық шаралар қолданылды.

Тәтті бұрышты өсіріп баптау жүйелерінің негізінде тыңайтудың төрт нұсқасы зерттелді: 1. Тыңайтқышсыз. 2. N50P50K50. 3. N100P100K100. 4. N150P150K150. Тыңайтқыштар бұрыш көшеттерін отырғызар алдында (50%) және отырғызғаннан кейін 30 күн өткен соң (50%) топырақты қопсытып босату кезінде енгізілді.

Тәжірибе барысында барлық ғылыми бақылаулар, зерттеулік өлшеу мен анықтау жұмыстары жалпы қолданылып жүрген әдістемелер мен нұсқаулықтар негізінде атқарылды [4-6].

Тәтті бұрыштың өнімділігі жемістерін қолмен жинау арқылы барлық есепке алынатын жер бөлшектерінде анықталды. Есепке жалпы және тауарлы өнім алынды.

Зерттеу нәтижелері Microsoft Excel бағдарламалық қосымшаны қолданып корреляциялық және регрессиялық өңдеуден өткізіліп сарапталды.

Зерттеу нәтижелері

Бұрыш өсіруде топырақтағы минералды қоректік заттардың тапшылығы өнімділікті шектеуші факторлардың бірі болып табылады. Тәтті бұрышпен жүргізілген көптеген зерттеулер тыңайтқыштардың бұрыш өнімін арттырудағы ролі зор екендігін көрсетті [7-9].

Біздің зерттеулерімізде тәтті бұрыштың өнімділігі оның генотипіне және қолданылған тыңайтқыштардың мөлшеріне байланысты өзгеретіндігін көрсетті (Суреттер 1,2). Yildiz сортүлгісі тыңайтқыштардың мөлшеріне қарай 21,2-104,5% қосымша өсім берді, Ergenekon сортүлгісіндегі жалпы өсім 32,8-36,3%, Қаз-Тай сортында – 20,4-75,8%, ал Очарование сортында тыңайтқыштар 67,2-86,5% қосымша өнімді қамтамасыз етті. Осындай өнімнің артуы тауарлы өнімде де қайталанып, тиісінше, 20,3-107,9; 41,6-43,5;

21,8-78,2 және 67,6-88,3 пайызды құрады. Жалпы орташа көрсеткіштері бойынша салыстырмалы тауарлылық пен тыңайтқыштардың арасындағы корреляциялық байланыстың тығыздығы өте төмен болғанымен (R = 0,294), әрбір генотиптің деңгейінде тыңайтқыштар өнімнің салыстырмалы тауарлылығына әрқалай әсер ететіндігін көрсетті. Мысалы, Yildiz, Қаз-Тай және Очарование сортүлгілерінде тауарлы өнімнің шығымы тыңайтқыш дозаларына байланысты көп өзгеріске ұшырамады, ал Ergenekon сортүлгісінде тыңайтқыштар тауарлы өнімнің шығымын, бақылаудағы танаптармен салыстырғанда (90,5%), едәуір көтеретіндігін (95,1-97,8%) көрсетті.



Сурет 1 - Генотипі мен тыңайтқыштардың мөлшеріне байланысты тәтті бұрыштың жалпы өнімінің өзгеруі



Сурет 2 - Генотипі мен тыңайтқыштардың мөлшеріне байланысты тәтті бұрыштың қосымша тауарлы өнімінің өзгеруі

Тәтті бұрыштың өнімділік көрсеткіштерінің өзгеруі тыңайтқыштардың шартты дозаларының өзгеруіне тығыз байланыстылығын жүргізілген корреляциялық және регрессиялық сараптамалар көрсетті (Кесте). Тыңайтқыш дозасы мен өнімділіктің өсімінің салыстырмалы көрсеткішінің арасындағы корреляциялық байланысы (R = 0,703 - 0,717) абсолютты көрсеткішімен салыстырғанда (R = 0,560-0,563) анағұрлым тығызырақ болды.

Бұл айырмашылық тыңайтқыштардың мөлшерінің әсері тәтті бұрыштың генотипіне байланысты өзгеретіндігін және жалпы заңдылықтың сақталатындығын көрсетеді. Әрбір сорт үлгілердің тыңайтқыш дозаларымен байланысын барлық қайталанған танаптардағы өнім көрсеткіштерін есепке алып жеке қарастырғанда, алынған жоғары корреляциялық коэффициенттер бұған дәлел болады (R = 0,681-0,930).

Кесте - Тәтті бұрыштың өнімділік көрсеткіштері мен тыңайтқыш дозалары арасындағы корреляциялық қатынастың сортүлгілердің генотипіне байланысты өзгеруі, 2015 ж.

Өнім көрсеткіштері	Корреляция (r)	Регрессиялық теңеу	Детерминациялық коэффициент (R^2)
Yildiz			
Жалпы өнім	0,926	$y = 13,2 + 1,75x + 0,94x^2$	0,887
Тауарлы өнім	0,930	$y = 12,8 + 1,49x + 1,03x^2$	0,900
Қосымша жалпы өнім	0,787	$y = 0,32 + 19,19x + 5,81x^2$	0,632
Қосымша тауарлы өнім	0,773	$y = 0,04 + 18,89x + 6,4x^2$	0,611
Ergenekon			
Жалпы өнім	0,708	$y = 20,65 + 7,46x - 1,75x^2$	0,753
Тауарлы өнім	0,681	$y = 18,80 + 8,83x - 2,16x^2$	0,781
Қосымша жалпы өнім	0,726	$y = 1,27 + 36,7x - 8,6x^2$	0,789
Қосымша тауарлы өнім	0,695	$y = 1,85 + 48,1x - 11,8x^2$	0,810
Каз-Тай			
Жалпы өнім	0,837	$y = 21,1 - 6,89x + 14,94x^2 - 3,75x^3$	0,934
Тауарлы өнім	0,846	$y = 20,65 - 6,37x + 14,56x^2 - 3,67x^3$	0,941
Қосымша жалпы өнім	0,844	$y = -1,74 - 32,43x + 70,91x^2 - 17,81 x^3$	0,946
Қосымша тауарлы өнім	0,852	$y = -1,73 - 30,42x + 70,4x^2 - 17,76x^3$	0,951
Очарование			
Жалпы өнім	0,800	$y = 23,14 + 18,83x - 4,38x^2$	0,942
Тауарлы өнім	0,806	$y = 22,81 + 18,92x - 4,38x^2$	0,946
Қосымша жалпы өнім	0,769	$y = 1,04 + 83,13x - 19,37x^2$	0,875
Қосымша тауарлы өнім	0,787	$y = 0,90 + 84,29x - 19,53x^2$	0,906
Орташа барлық сортүлгілерді есепке алғанда			
Жалпы өнім	0,563	$y = 21,03 + 4,35x$	0,329
Тауарлы өнім	0,560	$y = 20,36 + 4,43x$	0,325
Қосымша жалпы өнім	0,703	$y = -0,71 + 45,66x - 7,41x^2$	0,680
Қосымша тауарлы өнім	0,717	$y = -0,66 + 49,18x - 8,16x^2$	0,723

Тыңайтқыштардың шартты дозалары мен тәтті бұрыштың өнімділік көрсеткіштері арасындағы қатынасын есептеп шығару мақсатында әртүрлі математикалық теңеулерді қолданып, осы қатынасты барынша жақын көрсететін эмпирикалық түзу сызықты немесе полиномдық функциялар таңдап алынды. Алынған математикалық теңеулер сортүлгілердің генотипіне қарай тәтті бұрыштың өнімділігі мен тыңайтқыштардың арасындағы байланыстар әртүрлі детерминациялық коэффициенттерімен ерекшеленді.

Сортүлгілерді жеке дара қарастырғанда детерминациялық коэффициенттер жоғары көрсеткіштерімен ерекшеленіп, алынған математикалық теңеулерден шығатын нәтижелер мен шындығында алынған нәтижелер өте жақын болды. Мысалы, тауарлы өнім Yildiz, Ergenekon, Қаз-Тай және Очарование сортүлгілерінде тыңайтқыштар есебінен, тиісінше,

90, 78, 94 және 95 пайыз қамтамасыз етілді. Ал нәтижелерін біріктіріп орташа көрсеткіштерді математикалық теңеулерге салып қарағанда мұндай байланыстың тығыздығы әлсіреп, тауарлы өнімнің өзгеруіне тыңайтқыштардың әсері 32 пайыз ғана болды.

Дегенмен, алынған математикалық теңеулер тыңайтқыш дозаларын зерттелген тәтті бұрыш сортүлгілерінің межеленген өнімінің деңгейіне сәйкестендіріп анықтауға мүмкіндік береді.

Тәтті бұрыш жемісіндегі құрғақ заттың, қанттың, «С» дәруменінің және нитраттардың мөлшерінің өзгеруі қолданылған тыңайтқыштардың дозаларына тәуелсіз болды (r = 0,042-0,277). Жемістегі нитраттардың мөлшері бекітілген шектелген мөлшерден (ПДК = 200 мг/кг) әлдеқайда төмен болды.

Сонымен, алынған ғылыми зерттеулердің нәтижесінде, зерттелген тәтті бұрыш сортүлгілерінің жалпы және тауарлы өнімділігі қолданылған тыңайтқыштардың мөлшеріне байланысты, тиісінше, 20,4-104,7 және 20,3-107,9 пайыз аралығында өзгеретіндігі дәлелденді. Тәтті бұрыш жемісінің биохимиялық құрамына тыңайтқыштардың мөлшері елеулі әсер етпеді.

Қазақстанның оңтүстік шығысы қара қоңыр топырағы жағдайында тәтті бұрыштың Yildiz сортүлгісінің ең жоғары өнімділігі тыңайтқыштардың N150P150K150 дозасын қолданғанда қамтамасыз етілсе, Ergenekon, Қаз-Тай және Очарование сортүлгілерінің ең жоғары өнімділігі тыңайтқыштардың N100P100K100 дозасын қолданғанда алынды.

Қорытынды

Қазақстанның оңтүстік шығысы қара қоңыр топырағы жағдайында тәтті бұрыштың Yildiz сортүлгісінің ең жоғары өнімділігі тыңайтқыштардың N150P150K150 дозасын қолданғанда қамтамасыз етілсе, Ergenekon, Қаз-Тай және Очарование сортүлгілерінің ең жоғары өнімділігі тыңайтқыштардың N100P100K100 дозасын қолданғанда алынды.

Зерттелген тәтті бұрыш сортүлгілерінің ішінен ең жоғары өнімділігімен Очарование сорты ерекшеленіп тыңайтқыштардың N100P100K100 дозасын қолданғанда гектарына шаққанда 42,7 тонна өнім алынды, ал тауарлылығы 99,8 % болды.

Әдебиеттер

1. http://faostat3.fao.org/download/Q/QC/E (ФАОСТАТ, 2013).
2. Казахстан Респу6ликасы Ұлттык экономика миинистрлігі Статистика комитеті. 3 серия. Ауыл, орман және балық шаруашылығы. Қазақстан Республикасында 2015 жылдың астығы үшін ауыл шаруашылығы дақылдарының егістік алқаптары.
3. Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімі. . – Астана, 2016. – 125 с.
4. Методика государственного сортоиспытания сельскохозяйственных культур (картофль, овощные и бахчевые культуры) М.: Колос, Вып. 4, 1975.-183 с.
5. Методика опытного дела в овощеводстве и бахчеводстве /Под ред.В.Ф.Белика, М.:Агропромиздат, 1992.-319с.
6. *Доспехов Б.А.* Методика полевого опыта.М., 1985.-415с.
7. *Muhammad Sajid; Muhammad Ishtiaq; Noorul Amin; Muhammad Arif; and ZiaurRehman.*Effect of nitrogen and phosphorous on growth and yield of red chillies. Source. Sarhad Journal of Agriculture., 2001, 17(4): 549-551.
8. *NingJianFeng; ZouXianZhong; Yang ShaoHai; Chen Yong; Sun LiLi; Wei Lan; and Wu JinLong,*. Effects of organic materials on the growth of pepper and amelioration of reservoir sediment. Chinese Journal of Eco-Agriculture, 2010, 18(2): 250-255.
9. *Maya, P., S. Natarajan and S. Thamburaj,*. Effect of plant density and nutrients on certain physiological parameters in sweet pepper. SouthIndianHorticulture., 1999, 47(1/6): 237-238.

Омарова А., Амиров Б.М.

ПРОДУКТИВНОСТЬ СЛАДКОГО ПЕРЦА В ЗАВИСИМОСТИ ОТ ГЕНОТИПА И ДОЗ МИНЕРАЛЬНЫХ УДОБРЕНИЙ

В результате проведенных иследований было установлено, что в зависимости от генотипа и применяемых доз минеральных удобрений валовая и товарная продуктивность сладкого перца изменялась в пределах 20,4 -104,7 и 20,3-107,9 %, соответственно. На биохимический состав плодов сладкого перца минеральные удобрения существенно не повлияли. В условиях юго-востока Казахстана на темно-каштановых почвах гибрид сладкого перца Yildiz обеспечивает максимальный урожай при применении минеральных удобрений в дозах N150P150K150, а гибриды Ergenekon и Очарование и сорт Қаз-Тай – при применении применении минеральных удобрений в дозах N100P100K100.

Ключевые слова: сладкий перец, оценка, сортообразец, удобрение, продуктивность, корреляция, регрессия.

Omarova A., Amirov B.M.

PRODUCTIVITY OF SWEET PEPPER DEPENDING ON THE GENOTYPE AND DOSES OF MINERAL FERTILIZERS

Annotation

As a result of studies it was found that depending on the genotype and doses of mineral fertilizers applied gross productivity and marketable yield of sweet pepper ranged between 20,4 - 104,7 and 20,3-107,9%, respectively. A biochemical quality of sweet pepper fruits is not significantly affected by fertilizers. Under the conditions of the south-east of Kazakhstan on dark chestnut soils a sweet pepper hybrid Yildiz provided maximum yield at the application of mineral fertilizers in doses N150P150K150, and hybrids Ergenekon and Ocharovanye, and a variety Қаz-Tai – at the application of mineral fertilizers in N100P100K100 doses.

Keywords*:* sweet pepper, evaluation, accession, fertilizer, productivity, correlation, regression

UDC 632.938:635.132

Manabaeva U.A., Amirov B.M.

Kazakh National Agrarian University

YIELD AND RESISTANCE TO POWDERY MILDEW OF CARROT (*DAUCUS CAROTA L.*) ACCESSIONS UNDER FIELD CONDITIOONS

Annotation

On an experimental field an evaluation of 20 carrot accessions for resistance to powdery mildew was carried out. Of carrot accessions screened, CR00102 and CR00655 had no signs of leaf powdery mildew lesions, whereas CR00549, CR01100, CR00331, CR00484, CR00636, CR00648 and CR01214 demonstrated a very slight infection by powdery mildew (0,1-1,0 points), the accessions CR00332, CR00073, CR00235, CR00606, CR00649 and CR00650 found to be slightly affected by the disease (1,1-2,0 points). The accessions CR00829, CR00239 and CR00236 found to be in average infection (2,1-3,0 points), and the remaining two accessions -

CR00718 and CR01228 considered to be in severe infection (3,1-4,0 points) by powdery mildew. Correlation analysis pointed to weak relationship between the powdery mildew infection rates and yield characteristics of carrot accessions (R = 0,042-0,400).

Keywords: carrot, evaluation, accession, resistance, disease, powdery mildew, yield

Introduction

Carrot *(Daucus carota L.)* is an important root vegetable crop in Kazakhstan, in 2015 it was sown on 19,7 thousand ha, 50% of this area concentrated to south-eastern region – Almaty, Zhambyl and Shymkent oblasts. Carrots are greatly affected by pathogens that cause destruction of plants at different stages of ontogenesis. Therefore, in breeding programs an evaluation and selection of multiple sources of resistance to important virulent diseases, including leaf pathogens is of great importance [1-4]. In recent years a powdery mildew (PM) outbreak has been observed in some carrot production fields of the region. Therefore in breeding programs has been arisen a need in developing new varieties of carrots with resistance to the disease.

The aim of this work was evaluation of available carrot accessions under field conditions for resistance to powdery mildew.

Materials and methods

In 2015 an evaluation of 20 carrot accessions representing varieties, breeding selections, and local land races from different countries was conducted at the experimental plot of Kazakh Research Institute of Potato and Vegetable Growing, Almaty region, Kazakhstan (43°16′ N and 76°53′ E).

The field studies were carried out on plots with area of 2,8 m^2 (4,0 m x 0,7 m). Experimental plots were designed compactly. The edges of the experimental plots were planted by local carrot population severely susceptible to PM.

The rates of fertilizers applied in all plots were N80P80K80 in the form of ammonium phosphate (10% N, 46% P2O5), ammonium nitrate (34% N) and potassium chloride (60% K2O). The fertilizers were applied 2/3 preplant, and 1/3 side dressed.

Cultural practices for carrot growing included basic field tilling (plowing at 25-27 cm - in the autumn, deep cultivation in combination with harrows – in the spring), seedbed preparation, planting, herbicide application, and hand weeding and watering.

The design of field experiments, phenological observations, biometric measurements and recordings were done in accordance to methodic instructions [5,6,7].

Six weeks before harvesting, when there was maximum manifestation of PM a visual examination of carrot susceptibility was done in points: 0 - there are no signs of the disease; 1 - very slight infection (1-10% of leaves); 2 - slight infection (11- 25% of leaves); 3 - average infection (26-50% of leaves); 4 - severe infection (more than 51% of the leaves).

For the assessment of carrot plants resistance to foliar infection by PM the coefficient of infection (IC, points), disease incidence (DI, %) and disease extent (DE, %) were calculated.

IC was calculated using the formula:

$$IC = \sum(a \times b)/N \quad (1)$$

DI was given by the formula:

$$DI = (n \times 100)/N \quad (2)$$

DE was determined by the formula:

$$DE = \sum(a \times b) \times 100/N \times 4 \quad (3)$$

where:

Σ (a x b) - the sum of the production of the number of infected plants at the appropriate points of lesions, N - total number of plants recorded in the sample, n - the number of infected plants; 4 - the highest point of the accounting scale.

The data were processed using the software of Microsoft Office Excel.

Results and discussion

Powdery mildew on crops has been observed throughout the world, including China [8], Australia [9], South Korea [10], Mexico [11], Turkey [12], Hungary [13], India [14], and many other countries.

E. heraclei has been recorded from 80 genera in the Apiaceae. The only powdery mildew belonging to the subfamily *Erysiphoideae* reported on carrot is E. heraclei, which is distributed worldwide and can also infect numerous species of various host genera of the Apiaceae.

In our experimental plot white mycelial colonies typical of powdery mildew were seen on leaves of majority of carrot accessions studied. The severity of infection was dependent on the genotype of carrot varieties. Based on the examining the pathogen visually using the descriptions by literature the fungus was identified as *Erysiphe heraclei* [15].

Қазақ ұлттық аграрлық университеті[1]
№25 жалпы білім беретін орта мектебінің Информатика пәні мұғалімі, Шымкент қ.[2]

MS PROJECT БАҒДАРЛАМАСЫНДА ЖОБАНЫ БАСҚАРАТЫН МОДЕЛДІ ӘЗІРЛЕУ

Аңдатпа

Мақалада MS PROJECT бағдарламасында ақпараттық технологиялар бойынша жобаны басқаратын моделді әзірлеу қарастырылған.

Кілт сөздер: Жоба, мақсат, қор, сапа, жоба құнын есептеу, еңбек шығындары.

Кіріспе

Жоба көзделген мақсаттарға анықталған мерзімде жету үшін құрылады. Жоба жоспарында қандай жұмыстар, қандай адамдар және қандай құрал - жабдықтар негізінде нәтижеге жететіндігі анықталады. Сондықтан да жоба жоспары негізгі үш бөлімнен тұрады: мақсаттар, қорлар (ресурсы) және тағайындаулар (назначения).

Мақсат – жоба аумағында арнаулы нәтижелерге жетуге бағытталған жұмыстар. Жоба көптеген мақсаттардан тұратындықтан олар арнаулы топтарға немесе фазаларға біріктіріледі. Жоба фазасы бір немесе бірнеше мақсаттардан тұрады, ал бұл мақсаттар іске асқанда бір немесе бірнеше негізгі нәтижелер алынады. Фазаның мақсаттан артықшылығы – фазаның нәтижесіне басқа есептер тобы қосылады. Сондықтан да MS Project–те фазалар қосынды тапсырмалар (summary task) деп аталады.

Қорытынды мақсаттар – нәтижесінде аралық мақсаттар орындалатын тапсырмалар. MS Project–те олар *белгілер* (milestone) деп аталады.

Мақсатқа жету ұзақтығы – тапсырманы орындауға кеткен жұмыс уақыты аралығы. Ұзақтық (duration) еңбек нәтижесі алынатын қандай да бір уақыт аралығына сәйкес, ал еңбек шығыны (work) – қызметкерлердің нәтижеге жетуге жұмсаған еңбек шығындары.

Жоба жоспарындағы барлық тапсырмалар бір–бірімен байланысқан, көп жағдайда бір тапсырма аяқталмай екінші бір тапсырманың орындалуы мүмкін емес. Жоба жоспарында тәуелділіктер (dependencies) байланыстар (links) арқылы белгіленеді.

Қор (*ресурс*) дегеніміз – жобаны тапсырмаларын орындауға қажетті қызметкерлер мен құрал–жабдықтар. Әрбір қызметкердің өзіндік алатын орны бар. Мысалы, алғашқы кезде үш бағдарламашы және бір менеджер қажет болса, жоба жоспары бекітілген соң осы орынға сәйкес келетін ұыметкерлер таңдалады.

Қорлардың басты қасиеті – құны (cost). MS Project бағдарламасында қор құнының екі түрі бар: мерзімді құн (rate) және қолдану бағасы (cost per use).

Тағайындаулар – анықталған мақсаттар мен қорлар арасындағы байланыстар. Бір тапсырмаға материалдық және материалдық емес бірнеше қорлар тағайындалады. Тағайындаулар көмегімен бірнеше жоспарлау тапсырмалары шешіледі:

- тапсырманы орындауға жауапты адамдар анықталады;
- мақсат анықталғаннан соң, жалпы уақыт және бағасы көлемі анықталады;
- жобаға қатысты қорларды қосы отырып жоба құны анықталады;
- тапсырмаға қажетті ресурстарды тағайындай отырып, жалпы жоба ұзақтығын қысқартуға болады.

Барлық жобаларда аяқталу мерзімі, бюджет және жұмыс көлемі болады. Уақыт, ақша және жұмыс көлемі – жоба үшбұрышы деп аталады, өйткені бірі өзгерсе, қалған екеуі де автоматты түрде өзгеріп отырады.

Сапа – жоба үшбұрышының негізі. Үшбұрыштың қандай да бір элементінің өзгерісі сапаға да әсер етеді. Сапа – жұмыс көлеміне, бағасына және кеткен уақытқа байланысты нәтиже. Шығындарды азайту жоба сапасын төмендетеді [1-2].

Негізгі бөлім

Жоба құнын есептеу түрлі тәсілдермен жүргізілуі мүмкін. Мысалы, басқа жобаларға талдаулар жүргізіп, ұқсас есептеулер арқылы. Немесе, жобаның негізгі параметрлерінің бағалары арқылы, мысалы, құрылыс материалдары және жүргізілген жұмыстарға төленетін төлемдер.

Жоба құнын «жоғарыдан-төменге» принципі негізінде, жобаның жалпы құнынан бөлек тапсырмалардың құнын анықтау арқылы, жүргізілуі мүмкін. Немесе «төменнен-жоғарыға» принципімен, жеке тапсырмалар құнын анықтап, олардың қосындысы негізінде жобаның жалпы құнын алу арқылы, жүргізілуі мүмкін.

MS Project ортасында соңғы тәсіл қолданылады. Бұл тәсіл қиындығына қарамастан мейілінше нақты тәсіл болып табылады.

MS Project ортасында жоба құны төмендегі формулалар арқылы есептеледі:

Жобаның жалпы құны = Тапсырмалар мен ресурстардың фиксацияланған құны + тағайындау құны.

Тағайындау құны = Ресурс құны* тағайындау ұзақтылығы (сағаттық жүктемеде) немесе

Тағайындау құны = Ресурстардың фиксацияланған құны.

Осылайша, егер кез келген ресурс үшін оның қолданылу шығыны анықталса, MS Project жеке тапсырмалар үшін ресурстардың тағайындалуының шығынын және жобаға кететін жалпы шығындарды автоматы түрде есептейді.

Еңбек шығындары – бұл адамдар, құрылғылар және құрал-жабдықтар. Еңбек шығындарының ерекшелігі тапсырмалардың аяқталуымен олар тауысылмайды және басқа тапсырмаларды орындауда қолданылуы мүмкін.

Материалдық ресурстар – бұл материалдар мен шикізаттар. Олар тапсырмаларды орындау барысында толық пайдаланылады және басқа тапсырмаларды орындауға қолданыла алмайды, себебі таусылып қалады.

Жеке ресурстар – бұл жеке адамдар немесе құрылғылар.

Топтық (біріктірілген) ресурстар – бұл бірдей немесе өзара алмастырыла алатын ресурстар. Мысалы, редакторлар немесе секретарлар. Біріктірілген ресурстарға кіретін барлық жеке ресурстар бірдей шығынға ие болады және осы топ үшін анықталған бір ресурстар күнтізбесін қолдануы керек. Олар үшін жеке тағайындаулар және жеке демалыс күндерін жасауға болмайды.

Фиксацияланған шығындар – бұл тапсырмалармен тікелей байланысқан шығындар.

Еңбек ресурстарының шығындары - тапсырмаға тағайындалған әрбір ресурстың шығындары. Олар жұмыс мерзімімен немесе ресурсты пайдалануға кететін уақыт шығынына және тағайындалумен байланысты.

Жалпы шығындар – ресурстар мен фиксацияланатын шығындар қосындысы.

Еңбек ресурстарының шығындары төмендегі формула арқылы есептеледі:

Ресурстар шығындары= уақыт ресурстар бірлігінің шығындары * тапсырмаларды орындауға кететін ресурстардың уақыт мөлшері.

Мысалы: егер ресурс сағатына 250 теңге болса, ал уақыт 5 сағатқа белгіленсе, онда ресурс шығындары 750 теңге болады.

Егер тапсырмаға бірнеше ресурстар тағайындалса, онда тапсырма шығындары тағайындаулар шығындарының қосындысына тең болады.

Материалдық ресурстар шығындары тікелей тапсырмалары ұзақтылығына байланысты емес.

Материалдық ресурстар шығындары = ресурс бірліктерінің саны * ресурс бірлігінің шығыны.

MS Project ортасында ресурсты пайдалану құнын Resource information (Информация о ресурсе) терезесінің Costs (Затраты) бөлімінде Шығын нормалары кестесіне мәндер енгізу арқылы анықталады [3].

Cost rate table (Таблицы норм затрат) бөлімі бірдей құрылымды 1-суретте, олар A, B, C, D және E бағандарынан тұрады.



1-сурет. Cost rate table (Таблицы норм затрат) бөлімі

Ресурстар кестесінің сан/уақыт бірлігі форматында ресурстар төлемі жүктемесін көрсетуге болады:

Стандартты жүктеме (поле Standart Rate) – кәдімгі жұмыс уақытындағы жұмыстар үшін;

Үстеме жүктемесі (поле Overtime Rate)- үстеме жұмыс уақыттары үшін;

Қолданылу шығындары (поле Per Use Cost) –жұмыс уақытына байланыссыз тағайындаулар үшін арнайы шығындар [4].

Ресурс жүктемелері жобаның орындалуы барысында өзгеріп отыруы мүмкін. Effective Date (Дата действия) өрісінде ресурстардың жаңа жүктемесі орын алатын күнді көрсетуге болады. Бұл өрісті кестенің тек екінші жолынан бастап толтыру керек. Жүктемелерді абсолютті сандық мәнде, не алдыңғы жолғыға қарағанда салыстырмалы пайыздық қатыста көрсетуге болады. Мысалы, +10%.

Тапсырмаға ресурсты тағайындау барысында оның құны автоматы түрде мына формула арқылы анықталады:

Тағайындау құны=ресурс жүктемесі*еңбек шығындары+ресурсты қолдану шығындары.

Үнсіз келісім бойынша ресурс жүктемесі шығындар нормасының А бағанынан алынады. Қажетті жағдайда басқа шығындар нормасы кестелерін көрсетуге болады. Ол үшін Task Usage (Использование задач) терезесінде керекті ресурсты таңдай отырып, Assignment Information (Информация о назначении) терезесін ашу керек және General (Общие) тағайындаулардың сұхбаттық терезесінде Cost rate table (Таблица норм затрат) тізімінен баламалы шығындар нормалары кестесі көрсетіледі (2-сурет).



2-сурет. Тапсырмаға ресурсты тағайындау

MS Project ортасында тапсырмалар құны мына формула арқылы есептеледі:

Тапсырма құны = тағайындаулар құны + белгіленген шығындар.

Белгіленген шығындар (fixed cost) – бұл жобалық ресурстардың пайдаланылуына қатыссыз шығындар. Олар еңбек шығындарына тәуелді емес[4].

Белгіленген шығындарды Cost (Затраты) кестесінің Fixed Cost (Фиксированные затраты) өрісінде енгізуге болады (3-сурет).



3-сурет. Белгіленген шығындарды Cost (Затраты) кестесі

Қорыта келгенде, MS PROJECT бағдарламасында ақпараттық технологиялар бойынша жобаны басқаратын моделді әзірлеу ақпараттық ағынға, инвестициялық үрдіске қатысушылардың көптігіне байланысты болашағы зор деп айтуға болады.

Әдебиеттер

1. Богданов В.В. Управление проектами в MicrosoftProject 2003: Учебный курс. – СПб.: Питер, 2004.

2. Орлов С.А. Технологии разработки программного обеспечения: Учебник. – СПб.: Питер, 2002.

3. Әбілдаева Э. MS PROJECT БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КӨМЕГІМЕН ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ // Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Жоғары кәсіптік білім берудің инновациялық дамуы: тәжірибесі, мәселелері және келешегі» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы жинағы, Қызылорда-2012 ж.18-19 қазан,

4. Әбілдаева Э. *Project* жобаларды басқару кешенінің мүмкіндіктері // Қорқыт Ата мемлекеттік университерті жанындағы «Жас ғалымдар альянсы» қоғамдық бірлестігінің «Жас ғалымдар» кеңесі «Агробиологиялық және қолданбалы зерттеулер» ғылыми орталығы ұйымдастырған «Білім, ғылым, инновация: өзекті мәселелері мен даму жолдары» III республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары, Қызылорда-2012ж., 347-351бет

Есболатова Ш., Тенгаева А., Султанбекова М.

РАЗРАБОТКА МОДЕЛИ ДЛЯ УПРАВЛЕНИЯ ПРОЕКТАМИ В ПРОГРАММЕ MS PROJECT

В данной статье рассматривается разработка модели для управления проектами в программе MS Project.

Ключевые слова: Проект, цель, ресурсы, качество, расчет стоимости проекта, затраты на оплату труда.

EsbolatovaSh.,TengaevaA.,Sultanbekova M.

DEVELOPMENT OF MODEL FOR A MANAGEMENT BY PROJECTS IN THE PROGRAM MS PROJECT

In this article development of model is examined for a management by projects in the program MS Project.

Keywords: Project, aim, resources, quality, calculation of cost of project, expenses on the remuneration of labour.

УДК 648.7:601.3.154.5

Касымова Г.Т., Джобалаева Г.С., Әлібек Н.Б.

Казахский национальный аграрный университет, г. Алматы
Казахский национальный исследовательский технический университет им. К.И.Сатпаева, г. Алматы

ОПРЕДЕЛЕНИЕ СОПРОТИВЛЕНИЯ ТЕПЛОПЕРЕДАЧИ ФРАГМЕНТОВ СТЕН ПО СПОСОБУ «ТЕПЛОВОГО ЯЩИКА»

Аннотация

В статье описывается новый метод измерения сопротивления теплопередаче ограждающих конструкций строительных сооружений при небольшой разности температур с различных сторон ограждения. Приведены зависимости поправочных коэффициентов kн, kn от времени, а также рассчитана сопротивление теплопередаче стены из красного кирпича.

Ключевые слова: тепловой поток, плотность теплового потока, теплопередача, инфракрасная термограмма, зона прогрева, тепловизор, сопротивление теплопередаче ограждающей конструкции

Введение

В последнее десятилетие существенно вырос интерес к применению инфракрасного (ИК) тепловидения в строительстве. Стимулировали появление практически не существовавшего ранее рынка услуг по энергоаудиту строительных сооружений, что, в свою очередь, привело к взрывному росту спроса на бюджетные тепловизоры. С другой стороны, именно в последнее десятилетие произошла смена поколений инфракрасных (ИК) тепловизоров, обусловленная разработкой относительно недорогих матричных детекторов ИК излучения. Цены на тепловизоры снизились чуть ли не на порядок, измерительные модели стали доступны небольшим организациям и даже физическим лицам.

Материалы и методы

Для сокращения длительности процедуры измерения сопротивления теплопередаче ограждающих конструкций строительных сооружений при небольшой разности температур с различных сторон ограждения предложен новый способ, в котором дополнительно измеряют температуру и плотность теплового потока на поверхности ограждающей конструкции, противоположной нагреву, на расстоянии не менее двух максимальных линейных размеров зоны нагрева от центра зоны нагрева, при этом измерения температуры и плотности теплового потока нанагреваемой и противоположной поверхностях ограждающей конструкции в центре зоны нагрева производят в момент времени т, когда на поверхности, противоположной нагреву, разность температуры в центре зоны нагрева и дополнительно измеренной температуры, а также разность плотности теплового потока в центре зоны нагрева и дополнительно измеренной плотности, превысят пороги чувствительности соответствующих измерительных устройств, а сопротивление теплопередаче ограждающей конструкции определяют по формулам [1]:

если тепловой поток измеряют на нагреваемой поверхности,

$$R = {}^{L}/_{\lambda} = {}^{k\text{н}(T\text{н} - Tn)}/_{Q\text{н}}, \quad (1)$$

если тепловой поток измеряют на противоположной поверхности,

$$R = {}^{L}/_{\lambda} = {}^{kn(T\text{н} - Tn)}/_{Qn}, \quad (2)$$

причем поправочные коэффициенты kн, knопределяют из выражений:

$$k\text{н} = 2.68({}^{T\text{н}}/_{Tn})^{0.0870} D^{-0.270} L^{0.469} \tau^{-0.112}, \quad (3)$$

$$k\text{н} = 0.22({}^{T\text{н}}/_{Tn})^{-0.160} D^{0.231} L^{-0.578} \tau^{0.257}, \quad (4)$$

где R – сопротивление теплопередаче ограждающей конструкции, Tн , Tn – температуры нагреваемой и противоположной поверхностей ограждающей конструкции в центре зоны нагрева соответственно, Qн , Qn – плотность теплового потока на нагреваемой и противоположной поверхностях ограждающей конструкции в центре зоны нагрева соответственно, D – площадь зоны равномерного нагрева, L – толщина ограждающей конструкции, τ – время измерения температуры и плотности теплового потока на поверхностях ограждающей конструкции в центре зоны нагрева, λ – коэффициент теплопроводности материала ограждающей конструкции.

Результаты и обсуждение

Для вычислений kн и kn использовалась компьютерная программа моделирования нестационарной теплопередачи в строительных конструкциях ThermoCalc-6L.

На Рисунке 1 приведен общий вид реализации предлагаемого способа *(H* - линейный размер зоны нагрева).

Рисунок 2 иллюстрирует практическое применение способа определения сопротивления теплопередаче: а) и б) внешний вид и крепление нагревателя к кирпичной стене; в) зона прогрева (1x1) м^2 на стене, противоположной нагреву (инфракрасная термограмма).



Рисунок – 1. Схема способа определения сопротивления теплопередаче ограждающей конструкции



а б

в

Рисунок – 2. Практическое применение способа определения сопротивления теплопередаче: а) внешний вид нагревателя; б) крепление нагревателя; в) зона прогрева (1x1) м^2 на стене, к стене противоположной нагреву

На Рисунке 3 приведены зависимости введенных выше поправочных коэффициентов kн, kn от времени при определении сопротивления теплопередаче кирпичной стенки толщиной 1 м, нагрев в зоне размером 1x1 м^2 (получены с помощью программного пакета Mathematica). Очевидно, что при больших временах нагрева, соответствующих переходу в стационарный режим, коэффициенты kн и kn стремятся к 1.

Проводилось экспериментальное определение сопротивления теплопередаче стены из красного кирпича толщиной 0.7 м. Нагрев производился с внутренней стороны стены. Нагреватель (Рисунок 2) был изготовлен в соответствии с ГОСТ 31166-2003 [2] и представлял собой металлический ящик с одной открытой поверхностью размером (1x1) м^2, стенки которого были утеплены теплоизоляционным материалом (изофлексом), облицованным внутри отражающим излучение материалом (фольгированным пеноизолом). Суммарная мощность нагрева 2000 Вт.

Для измерения температуры нагрева внутренней и наружной сторон стены использовался тепловизор FLIR ThermaCam AGEMA 570. Диапазон измеряемых температур: (-10...+350) ^{o}C. Температурная чувствительность (порог чувствительности прибора): 0.1 ^{o}C.

Для измерения плотности теплового потока использовался измеритель теплового потока ИПП-2 (заводская калибровка по сертификату № 23/287/442). Диапазон измерения: (0-2000) Вт/м. Время измерения: 3.5 минуты. Основная погрешность (порог чувствиительности прибора): 5%.



Рисунок – 3. Зависимости поправочных коэффициентов *кн, кп* от времени

На Рисунке 1, в показан вид теплового поля на поверхности кирпичной стены, протиивоположной нагреву, через 24 часа после начала нагрева (инфракрасная термограмма).

Таким образом, сопротивление теплопередаче стены из красного кирпича, определенное по формуле (1) составило

$$R = 0.306\text{- } (44 - 21.9)/7 = 0.97 \text{ м}^2\text{К/Вт},$$

что близко к теоретическому значению:

$$R = L/\lambda = 0.7/0.76 = 0.92 \text{ м}^2\text{К/Вт}.$$

Погрешность определения сопротивления теплопередаче стены составила 5.4 *%.* Следует заметить, что в описанных выше экспериментальных исследованиях на стационарный режим температура стены вышла только через 7 суток, что подтверждает эффективность (сокращение времени процедуры измерений) предложенного способа определения сопротивления теплопередаче ограждающих конструкций.

Выводы

В рамках предложенной модели нестационарного нагрева элементов НОК тепловым потоком, произвольно изменяющимся во времени, разработан новый метод измерения сопротивления теплопередаче ограждающих конструкций строительных сооружений при небольшой разности температур с различных сторон ограждения, что позволило предложить алгоритм определения сопротивления теплопередаче НОК в нестационарных условиях с погрешностью до 10%.

Литература

1. Вавилов В.П., Маринетти С., Нестерук Д.А. Тепловизионная оценка сопротивления теплопередаче строительных конструкций в нестационарных условиях. //Дефектоскопия, 2009.– №7–С. 50-61

2. ГОСТ 31166-2003 «Конструкции ограждающие зданий и сооружений. Метод калориметрического определения коэффициента теплопередачи»

Касымова Г.Т., Джобалаева Г.С., Әлібек Н.Б.

«ЖЫЛУЛЫҚ ЖӘШІК» ТӘСІЛІ БОЙЫНША ҚАБЫРҒА ФРАГМЕНТІНІҢ ЖЫЛУЛЫҚ БЕРІЛІСКЕ КЕДЕРГІСІН АНЫҚТАУ

Аңдатпа

Мақалада қоршаудың әр жағынан температураның аз айырмашылығы болған кездегі құрылыс ғимараттарының қоршау конструкциясының жылулық беріліске кедергісін өлшеудің жаңа тәсілі сипатталады. kн, knтүзету коэффициенттерінің уақытқа байланысты келтірілген, сондай ақ қызыл кірпіштен қаланған қабырғаның жылулық беріліске кедергісі есептелген.

Кілт сөздер: жылулық ағын, жылулық ағынның тығыздығы, жылыту, жылу беру, инфроқызыл термограмма, аса қызу аймағы, тепловизор, қоршау конструкциясының жылулық беріліске кедергісі.

Kasymova G., Dzhobalaeva G., Alibek N.

DETERMINATION OF RESISTANCE TO HEAT TRANSFER WALL FRAGMENT BY THE METHOD OF "HEAT BOX"

The article describes a new method for measuring the R-value of building structures with a small temperature difference with the various parties fences. The dependences kн, kn correction coefficients, from time to time, as well as the calculated thermal resistance of the walls of red brick.

Keywords: heat flux, heat flux, heat transfer, infrared thermographs, warm zone, a thermal imager, R-value

ӘОЖ 631.352.99

Қожағұлова М.С., Жүнісбаев Б.Ж., Сапарбаев Е.Т.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

«МЕРЕКЕ» ПИЯЗ СОРТЫНЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ-МЕХАНИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада пияздың физикалық-механикалық қасиеттерін анықтаудың әдістемесі мен құралдар тізбесі келтірілген. «Мереке» сортының физикалық-механикалық қасиеттерін эксперименталдық зерттеу деректерін өңдеу мен талдау нәтижесінде пияз пәлегі мен арамшөпті аластағыш құрылғының конструктивтік-режимдік параметрлерін айқындауға қажетті мағлұматтар алынған.

Кілт сөздер: пәлек аластағыш құрылғы,пәлек диаметрі, пәлек биіктігі, бадана басы биіктігі, арамшөп биіктігі, өсімдік саны, ортаквадраттық ауытқу, интервал, ықтималдық, өзгеру коэффициенті.

Кіріспе

Пиязды жинау көптеген қиыншылықтармен байланысты келеді, соның біріне пиязды машинамен жинауды қиындататын егістіктердің арамшөппен ластануы жатады. Сіліккіш типтес машинамен жинау кезінде пияз егістігін жиым-терімге алдын-ала дайындамаса, онда сіліккіш аппараттың айналушы элементтері бітеліп қалады да, машина өндірімді-

лігінің төмендеуіне, оның сынуына, тазарту үшін жиі тоқтауға әкеледі. Осыған байланысты жиым-терім алдында арамшөпті аластау қажеттігі туындайды.

Пиязды механикаландырылған түрде жинау міндетін шешу үшін жиым-терім машиналары жұмыстық органдарының конструктивтік-режимдік параметрлерін есептеу мен негіздеу үшін қажет оның физикалық-механикалық қасиеттері маңызды болып табылады.

Материалдар және әдістер

Пияз пәлегі мен арамшөп аластауды қамтамасыз ететін пәлек аластағыш құрылғының қаптама (1), білік (2) және білікке көлденең жазықтыққа белгілі бір бұрышпен орнатылған пышақтардан (3) тұратын конструкциясын ұсынуға болады. Қаптаманың (1) пәлек шығаратын терезесі бар, оның төменгі бөлігі ашық түрде болады. Мұндай құрылғы пияз пәлегі мен арамшөпті аластауды екі операцияда орындайды: пияз пәлегі мен арамшөпті көтеру; оларды кесу және ұсақтау (1-сурет).



1-сурет. Пәлек аластағыш құрылғы сұлбасы
1 – қаптама; 2 – білік; 3 – пышақтар

Пәлек аластағыш құрылғының конструктивтік-технологиялық параметрлерін негіздеуге пияз егістігінің мынадай физикалық-механикалық қасиеттерін зерттеу қажет: пияз егістігі жолағының ені; пияз баданасының топырақ үстіндегі бөлігінің ұзындығы; өсімдіктің табиғи күйдегі биіктегі; өсімдік пәлегінің ені; үйкелістің статикалық коэффициенті; 1 шаршы метрдегі өсімдік саны.

«Мереке» пияз сортының физикалық-механикалық қасиеттерін зерттеу мемлекеттік стандарттар талаптары негізінде, өсімдік, топырақтың физикалық-механикалық қасиеттерін анықтауға пайдаланылатын әдістемеге, Қазақ ұлттық аграрлық университетінің «Механика және ауылшаруашылық техникасын құрылымдау» кафедрасында жасалған әдістемеге сәйкес Жамбыл облысы Мерке ауданы Сұрат ауылындағы «Қараш» шаруа қожалығының пияз егістіктерінде жүргізілді. «Мереке» пияз сортының физикалық-механикалық қасиеттерін сандық мәндерін анықтау үшін пайдаланылатын прибор, құрал-сайман және жабдық тізбесі өлшеулердің шекті мүмкін ауытқуларын есепке ала отырып, жаппай өлшеуге таңдап алынды және мәліметтер 1-кестеде келтірілген [1, 2].

Кесте 1 – «Мереке» пияз сортының физикалық-механикалық қасиеттерін анықтайтын прибор, құрал-сайман және жабдық тізбесі

Өлшенетін көрсеткіш	Прибор, құрал-сайман мен жабдық аталымы	Өлшеудің ұйғарынды қателігі
Қатараралықтың ені	МЕСТ 11900-66 сәйкесті ЩЦ-II-250-0,05 штангенциркулі	± 5 мм
Пияз пәлегі мен арамшөп ұзындығы	МЕСТ 17435-72 сәйкесті ЛМП-300 сызғышы	± 0,5 мм

Өсімдік пәлегінің диаметрі	МЕСТ 166-80 сәйкесті ЩЦ-II-250-0,05 штангенциркулі	± 0,1 мм
Үйкелістің статикалық бұрышы	Үйкелістің статикалық бұрышын анықтайтын прибор, жазықбет жиынтығы	± $0^0 30^/$ мм

Пияз пәлегі мен арамшөптің үйкелістік қасиеттері ішкі және сыртқы үйкеліс коэффициенті арқылы анықталады. Ішкі үйкеліс коэффициенті пияз пәлектерінің өзара үйкелісімен айқындалады. Біздің жүргізген тәжірибелерде «Мереке» сортының пияз пәлегі мен арамшөпті болаттан жасалған пышақтармен кесу кезіндегі үйкелістік қасиеттері зерделенді. Тәжірибені қайталап жүргізу реті – он дүркін. Үйкелістің статикалық коэффициентін анықтау үшін 2-суретке сәйкес көрсетілген прибор пайдаланылды [3].



2-сурет. Үйкелістің статикалық бұрышын анықтайтын аспап сұлбасы
1 – шкала; 2 – жебелік; 3 – көлбеу жазықтық; 4 – негіз; 5 – винт

Зерттеу нәтижелері

Пияз егістігі жолағының ендерін жолақ бойлығы шетінде орналасқан өсімдіктердің орталары арасындағы қашықтықты өзара бірқалыпты орналастырылған жеке есептік учаскедегі нүктелерде өлшеу жолымен айқындалды. Өлшеу қателігі ±1,0 см. Пияз егістігін жолақ ені бойынша өлшеу деректері 2-кестеде келтірілген.

Кесте 2 – Пияз егістігі жолақтарының ені

Интервал, см	86	87	88	89	90	91	92	93
Ықтималдық, %	8	11	12	16	22	13	10	6

Пияз егістігіндегі жолақ ендері 86-дан 93 см-ге дейінгі шекте жатады, сонда орта мән $\overline{X}$=89,45 см (ортаквадраттық ауытқу δ=1,59 см, өзгеру коэффициенті ν=l,79%) болады. Осыған байланысты пияз аластағыш құрылғының алымдық ені 93 см-ден кіші болмауға тиіс (3-сурет).



3-сурет. Пияз егістігі жолақтары енінің үлестірілім ықтималдығы мен өзгеру қисығы

«Мереке» пияз сортының өлшемдік сипаттамалары дәлдігі ±0,1мм болатын ШЦ-11-250-0,05 штанген циркулі және ЛМП-300 сызғышымен өлшенді, мұнда пияз баданасы басының топырақ үстіндегі бөлігінің биіктігі – $h_{пбб}$, пәлектің табиғи күйдегі биіктігі – $h_{пткб}$, пәлек диаметрі – $d_{пәл}$ анықталды. Жиым-терім кезіндегі «Мереке» пияз сортының өлшемдік сипаттамаларының деректері 3-кестеде берілген.

Кесте 3 – «Мереке» пияз сортының өлшемдік сипаттамалары

Көрсеткіштер	Мәндері		
	ең үлкен	орташа	ең кіші
Бадана басының топырақ үсті бөлігінің биіктігі, мм	14,0	11,4	2,0
Өсімдіктің табиғи күйдегі биіктігі, мм			
«Мереке» пияз сорты	270,0	85,0	30,0
Арамшөп	498,0	164,0	30,0
Өсімдік пәлегінің диаметрі, мм			
«Мереке» пияз сорты	20,0	11,1	4,0
Арамшөп	15,2	9,7	1,9

Пияз баданасы басының топырақ үсті бөлігінің биіктігі 2-ден 14 мм-ге дейінгі шекте жатады, сонда орта мән $\overline{X}$ =11,4 мм (ортаквадраттық ауытқу δ=1,99 мм, өзгеру коэффициенті ν=17,45%) болады. Арамшөптің табиғи күйдегі биіктігінің мәндері 3,0-ден 49,8 см-ге дейінгі шекте жатады, сонда орта мән $\overline{X}$=16,4 см (ортаквадраттық ауытқу δ=5,04 мм, өзгеру коэффициенті ν=30,73%) болады. Пияз пәлегі диаметрінің мәндері 4-тен 20 мм-ге дейінгі шекте жатып, орта мәні $\overline{X}$=11,1 мм (ортаквадраттық ауытқу δ=2,56 мм, өзгеру коэффициенті ν=23,1%), ал арамшөп диаметрінің мәндері 1,9-дан 15,2 мм-ге дейінгі шекте жатып, орта мәні $\overline{X}$=9,7 мм (ортаквадраттық ауытқу δ=3,37 мм, өзгеру коэффициенті ν=34,7%) болады.

«Мереке» пияз сортының пәлегі және арамшөптің болаттан жасалған жазықбет бойынша үйкелісінің статикалық коэффициентін өлшеу негізінде алынған деректер 4-кестеге сәйкес көрсетілген.

Кесте 4 – «Мереке» пияз сортының пәлегі мен арамшөптің болат жазықбет бойынша үйкелістік қасиеттері

Көрсеткіш	Пияз пәлегі	Арамшөп
Үйкелістің статикалық бұрышының орташа мәні $\overline{X}$, градус	34,14±0,94	41,63±1,49
Ортаквадраттық ауытқу S, градус	0,81	1,24
Вариациялау коэффициенті ν, %	2,4	2,9
Таңдама орташаның салыстырмалы ауытқуы Sx, %	0,59	0,98
Үйкелістің статикалық коэффициенті, Кс	0,57-0,62	0,63-0,72
Ылғалдылық, %	18,2	90

Пияз егістігінің бір шаршы метріндегі өсімдік саны танаптың диагоналы бойынша әрбір есептік бөлікке рамканы қою жолымен оларды санау арқылы анықталды. «Мереке» сорты үшін бір шаршы метрдегі пияздың саны орташа шамасы $\overline{X}$=88 дана болған кезде 57...105 дана аралығында болды (ортаквадраттық ауытқу δ = 8,6 дана, өзгеру коэффициенті ν=9,8 %). Пияздың «Мереке» сортын жинау алдындағы бір шаршы метрдегі арамшөп мөлшері орташа шамасы $\overline{X}$= 26дана болған кезде 6...58 дана аралығында болады (ортаквадраттық ауытқу δ=9,5 дана, өзгеру коэффициенті ν=36,5 %). Жиым-терім кезеңіндегі пияз егістігі күй-жағдайының нәтижелері 5-кестеге сәйкес берілген.

Кесте 5 – Бір шаршы метрдегі өсімдік саны

Көрсеткіштер	«Мереке» сортының пиязы
Бір шаршы метрдегі бадана саны, дана:	
максималды	105
орташа	88
минималды	57
Бір шаршы метрдегі арамшөп саны, дана:	
максималды	58
орташа	26
минималды	6

Зерттеу нәтижелерін талқылау

«Мереке» пияз сортының физикалық-механикалық қасиеттерін зерттеу нәтижелерін талдау негізінде мынадай тұжырымдама жасауға болады: пияз егістігі жолақтары енінің орта мәні – 89,45 см кезінде 86...93 см шегінде жатады, осыған байланысты пияз аластағыш құрылғының алымдық ені 93 см-ден кіші болмауға тиіс; пияз пәлегі мен арамшөптің өлшемдік сипаттамалары мынадай көрсеткіштермен айқындалады: пияз баданасы басының топырақ үсті бөлігіндегі биіктігінің орта мәні –11,4 мм; пияз пәлегі биіктігінің орта мәні – 8,5 см; арамшөп биіктігінің орта мәні − 16,4 см; пияз пәлегі диаметрінің орта мәні − 11,1 мм; арамшөп диаметрінің орта мәні − 9,7 мм; «Мереке» пияз сортының болат жазықбет бойынша статикалық үйкеліс коэффициенті 0,57-0,62, ал арамшөптікі − 0,63-0,72 құрады; бір шаршы метрдегі «Мереке» пияз сорты өсімдігінің орта мәні − 88 дананы, ал арамшөп мөлшерінің орта мәні − 22-26 дананы құрады.

Қорытынды

«Мереке» сортының анықталған физикалық-механикалық қасиеттері пияз пәлегі мен арамшөпті аластағыш құрылғының конструктивтік-режимдік параметрлерін (жұмыстық органның айналыс жиілігі, пәлек кесудің сыни жылдамдығы, жұмыстық органды егістік бетімен салыстырғанда орнату биіктігі, пышақтарды орнату бұрышы, пияз пәлегі мен арамшөпті аластаудың толықтығы) негіздеуге мүмкіндік береді.

Әдебиет

1 Завалишин Ф.С. Методы исследований по механизации сельскохозяйственного производства. – М.: Колос, 1989. – 231 с.

2 Доспехов В.А. Методика полевого опыта (С обоснованием статистической обработки результатов исследований). – М.: Колос, 1979. – 416 с.

3 Үсейн Ұ., Жүнісбаев Б.Ж., Сапарбаев Е.Т., Қашаған Б.Е. «Қараталдық» пияз сұрпының физикалық-механикалық қасиеттері //Ізденістер, нәтижелер.– 2015, №1. – 32-38 бб.

Кожагулова М.С., Жунусбаев Б.Ж., Сапарбаев Е.Т.

ФИЗИКО-МЕХАНИЧЕСКИЕ СВОЙСТВА ЛУКА СОРТА «МЕРЕКЕ»

В статье приведена методика определения физико-механических свойств лука. В результате обработки и анализа экспериментальных данных по исследованию физико-механических свойств лука сорта «Мереке» получены данные, необходимые для обоснования конструктивно-режимных параметров обрезчика ботвы лука и сорных рас-тений.

Ключевые слова: обрезчик ботвы,диаметр ботвы, высота ботвы, высота головки луковицы, высота сорных растений, число растений, среднеквадратичное отклонение, интервал, вероятность, коэффициент вариации.

Kozhagulova M., Zhunusbayev B., Saparbayev Ye.

PHYSICO-MECHANICAL PROPERTIES OF ONIONS OF THE GRADE «MEREKE»

The technique of determination of physicomechanical properties of onions is given in article. As a result of processing and the analysis of experimental data on research of physico-mechanical properties of onions of a grade «Mereke» the data necessary for justification of the constructive-regime parameters of the cutter tops of onions and weedplants.

Keywords: cutter leaves, diameter of foliage, height of leaves, height of head follicles, height of weeds, number of plants, standard deviation, interval, probability, coefficient of variation.

ӘОЖ 636: 621. 311

Ибраева А.А., Исаханов М.Ж.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ФЕРМЕРЛІК ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ ЭНЕРГИЯ МҰҚТАЖДЫҒЫН АНЫҚТАУ

Андатпа

Мақалада фермерлік шаруашылықтың энергия мұқтаждығын анықтау мақсатында екі фермерлік шаруашылық қарастырылып, олардың энергия мұқтаждықтары зерттелген.

Кілт сөздер: фермерлік шаруашылық, энергия мұқтаждығы, энергия менеджменті, қуат, электрлік жарықтандыру.

Кіріспе

Фермерлік шаруашылықтың дербес энергиямен жабдықтау жүйесін құрастырғанда өндірістік және тұрмыстық мақсатта тұтынылатын қуат қажеттіліктерін толығымен анықтап есепке алу керек болады. Ферма қожалығын автономдық қуатпен қамтамасыз-

дандыру өндірістік және тұрмыстық мақсатта тұтынылатын қуат қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында ұйымдастырылады. Ферма қожалығында электрлік жарықтандыру, ыстық сумен қамту, су тарту, тұрмыстық және өндірістік ғимараттарды жылыту және желдету үрдістері міндетті түрде энергиямен қамтамасыздандырылуы қажет.

Нәтижелер және талқылаулар

Ферма қожалығының электр және жылу жүктемелерін қатынасы әр түрлі болуы мүмкін. Ферма қожалығында электр қуатын автономдық түрде өндіру кезінде ыстық сумен қамту, өнімді технологиялық қыздыру және салқындатуға міндетті түрде жылу энергиясы қажет болады. Технологиялық және тұрмыстық мұқтаждықтар үшін жылу энергиясын электр қыздырғыштар көмегімен тура қыздыру арқылы өндіру, шығыны мол және иррационалды болып табылады. Сондықтан да, электр энергиясының 1 кВтсағ тұтынуы кезінде жылу энергиясының 4-5 кВт сағ мөлшерін алуға мүмкіндік беретін және сондай-ақ қожалықты жылумен қамтамасыздандырудың жалпы меншікті құнын төмендетуге мүмкіндік беретін жылу сораптарын қолдану қажет [1].

Автономдық ыстық сумен қамтудың өзіндік құны мен электр жүктемесін төмендетуге мүмкіндік беретін күн сәулесі коллекторларын пайдалана отырып жылу энергиясын тура жолмен алу біршама тиімді болуы мүмкін [2-4].

Автономдық қуат агрегаттары өндіретін электр энергиясын тиімді пайдалануға энергиялық жоспарлау немесе энергиялық менеджмент негіз бола алады [5]. Энергиялық менеджмент қуат шығындарын біршама тиімділендіруге, ферма қожалықтары нысандарының шаруашылық мұқтаждығын қамтамасыз етуге арналған энергия ресурстарының қажетті мөлшерін өндіру, транспорттау және пайдалану тиімділігін болжауға және қадағалауға мүмкіндік беретін жүйе болуы тиіс. Энергиялық менеджмент қуаттық тиімділікті арттыру арқылы шығынды төмендету мақсатындағы басқару әдістемесі болып табылады. Энергиялық менеджмент энергиямен қамту және энергия үнемдеудің техникалық аспектілері тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар, ұйымдастырушылық, ынталандырушылық, ақпараттық, маркетингтік және инвестициялық аспектілері тұрғысынан да қарастырылуы тиіс. Бұл аспектілер техникалық мәселелермен қатар энергиялық менеджменттің құраушы бөліктері болып табылады. Энергиялық менеджмент құраушылары қатарына ферма қожалығының жалпы энергия саясатын да кіргізу қажет [6-8].

Энергиямен қамту жоспары қуат көзінің қуаттық мүмкіндіктерін, қуаттық жүктемелердің сағаттық, тәуліктік, апталық, айлық және маусымдық теңсіздіктерін ескере отырып әзірленеді. Электр энергиясы көздерінің қуаттық мүмкіндіктерінің теңсіздіктерін күн және жел энергиясы көздерін, сондай-ақ қуат аккумуляторларын параллель пайдалану арқылы толықтыру жоспарланады.

Шағын және орта көлемді ферма қожалықтарына арналған энергиямен қамту және жылумен қамту жүктемелерін анықтау жолдарын қарастырайық. Жүктеменің болуы технологиялық немесе тұрмыстық қажетіліктен туындайды, ал жүктеменің көлемі осы жүктемеге арналған қуатты пайдаланудағы тиімділік деңгейі болып табылады. Осыған байланысты, энергиялық жүктемелер ферма қожалығында энергия үнемдеу және қуат тиімділігі талаптарын орындау шарттарымен қалыптасатын болады. Атап айтқанда оларға жататындар:

- электрлік жарықтандырудың энергия үнемдеуші шамдарын қолдану;
- ыстық су шығынын шектеуіші жуыну бөлмелерінде үнемдік бүріккіштер мен ағындық шектегіштер қолдану;
- суды тура жылытуға және бөлмені электрмен жылытуға электр энергиясын пайдаланбау;
- қыс кезінде желдету жүйесі арқылы сыртқа шығарылатын ауаның жылу қуатын пайдалану;

- жаз уақытында ауа салқындатқыштары орнына бөлменің ішкі ауасын салқындатуға энергия үнемдеуші технологиялар негізіндегі суық көздерін пайдалану;

- ең суық кезеңге арналған жылытудың меншікті жүктемесін 25 Вт/м^3 , ал желдету жүктемесін 10 Вт/м^3 арттырмау.

- тұрмыстық қажеттіліктерге арналған ыстық судың меншікті шығыны тәулігіне адам басына 50 литр, ыстық су температурасы 50^{0}С, ал техникалық қажеттіліктерге арналған ыстық су температурасы 45^{0}С аспайды.

- технологиялық қажеттіліктерге арналған ыстық судың меншікті шығыны тәулігіне адам басына 150 литр, ыстық судың температурасы 45^{0}С аспайды.

- жануарларды, жабдықтарды жуу тәрізді технологиялық қажеттіліктер үшін судың меншікті шығынын үш-төрт есе азайтуға мүмкіндік беретін ыстық суды үнемдеуші ағындық бүріккіштері қолдану.

- тұрмыстық және өндірістік ғимараттарда жарықтандыру қолданылмайтын кезде, яғни жұмыс күні бойы электр көзінің қуатын өндірістік үдерістерде де пайдалану.

Аталған шарттарды ескере отырып шағын және орта ферма қожалықтарына арналған автономдық энергиямен қамтамасыздандырудың тиімді жүктемелері анықталды. Ферма қожалықтарының қысқаша сипаттамалары 1 кестеде келтірілген:

Кесте 1 –Ферма қожалықтарының сипаттамалары

№р/р	Көрсеткіш атауы менсипаттамалары	Көрсеткіш мәндері	
		Ферма қожалығы 1	Ферма қожалығы 2
1	Үйдің тұрмыстық ауданы, м^2	75.0	180.0
2	Тұрғын ғимаратының көлемі, м^3	165.0	450.0
3	Ферма қожалығының өндірістік ғимаратының ауданы, м^2	150.0	400.0
4	Ферма қожалығының өндірістік ғимаратының көлемі, м^3	370.0	900.0
5	Үйде тұратын адамдар саны, адам	5	9
6	Фермада жұмыс істеушілер саны, адам	2	4

Зерттеу мен сараптау нәтижесінде энергияның автономдық балама көздерін енгізу жоспарын әзірлегенге дейінгі ферма қожалықтарының куат көздерінің сипаттамалары анықталып 2 кестеде берілген.

Кесте 2 –Электрмен қамтамасыз ету көздерінің сипаттамалары

№ р/р	Қуат көзі , сипаттамасы	Көрсеткіш мәні	
		Ферма қожалығы 1	Ферма қожалығы 2
1	Жанармайлық генератор, кВт	5.0	10.0
2	Көмірмен жағылатын қатты жанармайлық қазандық, кВт	10.0	20.0
3	Жанармайдың жылдық шығыны, т	4.7	9.8
4	Көмірдің жылдық шығыны, т	9.9	21.1

Жоғарыда келтірілген энергия үнемдеу мен қуат тиімділігіне қойылатын талаптарды ескере отырып ферма қожалықтарына арналған автономдық энергиямен қамтамасыздандырудың нақты жүктемелері анықталып 3 кестеде келтірілген.

Кесте 3 – Ферма қожалықтарының нақты жүктемелері

№р/р	Жүктеме көрсеткішінің атауы	Көрсеткіш мәні	
		Ферма қожалығы 1	Ферма қожалығы 2
1	Тұрғын үйді жарықтандыру жүктемесі, Вт	1125.0	2700.0
2	Өндірістік ғимаратты жарықтандыру жүктемесі, Вт	1500.0	4000.0
3	Тұрғын үйді жылыту жүктемесі, Вт	4125.0	11250.0
4	Тұрғын үйді желдету жүктемесі, Вт	1650.0	4500.0
5	Технологиялық ыстық сумен қамту жүктемесі, тәулігіне Вт сағ	15700.0	31400.0
6	Тұрғын үйді ыстық сумен қамту жүктемесі, тәулігіне Вт сағ	14538.0	26168.0

Қуат тиімділігі талаптары бойынша жарықтандырудың нақты жүктемелері автоматтық құрылғылар (фотореле) арқылы оларды пайдалану уақытын азайту арқасында төмендеуі мүмкін.

Жылдың ең суық мезгілі үшін №1 ферма қожалығына арналған қуаттың тәуліктік тұтынылу көрсеткіштері.

Пайдалану коэффиценті 0,5-ке төмендетілген жарықтандыру жүктемелеріне арналған қуаттың тәуліктік тұтынылуы:

$$W_{\text{тәу жарық}} = (1.125 + 1.5) \cdot 24 \cdot 0.5 = 31.5 \text{ кВт сағ/тәулік}$$

Жылыту қажеттіліктері үшін қолданылатын қуаттың тәуліктік тұтынылуы:

$$W_{\text{тәу жылыту}} = 4.125 \cdot 24 = 99.0 \text{ кВт сағ /тәулік}$$

Желдету қажеттіліктері үшін қолданылатын қуаттың тәуліктік тұтынылуы:

$$W_{\text{тәу желд}} = 1.650 \cdot 24 = 39.6 \text{ кВт сағ/тәулік}$$

Жылдың ең суық мезгілі үшін №2 ферма қожалығына арналған қуаттың тәуліктік тұтынылу көрсеткіштері.

Пайдалану коэффиценті 0,5-ке төмендетілген жарықтандыру жүктемелеріне арналған қуаттың тәуліктік тұтынылуы:

$$W_{\text{тәу жарық}} = (2.7 + 4.0) \cdot 24 \cdot 0.5 = 80.4 \text{ кВт сағ/тәулік}$$

Жылыту қажеттіліктері үшін қолданылатын қуаттың тәуліктік тұтынылуы :

$$W_{\text{тәу жылыту}} = 11.25 \cdot 24 = 270.0 \text{ кВт сағ/тәулік}$$

Желдету қажеттіліктері үшін қолданылатын қуаттың тәуліктік тұтынылуы:

$$W_{\text{тәу желд}} = 4.5 \cdot 24 = 108.0 \text{ кВт сағ/тәулік}$$

Қуаттың тәуліктік тұтынылуын есептеу нәтижелері 4 кестеде келтірілген:

Кесте 4 –Ферма қожалықтары үшін қуаттың тәуліктік тұтынылуы

№	Қуатты тұтыну түрінің атауы	Көрсеткіш мәні	
		Ферма қожалығы 1	Ферма қожалығы 2
1	Жарықтандыруға арналған электр қуатын тұтыну, кВт сағ. (технологиялық мақсатта күндізгі уақытта қолданылады)	31.5	80.4
2	Жылытуға жылу қуатын тұтыну, кВт сағ.	99.0	270.0
3	Желдетуге жылу қуатын тұтыну, кВт сағ.	39.6	108.0
4	Технологиялық ыстық суға жылу қуатын тұтыну, кВт сағ.	15.7	31.4
5	Тұрмыстық ыстық суға жылу қуатын тұтыну, кВт сағ.	14.6	26.2
	Барлығы, кВт сағ.	200.4	516.0
6	Энергия көздердің қажетті минималды жалпы қуаты, кВт	200.4: 24 = 8.4	516.0 : 24 = 21.5

Қорытынды

Энергия тиімділігі талаптарын ескере отырыпшағын және орта ферма қожалықтарына арналған автономдық энергиямен қамтамасыздандырудың тиімді жүктемелері анықталды.

Әдебиеттер

1. Тепловые насосные установки // Журнал "Мир климата", №32, 2008
2. ГОСТ 28310-89 Коллекторы солнечные. Общие технические условия. М.: Госстандарт, 1999.
3. Матвеев А. В., Щеклеин С. Е. Особенности использования солнечного коллектора в Уральской климатической зоне. Перспективные энергетические технологии. Экология. Экономика, безопасность и подготовка кадров. Сборник научных трудов, Екатеринбург, 2006. 150 -153 с.
4. Матвеев А. В., Пахалуев В. М., Щеклеин С. Е. Модель расхода теплоносителя солнечного коллектора в режиме естественной циркуляции. Энергосбережение: состояние и перспективы: Труды VIII Всероссийского совещания-выставки по энергосбережению, Екатеринбург, 20-21 марта 2007 г., ООО «РИА «Энерго-Пресс», Екатеринбург, 2007 г. 112 – 113 с.
5. Безруких П. П., Арбузов Ю. Д., Борисов Г. А., Виссарионов В. А., Евдокимов В. М., Малинин Н. К., Огородов Н. В., Пузаков В. Н., Сидоренко Г. И., Шпак А. А. Ресурсы и эффективность использования возобновляемых источников энергии // СПб, Наука, 2002. 314 с.
6. ПРООН-ГЭФ, ПИМС 125 - Казахстанская Инициатива развития рынка ветроэнергии. Пересмотренные логические рамки, март 2009 г.
7. ПРООН-ГЭФ, Действия, касающиеся управления проектом, в ответ на основные вопросы и рекомендации группы по Среднесрочной оценке в рамках проекта ПРОН/ГЭФ, Казахстан - Инициатива развития рынка ветроэнергии, декабрь 2007 г.

ЮНЕП, Зеленые рабочие места: на пути к приличной работе в устойчивом низкоуглеродном мире. Политические послания и основные выводы тех, кто принимает решения, September 2008 г.

8. РКИК ООН, Предложение от Казахстана для внесения поправок в Приложение Б Киотского Протокола (Заметка Секретариата), Вспомогательный орган по осуществлению, Бонн, с 31 мая по 9 июня 2010 г.

Ибраева А.А., Исаханов М.Ж.

ОПРЕДЕЛЕНИЕ ПОТРЕБНОСТИ В ЭНЕРГИИ ФЕРМЕРСКИХ ХОЗЯЙСТВ

В статье с целью определения потребности в энергии фермерских хозяйств рассмотрены два фермерских хозяйства и исследованы потребности их в энергии.

Ключевые слова: фермерское хозяйство, потребность в энергии,энергетический менеджмент, мощности, электрическое освещение.

Ibraeva A.A., Isahanov M.J.

DETERMINATION OF REQUIREMENT IS IN ENERGY OFFARMS

In the article with the purpose of determination ofrequirement in energy of farms two farm s are considered andthe requirements of them are investigational in energy.

Keywords: farm, requirement in energy, power management, powers,electric illumination.

ӘОЖ 004.9

Қасымова А.Қ., Тұрғанбай Қ.Е.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

КОММУНАЛДЫҚ ТӨЛЕМДЕР ЕСЕБІНІҢ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ

Аңдатпа

Мақалада мекемеде тіркелген қондырғыларды есепке алу туралы мәліметтер, яғни, тұрғындар мен коммуналдық төлемдерін тіркеу үшін Delphi 7.0 бағдарламасын пайдаланып, MySQL деректер қорын қолдану арқылы қажетті мәліметтерді кез-келген уақытта пайдалану мүмкіндігі қарастырылды. Бұл жұмыста жазылған бағдарлама осы ұйымның бухгалтеріне коммуналдық қызмет есебінің журналын дұрыс жүргізуге мүмкіндік берді.

Кілт сөздер: ақпараттық жүйе (АЖ), меншік пәтерлердің кооперативі (МПК), интерфейс, ОЖ-операциялық жүйе.

Кіріспе

Қазіргі қоғамның талаптарына сәйкес жаңа технологиялардың даму барысында жұмыс орнын автоматтандыру негізгі мәселелердің бірі. Өнеркәсіптерде, мемлекеттік және жеке шаруашылық мекемелерде, оқу орындарында және басқа да салаларда ақпараттандыру жүйесін кеңейту және жұмыс орнын автоматтандыру мәселелері алға қойылып отыр. Автоматтандырылған жұмыс орны деп мамандардың жұмыс орнында орналасқан және олардың жұмыстарын автоматтандыру үшін қолданылатын кәсіптік-бағытталған кішігірім есептеу жүйесін айтуға болады. Қазіргі кезеңнің ерекшелігі, үлкен көлемдегі материалдық және шикізаттық қорларға негізделген индустриалды экономикадан ақпараттың негізгі қоры болып есептелетін «ақпараттық экономикаға» ауысу болып отыр. Осы айтылып отырған ақпараттың қоғамда алатын орнының зор екендігін ақпарат мамандары растауда. Бұған дәлел ретінде Республика Парламентінің «Қазақстан Республикасының ақпараттандыру заңын» қабылдағанын жатқызуға болады. Кез-келген қоғамның ақпараттандыру деңгейі ақпараттық қызметтің даму дәрежесімен және онымен айналысып қызмет көрсететін мамандардың санымен, біліктілігімен

анықталады. Сондай-ақ ақпараттандыру, қазіргі ақпараттық технологияларды көп мөлшерде шығарумен оларды соңғы уақыттарда жиі пайдаланып жүрген телекоммуникациялы жүйелерге қосу мәселелерін шешуді қарастырады және де оның алдағы уақыттарда дамуын болжайды. Әрине, бұл жағдайларда ақпарат жүйелері экономикадағы басқарудың қажетті таптырмас құралына айналады.

Қазіргі уақыттарда ақпарат жүйелері есептеу техникасынсыз қолмен жасалатын ақпарат жүйелері және автоматтандырылған ақпарат жүйелері болып жіктеледі. Ақпараттық жүйе (АЖ) - экономикалық объектіні басқаруға қажетті ақпаратты жинау, сақтау, жаңарту, өңдеу және шығарып беру жүйесі. АЖ - ақпараттық жүйе жобасы мен ақпаратты есептеу жүйесінен (АЕЖ) тұратын күрделі жүйе.

Ақпараттық жүйе жобасы деп - ақпараттық жүйе тұрғызу мен жұмыс істету шешімдерін сипаттап жазылған техникалық құжат, ал ақпаратты есептеу жүйесі АЖ жобасын жұмыс істетуге бағытталған ұйымдастыру техникалық кешен деп түсінуге болады. АЕЖ мәліметтерді жинауды, өткізіп беруді, өңдеуді, сақтауды, жинақтап толтыруды және шығарып беруді АЖ жобасындағы шешімдерге сәйкес қамтамасыз етеді.

Жұмыс орнын автоматтандыру үшін көптеген автоматтандырылған бағдарламалық жүйелер мен құрылғылар қолданылады [1-2].

Негізгі бөлім

Бүгінгі күнгі біздің өмірімдегі кез келген бизнес сферасында және кез келген процестегі маңызды элементтің бірі автоматтандыру. Автоматтандыру біздің тіршіліктегі күнделікті жұмысты орындауға кететін еңбек шығынын, мысалы, мамандардың кәсіпқой есептеулерге байланысты шығындарды қысқарту. Сонымен қатар, кәсіпорынның барлық қызметін бақылау және талдауды максималды жеңілдетеді. Электрондық есептеу құралдарын енгізу, ол кәсіпорынның табысын жоғарлатудың маңызды қадамы.

Берілген бағдарлама коммуналдық қызмет есебі бойынша МПК жұмыс орнын автоматтандыруды құрдым. Ол осы ұйымның бухгалтеріне коммуналдық қызмет есебінің журналын дұрыс жүргізуге мүмкіндік береді.

Бағдарлама интерфейсі жаңа қолданушыға түсінікті болуы керек, өйткені, бастапқы XAMPP сервер бағдарламасы ашылған кезде, ол бағдарламамен ары қарай жұмыс жасау мүмкіндігі болады да, бағдарлама құрылымы ашылу көрінісін тапты (1-сурет).



1-сурет. Бастапқы XAMPP сервер бағдарламасының ашылу көрінісі

Экрандық интерфейс көп жағынан қолданушы жұмысының ыңғайлылығын арттырады және ол жұмыс тиімділігін арттыруға әсер ететін маңызды фактор болып табылады. Егер бағдарлама бірден көзге түсетін болса, ол қоданушыны жұмыстан аландатады, оның салдарынан бағдарлама қолданушысы тез шаршап, қолданушының жұмыс істеу қасиеті төмендейді [3].

Бағдарламаның негізгі мақсаты МПК-дағы коммуналдық қызметтер төлемін есептеу.

Басқарудың әрбір объектісіне олардың атқаратын қызметтеріне байланысты автоматтандырған жұмыс орнын қарастыру керек. Бірақ АЖО құру принципі ортақ болуы керек: жүйелілігі, иілгіштігі, тиімділігі, тұрақтылығы.

АЖО тиімділігін жоғарда көрсетілген принциптердің жүзеге асырудың интегралды көрсеткіші ретінде қалыптастыру керек, ол жүйені құру мен жүзеге асыруға қатысты шығындар.

Берілген бағдарламада коммуналдық қызмет есебі бойынша меншікті пәтерлер кооперативтерін (МПК) жұмыс орнын автоматтандыру құрылады, автордың бағдарлама кірген кездегі бастапқы формасы көрсетілді (2-сурет).



2-сурет. Автордың бағдарламағакірген кездегі бастапқы формасы

Ол осы ұйымның бухгалтеріне коммуналдық қызмет есебінің журналын дұрыс жүргізуге мүмкіндік берді. АЖО функцияналдануы ақпаратты өңдеу кезінде машина мен адам арасындағы жүктеме мен функцияны дұрыс таратқанда ғана сандық тиімділікті береді. Тек сонда ғана АЖО еңбек өнімділігі мен басқару тиімділігін көтереді. «Жансая» МПК-нің деректер қоры беріледі, қосымша өңдеудің мақсаты коммуналдық қызметтерге арналған «Коммуналдық төлемдер есебінің ақпараттық жүйесін құру» болып табылды (3-сурет).

Берілген бағдарламалық өнім «МПК» ұйымына арналады. Бұл бағдарлама бланк-терді толтыру мен есеп берулерді шығара отырып, уақытты үнемдей отырып жұмысты жеңілдетеді.



3-сурет. «Жансая» МПК-нің деректер қоры

Бағдарлама келесі қызметтерді атқаруы керек:

1. ДҚ жазбаларды енгізу;
2. ДҚ-нан деректерді шығару;
3. ДҚ-нан енгізген деректер бойынша іздеу жүргізу;
4. төлемдер қабылдау;
5. есеп берулер құру.

Тұрғындарды тіркеу терезесі арқылы келесі форманы толтырып, ағымды жазбаны өзгерте отырып, тұрғындар тізімін түзету терезесін аша алады (4- сурет).

Бағдарлама мекеме қызметкеріне арналған автоматтандырылған жұмыс орнын құру үшін арналған. Бағдарлама іске қосылған соң, бірден «Мекемеде тіркелген қондырғыны есепке алатын» негізгі батырмалық форма көрінеді (4-сурет).

Басты батырмалық формада келесі батырмалар орналасқан: тұрғындар туралы мәлімет;коммуналдық төлемдерді тіркеу формасы туралы мәлімет; коммуналдық төлем түрлері туралы мәлімет; есеп беру;қызметкерлер. Ал, есептер бөлімінде: бөлімдер; мерзімдік есеп; бөлімдер есебі; бағдарламаданшығу батырмалары арқылы ашылып жазбаларды енгізуге болады.



4-сурет. «Жансая» МПК-нің тұрғындарды тіркеу терезесі

Сондай-ақ, тұрғындардың коммуналдық төлемдерін тіркеу туралы толық ақпарат алуға т.б. деректер қарастырылды (5-сурет).



5-сурет. Коммуналдық төлемдерді тіркеу

Бағдарламаға нақты тұрғын үй туралы мәліметтерді енгізіп, өшіріп, түзетуге болады.

Бағдарламаның негізгі артықшылығы барлық мәліметтерді қолмен, қаламмен енгізіп отырмайды, бұл біздің уақытымызды үнемдеуге мүмкіндік берді.

Бағдарламаны іске қосқан кезде бастапқы форма ашылады, онда бағдарламаның негізгі компонеттері орналасқан. Түсірілген тізімнен жазбаны таңдаған кезде тұрғындардан тұратын кесте үй нөмірі бойынша сүзгіден өткізіледі. Осы тізімнің оң жағында кішкене терезе орналасқан, есептеу терезесі ашылады және жаңа жазба құрылды [4].

Сақтау батырмасы–ағымды жазбаны сақтау үшін тұрғындар тізімін сақтағандағы терезесі ашылды.

Бағдарламада төлемдер жүргізу уақытында төлемдерді тексеруге, ақпараттарды тез табуға, анықтауға және жасалған жұмыс нәтижелері бойынша қорытынды есеп беру құжаттарын алуға мүмкіндік берді (6-сурет).



6-сурет. "Жансая" МПК-нің тұрғындарының деректер қорын енгізу формасы

Бағдарламамен жұмыс деректерді базаға енгізу (бағдарламанаы қолданудағы көрінуі мүмкін) кезіндегі барлық мүмкін қателерді дұрыстап, мүмкін болатын өзгертулер енгізіп, бағдарламаны әрі қарай жетілдіруге болады.

Құрылған қосымшаның негізгі құжаттары белгілі бір уақыт аралығында енгізілген ақпарат бойынша шығатын коммуналдық қызмет төлемі туралы түбіртегі болып табылаы.

Қолданушыға клиенттердің деректер қорын қараудың әртүрлі варианттары ұсынылған, ол мысалы, тегі бойынша т.б. Ол үшін кестеден тегін іздеу немесе сүзгілеуді таңдау керек, мысалы, төлемшілер туралы мәліметтер экранда көріп, оны баспаға, қағазға шығара алады.

Берілген шығыс құжаттар мен есеп берулер MS Excel құрылады, ол кезкелген уақытта ол құжатты түзете алады.

Қорытынды

Қазандықтағы су деңгейін бақылайтын датчик 8 және корпустың төменгі бөлігіне вентиль 13 арқылы жалғанған құбыры бар 15 кеңейтілген шанашық 16 қарастырылған. Электромагнитті калапандар 7,11,14 қазандықтағы тұздалған суды үрлеуге, буды сұрыптауға және ауыз сумен жабдықтауда қолданылады.

Жылу алмасу беті үлкен бірінші жылуалмастырғыш (ЖА) 10 - ыстық сумен жабдықтау жүйесінің бак-аккумуляторына 28, жылу алмасу беті кіші екінші жылуалмастырғыш (ЖА2) 9 - жылу жүйесінің радиаторына қосылған [3].

Жылуалмастырғыш контурында суды айналымға келтіру үшін сорғы 21,27 қарастырылған. БА технологиялық су ЖА1-ден өту барысында жылуалмастырғыштың 10 сыртқы бетінде будың конденсациялануынан берілетін жылу ағынымен қыздырылады. Жылу жүйесінің жылу тасымалдаушысы ЖА2-ден өту барысында жылуалмастырғыштың 9 сыртқы бетінде будың конденсациялануынан берілетін жылу ағынымен қыздырылады.

ЖА1 мен ЖА2-де бугенератор корпусының жоғарғы бөлігінде орналасқандықтан, түзілген бу конденсаты қазандықтағы суға ағады, бұл әрине қондырғының жұмысының сенімділігін жоғарылатады.

Электродты бугенераторының жаңа конструкциясы көпфункционалды қондырғы келесі режимдерде жұмыс жасайды:

-*бумен жабдықтау* – технологиялық процесс, буды үздіксіз пайдалануды қадағалайды, бұл кезде, будың сұрыпталуы электромагнитті клапан 11 арқылы жүреді, сорғы 21,27 өшірулі, электромагнитті клапан 18,24 жабық;

-*жаздық режим*, ыстық сумен жабдықтау жүйесін жылумен қамтамасыз етеді, бұл кезде, электромагнитті клапан 11,18 жабық, сорғы 21 өшірулі, сорғы 27 қосулы, электромагнитті клапан 24 ашық;

-*қыстық режим*, бір уақытта ыстық сумен жабдықтау және жылу жүйесін жылумен қамтамасыз етеді, бұл кезде, электромагнитті клапан 11 жабық, сорғы 21,27 қосулы, электромагнитті клапан 18,24 ашық.

2-суретте коаксильді орналасқан спираль тәріздес жылуалмастырғыш көрсетілген. Көпфункционалды қондырғының жалпы түрі (жылу радиаторы көрсетілмеген) 3-суретте ұсынылған.

Көпфункционалды қондырғының энергетикалық параметрлерін оңтайландыру үшін ыстық сумен буды тұтыну және тұтыну көлемі, 200 басты сүт фермасының жылу жүйесінің жылу жүктемесі анықталды.

Жүргізілген анықтама материалдар мен әдебиеттер және сүт фермаларындағы қондырғыларды негізге алсақ, қазіргі уақытта олардың бу өндіру қабілеті 25...35кг/сағ шамасында. Бұл жағдайда бугенераторының қуаты $P_{бг}$= 25 кВт болу керек.

Ыстық сумен жабдықтау үшін сиымдылығы 500...600 л болатын жылу оқшауланған бак-аккумулятор қолданылады, онда 2..3 сағ. аралығында су 10-нан 80 ^{0}С-қа қыздырылады. Оның күндік ыстық суды өндіру көлемі 2000л болуы керек. Бұл кезде орташа қуат $P_{гвс.ор}$= 10,72 кВт.

Сүт блогын жылумен жабдықтау үшін тұтынылатын қуат $P_{жж}$=6,3 кВт құрайды.

Егерде орталықтандырылмаған жылу жүйесін қолдансақ, яғни, әр жылу процесін жеке қондырғы орындаса, нәтижесінде жылпы қуат 42 кВт болады.

Нәтижесінде құрастырылған көпфункционалды электржылулық қондырғыда бір электрлі қыздырғыш (бугенератор) болғандықтан, оның қуаты қажетті жылу процесінің қуатымен тең болу керек $P_{э.қ}$ = $P_{бг}$= 25 кВт.

Осылайша шағын фермаларда көпфункционалды қондырғыны қолдану жалпы қуат орталықтандырылмаған жүйеде мамандандырылған қондырғыларды қолданудағы қуатпен салыстырғанда 40% төмендейді. Сонымен қатар барлық жүйенің жұмысының сенімділігі жоғарылайды және басқару шкафтарымен қыздыру қондырғыларының санының азаюынан капиталдық және эксплуатациялық шығында азаяды.

Қондырғының жұмыс режимдерін математикалық моделдеу үшін электротехника, жылу техникасы, гидродинамика заңдары, математикалық талдау әдістері қолданылды.

Көпфункционалды қондырғының жұмыс режимдерін талдауда көрсеткендей, математикалық модельдеуді құру үшін, сонымен бірге электрэнергиясының жылу энергиясына түрленуінің электродты әдісін, бөлмені жылумен жабдықтау және бак-аккумулятордағы технологиялық суды қыздыруды қамтамасыз ететін жылу алмасу процестерін, термо және гидродинамикалық процестерді де қарастыру керек.

1

– жылу алмасу беті үлкен жылуалмастырғыш; 2 –жылу алмасу беті кіші жылуалмастырғыш

Сурет 2 – Коаксильді орналасқан спираль тәріздес жылуалмастырғыш.

1-бак-аккумулятор; 2 – екі жылуалмастырғышы бар бугенератор; 3 – басқару қалқаны; 4 – айналым сорғысы; 5- кеңейтілген шанашық.

Сурет 3- Көпфункционалды қондырғының жалпы түрі

Бак-аккумулятордағы технологиялық суды қыздыру режимінің жылу-физикалық процесін математикалық сипаттауда келесі болжамдар келтіріледі: бак қабырғасының температурасы БА су температурасына тең; жеке моделдік аудандар арасында жүретін жылу процестері жылу берудің орташа коэффициентімен сипатталады.

Қондырғы жұмысының жылумен жабдықтау режимінде келесі болжамдар келтіріледі: жылу тасымалдауда ішкі жылу көздері болмайды, сондықтан радиатор қабырғасының температурасы жылу тасымалдағыштың орташа температурасына тең; жылу тасымалдағыштың ағын температурасы құбырдың ағысы бойынша бірдей болады, барлық элементтердің жылу өткізгіштігі және жылу тасымалдағыш тұрақты, жылу жүйесінің элементтері арасында жылу алмасу жылу беру және жылу алудың орташа коэффициентімен сипатталады.

Нәтижелер және талқылаулар

БА суды қыздыру үшін БА қосылған бірінші қыздыру контуры, айналымға келтіретін сорғы 27, жылу алмастырғыш (ЖА) 10, электромагнитті клапан 24, вентиль 23,26, жалғастырушы құбырлар қолданылады (сурет1).

Екінші қыздыру контурында жылу жүйесінің жылу тасымалдағышын қыздыру жүзеге асады, екінші жылу алмастырғыш (ЖА2) 9, жылу радиаторы 19, айналымға келтіретін сорғы 21, электромагнитті клапан18, вентиль 17 және жалғастырушы құбырлар іске қосылады.

Электродтарға кернеу берілгеннен кейін қазандықтағы су бірінші қызады, сосын қайнайды. Осы кезде түзілген бу ЖА1 және ЖА2 қабырғаларымен жанаса отырып конденсацияланады. Конденсацияланған будан бөлінген жылу ЖА және ЖА2 қабырғалары арқылы бірінші контурдағы технологиялық суға, екінші контурдағы жылу тасымалдағышқа беріледі. Сонымен қоса түзілген бу конденсаты төмен қарай ағып және қайтадан қайнаған суға түседі.

Бугенератор қуатының өзгеріс сипатына байланысты берілген технологиялық су көлемін қыздыру процесін төрт кезеңге бөліп қарастырамыз. Бірінші және екінші кезеңдер қазандықтағы суды қыздырумен байланысты, қайнау температурасына дейін және кейіннен тұрақты будың түзілуі.

Үшінші кезеңде жылуалмастырғыштың бетінде бу конденсациясы басталады, кейін будан берілген жылу ЖА1 және ЖА2-ден өтетін жылу тасымалдағыштарға беріледі.

Қыстық режимде көпфункционалды электржылулық қондырғының екі жылу алмастырғышы да бірдей жылу алмасу процестеріне қатысатындықтан, қондырғылардың

жылу қуаты жылу берілетін қабырғалардың ауданы және айналыстағы су шығынына тәуелді, сонымен қатар қуат өзара реттеледі, математикалық модель құрылады. Ол үшін энергия сақтау заңы негізінде әр элемент үшін жылу баланысының дифференциялды теңдігі құрылады.

Келесі шамалар қолданылады: $c_{с.жс}$ – судың меншікті жылу сиымдылығы, Дж/кг·°С; $m_{су.м}$ – су массасы, кг; $t_{тех.су}$ – БА технологиялық судың орташа температурасы, ºС; $C_{су.жс.}$ – судың толық жылу сиымдылығы, Дж/°С.; $c_{бак.м}$ – БА материалының меншікті жылу сиымдылығы, Дж/кг·°С;$m_{бак.м}$ – БА корпусының массасы, кг; $C_{ба}^{кор.м}$ - БА материалының толық жылу сиымдылығы, Дж/°С; $C_{ба}^{кор.м}$ - БА металлконструкциясының толық жылу сиымдылығы, Дж/°С; $t_{ба}^{кор.м}$ - БА қабырғаларының температурасы; $K_{оқ1}$ – БА жылу оқшауланған қабырғасынан берілетін жылу беру коэффициенті, Вт/м^2·°С; $F_{ауд}$ – БА бетінің ауданы, м^2; $t_{су.т}$ - БА технологиялық су температурасы, °С; $t_{ауа}$- бөлмедегі ауа температурасы, °С; $c_{жа1}^{су}$ - судың меншікті жылу сиымдылығы, Дж/кг·°С; $G_{жа1}^{су}$ – жылуалмастырғыш ЖА1 арқылы өтетін технологиялық су шығыны,кг/с; $K_{жа1}$ – жылуалмастырғыш ЖА1 жылу беріліс коэффициенті, Вт/м^2·°С; $F_{жа1}$ – жылуалмастырғыш ЖА1 беткі ауданы, м^2; $t_{бу}$ - бу температурасы, °С; $t_{жа1}$ - жылуалмастырғыш ЖА1 арқылы өтетін судың орташа температурасы, °С; $c_{жа1.м}$ – жылуалмастырғыш ЖА1 материалының меншікті жылу сиымдылығы, Дж/кг·°С; $m_{жа1.м}$ – жылуалмастырғыш ЖА1 массасы, кг; $C_{жа1}^{кор.м.}$ - жылуалмастырғыш ЖА1 материалының толық жылу сиымдылығы, Дж/°С; $t_{жа1}^{кор.м.} = t_{жа1}$ - БА қабырғасының температурасы, °С; $K_{жа2}$ – жылуалмастырғыш ЖА2 жылу беріліс коэффциенті, Вт/м^2·°С; $F_{жа2}$ – жылуалмастырғыш ЖА2 беткі ауданы, м^2; $t_{бу}$ - бу температурасы, °С; $t_{жа2}$- жылуалмастырғыш ЖА2 арқылы өтетін судың орташа температурасы, °С; $c_{жа2.м}$ – жылуалмастырғыш Жа2 материалының меншікті жылу сиымдылығы, Дж/кг·°С; $m_{жа2.м}$ – жылуалмастырғыш ЖА2 массасы, кг; $C_{жа2}^{кор.м.}$ - жылуалмастырғыш ЖА2 материалының толық жылу сиымдылығы, Дж/°С; $t_{жа2}^{кор.м.} = t_{жа2}$ - жылуалмастырғыш ЖА2 қабырғасының температурасы, °С; $c_{жа2}^{су}$ - жылу жүйесінің жылу тасымалдағыштың (су) меншікті жылу сиымдылығы,Дж/кг·°С; $G_{жа2}^{су}$ – жылуалмастырғыш ЖА2 арқылы өтетін жылу тасымалдағыш шығыны, кг/с; $t_{ж.р.}$ – жылу радиаторындағы судың орташа температурасы, °С; $K_{ж.р.}$ – ЖР қабырғасынан берілетін жылу коэфициенті, Вт/м^2·°С; $F_{ж.р.}$ – ЖР жылу алмасуы бетінің жалпы ауданы, м^2; $C_{ж.р.}^{кор.м.}$ - ЖР металл конструкциясының толық жылу сиымдылығы, Дж/°С; $C_{б}^{ауа}$ - бөлмедегі ауаның толық жылу сиымдылығы, Дж/°С; $C_{б}^{огр}$- бөлме конструкциясының толық жылу сиымдылығы, Дж/°С; $V_{бөл}$ – бөлме көлемі, м^3; $q_{ж.ж.}$ - бөлменің меншікті жылу сипаттамасы, Вт/м^3·°С; a – коэффициент; $t_{с.ауа}$ - сыртқы ауаның орташа температурасы, °С; $h_{су.д.}$ - қазандықтағы судың бастапқы мәннен төмендегендегі шамасы, м; g =9,8 м/с^2 – ауырлық күшінің үдеуі; $\sigma_{су.ор.т.}$ -орташа температурада анықталған қазандықтағы және үрленген судың орташа тығыздығы, кг/м^3; $V_{бас.}$ - бу кеңістігінің бастапқы көлемі, м^3; $T_{бу}$ -бу температурасы, К; r – бу түзілудегі меншікті жылу, кДж/кг; $R_{бу.г.т.}$ -будың газ тұрақтысы, Дж/град.; $S_н$ – бугенератор корпусының көлденең қимасының ауданы, м^2; $p_{а.қ.}$ - атмосфералық қысым, Па; $K_г$ –

электродты жүйенің геометриялық коэффициенті; U_c – сызықты кернеу, В. $Г_{м.от.}$ – электродтар арасындағы аймақта бу-су қоспасының меншікті өткізгіштігі 1/ Ом·м; $H_э$ - электродты жүйенің өткізгіштігі, м.

Электродты бугенераторының қуаты ЖА1 және ЖА2 қабырғалары арқылы берілетін жылумен сұйықтықты қыздыруға және бу өндіруге жұмсалады. Белгілі бір уақыт аралығында технологиялық судың $t_{су.т.}$ және $t_{ауа}$ температурасын жоғарылату арқылы қысым температурасы төмендетіледі. Нәтижесінде электродтар арасындағы кеңістіктегі қуат және жылуалмастырғыштан технологиялық сумен жылу жүйесінің тасымалдағышына берілетін қуат арасында теңсіздік пайда болады. Осы себептен будың бір мөлшері конденсацияға түспейді. Бұл өз кезегінде қазандықтағы су қысымының және атмосфералық қысымның жоғарылауына әкеледі. Пайда болған артық қысым қазандықтағы судың біраз мөлшерін кеңейтілген шанашыққа ығыстырады, қалыпты қысым орнағанға дейін. Осы кезде бу кеңістігі көлемі ($\Delta V_{баст.}$) кеңейеді, электродтар арасындағы кеңістікте қазандықтағы су деңгейі төмендейді $h_{су.д.}$. Сондықтанда электродты қыздыруда электр қуатының шамасы электродты жүйенің биіктігіне тура пропорционалды (электродтар арасындағы кеңістікте қазандықтағы су деңгейінің биітігі), бірақта қазандықтағы су деңгейінің төмендеуі сол уақытта $Q_{жа}$ шамасына сәйкесқыздырғыш қуатының төмендеуіне әкеледі. Бугенераторының қуаты келесі формуламен есептеледі:

$$P_{эк} = \frac{2U_c^2 \gamma_{м.от} \left[H_э - h_{су.д.} \right]}{K_г}, \qquad (1)$$

Уақыт барысында қысым температурасы біртіндеп азаяды, қыздыру аяқтағанда минимум мәнге ие болады.

Көпфункционалды электржылулық қондырғының жұмысы қыстық режимде бөлменің ауасы мен БА су қыздыруда стационарлық емес процестерді сипаттайтын жүйенің дифференциялдық теңдеуі келесі түрде:

$$\left.\begin{aligned}
&\frac{dt_{тех.су}}{d\tau} = \frac{1}{\left(C_{ба}^{кор.м.} + C_{су.жс.}\right)} \left[G_{жа}^{су} c_{жа}^{су} \left(t_{жа} - t_{тех.су} \right) - K_o F_{ауд.} \left(t_{тех.су} - t_{ауа} \right) \right] \\
&\frac{dt_{жа1}}{d\tau} = \frac{1}{C_{жа1}^{кор.м.}} \left[K_{жа1} F_{жа1} \left(t_{бу} - t_{жа1} \right) - G_{жа1}^{су} c_{жа1}^{су} \left(t_{жа1} - t_{тех.су} \right) \right] \\
&\frac{dt_{жа2}}{d\tau} = \frac{1}{C_{жа2}^{кор.м.}} \left[K_{жа2} F_{жа2} \left(t_{бу} - t_{жа2} \right) - G_{жа2}^{су} c_{жа2}^{су} \left(t_{жа2} - t_{жр} \right) \right] \\
&\frac{dt_{жр}}{d\tau} = \frac{1}{C_{жр}^{кор.м}} \left[G_{жа}^{су} c_{жа}^{су} \left(t_{жа} - t_{жр} \right) - K_{жр} F_{жр} \left(t_{жр} - t_{ауа} \right) \right] \\
&\frac{dt_{ауа}}{d\tau} = \frac{1}{\left(C_б^{огр} + C_б^{ауа} \right)} \left[K_{жр} F_{жр} \left(t_{жр} - t_{ауа} \right) - a q_{ж.ж.} V_б \left(t_{ауа} - t_{с.ауа} \right) \right] \\
&\frac{dh_{су.д.}}{d\tau} = \frac{R_{бу.г.т.} T_{бу}}{r\left(2g\sigma_{су.ор.т.} V_{бас.} + S_н p_{а.к.} \right)} \left\{ \frac{2U_c^2 \gamma_{м.от.} \left[H_э - h_{му.д.} \right]}{K_г} - K_{жа1} F_{жа1} \left(t_{ба} - t_{жа1} \right) - K_{жа2} F_{жа2} \left(t_{ба} - t_{жа2} \right) \right\}
\end{aligned}\right\} \qquad (2)$$

бастапқы шарттарында:

$$t_i = \frac{t_i^{ш} + t_i^{к}}{2};\ i = жа1, жа2, жр;\ t_i(\tau = 0) = t_{i0};,\ t_{me.cy}(\tau = 0) = t_{mex.cy..0},\ t_{ауа}(\tau = 0) = t_{ауа.0}$$

Алынған математикалық моделдеу көпфункционалдық электржылулық қондырғының негізгі элементтеріндегі жылу тасымалдағыштардың температурасының өзгеріс динамикасын бақылауға мүмкіндік береді, жылу алмасу процестеріне конструктивті және энергетикалық параметрлердің әсерін, оларды оңтайландыруды жүзеге асырады.

Дифференциялдық теңдеу жүйесі сандық әдісте MathCAD программасының көмегімен шешіледі.$F_{жа1}$, $F_{жа2}$, $F_{жр}$, $G^{су}_{жа1}$, $G^{су}_{жа2}$ шамалардың әртүрлі комбинациясында бірнеше есептеулер жүргізе отыып, $t_{тв}$ шамасы теңдеу соңында белгілі бір уақыт аралығында қажетті мәнге теңесу (80ºС),ал $t_{ауа}$ ауа температурасы $t_{с.ауа}$ =–28 ºС болатын бөлме температурасынан төмен болмау (15ºС), тұтынатын қуат 25 кВт-тан аспау шарттарын қадағалау керек.

Нәтижесінде келесі оңтайлы мәндер анықталды: $F_{жа1}$=0,4 м^2, $F_{жа2}$ = 0,235 м^2, $F_{жр}$=14м^2, $G^{су}_{жа1}$ = 198 кг/с , $G^{су}_{жа2}$ = 131 кг/с .

4 – суретте $F_{жа1}$=0,4 м^2, $F_{жа2}$= 0,235 м^2, $F_{жр}$ = 14м^2, $G^{су}_{жа1}$ = 198 кг/с , $G^{су}_{жа2}$ = 131 кг/с и$t_{нв}$ = –28 ºС болған кезде $t_{mex.cy}$, $t_{жа1}$, $t_{жа2}$, $t_{жр}$, $t_{ауа}$ және P мәндерінің өзгеріс динамикасы көрсетілген.



Сурет 4 - $F_{жа1}$, $F_{жа2}$, $F_{жр}$, $G^{су}_{жа1}$, $G^{су}_{жа2}$ оңтайлы мәндері бойынша $t_{mex.cy}$, $t_{жа1}$, $t_{жа2}$, $t_{жр}$, $t_{ауа}$ жәнеPөзгеріс динамикасы

4-суретте көргеніміздей 150 минутта $t_{mex.cy}$ 80 ^{0}С, $t_{ауа}$ 10 ^{0}С –тан 18 ^{0}С көтерілді. Уақыт барысында қондырғының қуаты сәл ғана төмендейді. Бұдан ары бойлерде су қыздыруда температура датчигі тоқтайды, ал ауа температурасы датчик командасы бойынша алдын ала белгіленген мәндер шегінде реттеледі.

Қорытынды

Сүт фермаларының технолгиялық қажеттіліктеріне байланысты бумен жабдықтау режимінде де, бір мезгілде бак-аккумулятордағы суды және жылумен жабдықтау

жүйесінің тасымалдаушысында қыздыра алатын екі жылуалмастырғышы бар электродты бугенератор негізіндегі көпфункционалды электржылулық қондырғыны ұсынамыз. Келтірілген математикалық моделдеу қондырғының қыстық жұмыс режимінде жылуалмастырғыштардың конструктивті параметрлерін және жылу тасымалдағыштарды қыздыруда шығынды оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1 Кешуов С. А., Алдибеков И.Т., Барков В.И. Ресурсосберегающие системы и установки электротеплообеспечения в малом молочном животноводстве. Алматы: ТОО «Нур-Диас», 2012.- 320 с.

2 Расстригин, В.Н. Дацков, И.И. и др.Электронагревательные установки в сельскохозяйственном производстве.– М.: Агропромиздат, 1985.- 304 с.

3 Тихомиров Д.А. Обоснование энергетических параметров электропароводо-нагревателей.Техника в сельском хозяйстве. – 2000. - № 5. – С. 25-28.

4 Расстригин В.Н., Тихомиров Д.А. Расчет энергетических и теплотехнических параметров электропароводонагревателей //Техника в сельском хозяйстве. – М., 2000. - № 5. - С. 45-46.

Сембаева Ф.К., Алдибеков И.Т.

ИССЛЕДОВАНИЕ РАБОТЫ МНОГОФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ЭЛЕКТРОТЕПЛОВОЙ УСТАНОВКИ

В статье описываются конструктивно-технологическая схема и режимы работы многофункциональной электротепловой установки на базе электродного парогенератора с двумя встроенными теплообменниками, а также приведена математическая модель зимнего режима работы.

Ключевые слова: молочные фермы, электротеплоснабжение, пароснабжение, горячее водоснабжение, отопление, электродные парогенераторы, теплообменники, баки-аккумуляторы, математические модели.

Sembayeva F.K., Aldibekov I.T.

RESEARCH WORK MULTIFUNCTIONELECTRICITY AND INSTALLATION

This article describes the design and operation of the steam generator with built-in heat exchanger and a new electrode system, and provides mathematical models of different modes of operation.

Keywords: dairy farms, elektroteplosnabzhenie, steam supply, hot water supply, heating, electrode steam generators, heat exchangers, storage tanks, mathematical models.

ӘОЖ 633. 1: 631. 563

Хасенова Ш.К., Оралбаев С.Ж., Сапарбаев Е.Т., Ниязбаев Ә.Қ.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ЖҮГЕРІ ДӘНІН КҮН ЭНЕРГИЯСЫМЕН КЕПТІРГІШТІҢ ПАРАМЕТРЛЕРІН НЕГІЗДЕУ

Аңдатпа

Мақалада жүгері дәнін күн энергиясымен кептіргіштің құрылысы және жұмыс принципі келтірілген. Барабанды гелиокептіргіштің күндізгі уақыттағы кептірудің цикліндегі жылулық балансы негізінде кептіргіштің төменгі мен жоғарғы коллекторының ауданы, негізгі конструктивтік параметрлері − диаметрі, ұзындығы, барабан сыйымдылығы анықталған.

Кілт сөздер: жүгері дәні, күн энергиясы, гелиокептіргіш, коллектор, жылулық баланс, жылулық шығын, кептіруші агент, дефлектор, кептіргіш камера, барабан

Кіріспе

Қазіргі кезде өнімділігі жоғары автоматтандырылған дән кептіргіш қондырғылар кеңінен қолданылуда. Алайда, оларды жиналған өнімнің ылғалдылығы төмендеу және өндіру көлемі шағын болғандағы фермерлік қожалықтар жағдайында қолдану тиімсіз келеді, себебі, үлкен көлемдегі күрделі қаржыны және едәуір энергия шығындарын қажет етеді. Қырманда дәнді табиғи кептіруді немесе едендік дәнкептіргіштерде электрлік калориферлерді қолдану да айтарлықтай еңбек және электр энергиясы шығындарын қажет етеді. Осыған байланысты экологиялық талаптардың орындалуын, жүгері дәнінің бірқалыпты, жоғары сапалы кептірілуін, оның тұқымдық қасиеттерінің сақталуын, энергия мен ресурстарды үнемдеуді қамтамасыз ете алатын энергияның қайта жаңғыртылатын баламалы көздері негізінде жүгеріні кептіру технологиясы мен энергия үнемдеуіш техникалық құралдарын жасау өзекті мәселе болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Жүгері дәнін кептіру процесін зерттеу, қолданыстағы кептіргіштер конструкциясын талдау жүгеріні кептірудің өзіндік құнын төмендетудің тиімді тәсілдерінің бірі – энергия үнемдеуіш режимдерді жасау, оны ендіру екендігін көрсетті. Патенттік ізденіс негізінде энергияүнемдеуіш дәнкептіргіш кезеңді әрекеттегі болуы, қиыршықтасты аккумуляторы бар күн коллекторынан, жетегі бар тесіктелген барабан орнатылған кептіруші камера және дефлекторы бар күн коллекторы түрінде жасалған сорып алушы мұржадан тұру қажеттігі айқындалды. Гелиодәнкептіргіш екіқабат мөлдір жабынды төменгі күн коллекторы және жұмыртасты жылулық аккумулятордан тұрады (1-сурет).



1-сурет. Барабанды гелиокептіргіштің функционалдық-параметрлік сұлбасы

Жылулық аккумулятордың жұмыртас арқылы ауаның өтуіне мүмкіндік беретін тосқауылы бар. Жұмыртастың қараға боялған жоғарғы беті жылуқабылдауыш бет қызметін атқарады. Тарту күшін ұлғайту мақсатында сорып алушы мұржа дефлекторы орнатылған, ол екіқабат мөлдір жабын және артқы жылуқабылдауыш жақтауы бар вертикаль күн коллекторы түрінде болады. Кептіргіш камерадағы резеңке шымылдық қыздырылған ауа ағымын жасауға арналған. Барабан тіректерге орнатылады және оның дәнді тиеу-қотаруға арналған люктері бар. Барабанға қалақтар орнатылған, олардың көмегімен дәнді араластыру жүргізіледі. Барабан редуктор арқылы электромотормен қозғалысқа келтіріледі.

Гелиокептіргіштің жұмысы былайша жүреді. Барабанның 3/4 бөлігіне жүгері дәні тиеледі. Ауа төменгі коллектордың мөлдір жабыны мен жұмыртас арасындағы саңылау арқылы тосқауылды айнала өтеді де, қыздырылып кептіргіш камераға өтеді. Жылудың артық бөлігін жұмыртас өзіне қабылдайды. Ауа камераға тор арқылы кіреді. Шымылдық барабан бетімен сырғанайды да, ауаның қажетті ағымын жасайды, осының негізінде ауа барабан астымен ол арқылы өтеді, қыздырылған соң сорушы коллектормен жоғары қарай ұмтылып, тарту күшін түзеді. Жел болған кезде тарту күші дефлектормен күшейтіледі, сонымен қатар дефлектор жаңбыр кезінде кептіргіш камераға судың өтуіне жол бермейді. Күн сәулесінің түсуі болмаған жағдайда, кептіргіш камера жұмыртасты аккумуляторда жинақталған жылу есебінен жұмыс істейді.

Зерттеу нәтижелері

Гелиоколлектор ауданы мен жылу аккумуляторы сыйымдылығын есептеудің негізі аластатылатын ылғалдың қажетті мөлшері болып табылады. Барабанды гелиокептіргіштің күндізгі кептірудің бір цикліндегі жылулық балансы мынадай түрде болады[1]:

$$L \cdot i_{аа} + S_{тк} \cdot \sum Q_{Кор} = Q_{КА} + Q_{ЖА} + Q_{ДШ} + Q_{БШ} + Q_{ҚО}, \text{ Вт}, \qquad (1)$$

мұнда $i_{аа}$ − атмосфералық ауаның энтальпиясы, Дж/кг; $Q_{Кор}$ − күн энергиясы ағымының орташа тығыздығы, Вт/м; $S_{тк}$ − төменгі күн коллекторының ауданы, м^2; $Q_{КА}$− кептіруші агент энтальпиясы өзгеруіне байланысты жылулық шығын, Вт; $Q_{ЖА}$− жылу аккумуляторын қыздыруға жұмсалатын жылулық шығын, Вт; $Q_{ДШ}$− жүгері дәнін қыздыруға жұмсалатын жылулық шығыны, Вт; $Q_{БШ}$− кептіргіш барабанды қыздыруға жұмсалатын жылулық шығын, Вт; $Q_{ҚО}$− кептіргіш қоршамасы арқылы қоршаған ортаға шығатын жылулық шығын, Вт.

(1) өрнектен төменгі күн коллекторының қажетті ауданын анықтай аламыз:

$$S_{тк} = [1 / \sum Q_{Кор}] \cdot [L \cdot (i_2 - i_{аа}) + Q_{ЖА} + Q_{ДШ} + Q_{БШ} + Q_{ҚО}], \text{ м}^2, \qquad (2)$$

Жоғарғы күн коллекторы сорып алушы мұржадағы тарту күшін, яғни кептіруші агентті қыздырудан болатын оның шығынын қамтамасыз етеді. Сорып алушы мұржаның, тиісінше, жоғарғы күн коллекторының енін гелиокептіргіштің (төменгі күн коллекторы) еніне тең етіп қабылдауға болады.

Мұржаның жалпы биіктігі гелиокептіргіштің негізінен сорып алушы мұржаның жоғарғы жиегіне дейінгі қашықтық болатындықтан, оның өзінің биіктігі осы қашықтық пен кептіргіш камера биіктігінің айырмасына тең болады:

$$H_{СМ} = H_{ГК} - H_{КК}, \qquad (3)$$

мұнда $H_{ГК}$ − гелиокептіргіш биіктігі, м;$H_{КК}$ − кептіргіш камера биіктігі, м.

Жоғарғы коллектордың ауданы мынаған тең болады:

$$S_{ЖК} = H_{СМ} \cdot B, \text{ м}^2. \qquad (4)$$

Барабанды гелиокептіргіштің негізгі конструктивтік параметрлері: D−диаметрі, l−ұзындығы және маңызды пайдаланымдық параметр V − барабан сыйымдылығы болып табылады (2-сурет).



2-сурет. Барабанды гелиокептіргіштің конструктивтікпараметрлерін негіздеудің сұлбасы

Кептіргіш барабанның максималды диаметрі баяу қозғалыстағы жүгері дәнінің кептіруші агентпен конвективті жылуалмасудағы кептіру кинетикасынан анықталады. Барабанды толтыру коэффициенті ескерілгенде, жүгері дәнінің максималды қабаты оның диаметрін анықтайды[2].

Кептіргіш барабанды баяу айналатын қабықша түрінде қабылдауға болады. Мұндай жағдайда барабан диаметрінің оның ұзындығына мынадай қатынасы ұсынылады:

$$D / l = 0{,}25...0{,}125 . \qquad (5)$$

Сонда барабан ұзындығы, яғни кептіргіш шегінің ұзындығы B мынаған тең болады:

$$l = B - 2q = D / l \;\; 0{,}25...0{,}125 , \qquad (6)$$

Төменгі күн коллекторы мен кептіргіш камера қоршамаларының ауданы мынаған тең болады (2-сурет):

$$F = B \cdot (L + H + c) + 2H \cdot (c + b) + (L - c - b) \cdot (H + d + B/\cos\alpha), \qquad (7)$$

мұнда L− гелиокептіргіш ұзындығы, м;H − кептіргіш камера биіктігі, м;c − кептіргіш камера ұзындығы, м;b− сорып алушы мұржа қалыңдығы, м;d− төменгі коллектор кіріс қимасының биіктігі, м;α− төменгі коллектордың горизонтқа көлбеулік бұрышы, град.

2-суретке сәйкес мынадай қатынастарды аламыз:

$$c = K_D \cdot D , \;\; H = D + e + f , \;\; a = (H - d) / \sin\alpha = (D + e + f - d) / \sin\alpha$$

$$L = a \cdot \cos\alpha + c = \mathrm{ctg}\,\alpha \cdot (D + e + f - d) + K_D \cdot D \qquad (8)$$

(8) өрнекті (7) өрнекке қойып, түрлендіруден соң мынаны аламыз:

$$F=B \cdot (\mathrm{ctg}\alpha \cdot (D + e + f - d) + (K_D + 1) \cdot D + e + f + c) + 2(D + e + f)\cdot(K_D \cdot D + b) +$$

$$+ (\mathrm{ctg}\,\alpha \cdot (D + e + f - d) + K_D \cdot D - c - b) \cdot (D + e + f + d + B/\cos\alpha \qquad (9)$$

мұнда е − барабанды қотаруға қажетті жабдықтың орналасуын қамтамасыз ететін барабан түбінен кептіргіш камера еденіне дейінгі қашықтық, м; f − барабанды тиеуге дейінгі жабдықорналасуын қамтамасыз ететін барабан үстінен кептіргіш камера төбесіне дейінгі қашықтық, м; K_D− кептіргіш камера төбесі ұзындығының барабан диаметріне қатынасы.

Кептіргіш барабандағы дәннің массасын мына формуламен анықтаймыз:

$$m_{жд} = (\pi \cdot D^2/4) \cdot l \cdot \rho_{жд} \cdot k_т , \quad (10)$$

мұнда $\rho_а$ − жүгері дәнінің тығыздығы, кг/м^3; $k_т$− барабанның толу коэффициенті.

Дән дымқылдығына байланысты тығыздық мынаған тең [3]:

$$\rho_{жд} = 1388 - 3{,}2 \cdot (W/100)/(1 - W/100) , \quad (11)$$

Сонда кептіргіш қоршамасы ауданының бірлігіне келетін дән мөлшері мынаған тең:

$$m_F = \pi \cdot D^2 \cdot l \cdot \rho_{жд} \cdot k_т / 4F, \ кг/м^2, \quad (12)$$

(6), (10) өрнектері негізінде гелиокептіргіш ені мынадай түрде өрнектеледі:

$$B = \sqrt[3]{\frac{4m_{жд}}{\pi\rho_{жд}\varphi\cdot(0{,}25...0{,}125)}} + 2q. \quad (13)$$

Барабанның тиімді толу дәрежесі мынаған тең болады[4]:

$$\xi_T = (V_{кат} / V_{бік}) \cdot 100\% , \quad (14)$$

мұнда $V_{кат}$−кептіруші агентпен түйісуде болатын дән көлемі; $V_{бік}$−барабан ішкі көлемі.

Бұл жағдайда $V_{кат}$көлемі барабандағы жүгері дәні көлеміне тең болады.

Қорытынды

Қолданыстағы конструкцияларды талдау нәтижесінде негізделген жүгері дәнін күн энергиясымен кептіргіштің функционалдық-параметрлік сұлбасы арқылы барабанды гелиокептіргіштің күндізгі уақыттағы кептірудің бір цикліндегі жылулық балансы өрнектелді. Осының негізінде гелиокептіргіштің төменгі мен жоғарғы коллекторының ауданы, негізгі конструктивтік параметрлері − диаметрі, ұзындығы, барабан сыйымдылығы теориялық түрде анықталды. Анықталған конструктивтік параметрлер эксперименталдық зерттеу кезінде жүгері дәнін кептірудің тікелей пайдаланымдық шығындары минимумына сәйкесті болатын гелиокептіргіштің конструктивтік-технологиялық параметрлерін, осы параметрлердің жүгері дәнін кептіру процесінде энергетикалық және экономикалық көрсеткіштеріне ықпалын анықтауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1.Драганов Б.Х. Теплотехника и применение теплоты в сельском хозяйстве. −М.: Агро-промиздат, 1990. − 464 с.

2. Харченко Н.В.Индивидуальные солнечные установки.–М.: Энергоатомиздат, 1990. –208 с.

3. Гинзбург А.С. Теплофизические характеристики пищевых продуктов.− М.: Пищевая промышленность, 1980.− 288 с.

4. Антипов С.Т. Тепло- и массообмен при сушке в аппаратах с вращающимся барабаном. − Воронеж: Изд-во ВГТА, 2001. − 308 с.

Хасенова Ш.К.,Оралбаев С.Ж., Сапарбаев Е.Т., Ниязбаев А.К.

ОБОСНОВАНИЕ ПАРАМЕТРОВ СУШИЛКИ ЗЕРНА КУКУРУЗЫ
С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ СОЛНЕЧНОЙ ЭНЕРГИИ

В статье описаны устройство, принцип работы барабанной гелиосушилки зерна кукурузы. На основе теплового баланса барабанной гелиосушилки за один цикл сушки в дневное время определены площади нижнего и верхнего солнечных коллекторов, основные конструктивные параметры − диаметр, длина и вместимость сушильного барабана.

Ключевые слова: зерно кукурузы, солнечная энергия, гелиосушилка, коллектор, тепловой баланс, тепловые потери, сушильный агент, дефлектор, сушильная камера, барабан.

Khassenova Sh., Oralbayev S., Saparbayev Ye., Niyazbayev A.

SUBSTANTIATION OF THE PARAMETERS OF THE DRYER CORN
WITH THE USE OF SOLAR ENERGY

The article describes the principle of work drum heliodryer corn. On the basis of heat balance drum heliodryer for one cycle of drying in the daytime the square is defined the lower and upper solar collector, the main design parameters − diameter, length and capacity of the drying drum.

Keywords:corn grain, solar energy, solar drying plant, collector, heat balance, heat losses, a drying agent, a deflector, drying chamber, drum

УДК 681.518.5:004.81

Айнакулов Ж.Ж.,Айнакулова Ж.К., Ахметов К.А.

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби
Казахский национальный аграрный университет

ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫЙ ПОДХОД К ПРОЦЕССУ РАЗРАБОТКИ
АВТОМАТИЗИРОВАННЫХ СИСТЕМ

Аннотация

Рассмотрен вопрос реализации прикладной интеллектуальной системы, состав и структура параметров управления, а также выбор варианта композиции технологических процессов, моделирование структуры процесса обработки изделия, операций обработки изделия в составе производственно-технологического процесса с учетом условий ресурсоемкости.

Ключевые слова*:* интеллектуальные информационные системы, модель, моделирование, объект, процесс, данные, параметры, сложный объект, автоматизированное управление, распределенные многомерные элементы, структура.

Решение научно-исследовательских, проектных и организационных и управленческих задач с помощью интеллектуальных информационных систем, основанных на использовании искусственного интеллекта, служат для изучения сложных объектов и процессов. Основу этих систем составляют модели отображения знаний, как системы представляющие природу изучаемых и управляемых объектов и явлений, и их

проявления в виде эмпирических данных, фактов, характеризующих их структуру, свойства и отношения компонент, а также объективные измеряемые рабочие параметры.

Модели знаний являются универсальными, т.е. математическое, логическое, алгоритмическое, объект или кадрирование и ассоциативно-структурные функции, а также формализованное описание объекта исследования и порядок построения решения задачи исследования [1]. Наиболее адекватным является, применение информационных технологий и систем в управлении производством и экономикой. Ассоциативной формой представления знаний является, которая в отличие от других подходов, использует понятие формальной системы A = (U, C , L, I), где A - ассоциативное представление системы знаний, U - множество ключевых элементов ассоциативной сети, C - множество контактных соединений (konnektsy), L - набор правил для построения сети, кроме процедур ассоциативных выводов новых знаний.

В этой модели, знания об объекте исследования имеют пространственно-временную структуру, и законы их функционирования представлены в виде распределенных многомерных элементов сетевого узла, которые являются абстракциями реальных объектов, явлений и процессов. Такая модель представления знаний описывает характер организации системы, явления сознания, памяти и мышления, изученного в рамках теории систем, кибернетики и психологии.

Преимуществом ассоциативно-интеллектуального подхода является возможность получения новых знаний с помощью автоматического создания новых соединений ключевых элементов достижения оптимальных значений для соответствия критериям эффективности (цена, энергопотребление, операции во время выполнения и т.д.), запись, хранение и последующая идентификация оптимального режима функционирования поведения объекта системы в режиме реального времени.

Свойство производить новые знания, это типичные ассоциативно- интеллектуальные формы представления знаний, что повышает эффективность обработки информации и анализ процессов сложной, плохо структурированной информации для биологического прототипа, например, нервная система человека.

Характерной особенностью ассоциативных моделей знаний является ее многомерность, например, иерархические сети, а также специальные пространственно-временные формы организации отношений, основными из которых являются: вычислительные алгоритмы и логические основы взаимодействия элементов сети, основанные на оценке текущих настроек сетевых элементов и принадлежность их к заданным интервалам времени (нечеткие множества) или определение вероятности возникновения фактов, событий, принимая во внимание частоту взаимодействия между элементами. Адаптивно-аналоговые алгоритмы с порогом или ограниченного управления выходом линейных импульсов сигнала определяется частотой физического взаимодействия элементов в изучении искусственных нейронных сетей. Эта архитектура нейронной ассоциативной модели знаний по сравнению с простой логической сетью всегда многоуровневый [2].

Нейронная сеть состоит из иерархически связанных локальных сетей (подсистем), объединенных функцией, которая обеспечивает эффективную координацию соответствующих элементов узлов мета-уровня из-за разделения функций между слоями нейронной сети.

Такой подход является приближенной аналогией метакогнитивной пространственно-временной интеграции нейронной сети мозга, основанного на принципе информационного параметрического резонанса интерференционных паттернов активации волны нейронов (JET LAG) в коре головного мозга и голографической модели распространения, фиксации, хранения и обобщения информации, когнитивной психологии, нейронных сетей, теоретической физики [3].

Анализ проводимых исследований в области информатики показал, что полученные результаты приближают процесс создания интеллектуальных информационных систем к самой высокой биологической форме организации материи. Это подтверждается созданием японских корпораций роботов Sony - SDR3 и Honda - P3. Разработка интегрированных интеллектуальных, цифровых систем управления предприятием с помощью приложений Microsoft, например, электронный процессор MS Excel, который является примером успешной коммерческой реализации в области автоматизированной обработки информации [4].

Интегрированные компьютерные технологии привели к развитию и появлению уникальных инструментов проектирования, тестирования и отладки динамических объектов и процессов. Это компьютерная система программного и аппаратного обеспечения в режиме реального времени реализована в среде Matlab, Simulink. Используемые при этом анимации, позволяют исследовать динамику формирования и движения волновых фронтов процессов искусственных клеток самоорганизации плазмы, а также для визуализации на экране дисплея интуитивно воспринимаемые нашим сознанием принципы формирования упорядоченных структур физических объектов. Последнее особенно важно в развитии интегрированных производственных систем, систем управления с большим количеством информации и обратных связей, где процесс инженерной подготовки производства высокотехнологичных товаров, связанных с несколькими последовательными приближениями и параметрами, объективно не может быть представлено методами дифференциального исчисления и методов планирования задач.

Основной целью исследования является создание прикладных интеллектуальных систем, с разработкой централизованной базы данных, которая содержит аналитические описания, процедурные модели и расчетные модули, что позволяет избежать необходимости повторной разработки имеющихся аналогов разработанных моделей. Механизм поиска похожих аналитических описаний и процедурных моделей позволит уменьшить время для проведения оценки и прогнозирования состояния сложных объектов, т.к. у пользователя появится возможность доработать похожие процедурные модели или аналитические описания создаваемых систем. Актуальность исследования заключается в необходимости разработки централизованной базы данных, что позволяет, используя имеющиеся модели и тем самым сократить ресурсы времени затрачиваемое на создание интегрированных производственных систем, систем управления с большим количеством информации, а также ресурсы времени на разработку конструкторской документации.

Ценность выполненных исследований заключается в разработке моделей систем управления, а также в параллельном решений задач оптимизации технологических процессов и в созданий базы данных.

Разработанные нами интеллектуальные информационные системы выполнены в рамках работ по созданию распределенных систем с использованием интеллектуального подхода для решения различных теоретических приложений, таких как, динамические объекты и процессы управления производством, распознавание образов и классификация проблемных ситуаций, структурирование и обобщение больших массивов данных, а также создание прикладного программного обеспечения.

В этой ситуации, аналитической постановке задач управления, к определению ее основных составляющих: формальное, математическое описание объекта управления, формулировка целей и критериев их достижения, распределение и доступных измерений управляющих воздействий и дестабилизирующих факторов, позволяет получить в относительно короткий период времени лучших инженерных, организационных и технических решений. В то же время, это делает процесс проектирования, а также их техническую реализацию наименее минимальными затратами временных ресурсов [5].

Используя модель распределенного управления, таких как централизованный орган управления, руководитель или менеджер, которые могут принять решение о выборе факторов, влияющих на достижение цели для определения существенного отношения между целями и средствами с точки зрения функционирования параллельных процессов обработки для изготовления продукции.

По этой причине руководство должно принимать участие, когда это возможно, все участники производственного процесса - специалисты различных областей знаний, между которыми необходимо организовать эффективное взаимодействие. В связи с этим, центральной научно-технической задачей сегодня является создание интеллектуальных коммуникационных систем поддержки и когнитивные процессы человека оператора производственной системы в решении сложных формализованных и не формализованных задач.

Передовые научные знания и информационные технологии должны быть эффективно использованы для создания условий для гармоничного взаимодействия между активными элементами производственных систем на всех уровнях управления, которые, по мнению многих исследователей, поднимает важные научные и технические проблемы формирования новой парадигмы управления организацией интегрированного производства [6].

Таким образом, чтобы преодолеть недостатки традиционных форм управления, отличного от концепций планирования производства, создания теоретической и методологической базы, ключевых понятий принцип которого заключается в организации управления производством, основанного на принципах самоорганизации и саморегуляции, которые основаны на распределенной интеллектуально активном производстве элементов системы робототехнических систем, а также рабочих, бригадиров и мастеров технологических площадок, принимать свои собственные решения о регулировании прогресса производства на основе реального потока, условии производственного процесса с использованием специальной поддержки информационной технологии управления [7].

В подтверждение этого можно отметить, что характерной особенностью нынешнего этапа в области искусственного интеллекта (ИИ) особое внимание в исследованиях уделяется разработке гибридных, человеко-машинных систем, объединению человеческого интеллекта, скорости и памяти компьютеров для решения сложных задач управления. Дальнейшее прогрессивное развитие ИИ связано с развитием новых технологий представления знаний, на основе тесного взаимодействия между человеком и машинным интеллектом посредством создания общей информационной среды функционирования систем управления. Внимание исследователей все чаще обращается к новым возможностям, которые открываются в связи с актуальными проблемами коллективного сознания и процессов самоорганизации в экономике в связи с быстрым развитием интеллектуальных информационных систем и телекоммуникационных сетей [8].

В связи с этим, интегрированная адаптивная операционная система считается как гибрид человеко-машинных систем, которые представляют собой совокупность взаимодействующих сложных динамических объектов - автоматизированных рабочих центров и технических средств. Обработка и передача информации в ходе процесса, а также операторы, участвующие в процессе, могут воспринимать внешние физические эффекты, в том числе информационные сигналы и реагировать на них (с помощью специального регулятора), а также изменения в локальных режимах работы для синхронизации и оптимизации производственных показателей.

Корневой методологической ошибкой, является то, что при организации и создании систем управления промышленными предприятиями, используется теория автоматического управления, которая разрабатывается на основе аппарата классической математики (линейных и нелинейных дифференциальных исчислений) для закрытых,

технических систем и не учитывается интеллектуальный потенциал активных элементов производственной системы [6].

Коллективное мышление в динамике групп является мощным инструментом распознавания сложных экономических явлений и решений на основе сложности и использования формализованных задач управления в динамичной среде и в режиме реального времени.

Постановка математической задачи организации управления комплексом автоматических систем в условиях модельного эксперимента на ЭВМ заключается в непрерывном выделении некоторого подмножества на ограниченном множестве элементов комплекса систем и их пространственно-временном объединении в производственно-технологический процесс обработки различных изделий с наименьшими затратами времени. Пространственно-временная декомпозиция производственно-технологического процесса связано с обработкой изделия, с применением комплекса систем машин, где P(t) описывает на фазовом пространстве его состояние набором элементных процессов, операция обработки изделия определяется, как $R(t) = \sum_{i=1}^{n} r_i(t)$, элементные процессы функционирования автоматических систем — $A(t) = \sum_{i=1}^{n} a_i(t)$ и необходимые для их реализации элементные функций, как $F(t) = \sum_{i=1}^{n} f_i(t)$.

Точки, отображаемые в фазовом пространстве как дискретное время Δt являются элементарными технологическими операциями обработки изделия — t_n, которые в процессе поиска оптимального варианта компоновки систем объединяются в элементные технологические процессы, посредством вариантного моделирования структурно-функциональных и параметрических связей, количественной оценкой их оптимальности и ранжирования по критерию наименьшей длительности технологического процесса: $T_ц \rightarrow \min$ (рис.1).

Выбор варианта композиции технологических процессов, операций обработки изделия в составе производственно-технологического процесса осуществляется исходя из следующих условий:

1. Общая ресурсоемкость, продолжительность технологического процесса обработки изделия с применением комплекса систем машин — P(t) или $RAF(t)=\{r_i a_i f_i(t), \Delta t\}$, включающая суммарную длительность множества элементных процессов, связанных с обработкой изделия станками $R(t)=\{r_i(t), \Delta t\}$, множества элементных процессов транспортировки изделий между станками по выбранным маршрутам транспортирования изделий определенной протяженности — $L(t)=\{l_i(t), \Delta t\}$ и множества межоперационных ожиданий — $E_x(t) = \{e_{xi}(t), \Delta t\}$ должна стремится к минимальному значению, а именно:

$$P(t) = \sum (R(t) + L(t) + E_X(t)) \rightarrow \min$$



Рисунок 1. Моделирование структуры процесса обработки изделия

2. Ресурсоемкость, длительность элементного процесса обработки изделия агрегатом— R(t), включающая длительность выполнения набора элементарных технологических операций обработки изделия — $\{r_i(t), \Delta t\}$ с учетом времени установки и снятия изделия (t_{is}/t_{rm}) и переналадки, реконфигурации агрегата (t_r), должна стремится к минимальному значению, а именно:

$$R(t) = \sum r_i(t) \to \min$$

3. Ресурсоемкость и длительность элементного процесса перемещения и транспортировки изделия между агрегатами, обусловленная протяженностью выбранных маршрутов транспортирования изделий — $L(t)=\{l_i(t), \Delta t\}$ и включающая длительность выполнения, транспортное плечо набора элементарных операций транспортировки — $\{l_i(t), \Delta t\}$ с учетом времени погрузки и выгрузки изделия на транспортер, должна стремится к минимальному значению, а именно:

$$L(t) = \sum l_i(t) \to \min$$

4. Совокупные потери ресурсов и эффективного рабочего времени (снижение производительности) RMS из-за межоперационных ожиданий $E_x(t) = \{e_{xi}(t), \Delta t\}$ должны стремиться к минимальному значению, а именно:

$$E_X(t) = \sum e_X(t) \to \min$$

Таким образом, полученные результаты исследования показали, для формализованного описания динамики системы, технологических процессов производства, бизнес-процессов необходимо использование инструментов моделирования и интеллектуальной поддержки принятия решений и управления, которые создают предпосылки для полной автоматизации управления за счет использования распределенной системы, как активных задач управления, как объект автоматизированных систем и процессов. Исследования и разработка автоматизации в этой области позволят в будущем организовать на базе автономного (Android) встроенного программного обеспечения, эффективный процесс коммуникации между активными элементами системы производства, тем самым обеспечивая им высокую степень координации и, как следствие, высокая эффективность управления в целом.

Полученные нами результаты исследований в области автоматизации управления предполагает, что на основе ассоциативного подхода можно создать систему со сложной структурой и поведением на основе интеллектуального подхода.

Ориентация на потребительский спрос, проведение научно-технической инновационной политики, стремление к нововведениям и оправданному риску есть основополагающие идеи современного управления. Таким образом, в современном управлении происходит интеграция традиционных методов жесткого управления и «мягкого» поведенческого управления в новую концепцию управления.

Литература

1. Пивнев Е.С.. Теория управления. Томск: ТМЦДО. - 246 с., 2012
2. Гершун А., Горский М. Технологии сбалансированного управления, 2004
3. И. И. Мазур, В. Д. Шапиро, Н. Г. Ольдерогге. Управление проектами, 2010
4. Вигман С. Л.. Стратегическое управление в вопросах и ответах : учеб.пособие. - М.: ТК Велби, Изд-во Проспект. - 296 с., 2014
5. Армстронг М. Стратегическое управление человеческими ресурсами. - М.: Инфра-М, 2012.
6. Аширов Д.А. Управление персоналом. - М.: Проспект, 2011.
7. Веснин В. Р. Управление персоналом: учеб.пособие. - М.: Проспект, 2006.
8. Виханский О.С. Стратегическое управление. - М.: Экономиста, 2012.

Айнакулов Ж.Ж., Айнакулова Ж.К., Ахметов К.А.

АТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ЖҮЙЕНІ ҚҰРАСТЫРУ ПРОЦЕСІНЕ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ КӨЗҚАРАС

Қолданбалы интелектуалды жүйені, оның ішінде басқару параметрлер құрлымы мен құрамын, сонымен қатар технологиялық үдерістерді топтастыру нұсқаларын таңдау, бұйымдарды өңдеу үдерістерінің құрамын модельдеу, қор сиымдылығының жағдайын ескеріп, өндірістік-технологических үдеріс құрамында бұйымдарды өңдеу әрекеттерін іске асыру қарастырылған.

Кілт сөздер: интелектуалды ақпараттық жүйе, модель, модельдеу, нысан, үдеріс, деректер, параметрлер, күрделі нысан, автоматтандырылған басқару, үлестірілген көпөлшемді элементтер, құрамы.

Ainakulov J.J. Aynakulova J.K., Akhmetov K.A.

USING PREDICTIVE APPROACH IN THE DEVELOPMENT OF AUTOMATED SYSTEMS

The question of the implementation of the application of intelligent system, the composition and structure of the control parameters and the choice of a variant of the composition of technological processes, modeling the structure of the product processing, product handling operations as part of production and process conditions in view of resource consumption.

Keywords*:* intelligent information systems, model, modeling, object, process data, parameters, complex object, automated management of distributed multi-dimensional elements of the structure.

УДК 631.363

Абилжанулы Т., Абилжанов Д.Т., Солдатов В.Т., Катекова А.Б.

ТОО «Казахский научно-исследовательский институт механизации и электрофикации сельского хозяйства», ТОО КазНИИМЭСХ

ОБОСНОВАНИЕ СКОРОСТИ ВОЗДУШНОГО ПОТОКА В ДЕФЛЕКТОРЕ ДРОБИЛКИ УНИВЕРСАЛЬНОЙ ДУ-11,0

Аннотация

В настоящее время, в ТОО «КазНИИМЭСХ» разработана дробилка универсальная ДУ-11. При измельчении силоса и влажных стебельных кормов происходило забивание дефлектора машины, что указало на недостаточность скорости воздушного потока. В результате теоретических и экспериментальных исследований определены скорости воздушного потока на выходе из камеры измельчения и в конце дефлектора, а также для производительного измельчения силоса и влажной массы предложено установить короткий дефлектор на выходе из камеры измельчения. Испытания дробилки с коротким дефлектором показали, что ее производительность при измельчения силоса и совместном измельчении грубых кормов и силоса находится в пределах 1,45…1,6 т/ч,т.е. довольно высокая производительность для данной машины.

Ключевые слова: дробилка универсальная, скорость воздушного потока, стебельные корма, силос, дефлектор.

Введение

